ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№1 (185)

Алматы
«Қазақ университеті»
2022

ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №1 (185) наурыз

04. 05. 2017 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелген

Куәлік № 16497-Ж

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Кенжеқанова Қ.К., PhD *(Қазақстан)*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Джолдасбекова Б.У., ф.ғ.д., профессор (ғылыми редактор) *(Қазақстан)*
Досанова А.М., PhD (ғылыми редактордың орынбасары) *(Қазақстан)*
Адилбаева У.Б., ф.ғ.к., доцент *(Қазақстан)*
Алимтаева Л. Т., ф.ғ.к., доцент м.а. *(Қазақстан)*
Баянбаева Ж.А., ф.ғ.к., доцент м.а. *(Қазақстан)*
Аймагамбетова М.М., PhD, доцент м.а. *(Қазақстан)*
Мадиева Г.Б., ф.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Темірболат А.Б., ф.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Саткенова Ж.Б., ф.ғ.к., доцент *(Қазақстан)*
Таттимбетова Қ.Ө., PhD, доцент м.а. *(Қазақстан)*
Донна Орвин (Donna Orwin), доктор, профессор, Торонто университеті *(Канада)*
Евдокимова С.Б., PhD, доцент, Браун университеті *(АҚШ)*
Жаң Жин Жин (Jean Zhin Zhin), доктор, профессор, Пекин ұлттық орталық университеті *(Қытай)*
Барабаш В.В., ф.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы университеті *(Ресей)*
Морхье Пост (Margje Post), PhD, доцент, Берген университеті *(Норвегия)*
Насие Йылдыз (Nasiye Yildiz), доктор, профессор, Анкара Хаджы Байрам Университеті *(Түркия)*
Риверс Уильям П. (Rivers William P.), доктор, профессор, Ұлттық кеңес және тілдерді дамыту жөніндегі халықаралық оқыту *(АҚШ)*
Кайс Амер Кадим (Kais Amer Kadhim), доктор, қауымд. профессор, Сохар университеті *(Оман Сұлтанаты)*

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ
Тонкер А. *(Қазақстан)*

«Филология сериясы» қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану және аралас мамандықтардың өзекті мәселелерін жариялауға арналған.

Жоба менеджері
Гульмира Шаккозова
Телефон: +7 701 724 2911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген
Айгүл Алдашева

ИБ № 15368

Пішімі 60x84/8. Көлемі 21,0 б. т. Тапсырыс № 15006 .
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2022

1-бөлім

ТІЛ БІЛІМІ

Section 1

LINGUISTICS

Раздел 1

ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ҒТАМР 16.01.33 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph1

Г.Ш. Акимбекова[1], Б.Е. Кеңес[2*]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
*e-mail: gulziraakimbekova@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРАЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН КОМПЬЮТЕР ТЕРМИНДЕРІ

Терминология ұғымдарға нақты атау беру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Мақалада термин жасауда, семантикалық тәсілге жататын метафоралау әдісіне жан-жақты сипаттама беріледі. Мақаланың негізгі мақсаты – ғылым тіліндегі метафоралау әдісінің ерекшелігін көрсетіп және қазақ тіліндегі метафоралану әдісі арқылы жасалған компьютер терминдерін когнитивті аспектіде қарастырып, талдау жасау. Метафора тек тілдік бірлік емес, сонымен бірге ойлау элементі ретінде когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану аспектілерінде қарастырылатындығы айтылады. Сонымен қатар мақалада метафораға қатысты қазақ және шетел ғалымдарының ой-пікірлері сипатталады. Метафоралаудың терминжасамдағы негізгі түрлері ретінде формасына, функциясына, орнына қарай ауыстырулары көрсетіледі. Мақалада тілімізге орта ғасырда араб-парсы тілінен еңген, қазақ тіліне фонологиялық тұрғыдан бейімделіп сіңісіп кеткен кірме сөздермен тілімізге фонологиялық тұрғыдан бейімделмеген кірме терминдер де метафоралану әдісі арқылы жаңа ұғымды иеленіп терминдік жүйе құрайтындығына көз жеткіземіз. Сонымен қатар термин қалыптастыруда метафоралану әдісі арқылы, ұлттық танымға сәйкес жасалған қазақ тілінің төл-сөздерінде кездестіреміз.

Қорытындылай келгенде, терминологияда метафора номинативтік қызмет атқарып, яғни жаңадан туындаған ұғымды таңбалауға қатысады. Сонымен қатар жаңа ұғымның қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор болып есептеледі.

Түйін сөздер: метафора, метафоралау, терминология, термин, компьютер терминологиясы, кірме терминдер.

G.Sh. Akimbekova[1], B.E. Kenges[2*]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
*e-mail: gulziraakimbekova@gmail.com

Computer terms created by the method of metaphorization in the kazakh language

Terminology uses various methods to give concepts a specific name. The article provides a comprehensive description of the method of metaphorization, which refers to the semantic approach when creating a term. The main purpose of the article is to show the specifics of the method of metaphorization in the language of science and analyze computer terms developed by the method of metaphorization in the Kazakh language in a cognitive aspect. It is noted that metaphor is considered not only as a linguistic unit, but also as an element of thinking in the aspects of cognitive linguistics, psycholinguistics, and linguoculturology. The article also describes the opinions of Kazakh and foreign scientists about the metaphor. The main types of metaphors in the terminology are substitutions based on Form, Function, and place. In the article, we will see that our language in the Middle Ages, with phonologically adapted loan words from the Arabic-Persian language, and phonologically adapted loan terms that are not phonologically adapted to our language, also acquire a new concept and form a system of terms by means of metaphorization. In addition, in the development of the term, we find in the original words of the Kazakh language the method of metaphorization, in accordance with national cognition .

In terminology, metaphor performs a nominative function and participates in the marking of a newly emerging concept. It is also an important factor that directly affects the formation of a new concept.

Key words: metaphor, metaphor, terminology, term, computer terminology, embedded terms.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Г.Ш. Акимбекова[1], Б.Е. Кеңес[2]*
[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
*e-mail: gulziraakimbekova@gmail.com

Компьютерные термины, созданные методом метафоризации в казахском языке

Терминология использует различные методы и приемы для придания понятиям точного названия. В статье дается развернутая характеристика метода метафоризации, относящегося к семантическому подходу при создании термина. Основная цель статьи – проанализировать компьютерные термины, созданные методом метафоризации в казахском языке в когнитивном аспекте, показав специфику метода метафоризации в языке науки. Отмечается, что метафора рассматривается не только как языковая единица, но и как элемент мышления в аспектах когнитивной лингвистики, психолингвистики, лингвокультурологии. В статье также характеризуются концепции казахских и зарубежных ученых о метафоре. В качестве основных видов метафоризации в терминах обозначаются переносы в зависимости от формы, функции, места. В статье мы убедимся, что фонологически адаптированные к казахскому языку заимствованные слова, вошедшие в наш язык в средние века из арабо-персидского языка, и фонологически неадаптированные к нашему языку заимствованные термины, посредством метода метафоризации приобретают новое понятие и образуют терминологическую систему. Также мы встречаем отдельные слова казахского языка, созданные методом метафоризации в соответствии с национальным познанием.

В терминологии метафора выполняет номинативную функцию, то есть участвует в маркировке новообразованного понятия. А также является важным фактором, непосредственно влияющим на формирование нового понятия.

Ключевые слова: метафора, метафоризация, терминология, термин, компьютерная терминология, заимствованные термины.

Кіріспе

Терминдер – ұғымдардың лингвистикалық көрінісі. Белгінің еріксіздігіне жол берілетін жалпы тілден айырмашылығы, арнайы тілдер алдынала белгіленген ережелерге немесе жалпы принциптерге сәйкес белгілеудің және ұғымдардың атауларының жүйеленген принциптеріне ұмтылады. Жалпы тіл полисемияны, метафораны және сын есімдердің анықтамасын толық қолданса, терминологияда салыстырмалы түрде сирек кездеседі (Sager, 1990:57).

Алайда, тіл – қоғаммен, оның ой-санасы, қоғамдағы таным-біліммен бірге өзгеріп, бірге дамып келе жатқан, бірінен бірі ажырамас құбылыс. Тілдің лексикалық құрамының үнемі жаңа сөздермен қоғамдық диалектілермен өзгеріп, толығып, дамып отыруы заңдылық. Қазіргі заманда қазақ халқының саяси, әлеуметтік мәдени өміріне, ғылым-біліміне көптеген жаңа технологиялар мен жаңалықтар енді. Жаңа бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарында метафораның түрлеріне, өзіндік жасалу жолдарына және олардың қолдану ерекшеліктеріне қатысты соны пікірлер пайда болды (Есеналиева, 2021: 198).

Мақалада қазақ тіліндегі метафоралану әдісі арқылы жасалған компьютер терминдеріне талдау жасап, ғылым тіліндегі метафоралану әдісінің жасалу ерекшелігін қарастыру арқылы когнитивті аспектіде де маңыздылығы ескеріледі.

Метафора тек тілдік бірлік емес, сонымен бірге ойлау элементі ретінде когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану аспектілерінде зерттеліп жүр. Мұнда метафора адамның жеке және мәдени-тілдік тәжірибесімен, эмотивті және мәдени коннотациясы бар тілдің лексикалық және фразеологиялық тіл бірліктерімен, таныммен, санамен байланыста кешенді талданады (Жапарова, 2020: 19).

Бүгінгі таңда ғалымдар метафоралау керек болғандықтан пайда болмайтындығын, онсыз мүмкін емес екендігін көрсетеді (Горохова, 2014: 210).

Ғылыми танымдағы метафоралану үдерісіне орай мынадай көзқарас кездеседі: метафора – ғылыми ойлаудың негізін қалайтын базистік тетік, ғылыми қызметтің негізгі қағидасы. Ғылым саласы тұтас алғанда да, сондай-ақ жекелеген салалары да табиғаты жағынан виртуалды салалар тәрізді метафоралық тұрғыдан модельденеді. «Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа ұғымның қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор...» (Әлісжан, 2017:134).

Орыс зерттеушісі Н.А. Мишанкина «Метафора в терминологических системах: функции и модели» атты мақаласында Ғылыми дискурстағы белсенді метафоралау ғылыми білімнің ерекшелігіне және бірнеше себептерге байланысты анықталатындығын айтады. Жаңа ғылыми білімді ұсыну және түсіну, оны дүниетанымның тұтас жүйесіне бейімдеу үшін ұқсастыққа негізделген эпистемологиялық механизмдер арқылы метафоралар белсенді түрде назар аудартады. Ұқсастық (аналогия) механизмінің тиімділігі оның интуитивті және ұтымды үйлесімі, адамның өмір бойы алған тәжірибесінің барлық түрлеріне сүйену сияқты қасиеттерімен байланысты болатындығын көрсетеді (Мишанкина, 2012: 33).

Осылайша, қоршаған әлемнің тұжырымдау және категориялық процесіне белсенді қатысатын метафора (қарапайым да, ғылыми да) когнитивті лингвистикада жаңа түсінік алады. Сонымен бірге, лингвистер метафоралау әр түрлі білім салаларының тұжырымдамалық өзара әрекеттесуіне қатысып, термин қалыптастырудың негізгі танымдық механизмдерінің бірі ретінде есептеліп, интеграция процесінде жаңа саланың ерекшелігін және фондық білімін ескере отырып өңдеу жасайтындығын айтады. Нәтижесінде алдыңғы және жаңа білімнің белгілерін жинақтайтын тұжырымдамалық метафора қалыптасады (Молнар, 2012: 40).

Материалдар мен әдістер

Мақалада ғылым тіліндегі метафоралау әдісінің ерекшеліктері сипатталады. Метафоралау тәсілі арқылы жасалған IT саласындағы қазақ тілі терминдеріне талдау жасалынады. IT саласының терминологиясын қалыптастыруда ұлттық танымның орнын айқындау үшін когнитивті аспектіде де қарастырылады. Сөздік қордағы сөз мағынасының метафорлануы арқылы терминнің жасалуы терминжасамның басты тәсілдерінің бірі – семантикалық немесе лексика-семантикалық тәсілге жататындығын ескере отырып (Сыбанбаева, 2002: 128), метафоралық ауысудың түрлеріне тоқталайық.

Метафоралы терминжасамдағы ауыстырудың негізгі түрлері – бұл атауларды формасына, функциясына, орнына және т.б. сипаттарына қарай ауыстыру. Көптеген метафора-терминдерде бұл аталмыш сипаттар бір-бірімен тығыз байланысып, оларды бөліп-ажырату қиындықтар туғызады. Бір сипат бойынша ауыстыру сирек кездесетін құбылыс. Көптеген жағдайларда сипаттардың ортақ болуымен қатар ауыстырудың қосымша себептері, негіздері болады. Жалпы әдеби тілде, сонымен қатар метафоралы терминжасамда ассоциация бойынша немесе эмоциялық қабылдау арқылы ауыстыру кеңінен таралған (Мұратбаева, 2000: 51).

А. Ахмед орыс компьютерлік терминологиясындағы метафоралық ауысудың алты түрін атап өтті:

а) функцияның ұқсастығына негізделген метафоралау, мысалы: сүзгі – фильтр, жолсерік – проводник, редактор – редактор және т. б.;

б) орналасқан жерінің ұқсастығы бойынша метафоралық көшіру: тақырыбы – заголовок, адрес – адрес;

в) пішіннің ұқсастығы бойынша метафоралық тасымалдау: жолшық – дорожка, желі – сеть, терезе – окно;

г) іс-әрекет тәсілінің ұқсастығы бойынша метафоралық түрлендіру: вирус;

д) тағайындаудың ұқсастығы бойынша метафоралау: пәрмен – команда, жад – память, сұрау – запрос;

е) эмоциялық әсерлердің ұқсастығы бойынша метафоралау: жұқтыру – заражать, емдеу – лечение (Мустафаева, 2011: 89).

Әдебиетке шолу

Алғаш рет қазақ тіл білімінде метафора мәселесі Р. Барлыбаевтың «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы» атты кандидаттық диссертациясында (1963) және Б. Хасановтың «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» (1966) атты кандидаттық диссертациясында сөз етіледі (Сыбанбаева, 2002: 29).

А. Сыбанбаеваның «Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі» (1999) атты кандидаттық диссертациясында метафораның танымдық, ұлттық ерекшеліктері, метафораның түрлері, оның ішінде концептуалдық метафора мен оның әртүрлі ғылым тілінде қолданылу аясы сөз етіледі (Жапарова, 2020: 22).

И.С. Мұратбаеваның «Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы» атты диссертациясында метафора ұғымының ғылым тілі мен ғылым саласындағы орны көрсетіліп, терминденудің метафоралану процесіне қатысы айқындалып, терминология жүйесіндегі метафораланудың номинативтік функциясы қарастырылып және

оның коннотациялық табиғаты ашылады. Алғаш рет қазақ және орыс тілдеріндегі метафора тәсілі арқылы жасалған терминдер мен бейтерминделген номинативтік бірліктер салғастырмалы-типологиялық тұрғыдан талданып, жан-жақты бір жүйеде қамтылып көрсетіледі (Мұратбаева, 2000: 4).

Ғалым С.Әлісжанның «Ғылыми дискурстағы когнитивтік модельдер (метафоралану)» атты мақаласында ғылыми дискурстағы метафоралану негізінде пайда болатын когнитивтік модельдердің жай-күйі сөз болып, негізінен гуманитарлық ғылым деректері бойынша олардың тілдік көрінісі талданады және түсіндіріледі (Әлісжан, 2017:134). Сонымен қатар қазақ тілінде жазылған ғылыми зерттеу жұмыстарда қолданылған метафораларға талдау жасайды.

Зерттеуші А.Ж. Жапарова метафора құбылысын сан түрлі ғылым саласының, тіл білімі, әдебиеттану, психология, логика, философия қарастыратындығын, әр сала мамандары метафора атты құбылыс түрін өздігінше пайымдап, түсіндіруге талпынатындығын айтады. Бірақ ресейлік ғалым, философ В.А. Канкенің сөзімен айтсақ, «философиялық талдаусыз, кез келген нақты ғылыми талдау өзінің жоғарғы шегіне жете алмайды». Сондықтан зерттеу жұмысында метафораны қарастыруда, алдымен, философия ілімінің, оның ішінде философ ғалымдардың берген пікіріне көбірек жүгінетіндігін көрсетеді (.Жапарова, 2020: 11).

Ал біз мақалада зерттеу объектісі ретінде IT терминологиясын қарастыру арқылы, ғылым тілін қалыптастыруда да метафоралану әдісінің маңыздылығын анықтауды көздейміз.

Нәтижелер мен талқылау

Терминология жүйесінде метафора тәсілінің қолдануы жалпы ғылым саласында метафораны қолданумен тікелей байланысты. Терминдер – арнайы ұғымның белгісі, ғылымда туындаған таңба. Метафоралы туындаған ғылыми ұғым метафора тәсілі арқылы терминнің жасалуына да тікелей қатысты, соның салдары. Мұндай ұғым терминнің семантикалық құрылысының түпкі қабаттарында орын алып, уақыт өте сөніп кетеді. Себебі термин терминологиялық жүйенің мүшесі және соның заңдылықтарына бағынады. Метафора терминжасамның ең бастапқы кезеңінде қатысады да, терминнің жүйеде орнығуымен ол байланыс үзіледі. Терминологияда метафора, ең алдымен, номинативтік қызмет атқарады, яғни жаңадан туындаған ұғымды таңбалауға қатысады. Ғылым саласында сонымен бірге метафораның когнитивтік қызметі де жоғары (Мұратбаева, 2000:121).

Ғалым А. Сыбанбаеваның ғылым тіліндегі метафоралауға қатысты пікірі: «Ғалымдар да ақын-жазушылар сияқты тілде жаңа метафоралар жасайды. Таным процесі негізінде жаңа болжаммен бірге тілде метафоралар пайда болады. Ғылым тілінде метафора бейнелілігінен толық, не жартылай ажырап, деректі, дерексіз ұғымдарға атау береді. Ғылым тілінде қолданылатын метафораны жаңа ұғымды танытып, оны тілдік белгіге айналдыру қызметіне байланысты *концептуалдық метафора* деп атадық» -деп көретеді. Сонымен қатар ғалымның пікірінше ғылым тіліндегі метафораның ерекшелігі, бұл басқа атаудың болмағандығынан атайтын объектінің алғашқы атауы ретінде қолданылуы екендігін айтады. Сондай-ақ ғылым тіліндегі метафораның метафоралық қасиеті жойылатындығын, бұл термин қызметін атқаратын метафоралардан байқалатындығын ескертеді. Метафораның әр түрінде бейнелілік түрлі деңгейде байқалып, терминдік мәндегі концептуалдық метафораларда бейнелілік мүлдем болмайтындығын айтады (Сыбанбаева, 2002: 98).

Жад термині. Қазақ тіліндегі *автономды жад, адрестік жад, уақытша жад, көмекші жад, екінші ретті жад* терминдері компьютер терминологиясында қолданылады. Он бес томдық қазақ тілінің әдеби сөздігінде *жад* сөзі иран тілінен енген деп көрсетіліп, мынадай анықтама беріледі: адам баласына тән ой, ес, қапер. Екінші мағынасы информатика саласында ЭЕМ-нің кодтық түрдегі ақпаратты жазуға, сақтауға және қолданушыға беруге арналған бөлігі. ЭЕМ жадында сақталатын ақпарат мөлшері оның құрамына кіретін барлық іске сақтау құрылғыларының жиынтық сыйымдылығымен анықталады. Қысқаша айтқанда, ақпаратты тұрақты немесе уақытша сақтайтын орын. (Қазақ әдеби тілінің сөздігі V томы, 2011: 523)

Жад термині алғашқы да психология саласына қатысты қолданылса, кейін жаңа ғылым саласы пайда болғанда, жаңа ұғымды иелену үшін, қызметтік ұқсастығына байланысты *жад сөзі* метафораланып, компьютер саласына қатысты жаңа ұғымды игеріп, салааралық омоним-терминдер қатарына да жатып тұр.

Мұндай салааралық омонимдердің туындауына ғылыми ұғымдардың ұқсастықтары негіз болады (Құрманбайұлы, 2009: 91).

Тышқан термині. Қазақ тілінде *мышка ~ тышқан ~ тінтуір* терминдері тілдік қолданыста жарыспалы түрде қолданылады. Алдымен ағылшын тіліндегі жалпы қолданыстағы атау сыртқы формасының ұқсастығына байланысты метафоралану әдісу арқылы жаңа ұғымды игеріп, *mouse термині* қалыптасады.

Зерттеуші Г.О. Заурбекованың пікірінше: «Компьютер саласындағы «мышь – mouse» атауы калька жолымен «тышқан болып жүр. Біздің ойымызша бұл атау – сөзбе-сөз аударманың сәтсіз шыққан жері. Себебі, батыс және орыс елінде тышқан жәндік ретінде оң (жағымды) бейне ретінде кездесе береді. Атақты «Микки Маус» шығармасы осы айтқанымызға дәлел болып табылады. Орыстың балалар әдебиетінен де осындай жайды аңғаруға болады. Ал қазақ халқының болмысында тышқан сүйкімді жәндік емес, керісінше, аса жиіркеніштi мақұлықтардың қатарына жатады. Қазақ оны қолымен ұстамақ түгіл, таяқтың ұшымен түртуге жиіркенеді. Мысық қосып, көзін жоюдың ғана жолын іздейді» – деп айтады. Сонымен қатар «мышь – mouse» атауының қазақ болмысына тән еместігін айта келе, өзінің тарапынынан «жүгірткі» немесе «жүгіртпек» атауларын ұсынады. (Заурбекова, 2009: 19) Алайда, termincom.kz – да *тінтуір термині* бекітілген.

Адрес сөзі. Французша – Adresse. Зат. 1. Мекенжай. Осы адреспен кешке сағат жеті-сегізде кел. 2. Пошта арқылы жіберілген хат, жолдама-сәлемдеме сияқты нәрселердің сыртындағы алушының мекенжайы мен аты-жөнін көрсеткен жазу. 3. Ауыспалы мағынада. Жеке басы, өзі, аты, нәмі. Менің адресіме қошемет сөздердің небір қанаттылары айтылып жатыр (Қазақ әдеби тілінің сөздігі I томы, 2011: 92). Компьютер терминологиясында *блок адресі, енгізу адресі, үзілім векторының адресі, сыртқы бет адресі, қайтару адресі, кіру адресі* сөз тіркестері терминдік жүйе құрайды.

Адрес термині зерттеуші А.Ахмадтың жіктеуі бойынша орналасқан жерінің ұқсастығына байланысты метафораланып компьютер терминологиясындағы кірме термин қатарына жатады (Мустафаева, 2011: 89).

Адрестік өрнек (адресное выражение) термині. Қарапайым алгебраның ережелеріне сәйкес жасалатын амалдар. Өрнектерде адрестік дәлелдер, алгебралық амалдар белгілері және жақшалар қолданылады (https://www.ngpedia.ru/id632105p1.html). Құрамындағы *«өрнек»* сөзінің жалпы әдеби қолданыстағы мағыналары: 1. Әртүрлі үлгімен істелген оюлы бедер, көркемдік түр, әшекей. Өрнекте нақыштау, бұдырлау, бунақтау тәрізді түрліше тәсілдер қолданылады. 2. Ауыс. Нақыш, әшекей, сән. Көп жерлерде айтылып жүргендей емес, Қадишаның аузынан шыққан ән жаңа бір өрнек, кесте тапқандай, әннің әр сөзін мағынасына қарай терең, ойлы сезіммен айтады. 3. ауыс. Үлгі, өнеге, тәлім. Бала туса, күзетер шілдехана, Олар да өлең айтар шулап жаңа. Бұрыңғы жақсылардан өрнек қалған, Биде тақпақ, мақал бар байқап қара (Абай, Тол.жин.) (Қазақ әдеби тілінің сөздігі XII томы, 2011: 204) «Өрнек» сөзі түр ұқсастығына байланысты ұлттық танымға сәйкес метафораланып, компьютер саласына қатысты терминдік жүйеде қолданылып тұр.

1958-жылы О.А. Жәутіковтің «Математикалық анализ курсы» атты оқулығында математика атауларының қазақы баламалары ұсынылды. Математиканың осы саласындағы қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек болғандықтан, математикалық атаулардың жаңа баламаларын дүниеге әкеледі. *Үздіксіздік, жинақтылық, шексіздік, шектеусіз, тізбек, шама, жиын, туынды, түрлендіру, өрнек, жіктеу, үзіліс*, т.с.с. қазақы сөздер математикалық атау ретінде біржола қалыптасты (Біләл, 2008: 11).

Дарақ термині. Дарақ (пар. *дарахт*) – ағаш. Қазақ фольклорлық жырларында «жемісі көп, мәуелі ағаш» ұғымында қолданылып, «миуалы дарақ», «саялы дарақ» тәрізді тіркестер арқылы берілген. «Тау – дарақсыз, жау – жарақсыз болмас» мақалындағы «дарақ» сөзі осымен байланысты. «Дарақ» сөзінің түркі тілдеріндегі баламасы «терек» сөзі (Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі, 2019:140). *Дарақ сөзі* парсы тілінен еңген кірме сөз болып қана қоймай, пішін ұқсастығына сәйкес метафораланып, IT саласына қатысты жаңа ұғымды иеленіп, *талдау дарағы, шығарым дарағы, тәуелділік дарағы, есеп дарағы, тосқауылдар дарағы, іздеу дарағы, шешімдер дарағы* секілді терминдік жүйені құрайды.

Шекара термині. Шекара бойынша туралау, графиктың шекарасы терминдік жүйені құрайды., *Шекара* сөзінің қазақ әдеби тілінің сөздігінде 3 түрлі мағынасы келтіріледі: 1. Аумақтық жағынан бір-бірімен шектесіп жатқан жер; 2. Шек, меже. 3. Инф. (boundary) Қандай да бір шаманың өзгертілу шегі (Қазақ әдеби тілінің сөздігі XV томы, 2011: 323). Информатика саласындағы *шекара* терминінің ұғымын беру

үшін, жалпы әдеби тілдегі шекара сөзінің іс-әрекет ұқсастығына сәйкес метафораланып қолданысқа түсіп тұр.

Терезе термині. Терезе – [пар. дериче] – үйге жарық түсіріп тұру үшін қабырғадан салынған жақтауы бар әйнек (Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі, 2019:494). Терезе термині *диалогтік терезе, терезенің шекарасы, терезелерді басқару, қолданба терезесі, тізім терезесі, кестелер терезесі секілді терминдік жүйе құрайды.* Жалпы қолданыстағы *терезе сөзі* қызметтік ұқсастық бойынша метафораланып, компьютер терминологиясына жататын термин-сөз болып тұр. Сонымен қатар *терезе* сөзі қазақ тіліне парсы тілінен еңген кірме сөз болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, IT саласындағы терминдердің метафоралану әдісі арқылы жасалуы – өнімді тәсілдердің бірі. Ғылым тілінде метафораланудың басты ерекшелігі – ұғымға нақты атау беру де белгілі бір ұқсастыққа сүйене отырып жасалуы. Сандық зерттеулерге сүйенетін болсақ, 2014 жылғы терминологиялық сөздіктер топтамасының сапалық көрсеткіші бойынша Информатика және есептеуіш техника саласының 57,11% кірме терминдерді құрайды (Құлманов, 2021: 56). Сол себепті де қазақ тіліндегі IT саласының терминдерінің қатарында, тілімізге орта ғасырда араб-парсы тілінен еңген, фонологиялық тұрғыдан сіңісіп кеткен кірме сөздермен тілімізге фонологиялық тұрғыдан бейімделмеген кірме терминдер де метафоралану әдісі арқылы жаңа ұғымды иеленіп терминдік жүйе құрайды. Сонымен қатар термин қалыптастыруда метафоралану әдісі арқылы, ұлттық танымға сәйкес жасалған қазақ тілінің төл-сөздері де бар.

Әдебиеттер

Молнар А.А. (2012) Особенности формирования терминосистемы информационных технологий (на материале французского языка). – Москва. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. –стр 40.

Мустафаева А.А. (2011) Современная арабская терминология: формирование и проблемы перевода (на материале терминологии информатики). Диссертация на соискание ученой степени доктора философии, – Алматы.

Жапарова А.Ж. (2020) Абай поэзиясындағыы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау. – Алматы. Философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -19 б.

Сыбанбаева А.С. (2002) Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. –Алматы. -98 б.

Заурбекова Г.О. (2009) Компьютер технологиясы атауларының қазақ тіліндегі фонетика-лексикалық игерілімі. – Алматы, диссертация авторефераты. -19 б.

Есаналиева Ж. (2021) Лингвистиканың өзекті мәселелері. –Алматы. -198 б.

Juan C. Sager. (1990) A Practical course in terminology processing. John Benjamins Publishing Company Amsterdam/Philadelphia. 57 p.

Мұратбаева И.С. (2000) Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы. – Алматы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.

Мишанкина Н.А. (2012) «Метафора в терминологических системах: функции и модели». Вестник Томского государственного университета. Филология №4 (20), стр 33 .

Горохова Н.В. (2014) Метафоризация как процесс семантического развития терминов в дискурсе специалиста трубопроводного транспорта // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина, № 2. Филология. – С. 202–209 .

Әлісжан С. (2015) Ғылыми дискурстағы когнитивтік модельдер (метафоралану). Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы №3, -134 б.

Құлманов С. (2021) Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті (сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау). № 3(136). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. -56 б.

Түркі тілдерінің терминжасамы. (2018) (Қазақ, әзірбайжан, өзбек, татар, қырғыз, түрік терминжасамы бойынша). – Астана: «Ғылым» баспасы.

Біләл Ш. (2008) Ұлттық ғылым тілін қалыптастыру (2-басылым). Монография. – Алматы, -11 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі I томы. (2011), Алматы, -92 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі XII томы. (2011), Алматы. -204 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі XV томы. (2011), Алматы, -323 б.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. (2019), Нұр-Сұлтан, -140б.

References

A.A.Molnar. (2012) Osobenosti formirovania terminosistemy informasionnyh tehnologi (na materiale fransuzskogo iazyka). – Moskva. Disertasia na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskih nauk. 40 p. [Features of the formation of the terminological system of information technologies (on the material of the French language)] (in Russian)

A.A.Mustafaeva. (2011) Sovremennaia arabskaia terminologia: formirovanie i problemy perevoda (na materiale terminologii informatiki). Disertasia na soiskanie uchenoi stepeni doktora filosofii, – Almaty. [Modern Arabic terminology: formation and problems of translation (based on the terminology of informatics)] (In Russian)

A.J.Japarova. (2020) Abai poeziasyndağyy metafora jäne onyñ orys, ağylşyn tılderındegı audarmalary: salystyrmaly taldau. – Almaty. Filosofia doktory (Phd) därejesın alu üşın daiyndalğan disertasia. -19 b. [Metaphor in Abay's poetry and its translations into Russian and English: a comparative analysis] (In Kazakh)

A.S.Sybanbaeva. (2002) Metaforanyñ tıldık bolmysy jäne konseptualdy metaforalar. –Almaty. 98 p. [Linguistic nature of metaphor and conceptual metaphors] (In Kazakh)

G.O.Zaurbekova. (2009) Kömpüter tehnologiasy ataularynyñ qazaq tılındegı fonetika-leksikalyq igerılımı. – Almaty, disertasia avtoreferaty. -19 b. [Phonetic and lexical mastery of computer technology names in the Kazakh language] (In Kazakh)

J.Esanalieva. (2021) Lingvistikanyñ özektı mäseleleri. –Almaty. -198 b. [Topical issues of linguistics] (In Kazakh)

Juan C.Sager. (1990) A Practical course in terminology processing. John Benjamins Publishing Company Amsterdam/Philadelphia. 57 p. (In English)

İ.S.Mūratbaeva. (2000) Qazırgı qazaq jäne orys tılderındegı metaforalanğan terminderdıñ

semantikasy. – Almaty. Filologia ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi därejesın alu üşın daiyndalğan disertasia. [Semantics of metaphorical terms in modern Kazakh and Russian languages] (In Kazakh)

N.A.Mişankina. (2012) «Metafora v terminologicheskih sistemah: funksii i modeli». Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologia №4 (20), 33 p. [Metaphor in terminological systems: functions and models] (in Russian)

N.V.Gorohova. (2014) Metaforizasia kak proses semanticheskogo razvitia terminov v diskurse spesialista truboprovodnogo transporta // Vestnik Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta im. A.S. Puşkina, № 2. Filologia. – S. 202–209 . [Metaphorization as a process of semantic development of terms in the discourse of a specialist in pipeline transport] (in Russian)

S.Älısjan. (2015) Ğylymi diskurstağy kognitivtık modelder (metaforalanu). Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy №3, -134 b. [Cognitive models in scientific discourse (metaphor)] (In Kazakh)

S. Qūlmanov. (2021) Qazaq tılı terminologialyq qorynyñ äleuetı (sandyq jäne sapalyq körsetkışterdı taldau). № 3(136). L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ūlttyq universitetınıñ Habarşysy. Filologia seriasy. -56 b. [Potential of the Kazakh language terminology fund (analysis of quantitative and qualitative indicators)] (In Kazakh)

Türkı tılderınıñ terminjasamy. (2018) (Qazaq, äzırbaijan, özbek, tatar, qyrğyz, türık terminjasamy boiynşa). – Astana: «Ğylym» baspasy. [Terminology of Turkic languages] (In Kazakh)

Ş. Bıläl. (2008) Ūlttyq ğylym tılın qalyptastyru (2-basylym). Monografia. – Almaty, -11 b.

[Formation of the national language of science (2nd edition)] (In Kazakh)

Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı I tomy. (2011), Almaty, -92 b. [Dictionary of the Kazakh literary language] (In Kazakh)

Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı XII tomy. (2011), Almaty. -204 b. [Dictionary of the Kazakh literary language] (In Kazakh)

Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı XV tomy. (2011), Almaty, -323 b. [Dictionary of the Kazakh literary language] (In Kazakh)

Qazaq tılınıñ kırme sözder sözdıgı. (2019), Nūr-Sūltan, -140b. [Dictionary of loan words of the Kazakh language] (In Kazakh)

МРНТИ 16.31.51 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph2

А.Ж. Акшолакова[1], Т.А. Меркибаев[2*], Л.А. Бугенова[3]

[1]Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
[2] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
[3] Международная образовательная корпорация
«Казахско-Американский университет», Казахстан, г. Алматы
*e-mail: tmerkibaev@bk.ru

КАТЕГОРИЯ ВРЕМЕНИ ГЛАГОЛОВ В РУССКОМ, КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ НА ОСНОВЕ ФОРМИРОВАНИЯ ГРАММАТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

В статье рассматривается бинарная категория времени глаголов в русском, английском, казахском языках с точки зрения формирования грамматической компетенции, раскрывается значение и употребление терминов «компетентность» и «компетенция», дается определение термина «компетенция». В силу переустановки целей методики на результативное практическое овладение способами речевого поведения в определённых ситуациях. Поэтому в последние десятилетия научная педагогическая мысль направлена на попытки классифицировать систему компетенций/компетентностей и их дескрипторов. Грамматика как один из важных аспектов языка, с помощью которого обеспечивается формирование умений устного и письменного общения, во все времена находилась в центре научных споров, дискуссий о её месте, роли и значении при обучении языка. В настоящее время грамматика является частью содержания программ обучения языкам, поэтому её роль следует рассматривать именно в аспекте учебной деятельности. В качестве примера модели Э.А. Штульмана на примере контрольных срезов по определению уровня сформированности грамматической компетенции при обучению русскому языку. Особенно важно место грамматики в освоении языкового материала для английского языка, отличающегося строгим порядком построения речевого высказывания. В ходе исследования была проведена экспериментальная работа в шести группах (три экспериментальные и три контрольные) по формированию грамматической компетенции на основе категории времени глаголов, по результатам которого были разработаны критерии измерения уровня сформированности грамматической компетенции при обучении разным языкам. Коэффициент педагогической эффективности эксперимента составил 1.4.

Ключевые слова: время, категория, компетенция, методика, знание, обучение, навык, умение, ситуации, коммуникативные задачи.

A.Zh. Aksholakova[1], T. Merkibaev[2*], L.A. Bugenova[3]

[1]Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[3]International Educational Corporation «Kazakh-American University», Kazakhstan, Almaty
*e-mail: tmerkibaev@bk.ru

The category of verb tense in the Russian, Kazakh and English languages based on the formation of grammatical competence

The article examines the binary category of verb tense in the Russian, English, Kazakh languages from the point of view of the formation of grammatical competence, reveals the meaning and use of the terms “competence” and “competency”, defines the term “competence”. By virtue of resetting the objectives of the methodology to effective practical mastery of the ways of speech behavior in certain situations. Therefore, in recent decades, scientific pedagogical thought has been focused on attempts to classify the system of competencies and their descriptors. Grammar, as one of the important aspects of language, through which the formation of oral and written communication skills is ensured, has always been at the center of scientific disputes, discussions about its place, role and significance in language teaching. Currently, grammar is part of the content of language teaching programs, so its role should be considered precisely in the aspect of educational activity. As an example of E.A. Shtulman’s model, using the example of control sections to determine the level of formation of grammatical competence in teaching the Russian language. Especially important is the place of grammar in the development of language material for the English language, characterized by a strict order of construction of speech utterance. In

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

the course of the study, experimental work was carried out in six groups (three experimental and three control) on the formation of grammatical competence based on the category of verb tense, according to the results of which criteria for measuring the level of formation of grammatical competence in teaching different languages were developed. The coefficient of pedagogical efficiency of the experiment was 1.4.

Key words: time, category, competence, methodology, knowledge, training, skill, skill, situations, communicative tasks.

Ә.Ж. Ақшолақова[1], Т.А. Меркибаев[2*], Л.А. Бугенова[3]

[1]Мысыр ислам мәдениеті университеті Нұр-Мүбарак, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[3]Халықаралық білім беру корпорациясы
«Қазақ-Американдық университет», Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: tmerkibaev@bk.ru

Орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістіктер уақытының санаты негізінде грамматикалық құзіреттілікті қалыптастыру

Мақалада грамматикалық құзіреттілікті қалыптастыру тұрғысынан орыс, ағылшын, қазақ тілдеріндегі етістіктер уақытының екілік категориясы қарастырылады, "құзырет" және "құзыреттілік" терминдерінің мағынасы мен қолданылуы ашылады, "құзыреттілік"терминінің анықтамасы беріледі. Белгілі бір жағдайларда сөйлеу мінез-құлқының әдістерін тиімді практикалық игеру әдістемесінің мақсаттарын қайта анықтауға байланысты. Сондықтан, соңғы онжылдықтарда ғылыми педагогикалық ой құзырет/құзыреттілік жүйесін және олардың дескрипторларын жіктеуге бағытталған. Грамматика ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдің маңызды аспектілерінің бірі ретінде барлық уақытта ғылыми пікірталастардың, оның тілді оқытудағы орны, рөлі мен маңызы туралы пікірталастардың орталығында болды. Қазіргі уақытта грамматика тілдерді оқыту бағдарламаларының мазмұнының бөлігі болып табылады, сондықтан оның рөлін оқу іс-әрекеті аспектісінде дәл қарастыру керек. Үлгі ретінде орыс тілін оқытуда грамматикалық құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған бақылау бөлімдері мысалында Э.А.Штульман моделінің мысалы ретінде. Ағылшын тілі үшін тілдік материалды игерудегі грамматиканың орны ерекше маңызды, ол сөйлеу сөзін құрудың қатаң тәртібімен сипатталады. Зерттеу барысында етістіктердің уақыт категориясы негізінде грамматикалық құзіреттілікті қалыптастыру бойынша алты топта (үш эксперименттік және үш бақылау) эксперименттік жұмыс жүргізілді, оның нәтижелері бойынша әртүрлі тілдерді оқыту кезінде грамматикалық құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін өлшеу критерийлері жасалды. Эксперименттің педагогикалық тиімділігінің коэффициенті 1.4 болды.

Түйін сөздер: уақыт, санат, құзыреттілік, әдістеме, Білім, Оқыту, дағды, дағды, жағдаяттар, коммуникативтік міндеттер.

Введение

Компетенции обучающегося включает способы речевого мышления и речевой деятельности, совокупность способностей (когнитивных, креативных, исследовательских) и адекватной адаптации в профессиональном сообществе, самообразования как смысла и способа жизнедеятельности. В связи с этим, «на первый план выходит не объем усвоенных знаний или алгоритмы их воспроизведения по образцам, а ключевые компетенции, творческий подход к решению учебных и жизненных проблем, умения самостоятельно приобретать знания и применять их в ситуациях, близких к будущей профессиональной деятельности» (Звонников В.И., 2009:17).

Ориентирование на функциональную грамотность содержания образования включает совокупность компонентов, которые решают одну последовательную цель – формирование конкретных компетенций. Элемент системы компетентностей дифференциация определенных результатов вытекает из распределения, т.е. ранжирования продукта процесса.

Сформировать указанную систему компетентности требует совокупности соответствующих методов, опирающихся на практическом закреплении знаний. В данной работе представлена попытка формирования грамматической компетенции, как составляющей коммуникативной компетенции при изучении русского, казахского и английского языков.

Современная парадигма методики обучения иноязычному общению основывается на принципах личностно-ориентированного обучения (Барышников Н.В., 2003). Концептуальное пере-

осмысление теоретических и практических составляющих методики привело к пересмотру также и всего инструментария, используемого в процессе взаимной трансляции в обучении.

Ключевым моментом смены ориентиров методики стала переустановка целей на результативное практическое овладение способами поведения в определённых ситуациях.

Обзор литературы

Формирование концепции компетентностного подхода ставит перед нами проблему терминологического употребления слов «компетентность» и «компетенция», и необходимости единого определения их содержания, а также четкого разделения этих понятий. Так О.В. Усачева, анализируя понятие «компетентность» отраженное в работах В.М. Штепеля, В.М. Безруковой, В.А. Демина, Ю.Г. Татура, Р.П. Мильтруда и некоторых словарях, приходит к мнению, что «Компетентность – это совокупность компетенций, наличие знаний и опыта необходимых для осуществления продуктивной профессиональной деятельности» (Усачева О.В., 2007: 16). Таким образом, под компетентностью понимается совокупность знаний, умений и навыков, а также определённых личностных качеств, которые реализуются в процессе решения определённых практических задач. Компетенция же – комплекс этих знаний, умений и навыков.

Рабочим для методик последних десятилетий стал термин Н.Хомского «компетенция», обозначающий характерную для человека особенность в выполнении различных видов деятельности на основе приобретенных знаний, умений и навыков (Разуваева Т.А., 2010: 267). Затем в ходе научной полемики термин стал расширяться, дополняться различным содержанием. Так, авторское терминологическое сочетание «лингвистическая компетенция» был заменен на другой – «коммуникативная компетенция», впервые был внедрен этнологом Д. Хаймсом (цит. по Н.И. Гезу, 2008: 180) – под которой стали подразумевать способность общаться, используя средства языка, то есть решать коммуникативные задачи путем выбора определённой речевой стратегии в конкретной ситуации.

Конец XX века ознаменован вхождением в оборот нового термина – «ключевые компетентности» (Маршуба О.А., 2014: 27), которые стали рассматриваться в контексте социального заказа общества к выпускнику образовательного учреждения различных ступеней. Отмечается, что детально данное понятие в современной российской и зарубежной педагогической науке осуществила Е.А. Садовская (Маршуба О.А., 2014: 27). С 60-х годов прошлого века в описании кадровых потребностей различных производств появляется словосочетание «профессиональные компетентности» (Панфилова О.И., 2016: 3), которое служит для описания качества рабочей силы, выходящей за пределы определенных профессиональных умений и навыков, связывающейся со способностью работника развиваться, соответствовать профессиональной ситуации в контексте профессиональных требований, совершенствоваться вместе с развитием технологий. Хотя существуют многочисленные исследования в данном русле оно «…не стало общепринятым и однозначно определенным» (Трофименко М.П., 2010: 12).

В 90-е годы в требованиях, которые предъявляет рынок труда к работникам, появились такие качества, которые прямо не связываются с тем или иным производством, но позволяют человеку успешно решать задачи в разнообразных, динамично изменяющихся ситуациях. Это и были так называемые «ключевые компетентности», понимаемые как универсальные готовности выполнять те или иные действия в случае необходимости (Федяев Д.М., 2011: 6). На сегодняшний день эти требования касаются этих универсальных способностей, а не охвата знаний, которые могут устареть по мере ускорения научно-технического прогресса и цифровизацией, изменением требований к работнику на рынке труда. Цель обучения в современном образовании состоит в формировании знания, поведенческих моделей, ценностей, которые могут обеспечить ему конкурентоспособность в сегодняшних условиях жизни, которая во многом зависит от способности овладения новыми технологиями, к адаптации, ориентации в информационном пространстве. Таким образом, идея компетентностного подхода родилась в ответ на глобальный запрос рынка труда.

Образование в Казахстане также движется в русле формирования ключевых компетентностей граждан средствами образования, что впервые было заложено в Государственных стандартах образования, которые отсылают к основным готовностям, провозглашенным странами Западной Европы в 1997 году, через год – в Балтии, позже в Северной Америке, Австралии и Новой Зеландии (Кунанбаева С.С., 2005: 167). Специфичные подходы с учетом регионального компонента сходятся в общем понимании ком-

петентностей как освоенных способов деятельности. Новаторский подход к осознанию образовательного результата означает использование технологий, которые в совокупности образуют новое пространство знаний, умений, навыков, приводящих к функциональному результату, оцениваемому с новых позиций.

Вышесказанное приводит к выводу, что определённый набор ключевых компетентностей становится основанием для запроса работодателей к системе образования, и он может варьироваться в зависимости от конкретной экономической и социальной ситуации в конкретной стране или определённом регионе. Отметим наиболее близкие моменты, на основе которых формируются необходимые качества, требуемые от выпускников:

– способность разрешать проблемы, т.е. готовность анализировать нестандартные ситуации, ставить цели и соотносить их с возможностями, планировать результат своей деятельности и разрабатывать алгоритм его достижения, оценивать результаты своей деятельности, что позволяет принять самостоятельное решение в той или иной ситуации и обеспечить своими действиями его воплощение в жизнь;

- под технологической компетентностью понимается готовность понимать алгоритмы, технологические цепи, к их соблюдению, к освоению и пониманию, а также соблюдению технологий деятельности в условиях жизнедеятельности;

- информационная компетенция осознается как готовность использовать информационные ресурсы, критически отбирать информацию, конструировать соответствующие выводы с тем, чтобы запланировать, решить и осуществить свою деятельность;

- социальная компетенция предполагает наличие способности коррелировать свои устремления и интересы окружающих;

- коммуникативная компетенция означает способность извлекать информацию в диалогическом общении, излагать свою позицию в моно- и диалогическом форматах на основе толерантности как принятия другой точки зрения в целях решения поставленных задач;

- компетенция в области самообразования вытекает из технологической компетенции, и понимается как способность к выявлению находить пробелы в собственном образовании, корректировать с учетом поставленных задач, в итоге, которая позволяет изменить профессиональную траекторию в случае необходимости, способность самостоятельно использовать знания для решения поставленных задач;

- Кэмбриджский экзаменационный синдикат выдвигает на верхний уровень иерархии компетенций/компетентностей «личностную» компетенцию, в которую входят все остальные (Мильруд Р.П., 2007: 102), тогда как в российской педагогике вариантом такой компетенции является компетенция самоменеджмент. Самоменеджмент, в данном случае, овладение субъектом деятельностью, и первым признаком овладения этим навыком является факт управления этой деятельностью, и полного осознания себя в ней, т.е. самоуправление своими навыками.

Под компетенцией в образовании понимается: готовность субъекта направить ресурсы внешнего/внутреннего содержания для решения поставленных задач. Подготовка к решению задач здесь означает постановку цели и ее выполнении в каждой новой создавшейся ситуации.

Грамматическая компетенция входит в состав коммуникативной и потому логично продолжает систему готовностей, формируемых в образовательном процессе. Грамматика как один из важных аспектов языка, с помощью которого обеспечивается формирование умений устного и письменного общения, во все времена находилась в центре научных споров, дискуссий о её месте, роли и значении при обучении языка. В настоящее время грамматика является частью содержания программ обучения языкам, поэтому её роль следует рассматривать именно в аспекте учебной деятельности. Особенно важно место грамматики в освоении языкового материала для английского языка, отличающегося строгим порядком построения речевого высказывания.

Для определения грамматической компетенции необходимо дифференцировать понятия «компетентность» и «компетенция». Компетентность – это результат образования, выражаемый в освоении субъектами образовательного процесса конкретным набором (меню) способов деятельности по отношению к какому-либо предмету воздействия. Важность этого образовательного результата состоит в том, что, овладевая каким-либо способом деятельности, обучающийся присваивает навык (когда говорят о «способе деятельности» вместо «способности совершать действия», то говорится о том, что присваивается, прежде всего, цель, – ситуация, которая позволяет осознать процесс самоменеджмента, синтез разнообразных результатов образования (ЗУН, ценностных ориентиров и т.п.), так как

можно скопировать действия, но не деятельность, последнее только присваивается; таким образом идет формирование набора ресурсов, образующий компетенции (Щукин А.Н., 2012: 126). Компетентность в таком аспекте понимается как ценный образовательный результат, приставляющий набор способов деятельности, востребованных социальной действительностью, соответствующий конкретной ситуации, что, собственно, и требуется от претендента на рабочее место. При этом предполагается, что однажды сформированный пакет умений, знаний и навыков имеет потенциал постоянного обновления и корректируется в соответствии с актуальной ситуацией.

Долгая полемика в сфере сопоставления знаний умений навыков и других результатов обучения и компетенций/компетентностей как принципиально иного выхода процесса обучения позволяет сделать следующие выводы (Зиновьева, Т.И., 2016: 9). Знание определяется как присвоенная информация, умение – как способность выполнять теоретическое или практическое действие, навык – как автоматизированное умение, компетенции – алгоритмы реализации знаний, умений, навыков. Таким образом, ключевым словом здесь становится алгоритмизация всего, что и достигается в образовательном процессе.

Н.А. Курашкинаның пікірінше, эколингвистика антропоцентризмнен қашып, «адам – табиғат» қатынасында үйлесім табу мақсатымен экоантропоцентристік дүниетанымға ұмтылып жүрген интегралды ғылыми парадигма (Курашкина Н.А., 2016). Жалпы, эколингвистикалық бағытты лингвистикадағы жаңа ғылыми парадигма ретінде анықтау шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жиі кездеседі. Адамға бағытталған зерттеулер біртіндеп адам мен оның ортасы арасындағы байланыс негізіне ауысып жатыр. Ғылыми парадигманың ауысуы ғылыми зерттеулер аясын кеңейтеді. Бірақ, расымен, эко ұғымы жаңа ғылыми парадигманы алып келді ме? Бұл өзге мақаланың тақырыбы деп ойлаймыз.

Эколингвистикадағы әртүрлі идеялар мен бағыттарды жүйелей келе оның зерттеу бағыттарын төмендегідей жіктеуге боламыз:

1) тіл мен оның ортасының арақатынасы, тіл иелерінің өмір сүру дағдылары мен ерекшеліктерінің тілдегі көрінісі;

2) әлемнің тілдің алуантүрлілігін сақтау шараларының кешені, оларды қолдану жолдары;

3) тіл құрылымындағы экологиялық принциптерге сай немесе қайшы қолданыстарды іздеу;

4) экологиялық мәселелердің тілге, тілдің функцияларының экологиялық мәселелерді шешуге әсері, экологиялық ахуалды жақсартуда тілдік элементтерді, дискурсты пайдалану;

5) адамзаттың экосауаттылығын арттыру.

Жалпы, эколингвистиканың зерттеу аясы нақты анықталмағанына қарамастан, осы бағыттағы зерттеулердің қажеттілігін келесі пікірмен дәлелдеуге болады «Бүтін ыңғайдың болғаны орынды, бірақ болмаған жағдайда бізге түсініксіз, бірақ қарастырылатын мәселелердің санын арттыра беру қажет» (Mühlhäusler, P., 2019).

Қорытынды

Тіл мен экология жігіндегі зерттеулер а) әлемнің тілдік алуантүрлілігін сақтап, тіл экологиясын табиғи қалпында кейінгі қалдыру және ә) қоршаған ортаның қиындықтары мен болашағын зерделеп, жер тұрғындарына жеткізудегі тілдің орны, б) әдеби тіл нормасын сақтау, нормаға сай келмейтін қолданыстар мен нұсқалардың тілде көрініс беруі және оның әсері тұрғысынан жүргізіледі. Адам бар жерде тіл бар, ал адамның қазіргі өмір сүру дағдысы мен әдеті (әдебі) экологиялық қиындықтардың көп екендігін көрсетіп отыр. Сол себепті адам – тіл – экология үштағаны жаңа зерттеулермен, бағыттармен толығып, ғылыми айналымда ұзақ сақталады. Эколингвистикалық зерттеулердің тұжырымдары мен нәтижелері ұлттық саясаттың бір бөлігі саналатын тілдік саясатты жүргізіп, тілдік жоспарлауды жүзеге асыру кезінде пайдалы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты «қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу» (Бағдарлама, 2019) деп анықталған. Мемлекеттік тіл қоғамның барлық саласына еніп, қолданыс аясын кеңейту үшін дайындалған аталмыш бағдарлама ел көлеміндегі тілдік қатынастарды реттеудің бір механизмі. Көпұлтты мемлекет ретінде көптілді қоғам екеніміз белгілі. Мемлекеттік тілдің қолданысын арттыра отырып, елдегі барлық тілдің өмір сүруіне жағдай жасау – тілдік балансты сақтау. Ол тіл экологиясының негізгі міндеті. Республика көлеміндегі туристік жерлердің жұмысын дұрыс ұйымдастырып, келушілердің қызығушылықтарын арттыру үшін тілдің әсер ету

функциясын пайдалана отырып, дұрыс этнотуризм дискурсын құру эколингвистика аясындағы зерттеулерді қажет етеді. Жалпы, технологиялық эволюция кезіндегі цифрландыруға қазақ тілінің бейімділігін арттырып, виртуалды қолданыстағы үлесін пайымдау, ғаламтор тілінің әдеби тіл нормаларынан айырмашылығы мен ерекшелігін анықтау эколингвистикалық зерттеулер аясында жүргізіледі. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде» (Қ.К. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты, 2019) деген ойы тіл мен ортасының байланысын толық ашып бере алады. Мақаланы ұранмен аяқтау орынсыз болса да Президенттің аталмыш ойын тіл мәселесін ұлттың өмір сүру формасына айналдыру қажеттілігін жеткізу мақсатында келтіріп отырмыз.

Әдебиеттер

Bang J. Chr., Døør J. (1993) Eco-Linguistics: A Framework. – Jørgen Chr (jcbang.dk)

https://www.britannica.com/science/ecosystem

Громорушкина А.А. Спорные вопросы в эколингвистике // Вестник московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки. – 2018. – №14. – С. 32-142

Иванова Е.В. Экологическое сознание и эколингвистика // Вестник ЧГПУ. – 2012. – № 7. – С. 252-262

Коровушкин В. П. Основные атрибуты лингвоэкологии как автономной междисциплинарной отрасли языкознания // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2011. – № 1. – С. 60-64.

Курашкина Н.А. Истоки и пути развития эколингвистики // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 15. – С. 246-250. – URL: http://e-koncept.ru/2016/86950.htm.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты https://egemen.kz/article/186791-qtoqaev-qazaqtynh-tili-%E2%80%93-qazaqtynh-dgany!

Di Paolo E.A., Cuffari E.C., De Jaegher H. (2018) Linguistic bodies: The continuity between life and language. Cambridge: The MIT Press.

Do Couto H.H. (2014) Ecological approaches in linguistics: a historical overview. Language Sciences. – № 41. – P. 122-128

LeVasseur T. (2015) Defining“Ecolinguistics?”: Challenging emic issues in anevolving environmental discipline, J. Environ. Stud. Sci. 5 (1) (2015) 21e28, http://dx.doi.org/10.1007/s13412-014-0198-4

Mühlhäusler, P. (2019) Quo vadis Ecolinguistics. In: Steffensen, S.V. (ed.). The Aalpiri papers: two critical reflections on contemporary ecolinguistics. SDU, Odense. – P. 6-24.

Sapir E. (1912) Language and Environment. American Anthropologist New Series, Vol. 14, No. 2. – P. 226-242

Сковородников А.П. Лингвоэкология, или эколингвистика // Эффективное речевое общение (базовые компетенции) Словарь-справочник. Электронное издание. Сибирский федеральный университет. Под редакцией А.П. Сковородникова. Красноярск, 2014 –852 стр.

Сковородников А.П. О некоторых нерешенных вопросах теории лингвоэкологии // Политическая лингвистика. – 2019. – №5 (77). – С. 12-25.

Steffensen S., Alwin F. (2014) Ecolinguistics: the state of the art and future horizons. Ecolinguistics: the Ecology of Language and the Ecology of Science. – https://www.sciencedirect.com/journal/language-sciences/vol/41/part/PA

Fill A. (1998) Ecolinguistics: State of the Art. The Ecolinguistics Reader: Language, Ecology and Environment. – 296 p.

Finke, P. (2008). The memory of language. New research in the beginnings of cultural evolution. In: Döring, M., Penz, H., Trampe, W. (Eds.), Language, Signs and Nature. Ecolinguistic Dimensions of Environmental Discourse. Stauffenburg, Tübingen. – P. 73-88.

Haugen, E. (1971). The Ecology of language. The Linguistic Reporter

Chen S. (2016) Language and ecology: A content analysis of ecolinguistics as an emerging research field // Ampersand. – Vol. 3. – P. 108-116

Яценко Н.Е. Толковый словарь обществоведческих терминов. – СПб.: Лань, 1999. – 528 стр.

References

Bang J. Chr., Døør J. (1993) Eco-Linguistics: A Framework. – Jørgen Chr (jcbang.dk)

https://www.britannica.com/science/ecosystem

Chen S. (2016) Language and ecology: A content analysis of ecolinguistics as an emerging research field // Ampersand. – Vol. 3. – P. 108-116

Di Paolo E.A., Cuffari E.C., De Jaegher H. (2018) Linguistic bodies: The continuity between life and language. Cambridge: The MIT Press.

Do Couto H.H. (2014) Ecological approaches in linguistics: a historical overview. Language Sciences. – № 41. – P. 122-128

Fill A. (1998) Ecolinguistics: State of the Art. The Ecolinguistics Reader: Language, Ecology and Environment. – 296 p.

Gromoruşkina A.A. (2018) Spornye voprosy v ekolingvistike [Controversial issues in ecolinguistics]. Vestnik moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki. – №14. – S. 32-142 (In Russian)

İasenko N.E. (1999) Tolkovyi slovär obşestvovedcheskih terminov [Explanatory Dictionary of Social Science terms]. – SPb.: Län. – 528 str. (In Russian)

İvanova E.V. (2012) Ekologicheskoe soznanie i ekolingvistika [Environmental awareness and ecolinguistics]. Vestnik CHGPU. – № 7. – S. 252-262 (In Russian)

Korovuşkin V.P. (2011) Osnovnye atributy lingvoekologii kak avtonomnoi mejdisiplinarnoi otrasli iazykoznania [The main attributes of linguoecology as an autonomous interdisciplinary branch of linguistics]. Vestnik Cherepoveskogo gosudarstvennogo universiteta. – № 1. – S. 60-64 (In Russian)

Kuraşkina N.A. (2016) İstoki i puti razvitia ekolingvistiki [The origins and ways of ecolinguistics development]. Nauchno-metodicheski elektronnyi jurnal «Konsept». – 2016. – T. 15. – S. 246-250. – URL: http://e-koncept.ru/2016/86950.htm. (In Russian)

LeVasseur T. (2015) Defining“Ecolinguistics?”: Challenging emic issues in anevolving environmental discipline, J. Environ. Stud. Sci. 5 (1) 21e28, http://dx.doi.org/10.1007/s13412-014-0198-4

Mühlhäusler, P. (2019) Quo vadis Ecolinguistics. In: Steffensen, S.V. (ed.). The Aalpiri papers: two critical reflections on contemporary ecolinguistics. SDU, Odense. – P. 6-24.

Qazaqstan Respublikasyndağy tıl saiasatyn ıske asyrudyñ 2020 – 2025 jyldarğa arnalğan memlekettık bağdarlamasy [State program for the implementation of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045 (In Kazakh)

QR Prezidentı Q.K. Toqaevtyñ «Egemen Qazaqstan» gazetıne bergen sūhbaty [Interview of the president of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev to the newspaper «Egemen Kazakhstan»] https://egemen.kz/article/186791-qtoqaev-qazaqtynh-tili-%E2%80%93-qazaqtynh-dgany! (In Kazakh)

Sapir E. (1912) Language and Environment. American Anthropologist New Series, Vol. 14, No. 2. – P. 226-242

Skovorodnikov A.P. (2014) Lingvoekologia, ili ekolingvistika [Linguoecology, or ecolinguistics]. Efektivnoe rechevoe obşenie (bazovye kompetensii) Slovär-spravochnik. Elektronnoe izdanie. Sibirski federälnyi universitet. Pod redaksiei A.P. Skovorodnikova. Krasnoiarsk. – 852 str. (In Russian)

Skovorodnikov A.P. `(2019) O nekotoryh nereşennyh voprosah teorii lingvoekologii [On some unresolved issues of the theory of linguoecology]. Politicheskaia lingvistika. – №5 (77). – S. 12-25 (In Russian)

Steffensen S., Alwin F. (2014) Ecolinguistics: the state of the art and future horizons. Ecolinguistics: the Ecology of Language and the Ecology of Science. – https://www.sciencedirect.com/journal/language-sciences/vol/41/part/PA

ҒТАМР 16.21.51 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph4

Г.Қ. Әбішева*, Г.К. Абзулдинова

Павлодар педагогикалық университет, Казақстан, Павлодар қ.
*e-mail: abisheva_gulnara1982@mail.ru

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

Топонимикалық бірліктер тілдің басқа құралдарымен қатар поэтикалық шығармадағы шындықты көркем ұғыну элементтері болып табылады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының көркем топонимикалық бірліктерді зерттеу поэтикалық ескерткіштердің көркем-философиялық құндылықтарын анықтау үшін үлкен маңызға ие.

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы топонимдердің танымдық сипаты, олардың географиялық және әкімшілік атаулардың орналасқан жерін анықтаумен қатар, белгілі бір тарихи кезеңдегі діни орындардың әлеуметтік-саяси және экономикалық-мәдени, діни-философиялық жағдайын көрсетудегі рөлін дәйектеу мақсат етіледі.

Осы тұрғыда Б.Тілеубердінің теориялық еңбегіне, әдеби-теориялық еңбектерге және Мәшһүр Жүсіптің көркем шығармаларына сараптама жасалады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының поэтикалық ономастикасы, оның ішінде топонимикалық бірліктердің жұмсалымдық ерекшеліктері әлі зерттелген жоқ.

Поэтонимикалық аяны құрайтын жер-су атаулары Мәшһүр Жүсіп шығармаларында авторлық материалдың негізгі поэтикалық сипатының қалыптасуына да әсер ететіні зерделенеді. Топонимдердің қолданысы автордың көркемдік және әлеуметтік дүниетанымын байқататыны анықталады. Бұл тұрғыда топонимдер поэтикалық мәтінді композициялық тұрғыдан көркемдеуде өте маңызды рөл атқаратыны дәйектеледі. Сонымен қатар табиғи-географиялық объектілерге сәйкес көркем шығармадағы топонимдер жіктеледі; поэтикалық топонимияның географиялық кеңістігі анықталады; діни сипаттағы шығармаларындағы топонимикалық атаулардың қолданыстық ерекшеліктері анықталады. Көркем мәтінде нақты топонимдер әдеби ономастика компоненттеріне айналатыны және шығармаға ерекше өң беретіні, өзіндік үлкен мағыналық сипаты болатыны айтылады. Географиялық нысандарының атаулары діни пайымдары, қажылыққа бару туралы Мәшһүр Жүсіптің ойларына шолу жасауға үлкен үлес қосады.

Түйін сөздер: ономастика, жалқы есім, топонимдер, полионимдер, антропоним, көркем мәтін, ойконимдер, діни антропоним.

G.K. Abisheva*, G.K. Abzuldinova

Pavlodar Pedagogical University, Kazakhstan, Pavlodar
*e-mail: abisheva_gulnara1982@mail.ru

Toponymic space in the works of Mashkhur Zhusup

Toponymic units, along with other means of language, are elements of artistic understanding of reality in a poetic work. The study of artistic toponymic units of Mashkhur Zhusup's works is of great importance for identifying the artistic and philosophical values of poetic monuments.

The article examines the cognitive nature of toponyms in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev, along with the definition of their geographical and administrative names, in order to argue their role in reflecting the socio-political, economic, cultural, religious and philosophical position of religious places in a certain historical period.

In this context, the examination of the theoretical work of B. Tleuberdi, literary and theoretical works and artistic works of Mashhur Zhusup is carried out.

The poetic onomastics of Mashhur Zhusup's works, including the peculiarities of the use of toponymic units, has not yet been studied.

It is studied that the names of the earth and water that make up the poetonymic sphere also influence the formation of the main poetic character of the author's material in the works of Mashhur Zhusup. It is established that the use of toponyms traces the artistic and social worldview of the author. In this context, it is argued that toponyms play a very important role in the compositional design of a poetic text. Toponyms in a work of fiction are also classified according to natural and geographical objects; the geographical space of poetic toponymy is determined; the operational features of toponymic names in works of a religious nature are determined. The literary text notes that specific toponyms become com-

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

ponents of literary onomastics and give the work a special background, have their own great semantic character. The names of geographical objects make a great contribution to the overview of religious ideas, thoughts of Mashhur Zhusup about pilgrimage.

Key words: onomastics, personal names, toponyms, polyonyms, anthroponyms, literary texts, oikonyms, religious anthroponyms.

Г.К. Абишева*, Г.К. Абзулдинова

Павлодарский педагогический университет, Казахстан, г. Павлодар

*e-mail: abisheva_gulnara1982@mail.ru

Топонимическое пространство в творчестве Машхур Жусупа

Топонимические единицы наряду с другими средствами языка являются элементами художественного осмысления действительности в поэтическом произведении. Изучение художественных топонимических единиц произведений Машхур Жусупа имеет большое значение для выявления художественно-философских ценностей поэтических памятников.

В статье рассматривается познавательный характер топонимов в произведениях Машхур Жусупа Копеева, наряду с определением их географических и административных названий, с целью аргументации их роли в отражении социально-политического и экономико-культурного, религиозно-философского положения религиозных мест в определенный исторический период.

В этом контексте проводится экспертиза теоретического труда Б. Тлеуберди, литературно-теоретических трудов и художественных произведений Машхур Жусупа.

Поэтическая ономастика произведений Машхур Жусупа, в том числе особенности употребления топонимических единиц, до сих пор не изучена.

Изучается, что названия земли и воды, составляющие поэтонимическую сферу, влияют и на формирование основного поэтического характера авторского материала в произведениях Машхур Жусупа. Установлено, что употребление топонимов прослеживает художественное и социальное мировоззрение автора. В этом контексте утверждается, что топонимы играют очень важную роль в композиционном оформлении поэтического текста. Также классифицируются топонимы в художественном произведении по природно-географическим объектам; определяется географическое пространство поэтической топонимии; определяются эксплуатационные особенности топонимических названий в произведениях религиозного характера. В художественном тексте отмечается, что конкретные топонимы становятся компонентами литературной ономастики и придают произведению особый фон, имеют свой большой смысловой характер. Названия географических объектов вносят большой вклад в обзор религиозных представлений, мыслей Машхур Жусупа о паломничестве.

Ключевые слова: ономастика, личные имена, топонимы, полионимы, антропонимы, художественные тексты, ойконимы, религиозные антропонимы.

Кіріспе

Көркем шығармадағы топонимдік лексиканың қолданысының әртүрлі сипаты болады. Поэтонимдер авторлық ойларды көркемдік тұрғыдан беруде өз құрамына антропонимдік бірліктермен қатар топонимдерді қоса алады, яғни көркемдік тұрғыдан топонимдер де үлкен рөл атқарады.

Антропонимдік бірліктердің тәсілдері әр алуан. Көркем шығармада нақты рөл атқара отырып, топопоэтонимдер ойконимдер, орронимдер, гидронимдер және т.б. түрінде ұсынылады. Топонимикалық бірліктің көмегімен құрылған материалдың кеңістіктік тұрғыдан оқшауланыу көрсетіледі, ол өз кезегінде прецеденттік баламалары бар ассоциативтік есімдерге арналған негіз бола алады.

Поэтонимикалық аяны құрайтын аталмыш нысандар Мәшһүр Жүсіп шығармаларында да бар және авторлық материалдың негізгі поэтикалық сипатының қалыптасуына да әсер етеді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында топонимикалық атауларды қолдану барысында түрлі тәсілдердің көмегімен жүзеге асқанын байқауымызға болады.

Сондай-ақ көркем шығарманың идеялық сипатын ашу үшін жұмсалып тұрған географиялық объектілердің бейнелі қолданысы Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы топонимдік атаулардың тағы бір ерекшелігі болып табылады.

Бейнелілік, көркемдік аясында, әрине, белгілі бір тарихи кезең мен автордың шығармашылық жоспарлары көрініс табады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы топонимдердің тікелей аймақтық сипаттамасымен қатар, осы тіл

бірліктерінің лексикалық параметрлері де анықталды. Ақын туындыларындағы араб-парсы географиялық атауларының қолданылу аясы автор қолданған лингвистикалық интерпретация жолдарын іздеуге түрткі болады.

Біздің зерттеуіміз үшін поэтикалық ойконимдер, полионимдер мен комонимдер, поэтикалық орронимдер сияқты белгіленген географиялық нысандар типіндегі топонимдер ерекше қызығушылық тудырады. Сонымен бірге біз тағы бір ақындық категорияны – гидронимдерді назардан тыс қалдыра алмадық. Оларда да автордың шығармашылық идеяларының сипатын да байқай аламыз.

Материал және әдістер

Мақалада талдауға түсіп отырған материалдың ерекшелігі және қойылған міндеттерді орындау қажеттілігіне байланысты интерпретациялық түсініктеме, қорыту, салыстырмалы және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Аталмыш әдістер Мәшhүр Жүсіп шығармаларындағы топонимикалық кеңістіктің халықтың діни-философиялық тұжырымдарымен байланыстылығын ашу үшін, Мәшhүр Жүсіп шығармаларындағы топонимдердің мифологиялық, діни және тарихи сипаттағы кең көлемді мәліметтерді бейнелеу барысында қажетті лингвистикалық стилистикалық әлеуетке ие бола алатынын және поэтикалық топонимдердің Мәшhүр Жүсіп шығармашылығындағы қолданысы және олардың философиялық-діни сипаттарын анықтау үшін қолданылды.

Бейнелілік, көркемдік аясында, әрине, белгілі бір тарихи кезең мен автордың шығармашылық жоспарлары көрініс табады. Мәшhүр Жүсіп шығармаларындағы топонимдердің тікелей аймақтық сипаттамасымен қатар, осы тіл бірліктерінің лексикалық параметрлері де анықталды. Ақын туындыларындағы араб-парсы географиялық атауларының қолданылу аясы автор қолданған лингвистикалық интерпретация жолдарын іздеуге түрткі болады.

Әдебиетке шолу

Біздің зерттеуіміз үшін поэтикалық ойконимдер, полионимдер мен комонимдер, поэтикалық орронимдер сияқты белгіленген географиялық нысандар типіндегі топонимдер ерекше қызығушылық тудырады. Бірінші топқа топонимдер объектілерінің физикалық-географиялық орналасуына сәйкес ойконимдер – қала (полионимдер), ауылдар (комонимдер) атаулары анықталды.

Мәшhүр Жүсіптің шығармаларында Шам, Медине, Бағдат, Мекке, Мысыр, Йемен, Хорасан, Бұрса, Рум, Қағба сияқты топонимдер қолданылған. Солардың әрқайсысына тоқталып, танымдық тұрғыдан мән-маңызын сипаттау – біздің мақаламыздың мақсатын айқындайды.

Ономаст ғалым Б. Тілеубердиев тіліміздегі топонимдердің лексикалық құрамы этномәдени ақпараттардан құралатынын, оның бойында өткен дәуір мен кезеңдердің ізі сақталатынын, жалпы тілдің өзі мәдени қор, сақтау қоймасы іспетті екенін зерттеулерінде қарастырды (Абдрахманов, 31 б.).

Эксперимент бөлімі

Құрылымдық, семантикалық және функционалдық аспектілерде поэтикалық топонимияның этномәдени және лингвистикалық кеңістігін анықтау жүзеге асырылды. Бұл тұрғыда ассоциативті эксперименттер әдісі қолданылды, топонимдердің танымдық ерекшеліктері анықталды. Топонимдердің семантикасы, олардың астарындағы ұғымдардың түсінігі анықталды.

Ассоциативті эксперименттер ассоциативті тезаурус құруға мүмкіндік береді. Өйткені ана тіліндегі тілдік сананың ассоциативті-вербалды желісін модельдеу арқылы Мәшhүр Жүсіптің көркем шығармаларындағы топонимдердің тарихи-мәдени мәнісі және поэтикалық топонимияның географиялық кеңістігі анықталды.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларындағы жалқы есімдердің ішінде географиялық нысандардың атаулары үлкен рөл атқарады. Географиялық нысандарының атаулары діни пайымдары, қажылыққа бару туралы Мәшhүр Жүсіптің ойларына шолу жасауға үлкен үлес қосады.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларындағы топонимия географиялық және әкімшілік атаулардың орналасқан жерін анықтаумен қатар, белгілі бір тарихи кезеңдегі діни орындардың әлеуметтік – саяси және экономикалық-мәдени, діни-философиялық жағдайын көрсете алатыны аталмыш ассоциативті эксперимент арқылы жүзеге асырылды.

Нәтиже және талқылау

Көркем шығармадағы топонимдерді үш топқа жіктеуімізге болады:

1) бірінші топқа автордың шығармашылық қиялынан туған ойдан шығарылған топонимдер жатады. Көбінесе мұндай топонимдерді жасау тілде бұрыннан бар формаларға сәйкес жүреді;

2) екінші топ нақты топонимдерден тұрады. Бұл жағдайда автор өзі ойдан шығармаған, шын мәнінде бар топонимикалық бірліктерді пайдаланады;

3) үшінші топтың топонимдері аралық орынды алады. Автор, әдетте, нақты топонимдерді өзгертілген түрде қолданады.

Қазіргі кезеңде көркем-әдеби шығарма тіліндегі топонимдік лексиканың қолданысы мәселелері зерттелген ғылыми еңбектер баршылық, бірақ оларда топонимдердің қолдану заңдылықтарының мәнісі туралы толыққанды талдау, түсінік берілмеген.

Біздің ойымызша, көркем мәтіндерде қолданылатын топонимдерді тереңірек зерттеу үшін автордың әдісі мен стилінің ерекшеліктерін, сондай-ақ оның өмірбаяндық фактілерін ескеру қажет.

Осы тұрғыда біз Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы топонимдік лексиканы зерделеу барысында қаламгер шығармалары оның ниеттерінің атрибутивтік көрінісі ретінде берілген маңызды тарихи-географиялық материалды қамтитынын және топопоэтонимдер ойконимдер, орронимдер, гидронимдер және т.б. түрлерінде берілетініне көз жеткіздік.

Шын мәнінде бар (тіпті сәл өзгертілген түрде) топонимдерді көркем әдеби мәтінде қолдану, әдетте, автордың өмірбаянындағы белгілі бір фактілермен байланысты. Бұл топонимдерді зерттеу автор өмірбаяны мен әдеби шығарманың құрылу тарихына жүгінуге көмектеседі.

Бірінші топқа топонимдер объектілерінің физикалық-географиялық орналасуына сәйкес ойконимдердің атаулары – қалалардың атаулары (полионимдер), ауылдар (комонимдер) атаулары жатады.

Мәшһүр шығармаларынан ойконимдердің саны айтарлықтай екенін байқадық және олар тарихи контексте осы ескерткіштердің діни-мистикалық семантикалық бірлестіктерін анықтайды. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын оқи отырып, оларда қолданылған топонимдік лексика арқылы ақынның өімрлік жүріп өткен жолдарын байқай аламыз. Мәшһүр Жүсіптің 5 жасынан бастап-ақ хат танығанын, оның Хамеретдин хазіреттің медресесінде дәріс алғанын, бір ғана дін сабағын емес, араб, парсы, шағатай тіліндегі кітаптарды да қатты қадағалап оқытатынын, кітаптың тек қарасын танытып қоймай, ішкі мазмұн, мән-мағынасына дейін тәптіштеп түсіндіргенін, арабтың, парсының тілін үйреткенін ақынның өмірбаяндық деректерінен білеміз. Шығыстың классикалық әдебиетімен де жақсы таныс болған. Ақынның өзінің оқыптоқығандарын кейіннен шығармаларына да арқау етіп отырған. Әрине, осы шығармаларында топонимдерді қамтуы да заңдылық.

Ақын Орта Азия қалаларына да сапар шеккен. Осы сапарының құнды нәтижесі – сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы және дерек ретінде өзінің көркем туындыларында қолдана білуі. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында авторлық идеяларының шоғырлануына ықпал ететін ойконимдердің бірі – *Шам* топонимі.

Шам – астанасы Дамаск болып табылатын Сириядағы мемлекеттің ежелгі атауы. Ол Осман империясы ыдыраған дейін 1922 жылға шекті қолданылған. Шам шаһары десе, қазақы санаға алдымен әл-Фараби мен Бейбарс әз Захир бабаларымыз түседі. Шам топонимі Мәшһүр шығармаларында Мекке, Мәдинә, Бағдад және Бахра, Мысыр топонимдерімен қатар қолданылады.

Бозбаланы ай кесіп жалдап жатыр,
Жүк жөнелтіп Бағдад, Бахра, *Шамға* (Ayto, 96 б.).
Стамбул, патша болсаң, Құдыс, *Шамға*,
Бұхар мен хәкім болсаң, һүндістанға.
Ағылшын, Қытай, Жапон (Иапон), Румды алып,
Дін түзеп, әмір етсең бұл жаһанға (Echevarria, 11 б.).

«Ер Ғұшман қазы әулетінен сұлтан Фатих сұлтан атлығы халифа Фатих қылып, Стамбулды алып, Айя-Софияда бес уақыт намаз оқытқан сол ер екен. Онан бұрын халифалық та әр шаһарға, әр тұқымға көшіп жүріпті: *Шамда,* Бағдатта, Мысырда, ең аяғы Бұрсада» (Echevarria, 86 б.).

Саны жоқ такыр пұлдың жиған тамға,
Жейтін уыз табылмақ тегін нанға.
Бозбаланы ай кесіп жалдап жатыр.
Жүк жөнелтіп күнбе күн Мысыр, *Шамға*
(Qreshat, 139 б.), –

деп Пайғамбарымыздың алғашқы керуені туралы жырлайды.

Сондай-ақ қаламгердің діни тақырыптағы шщығармаларынан Мекке топонимін көптеп кездестіреміз.

Мекке – Сауд Арабиясындағы қала, мұсылмандардың қажылық орны. Мұхаммед 570 жылы Меккеде дүниеге келді және өзінің пайғамбарлығын осы жерден бастады. Ол арабтардың ежелгі мәдени орталығы болып саналады. Ислам діні бойынша, Адам ата мен Хауа, Шис, Ибрахим, Исмаил пайғамбар осында өмір сүрген. Онда Кааба, әл-Харам мешіті бар. Пайғамбар (сас) туған қаласы Меккеге ерекше көңіл бөлген. Мәдинаға көшкенде, алғашқы туған жерін есіне алады.

Мәшhүр Жүсіп:

«Сонда жердің ашылған аузы қай жер?» –
Десеңдер, осы күнгі тұрған *Мекке*!
Мұнымды бекер деген кітап қарар.
Халқыма білгенімді айтсам жарар.
Көк пен Жердің аузы сол болғандықтан,
Құдайға жылаушылар сонда барар (Qreshat, 4 б.), –

деп Мекке қаласының құдіретін айтып өтеді.

Мәшhүр Жүсіптің «Ізбас қажы» атты шығармасында Мекке туралы көбірек айтылған. Сонымен қатар Мұхаммед пайғамбарға арналған діни дастандарында, имандылық туралы поэзиялық туындыларында қасиетті жер туралы молынан беріледі.

Нұры көкке тіреліп тұрғаннан соң,
Тамаша етіп *Меккеге* бұлар келді (Ayto, 28 б.).
Ақ бұлттан басында қол шатыры,
Мәдина мен *Меккенің* көркі келді (Ayto, 119 б.).
Жанымыздың жайы үшін *Мекке* бардық,
Деп шығып ек: «Құдайға біз құрбандық».
(Сүлейменова и др., 324 б.)

Сонымен қатар, Мәшhүр Жүсіп Мекке-Мединаға келген алғашқы қажылар туралы деректі әңгімелер, өлеңдер, дастандар жазып, қазақ қажылығы туралы ауқымды ақпарат қалдырды. «Ізбас қажы» дастанында ақын қажылықтың мәнісін ашып көрсеткен. Қажылықтан аман-есен оралған Ізбас қажыға амандаса барғанда естіген әңгімелерін Мәшhүр Жүсіп өлең сөзбен әңгіме етіп жазған. Осы сапарда басынан қанша қиындықтар өткерсе де, Қағбаны жеті рет айналып өткенін өлеңмен өреді. Оны Мәшhүр Жүсіп былайша келтіреді:

Сонан соң *Мекке* келіп жеті айналдық,
Тәпсі алып, Құран алып, ыңғайландық.
Жабудан ақша беріп, кестіріп ап,
Қайтуға енді ел- жұртқа ыңғайландық
(Echevarria, 239 б.).

Меккеден кейінгі жиі айтылатын топоним – *Медине.* Медине – Сауд Арабиясының батыс бөлігінде орналасқан қала. Исламның пайда болуынан жүздеген жыл бұрын қала Ясриб деп аталды. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала болып саналады. Мұхаммед пайғамбардың қонысымен бұл қала Ислам мемлекетінің астанасы, мұсылмандардың орталығы болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өмірінің соңғы жылдарын осында өткізген. Осында жерленген.

Мәшhүр Жүсіп жазбаларында:

«..Сол кезде Мекке халқын 12 жыл бойы жалпы саны 40-тан аспайтын дос та, жар таппай, 53 жыл ақыры 613 жылы hижрета Милада болатын Макрадағы Мединаға көшті» (Smith, 254 б.), – дей отырып, Мұхаммедке қырық жасында пайғамбарлық беріліп, Ислам дінін қабылдаған ең бірінші адам -Хадиша екенін атап өтеді.

Сонымен қатар:

«Мекке, Мекерма, Медина мунира күні Ферғана келіп, хазіретті хандар Габдрахман бап, Габдрахим бап, габдижалил бап хандар Габдрахим бап сияқты кәпірлермен алмастырды. Бұл адамдар әулетінен шыққан Қарахан хан болған» (Smith, 85 б.).

«Жанқұтты ұлы-Сатбек, Сәділбай, Боқай. Бұл Секербай заманында аузында ілулі тұрған, көзі қазақ жақсылықтары бар Жанқұтты Мұса еді. Өзі қажы барып, *Медине* мүнәреде жаннат-ал-бақияда қалып, басына қойдырған тасында: «Қазақ-Арғын-Жанқұтты-Ботантай ұғлы. Мекке мен Мединені көрмеген кісі анадан тумадым десе де болар!»- деп жаздырған»-делінеді (Smith, 98 б.). Осылайша қажылықтың игілігі туралы айтып өтеді.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларында тағы бір жиі кездесетін қала аттарының бірі – *Бағдат.* Бағдад-Ирактың астанасы, Бағдад халифатының әкімшілік орталығы. Бағдатты Халифа Мансур 762 жылы Мадинат ас Салам (бейбіт қала) деген атпен салған және Аббасид халифатының астанасы болған. Бұл топонимнің шығу тегі *Боги дод* сөзінен шыққан (халықтың кедей топтарына садақа берген бақ деген мағынаны білдіреді), өйткені аптасына бір рет Наушеруан патша осы бақта адамдарға садақа ұйымдастырып, олардың өмірлік мәселелерін тыңдаған екен (Сүлейменова и др., с.21).

Мәшһүр Жүсіп өзінің «Хаятбақшы» дастанында:

Пай тақыты патшаның *Бағдат* екен,
Наушеруан ғаділ екен патшасы оның (аның)
(Ayto, 85 б.) –

деп, кейіпкерінің шығыс халықтары аңызында жиі кездесетін Бағдат шаһарының патшасы екенін айтады. Бағдат шаһараның патшасы Наушеруан ақынның өлеңдерінде әділдік пен мейірімділіктің символы ретінде көрсетіледі және оның бейнесі арқылы Мәшһүр Жүсіптің шығыстық аңыздарды жақсы білгендігін аңғартады.

Хорасан – лексикографиялық анықтамалықтарда батыс мағынасын беретін Ирандағы аймақтың атауы. Ол Парсы мен Ирактың шығысында орналасқан.

С. Назарзоданың монографиясында Хорасан түріктермен көршілес тұратын және ислам дінін уағыздайтын әдемі және дана халқымен танымал өлке ретінде айтылады (Мадиева: 2004)

Мәшһүр шығармаларында:

Уа, дариға, не істемекпін ғаріптікке,
Содан да мен кезбе болып қалдым, міне.
Шам, *Хорасан*, Ғират жаққа бет түзедім,
Ғаріп жайдың мағынасын білдім, міне, (Ayto, 102 б.) –

деген жолдар бар. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіптің «Жақсы Ғабдолла хан» деген әңгімесінде Хорасан туралы айтылып өтеді. Осы еңбекте Хорасан топонимімен бірге Тос шахары, Самарқанд, Ғирақ, Йемен деген атаулар беріледі.

Мұндағы Йемен – семантикалық мәні «бата алған» деген мағынаны беретін Араб түбегінің Оңтүстік бөлігіндегі елдің атауы (Сүлейменова и др., с. 60). Зерттелген ескерткіштерде Йемен «мақсатқа жетудің соңғы нүктесі» деп белгіленген»:

Бала күнде мен өзім бір түс көрдім,
Көргеннен-ақ сол түсті көңіл бердім.
Күллі *Йемен* жұртынан жан жақтырмай,
Сол түсімнің жоруын шын деп білдім.

Йемен туралы «Құдайды қолдан жасаушылар әлегі» деген әңгімесінде де бар. Онда: «Баяғы заманда Хыбыш деген жұрт болыпты, *Йемен уалаяты* делінеді. Ныжаш деген сұлтаны болыпты. Оның қол астында Абыраһа деген патшасы болыпты» (Ayto, 112 б.) деп басталып, сол патшаның аң аулап жүріп көп жүргіншілерге кез болғаны, олардың зиарат етуге Меккеге кетіп бара жатқаны, Абдрыханың оларды тоқтатпақшы болғаны, бірақ жолаушылардың оны тыңдамай кетіп қалғаны, оны қызғаныш көріп, Абдыраханың өз қаласында шіркеу тұрғызғаны айтылады.

Мысыр – Африканың солтүстік-шығыс бөлігіндегі Ніл өзені бойында құрылған ертедегі мемлекет (8). XII-XIII ғасырларда Мысырды барып билеген қазақтан шыққан Мақсұн деген атпен белгілі Аралхан деген хан болған. Мақсұнның әкесі Тәңірберді, одан кейін Мухаммед ибн Тоғын, Бейбарыс деген кісілер XII- XIII ғасырларда Үргеніш, Сырдария бойынан Мысырға әскерлікке барып, ол жерде «мәмлүк қыпшақтары» деп аталады. Ол туралы Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінен біле аламыз. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша: «Ер Тұғрұл Мысыр өлкесіне қол басы болып барып, халқының жауын жаулады (XI г.). Елханның балалары көндігер құбан жұрты мәмлүк қыпшақтары бұрынғының сөзі бойынша халифаның қол астына қарап, «көндігердің ауыр қолы» деп аталған. Мәшһүрдің бұл сөзі тарихта талай жерде кездеседі.

Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіптің «Шонтыбай қажы» деген шығармасында да Мысыр топонимі бар:

Жолдас боп Бимендемен барған бірге,
Шариф жай барып жатқан абзал жерге.
Шам шариф, *Мысыр*, Бейрут патшалары
Таңданған: «Неткен жан!» — деп Бименде ерге.
Сықылды керуен дүние болып көшкен,
Шамшырақ жүз жыл жанған бір күнде өшкен!
Ішінде өзге жанның формы бөлек,
Көрініп коп ішінде көзге түскен.
Мұнда да басшы болған қалың елге,
Бақыты асқан өз тұсында күннен-күнге
(Echevarria, 246 б.), –

дейді. Шығарманың аты айтып тұрғандай, туындының ерекшелігі – ол қажылыққа барушылардың көркем шежіресі іспетті.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында кейбір топонимдер бірнеше рет қайталанып айтылады, олардың кейбірінің өзіне тән трихи ерекшеліктері бүгінгі күні өзгерген. Солардың бірі – Ғират топонимі. Мәшһүр Жүсіпте және басқа да шығыстық аңыздарда Ғират деп қолданылады, жалпы қолданыста ол топоним – Герат. Гератта әйгілі Әлішер Науаи туған, сол жерде өмірінің соңғы күндерін өткізген. Сол кездері Герат Хорасанның астанасы (қазіргі

Өзбекстан мен Иранның аумағы) – Мауераннахр провинциясының аумағына қарасты болған, Әмір Темір құрған мемлекет болды.

Мәшһүр Жүсіпте: «Сұлтан Фатих гушман қазы әулетінің сұлтаны атлас Халифа Фатих жасады, Стамбулды алып, Айя Софияда бес намаз оқыды. Бұрын халифат әр шаһарарға, әр тұқымға: шамада, Бағдадта, Египетте, ең соңында өтті» (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 72 б.), – деген жолдар бар. Осы жерде назар аудартатыны – Бұрса топонимі.

Бұрса – Анадолының солтүстік-батысындағы ірі қала, Ыстамбұл, Анкара және Ізмірден кейін төртінші ең үлкен қала және Бұрса облысының орталығы, Улудаг тауының етегінде (2500 м) Мармара теңізінің жағалауында орналасқан. Бұрса өзінің мешіттерімен, Осман империясының алғашқы кезеңдеріндегі ескерткіштерімен, көптеген саябақтарымен және әсем тау бөктерімен әйгілі. XIV ғасырдағы Улу-Джами мешіті (үлкен мешіт) Селжук стиліндегі 20 күмбездер мен аркалармен назар аудартады. Б. з. д. 184 жылы фин патшасы Прусий негізін қалаған және оның есімімен Прусия деп аталған. Тілдік ерекшелікке байланысты Бурса аталып кеткен (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 418 с.).

Мәшһүр Жүсіпте:

Стамбул, патша болсаң, Құдыс, Шамға,
Бұхар мен хәкім болсаң, һүндістанға.
Ағылшын, Қытай, Жапон (Иапон), *Румды* алып,
Дін түзеп, әмір етсең бұл жаһанға (Echevarria, 12 б.).

«*Рум* ғалымларын мілзім қылған дәлелі – бұрынғы сахабалар айтты, табғынлар айтты: «Олар өзімен замандас еді. Іззет табғыннан бұл мытаһырынларының айтуы дұрыс емес!»- деп (Echevarria, 135 б.).

«Екінші Болгар ғалымларының «Хайла шарығы»- деп шығарған сөзін мансұққа шығарған: «Бұлардың көзі жоғалмай, жұрт түзелмейді»- деп. Осы айтылған екі жұртқа соғыс ашқызған- Әмір Темір көреген. Илдірім Баязиттің тұсында Рум уалаятын жаман харап қылған» (Echevarria, 204 б.).

Сонымен қатар «Бұл қазақ қай уақытта «үш жүз» атанған? (екінші нұсқа)» әңгімесінде:

Қырық сан Қырым,
Отыз сан *Рум*,
Он сан Оймауыт...
Ноғайлының елі бір алаша тайдан бүлініпті, –

деген жолдар бар (Echevarria, 135 б.). Осындағы Рум – Римнің, содан кейін Шығыс Рим (Византия) империясының мұсылман Шығыс елдеріндегі атауы. XI ғасырға дейін Византия құрамына кірді. XI ғасырдың аяғында Кіші Азияны селжұқтар жаулап алғаннан кейін, шығыс авторлары «Рум» атауын тек Кіші Азияға жатқызды. Демек, Кония Сұлтанатының тағы бір атауы – Рум сұлтанаты. Мысалы, Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасында Рум-Сирияның жанындағы Түркі жері (Шам), деп берілген. Рум топонимі Мәшһүр Жүсіптің тарихи әңгімелерінде және аңыз сарынындағы шығармаларында жиі қолданылған.

Қалалардың атаулары поэтикалық топонимияның маңызды құрамдас бөлігін алады, қандай да бір қала туралы айтылған мәліметтер қандай да бір тарихи және діни оқиғалар туралы оқшауланған ақпарат береді. Кейде зерттелетін ескерткіштердің топонимикалық лексикасының лингвистикалық ерекшеліктерін қарастырған кезде географиялық атаулардың көмегімен белгілі бір кезеңдегі өмірдің әлеуметтік-мәдени және экономикалық реңктерінің көрінуінің маңыздылығы анықталатынын байқауға болады. Яғни, поэтикалық антропонимика топонимикамен тығыз байланысты, өйткені біреуі көркем бейнені қалпына келтіруде екіншісінің маңыздылығын анықтайды.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында географиялық дереккөздердің тікелей атауларымен қатар аппелятивтер және діни сипаттағы жалқы есімдерден пайда болған елді мекендердің атаулары, діни атаулар ерекше орын алады. Ойконимдердің бұл тобы аталмыш атаулардың өзіне тән белгілері бар нақты діни оқиғалар болып өткен діни сипаттамасын көрсетеді. Оның жарқын мысалы ретінде *Қағбаны* алуымызға болады.

Мәшһүр Жүсіпте:

Шайхы ер екен Самдағы бір әулие
Бір сағатта мың жылдық жолға жүрер.
Таң намазын- пентін үйінде оқып,
Парызын *Қағбада* тамам қылар (Echevarria, 243 б.).

««Қағбаны» Ибраһим-Смағұл пайғамбар құрған. Және ол, келіп бос үйге, не қаласа, онда сол орындалады деген. Ұлы жоққа ұл береді, қызы жоққа қыз береді. Жарлы байып, ауру жазылады!» деген (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 56 б.).

«Бұл Шыңғыс хан ақылды, данышпан, терең ойлы адам болды. Қанша жұртты қырып,

қиратып алып жүргенде, ешкімнің дініне қарсылығы болмаған. Бұхарай-Шәріфке барып, дін жайын сұраған:

- Құдайдың бірлігіне, барлығына, күштілігіне өзім әбден сенулімін! – деген. Намаз, ораза, зекетке қарсылық айтпаған. Жалғыз-ақ: «*Қағба* тасы» – деген сөзге: – Өзі осындай айдай әлемді жаратқан Құдай болады да, бір-ақ үйден табылады деген сөз ғақылға сыймайды! – деген» (Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, 25 б.).

Осы мысалдардағы Қағба, бәрімізге белгілі – Меккедегі үлкен алаңның атауы, мұсылмандардың қажылық орны, намаз кезінде мұсылмандар бет-әлпетін Қағбаға бағыттайды.

Кааба – араб тілінен аударғанда «құрметті, ұлы, ұлы жер» дегенді білдіреді. «Текше», мағынасы бар. Бұл ретте «Байтүл Харам», яғни «ең көне, ең алғашқы» және «қасиетті үй» деген мағынаны береді. «Қағбаның тек исламмен және арабтармен ғана байланысы бар және ол Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмір сүрген тұста пайда болды деп сену қате. Құранның «Әли Имран» сүресінің 96-аятында: *«Негізінен адам баласы үшін Меккеде алғаш құрылған үй (Қағба) бүкіл әлемге мұбарак және тура жол»,* – деп баяндалады. Бұл аят Меккенің барша адамзат үшін ерекше мекен екенін нұсқайды.

Осы қасиетті Қағбаның ғылыми тұрғыдан қалай зерттелгенін таразыласақ. Мысырлық маман, Каир университетінің география профессоры Хусейн Камалуддин су үстіндегі жанартау жарысы нәтижесінде алғашқы құрлық Қағба орналасқан жерде пайда болғанын ғылыми тұрғыдан анықтады. Ол құрлықтың сол жерден тарай бастағанын, бұған дейін барлық құрлықты су басып тұрғанын атап өтеді. Сонымен қатар, ұзақ есептеулер мен модельдеу негізінде Мекке, нақтырақ айтқанда Қағба орналасқан жер, бүкіл жердің орталығы екенін дәлелдеді. Егер қолыңызға дүниежүзінің картасын алып, ортасынан бүктеп, бір-біріне қосып көрсеңіз, бұған анық көз жеткізесіз» (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 410 б.).

Ақынның тілдік тұлғасын оның ономастикасын зерделемей зерттеу мүмкін емес, өйткені бұл дүниетанымның, ішкі әлемнің, ақынның өзінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыруда қолданған аялық білімінің көрінісі және салыстырмалы жеке авторлық кеңістікті құрайтын мағыналардың ерекше жүйесі, іс жүзінде осы автор әлемінің бейнесін көрсетеді. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында діни сипаттағы ойконимдерден басқа да ойконимдер кездеседі. Олардан да біз ақынның жүріп өткен жолының, шығармашылығының, өмірлік тәжірибесінің ізін байқай аламыз.

Біз үшін кім жыласын, кім езілсін,
Суға аққан толқынында шөп-шар салам?!
Кереку алыс жер ғой жер түбіндей,
Баяннан жөнелтерлік болмады адам
(Echevarria, 228 б.).

Осы жерде назар аударғалы отырғанымыз – Кереку ойконимі. Кереку – Павлодар қаласының бұрынғы атауы. Бұл атау жергілікті халық арасында 19-20-шы ғасырларда тарихи түрде бекітілген. Халық бұл атауды 18-ші ғасырда қазіргі Павлодар маңайындағы тұзды көлдерден тұз өндірген орыс көпесі Н. Коряковпен байланыстырады. Бірақ лингвистер мұнымен келіспейді, себебі, «Коряков» сөзінің «Кереку» болып өзгеруі қазақ тілі заңдылықтарына сәйкес емес. Басқа болжам бойынша қазіргі қаланың орнында Бәсентиін руының Апай тармағының ауылы болған. Олар Ертіс өзенінің жайылма ағашынан киіз үйдің керегесін жасаумен айналысқан. Осыған байланысты Кереку атауы «кереге» сөзінен шыққан делінеді.

Ерінсең Омбы, Семей баруыңа,
Сол бөксең ауыр батпан шойын-дағы.
Құр қалсаң қарап тұрып мархабаттан
Азабың арылмайды бойыңдағы (Echevarria, 63 б.).

«Сарыарқа деген кім» деген еңбегінде ол қазақ жерін жоғалтып, патшаның отарлық талап-арызына түскенін жазады. Алдымен әңгіме қазақтың байтақ жері, рулық қоныстар туралы, содан соң 500-600 жылдардағы қазақ тарихы туралы болып отыр. Сарыарқа-ноғай дәуірінен келе жатқан қазақтардың мекендейтін орны.

«Қозы-Көрпеш-Баян Сұлу» поэмасымен байланысты. Бұл жер – Қытайдың, Жоңғар қалмақтарының Орта Азия хандығына басып кіруінен 24-ші рет қорғалған, бұл жер үшін қазақ халқы, оның көптеген батырлары, көптеген батырлары қан төккен болар еді.

Омбы ойконимі. Омбы – Ресей қаласы, орналасқан жері Ертіс және Ом өзендерінің бойы. Ғылым, мәдениет, спорт, өнеркәсіптің ірі орталығы. Қала Сібірдегі халық саны бойынша екінші орында (Новосибирскіден кейін). 1918-1920 жылдардағы Ресей мемлекетінің астанасы. 1934 жылдан Омбы облысының орталығы.

Омбы қаласының тарихы Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанмен тығыз байланысты болды. Омбыда көптеген танымал қазақ ағартушылары оқып, білім алды. 1813 жылы қазақ жастарын Батыс Сібір генерал-губернаторлығының қазақ жерлерін басқару мекемелеріне дайындау мақсатында Омбыда Сібір әскери орыс-қазақ желілік училищесі ашылды. Осы училищені Ш. Уәлиханов, М.Шорманов бітірген. Осы әскери оқу орнының негізінде 1845 жылы Омбы кадет корпусы ашылды. 20 ғасырдың басында Омбының оқу орындарында көптеген танымал қазақ қайраткерлері (А. Бөкейханов, С. Сейфуллин, Н. Нұрмақов, С. Сәдуақасов және т.б.) білім алған.

Мәшһүр Жүсіп те Омбыға, Семейге барып білім ал деп, тәрбиеленіп өсу үшін, биік әлемдік деңгейге көтеріліп, рухани-мәдени, ғылыми жолға түсу үшін білім алу керек дегенді айтады.

Семей ойконимі. Семей өңірі қазақ тарихындағы қасиетті өлкенің бірі. Семей Алаш Орда автономиялық үкіметінің астанасы, қаланың сол жағалауы 10 жыл бойы Алаш қаласы болғаны белгілі. Мәселен, 1917 жылғы 13 желтоқсанда Орынборда II жалпықазақ Құрылтай жиналысында Алашорда қаласын Алашорда ұлттық-аумақтық автономиясының астанасы етіп белгілеу туралы шешім қабылданды, оның басшылығы 1918 жылғы наурызда Алаш қаласына қоныс аударды.

Бұл күн Семей қаласының ресми түрде Астанаға айналғанын көрсетеді. Семейде қазақ халқының ұлттық саяси элитасы біріктіріліп, Алаш Орда үкіметін Орталық Азия өңіріндегі ең ықпалды, басты саяси күшке айналдырды. Сондықтан Семей дегенде Алаш арыстары ойға келеді. Бұл Алаш идеясының алтын бесігі, асыл өзегі болған Семей қаласының ХХ ғасырдың басында саяси ықпалы, экономикалық белсенділігі, өмір сүру сапасы өте жоғары болғандығымен байланысты. Сондықтан Мәшһүр Жүсіптің «Ерінсең Омбы, Семей баруыңа, Сол бөксең ауыр батпан шойын-дағы. Құр қалсаң қарап тұрып мархабаттанАзабың арылмайды бойыңдағы», -деуі жайдан-жай емес, ол білім іздеген адам осы қалаларға барады дегенді айтқысы келеді. Сонымен қатар өзі осы Алаш зиялыларымен қарым-қатынаста, байланыста болғандығынан хабардар етеді.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты еңбегінде қазақтың жер-суынан айрылып, патшаның отаршылық талауына түскенін жазады. Алдымен қазақтың кең жер, ата-қонысы жайында, бұдан арғы 500–600 жылғы қазақ тарихынан әңгіме қозғайды. Сарыарқа – қазақтың Ноғайлы заманынан бері қарай мекендеп, туып-өсіп келе жатқан жері. Арқадағы жер аттарының аталу тарихын «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырымен байланыстырады.

Сұраған мұсылман бар бізден бұрын,
Қазан, Қырым, Орал мен Орынборым.
Соңынан сол мұсылман сен де шұбал,
Көркейтіп, дін исламның көркейт нұрын
(Echevarria, 68).

ХХ ғасырдың басында Қазан, Уфа, Орынбор қалалары жәдидшілдіктің орталығы ретінде түркі-мұсылман халықтарын біріктіргені тарихтан белгілі. Осы қалалардағы «Мухаммадия», «Хусаиния», «Ғалия» жәдидтік медреселері қазақ жастарын зайырлы біліммен қаруландырып, олардың болашақ ұлт зиялылары ретінде қалыптасуына әсер етті. Жәдидтік мектеп-медреселер патшалық билік тарапынан түркі-мұсылман халықтарын діни және ұлттық ерекшелігі бойынша біріктіретін және орыс мемлекеттілігіне қарсы құрал ретінде қарастырылған болатын. Мәшһүр Жүсіптің жоғарыдағы өлең шумағында қазақ жастарын осы қалаларға барып, білім алуға шақырғаны айтылады.

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, Мәшһүр Жүсіптің діни аңыздары мен шығармаларында біршама ойконимикалық бірліктер қолданылғанын, оларды зерттеу барысында біз осы топонимикалық бірліктерді қолдану автордың идеялық пікірлерінің семантикалық бірлестіктері ретінде қызмет еткенін және көркем образдардың тікелей лексикалық мағыналарының анықтамалары ассоциативті деңгейде жасалғанын анықтадық. Әрбір топоним белгілі бір семантикалық жүктемені көтеретінін анықтадық. Сонымен қатар шығармалары барысында кездескен басқа да ойконимдерді саралау арқылы біз Мәшһүр Жүсіптің жүріп өткен жолдарынан, өміріндегі тәжірибесінен хабардар бола аламыз.

Әдебиеттер

Абдрахманов А.А. Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана. Автореферат дис... доктора фил. наук. – Алма-Ата, (1991). – С.58

Ayto J. Twentieth Century Words. – Oxford University Press, Oxford, 1999

Echevarria M. (2008) / 20 Best Foreign Loanwords in English // https://www.altalang.com/beyond, November 17.

Qreshat J. Y. (2019) / The history of loan words in English and its impact on the English Lexicon // ISSN 23945125, Journal of Critical Reviews . – Vol. 6, №1. – P. 9.

Smith J. (2009) / Old English: A Linguistic Introduction // Cambridge University Press. – ISSN 9780511812330 https://doi.org/10.1017/CBO9780511812330 – P. 199.

Сүлейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. 2008. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Астана: Арман-ПВ. – 392 б

Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004.

Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Алматы, 2006

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2008) Шығармалары. 12 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, – 363 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2007) Шығармалары. 11 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ – 418 б.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев (2005) Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО – 1 т. – 425 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2005) Шығармалары. 5 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ – 410 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2006) Шығармалары. 8 том. – Павлодар:«ЭКО» ҒӨФ – 470 б.

The New American Webster Handy College Dictionary. – Albert and Loy Morehead, New York, 1981.

Назарзода С. (2004) Лингвистические особенности изучения классических письменных памятников (на примере «Аджоиб-ул-махлукот и гароиб-ул -мавджудот» Асадии Туси) / С. Назарзода. – Душанбе – 332 с.

Расторгуева В.С. (2003) Этимологический словарь иранских языков: в 2 т. /В.С. Расторгуева, Д. И. Эдельман. – М. – 327 с.

Суперанская А.В. 1984. Что такое топонимика.–Москва: Наука. – С.52

Тілеубердиев Б.М. (2006) Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: Фил. ғыл. докт. диссертац. – Алматы – 130 б.

References

Abdrahmanov A.A. (1991) İstoriko-etimologicheskoe issledovanie toponimov Kazahstana. Avtoreferat dis... doctora fil.nauk (Historical and etymological study of toponyms of Kazakhstan. Abstract of the dis... Dr. Phil) (in Russian)

Ayto J. (1999) Twentieth Century Words. Oxford University Press, Oxford, 1999. (in English).

Echevarria M. (2008) / 20 Best Foreign Loanwords in English // https://www.altalang.com/beyond, November 17.

Janūzaq T. (2006) Qazaq onomastikasy. Kazahskaia onomastika [Kazakh onomastics] (In Kazakh, in Russian)

Madieva G.B. (2004) İmä sobstvennoe v kontekste poznania [Proper name in the context of cognition] (in Russian)

Mashkhur Zhusup Kopeyevich. Works. 12 vol. Pavlodar: Scientific and Production Foundation "ECO", 2008. 363 p. (In Kazakh).

Mashkhur Zhusup Kopeyevich. Works. 11 vol. Pavlodar: "ECO" Scientific Research Foundation, 2007. 418 p. (In Kazakh).

Mashkhur-Zhusip Kopeev. Favorite poems. Pavlodar: ECO, 2005. 1 vol. 425 p. (In Kazakh).

Mashkhur Zhusup Kopeyevich. Works. 5 vols. Pavlodar: Scientific and Production Foundation "ECO", 2005. – 410 p. (In Kazakh).

Nazarzoda S. Linguistic features of the study of classical written monuments (on the example of "Ajoib-ul-mahlukot and garoib-ul-mawjudot" Asadii Tusi) S. Nazarzoda. Dushanbe, 2004. 332 p.

Qreshat J. Y. (2019) / The history of loan words in English and its impact on the English Lexicon // ISSN 23945125, Journal of Critical Reviews . – Vol. 6, №1. – P. 9.

Rastorgueva VS Etymological dictionary of Iranian languages: in 2 vols. В.С. Расторгуева, Д. И. Edelman. M., 2003. 327 (in Russian).

Smith J. (2009) / Old English: A Linguistic Introduction // Cambridge University Press. – ISSN 9780511812330 https://doi.org/10.1017/CBO9780511812330 – P. 199.

Süleimenova E.D., Şaimerdenova N.J., Smağūlova J.S., Aqanova D.H. (2008) Äleumettık lingvistika terminderınıñ sözdıgı [Dictionary of sociolinguistic terms] (In Kazakh)

Superanskaia A.V.(1984) Chto takoe toponimika [what is toponymy] (In Russian)

The New American Webster Handy College Dictionary (1981). Albert and Loy Morehead, New York, 1981. (in English)

Tleuberdiev B.M. Linguo-conceptual bases of Kazakh onomastics. Phil. science Dr. dissertation. Almaty, 2006. 130 p. (In Kazakh).

ҒТАМР 16.01.09 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph5

Ғ.Қ. Әнес

Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі,
"Арыс" қоры (баспасы), Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: anes_gk@mail.ru

XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАР: ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ – ТҮРКІТАНУШЫ

Мақалада Алаш арысы, дәрігер проф. Халел Досмұхамедұлының (1883 – 1939) ғылыми-зерттеушілікпен айналысқан «Ташкент кезеңі» жан-жақты сөз болады. Оның қазақ ғылымын ұйымдастырудағы жанқиярлық еңбегі, баспагер-редакторлығы, ең бастысы, түркітанушы ретінде тіл біліміне қатысты сүбелі зерттеулері талданады. Қазақ ғылымында аз жылда өшпес із қалдырған проф. Х.Досмұхамедұлы – феномен құбылыс, сондықтан оның мұрасын игеру – замана талабы.

Қазақстанда 1929 жылдан 1989 жылдың басына дейін 60 жыл бойы ресми советтік-коммунистік жүйе тек жалғыз Халел Досмұхамедұлы емес, барша «алашшыл» аталған жүздеген қазақ оқығандарының аты-жөнін ататпады: олардың бірде-бір еңбегі (мақалалары, кітаптары) баспа бетін көрмеді; цензура сүзгісінен тіптен оларды қаралаған материалдар да өтпеді; халық жадында олар туралы қандай да бір түсініктің болмауы қатаң қадағаланды; шын мәнінде олардың аты-жөні, қоғамдық қызметі және жеке шығармашылықтары ел тарихындағы «ақ таңдаққа» айналды.

XX ғасыр басындағы алашшыл қазақ оқығандарының тағдыры қызығушылық туғызған мақала авторына ең алдымен архивтердің («спецхран» атанған) құпия қорларында ғана сақталған жазба материалдармен танысу үшін араб хәріпті жазу үлгісін (қадимше және жәдитше) өз бетінше меңгеруге тура келді. Өміріміздің соңғы отыз жылы осы ауыр шығармашылық жолға жұмсалды деп айтуға болады: ағартушыларымыз Ахмет Байтұрсынұлы мен Халел Досмұхамедұлының мүмкіндігінше барша ғылыми және публицистикалық мұрасын іздеп тауып, оны қазіргі кирил жазуына түсіріп, том-том кітап етіп шығаруға тура келді. Шындығында, бұл жариялыққа бет бұрған жаңа Қазақстанның қоғамдық сұранысын өтеу, ыждағаттылықты талап ететін жан-жақты текстологиялық ауқымды жұмыс-тұғын.

XX ғасыр басындағы баспа бетін көрген араб хәріпті кітаптар мен мақалалардың толық базасы жасалып, А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының көптомдық еңбектері біздің құрастыруымызбен мол таралыммен жарық көріп, туған халқымен қауышқаннан кейін енді олардың өмірі мен тағдыры, қоғамдық-саяси көзқарасы мен күрес жолы, ең бастысы шығармашылығы туралы салихалы зерттеулер жазуға жол ашылды. Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырған мақала осындай мақсаттағы алғашқы зерттеудің бірі.

Түйін сөздер: тілдік тұлға, түркітану, тіл тарихы, үндестік, сингармонизм.

G.K. Anes

Museum of Victims of Political Repressions,
Foundation (publishing house) "Arys", Kazakhstan, Almaty
e-mail: anes_gk@mail.ru

Linguistic persons of the early 20th century: Khalel Dosmukhameduly – turcologist

The article conducts a comprehensive study of the "Tashkent period" by doctor, professor Khalel Dosmukhameduly (1883 – 1939). His selfless work in the organization of Kazakh science, as a publisher-editor, and most importantly, his significant research in the field of linguistics as a Turkologist is analyzed. H.Dosmukhameduly, who left an indelible mark on Kazakhstani science for several years, is a phenomenon, therefore the development of his heritage is a requirement of modernity.

For 60 years in Kazakhstan from 1929 to the beginning of 1989, the official Soviet-communist system did not allow to name not only Khalel Dosmukhameduly, but also hundreds of so-called "Alash" Kazakh experts: none of their works (articles, books) were published; even the materials that studied them did not pass the censorship filter; the absence of any understanding of them in the memory of the people was strictly observed; in fact, their names, social activities and personal creations have become a "blank spot" in the history of the country.

Investigating the fate of the Alash Kazakh readers at the beginning of the 20th century, and in order to familiarize themselves with the written materials stored only in the secret funds of the archives (the

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

so-called "special depository"), they first had to master the Arabic script (kadym and zhadit). We can say that the last thirty years of our life have passed on this difficult creative path: we had to find as much of the scientific and journalistic heritage of our scientists Akhmet Baitursynuly and Halel Dosmukhameduly as possible, translate their works into modern Cyrillic and publish them in volumes. In fact, this is a complex text work that requires diligence to meet the social needs of the new Kazakhstan.

After collecting a complete database of books and articles by A. Baitursynuly and H. Dosmukhameduly, written and published in Arabic script at the beginning of the 20th century, multi-volume works about their lives and destinies, socio-political views and ways of struggle were published in large numbers and distributed among the people. Our goal was to write and present the results of a study of his work. The article presented is one of the first studies with this purpose.

Key words: linguistic personality, Turkology, history of language, harmony, vowel harmony.

Г.К. Анес

Музей жертв политических репрессий,
фонд (издательство) «Арыс», Казахстан, г. Алматы
e-mail: anes_gk@mail.ru

Языковые личности начала XX века:
Халел Досмухамедулы – тюрколог

В статье проводится комплексное исследование «Ташкентского периода» врача, профессора Халела Досмухамедулы (1883 – 1939). Анализируется его самоотверженный труд в организации казахской науки, как издателя-редактора, а главное, его значительные исследования в области языкознания как тюрколога. Х.Досмухамедулы за несколько лет оставивший неизгладимый след в казахстанской науке – феномен, поэтому развитие его наследия – требование современности.

За 60 лет в Казахстане с 1929 по 1989 годы официальная советско-коммунистическая система не позволяла называть имя не только Халела Досмухамедулы, но и сотни так называемых «алашских» казахских интеллигентов: ни одно их произведение (статьи, книги) не были опубликованы; даже материалы, изучавшие их, не прошли фильтр цензуры; строго соблюдалось отсутствие какого-либо понимания их в памяти народа; по сути, их имена, общественная деятельность и личные творения стали «белым пятном» в истории страны.

Исследуя судьбу алашских казахских деятелей в начале XX века, и в целях ознакомления с письменными материалами, хранящимися только в секретных фондах архивов (так называемый «спецхран»), сначала пришлось освоить арабскую письменность (кадым и жадит). Можно сказать, что на этом непростом творческом пути прошли последние тридцать лет нашей жизни: предстояло найти как можно больше научного и публицистического наследия наших выдающихся ученых Ахмета Байтурсынулы и Халеля Досмухамедулы, перевести их труды на современную кириллицу и издать томами. По сути, это комплексная текстологическая работа, требующая усердия для удовлетворения общественных потребностей нового Казахстана.

После сбора полной базы книг и статей А.Байтурсынулы и Х.Досмухамедулы, написанных и изданных на арабской вязи в начале XX века, многотомные труды про их жизни и судьбы, общественно-политические взгляды и пути борьбы были изданы большим тиражом и распространены среди народа. Нашей целью было написать и ознакомить результатами исследование его творчества. Представленная вам статья является одним из первых исследований с этой целью.

Ключевые слова: языковая личность, тюркология, история языка, гармония, сингармонизм.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақ Даласында «қазақ оқығандары» атты жаңа әлеуметтік топ пайда болды, оларды жалпы бір ұғым-түсінікпен «ағартушылар» деп атасақ орынды. Олар бұйығып жатқан қазақ қоғамын «Маса» болып шағып, «Оян, қазақ» деп оятты, газет-журналдар шығарды, ел арасында үгіт-насихатқа суарылған елшілдік ұранды әдебиеттер таратты. Бұл патшалық езгіден құтылуға үндеген ұлт-азаттық қозғалыстың бастамасы еді, кейіннен қоғамдық-саяси күрес ұлғая келе 1917 жылы «Алаш» саяси партиясының құрылуына алып келді. Осы күреске толы кезең туралы кейіннен Мұхтар Әуезов: «Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады», – деп тебірене жазды (Әуезов, 1923). Қазақ Даласының әр қиырындағы ұлттың болашағына алаңдаған, орта және жоғары білімді азаматтар бір кісідей, бір мақсат жолында бас біріктірді. Олар: кәсіби

саясаткерлер Әлихан Бөкейхан мен Жаһанша Досмұхамедұлы, ақын-жазушылар Шәкәрім, Міржақып, Ғ.Қараш, С.Торайғырұлы, Ресейдің түрлі оқу орындарын бітіріп елге оралған педагог, дәрігер, заңгер, экономист, теміржолшы, сауда-саттық мамандары, т.б. болатын. Ұлы мақсат жолында ұйысқан ағартушылардың қайқайсысы да өз саласында тыңға түрен салған «пионер», көшбасшы-лидер болатын. Өкініштісі сол – алғашқы оқыған Алаш зиялылары түгелдей сталиндік «Үлкен террор» кезінде қыршынынан қиылып, оққа ұшты.

Біздің бүгініміз бен болашағымыз үшін жанын пида еткен барша Алаш Арысы ардақты тұлғалар. Десек те XX ғасырдың 20-30-жылдарында оқу-ағарту саласы мен қазақ ғылымының тарихында аты алтын әріппен жазылатын қос алып тұлғаны бөліп атағымыз келеді. Олардың бірі – ұлтымыздың ұлы ұстазы, рухани көсем, ақын, тілші-ғалым, біз биыл ЮНЕСКО аясында 150 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Ахмет Байтұрсынұлы (1872/73 – 1937) болса, екіншісі – оқымысты дәрігер, энциклопедист-ғалым, қазақ жаратылыстану ғылымының негізін салушы Халел Досмұхамедұлы (1983 – 1939).

Ағартушы Халел Досмұхамедұлы Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургтағы Императорлық Әскери-медициналық академияны алтын медальмен үздік бітірді. Бар-жоғы 55-56 жыл өмір сүріп, өксікті ғұмыры коммунист жендеттерінің қанды қолынан қиылған Х.Досмұхамедұлының ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметі 1921-1928 жылдар аралығындағы негізінен Ташкенттегі, азғана уақыт Алматы қалаларындағы тұрған кезеңіне тұстас келді. Заманынан озып туған өресі биік ғалым-педагогтің әлі толық жиналып бітпеген зерттеулерінің арасында тіл біліміне қатысты еңбектері ерекше орын алады. Оның осы саладағы мол мұрасын сөз еткен мақала 2021-2023 жж. орындалатын «Жазба мұра және мәтінталдау: XX ғ. басы публицистикасындағы орфограмма, сөзжасам мен көркем мәтін лингвопоэтикасы» (AP09260734) атты ғылыми жоба бойынша жарияланып отыр.

Әдебиетке шолу

Мақаланы жазу барысында XX ғ. басындағы көркем әдебиет туындылары мен оқулықтар, публицистикалық мұралар қарастырылды. Мақала Халел Досмұхамедұлының лингвистика саласындағы еңбектеріне негізделгендіктен, оның сол кезде қаламынан туған «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» кітапшасы, «Диуани луғат ат-түрк» зерттеуі, жаратылыстану ғылымдарынан «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі», «Шәкірттер саулығын сақтау», «Жануарлар» оқулықтарындағы терминологиялық ізденістері талданды.

Материал және әдістер

Мақаланы жазу барысында Халел Досмұхамедұлының әр түрлі жылдары шыққан төл еңбектеріне баса назар аударылып, терең зерттелді. Біздің тарапымыздан халелтанушы ретінде ондаған жылдарға созылған ғалымның еңбектерін жинақтау, әсіресе архивтердің («спецхран» атанған) құпия қорларында ғана сақталған жазба материалдарын тауып, жариялау жұмыстары жүргізілді. Барлық жиналған материалдарды топтау, талдау, сараптама жүргізу әдістері қолданылып, текстологиялық тұрғыдан араб графикасында жазылған мәтіндері қазіргі кирилл жазуына түсірілді.

Нәтиже және талқылау

Қазақ жерін түрлі алапат сынақтар алаңына айналдырған (отырықшылыққа көшіру, Ашаршылық, атом полигоны, космодром, тың игеру науқаны, т.с.с.) советтік-коммунистік жүйе халықтың рухани-мәдени өміріне де орны толмас зардабын тигізді. 1917 жылға дейін халықтың сауаттылығы бар-жоғы екі-ақ пайыз болды деген қауесет таратылды, халық шығармашылығы мен басты-басты өнер иелерінің туындыларына (мәселен, «зар заман» ақындары, «халық жауларының» еңбектері, азаттық, бостандық аңсаған сарындар, т.б.) қатаң тыйым салынды. Мыңдаған жылдық халықтың өмір сүру тарихи тәжірибесі күресінге лақтырылып, «бәрі бізден басталады» деген авантюристік жалған түсінік қалыптастырылды.

А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының тыңнан ашылған телегей-теңіз шығармашылығын зерттеу барысында, әсіресе профессор Х.Досмұхамедұлының «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі» («Анатомия») және үш томдық «Жануарлар» («Зоология») оқулықтарын қайта жариялау арқылы біз өткен ғасыр басындағы қазақ жұртының дүниетанымы мен білім аясының кеңдігіне, әлемдік деңгейдегі прогресті зиялы қауымының қол жеткізген жетістіктеріне, сол кездегі Қазақстанның жеке-дара тәуелсіз ел бо-

лып өмір сүру мүмкіндігінің мол болғандығына көз жеткіземіз. Бұл мәселелердің бүгінгі таңда да өзектігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Осы тұста Алаштың көсемдерінің бірі, Алашқа айрықша еңбегін сіңірген теміржолшы-инженер Мұхамеджан Тынышбайұлының атын да атап кеткен орынды. Өйткені оның тағдыры біз сөз еткелі отырған Халел Досмұхамедұлымен егіздің сыңарындай ұқсас. Ол да астана Петерборда, Императорлық Жол қатынастары институтында оқыды. Өз мамандығына сай білікті де даңқты (Түрксібті салған) теміржолшы ғана болып қойған жоқ, қазақ тарихы мен шежіресі туралы классикалық зерттеулерін жазған оқымысты. Осы орайда біз сол кездегі астаналық жоғары білім берудің шыңдалған әмбебаптық дәстүрін атап өткіміз келеді. Дәрісші атақты ғалым-ұстаздар талапты жастарды жеке-дара баулып, қанаттандырып отырған. Оларды жастайынан ғылымға бейімдеп, тек өздері таңдаған мамандықты ғана игеріп қоймай, заманауи ғылымның биік шыңына шыққан ғұламалардың дәрісін тыңдап, алдын көруіне мүмкіндік жасаған. Міне, осылайша Нобель сыйлығының иегері, әлемге мәшһүр академик И.П.Павловтың шәкірті Халел зерделі студент Мұхамеджанмен бірге В.В.Бартольд, В.В.Радлов, Бодуэн де Куртенье сынды әлемге аты жайылған ғалымдармен таныс-біліс болып, ақыл-кеңесін тыңдап, олардың қырағы көздеріне шалынған. Ресей империясы астанасында оқыған жылдары ресейлік және әлемдік ғылымдағы жаңашыл техникалық табыстармен танысты, адамзат пен қоғам дамуының тың теориялары мен тұжырымдарын меңгерді. Жиі-жиі болып тұратын ашық лекцияларға қатысты, диспут-айтыстарда әлі оқулыққа енбеген ілім-қағидаттарды талдады, олардың авторларымен пікір таластырды.

Реті келгенде энциклопедист Халелдің тіл үйренуге икемді, туа бітті полиглот екенін де айта кеткен орынды. Ол Академияға түсерде латын тілінен емтихан болатынын білмеген еді. Академия басшылығынан бір ай мезет сұраған Оралдан келген қазақтың қара домалақ баласы репетитор жалдап, тез арада өлі латын тілін меңгеріп, сынақтан сүрінбей өтті. Петерборда оқыған жылдары жеті жұрттың тілін меңгеруге күш сала отырып, ол туған тілін сүйді, ана тілін қадірледі. Ол әр ұлттың төл тілі оның жаны деп бағалады, тілін жоғалтқан елдің елдігі де жоғалатынын жан дүниесімен сезінді. Өкінішке қарай, қазақ сияқты мәдениетке ұмтылған көшпелі халықтың әдеби тілі қалыптасқан кезде ең алдымен ана тілі өзгеріске түсетінін болжап, дабыл қақты («Аламан» жинағы, 1991: 49). Оның: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Ана тілін білмей тұрып, жат тілді еліктей беру зор қате. Бұл – оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпау керек», – деген (Досмұхамедұлы, 1924: 3) бұдан бір ғасыр бұрын айтқан ескертпесі бүгінгі таңда да өзекті мәселе.

Орал қаласының реальді училищесінде оқып жүрген кезінде ол орыс тілін жетік меңгеріп шықты. Үнемі ізденіс үстінде болған зерек шәкірт анатомия мен биология ғылымдарының негізгі тілі болған неміс тілін де игеріп алды. Бірнеше тілді жетік меңгерген филология ғылымдарының кандидаты Қарашаш Халелқызы әкесінің үй ішінде, дастарқан басында балаларына неміс тілін үйретіп, сөйлеуге дағдыландыратындығын жиі еске алатын. Ол проф. Ю.Вагнердің танымдық кітаптарын түпнұсқадан қазақ тіліне аударды. Ал үш томдық «Жануарлар» кітабын жазу барысында көбінесе орыс профессоры Алуев пен немістің атақты ғалымы Бремнің кітаптарына арқа сүйенгенін өзі де жазып қалдырды (Досмұхамедұлы, 1928: 265).

Жаралылыстану ғылымы терминологиясының негізі болған латын тілі туралы айтқан ғалымның пікірлері қазіргі заманда да өзекті десе болады. Оның пікірінше, заманында Еуропа ғылымы алда болған және Еуропаның ғылымда қолданылатын тілі латын тілі болған. Сол кездің өзінде Халекең латын тілін барлық елге ортақ ғылым тілі деп есептеген. Осы орайда ол ғылыми атаулар, яғни терминдерді латынша айтса, француз да, неміс те, жапон да, ағылшын да түсінгендігін атап көрсетті. Осы кезекте ғалым ғылымға ұмтылып, білім іздеп, өркениетті елдердің қатарына ену үшін латын сөздерінен қашуға болмайтындығын баса айтып, өзекті мәселелердің бірін көтерген (Досмұхамедұлы, 1928: 264). Оның қазақ жазуын латын қаріпті үлгіге көшіру хақындағы өзіндік жобасы да бар.

Сондай-ақ білімпаздың көне түркі мен ортаазиялық шағатай тілі, араб және парсы тілдері жүйесімен таныстығына, одан бір адамдай хабардар болғандығына оның бізге жетіп отырған мол мұрасы куә.

1920 жылдың соңына таман Х.Досмұхамедұлы Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы Ташкент қаласына келеді. Онда большевиктік Ресейдің құғын-сүргінінен бассау-

ғалаған сол заманның біраз «алашшыл» қазақ оқығандары жиылған болатын. 1920 жылдың 21 тамызында Түркреспубликасының Халық ағарту комиссариаты жанынан И.Тоқтыбаевтың төрағалығымен Білім комиссиясы құрылады. Комиссияның мақсаты туыстас түркі халықтарының оқу-ағарту, мәдени және ғылыми мұқтаждарын өтеу болатын. Халел Досмұхамедұлы осы комиссияның мүшесі, ал1921-1923 жылдар аралығында төрағасы болады. Білім комиссиясының органы есепті «Сана» журналын шығарып, өзі редактор болды. Барша Алаш зиялыларының басын қосып «Талап» атты әдеби-мәдени бірлестік ұйымдастырады. Ал 1923 жылдың қыркүйек айында Түркреспубликасы Халық ағарту комиссариаты жанында құрылған Мемлекеттік Ғылыми кеңестің төрағалығына тағайындалды. 1923 жылы сәуірде Жетісу облысын кешенді зерттеуге бағытталған ғылыми экспедицияға қатысады. Экспедиция ТуркЦИК пен ТуркСовнаркомның арнайы тапсырмасы бойынша ұйымдастырылады. Келесі жылдың қаңтар айында Ресей Ғылым академиясы жанындағы Орталық Өлкетану бюросының мүше-корреспонденті болып сайланады, Бюро ұйымдастырған сессияларға үнемі шақырылады. Орынборда Қазақ білімпаздарының (яғни ғалымдарының) сиезі 1924 жылы маусым айында ұйымдастырылады, Х.Досмұхамедұлы Түркістандағы ғылым саласын ұйымдастырушы ретінде жиынға арнайы шақырылады. 1924-25 жылдары Қазақ ғылым-баспа комиссиясы төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Осы жылдары қазақ мектептері үшін алғашқы оқулықтарды жазу және басып тарату ісін жолға қояды және Түркістан Республикасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуына басшылық жасайды.

Ғалым алдымен жаппай ашыла бастаған мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету ісін қолға алады. Ағартушы А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттануына қатысты жазған кітаптарын Ташкентте қайталап бастырады. М.Дулатовтың есеп құралы мен әдебиет хрестоматиясын, И.Тоқтыбаевтың жалпы географиясын, Дисаленовтің физика мен арифметиканың II бөлімін, Табынбаевтың педагогика мен психологиясын, С.Қожановтың есеп құралының I бөлімін, Ғалымжановтың математика бойынша есептер жинағын, Жәленовтің математиканың II бөлімін, Оспановтың қазақ тілінің сөздігін, М.Жұмабаевтың қазақ әдебиетінің теориясын тездетіп жазуларына ықпал етіп, өзі редактор ретінде бел шеше баспа бетін көруіне атсалысады.

Жоғары дәрежелі ғылыми еңбектің дүниеге келуі ең алдымен сапалы оқулықтың жазылуына тікелей байланысты деп білген ғұлама жоспарлы түрде әр саланы, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарын дамытуға күш салды. Елдегі экономикалық ахуалдың ауырлығына қарамастан этнограф Ә.Диваевтың ел арасынан 35 жыл жинаған ауыз әдебиеті үлгілерін қаржы тауып мемлекет қармағына алады, Сырдария мен Жетісу облыстарына кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырады. Қазақ тілінің алғашқы (түсіндірме) сөздігін түзу ісіне бастамашы болады («Для всяких научных работ необходим прежде всего словарь слов, употреб. в живом киргиз. языке, а также хорошие рус.-киргиз. и кирг.-рус. словари...» (Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві).

Сан қырлы талант иесі, ағартушы Х.Досмухамедұлы осы жылдары «Сана» (қазақ тілінде), «Наука и просвещение» (орыс тілінде), «Білім ошағы» (өзбек тілінде) –журналдарын ұйымдастырып, өзі шығарушы редакторы болды. 1923 жылы Мағжан ақынды арнайы хат жазып («Біздің болашақ Пушкин» деп), Мәскеудегі Әдебиет институтының директоры Д.Я.Брюсовқа жолығуына жолдама береді.

Халел Досмұхамедұлының түрлі салаларда жазған еңбектерінде қазақша терминдерді қалыптастырып, өте орынды қолданғанын байқай аламыз. Сол терминдердің кейбіреуін қазіргі жетілген қазақ ғылымының кәдесіне жаратуға да болады. Жалпы терминдердің қайта қолданылуы мен көпмағыналылығы хақында E. Leivada мен E. Murphy былай деген: «Шынында да, біз талқылағанымыздай, полисемия тілде жиі кездесетін табиғи құбылыс, әдеттегідей, бұндай көпмағыналылық лингвистиканың негізгі терминдерінде де болады» (Leivada мен Murphy, 2021). Алайда көпшіліктің пікірінше, теориялық немесе қолданбалы, императивті немесе пәнаралық болсын кез келген зерттеу саласында анықтық пен дәйектілік қажет екендігінде күмән жоқ (Di Sciullo, 2020). Бұндай тенденция термин саласына да байланысты.

Сонымен қатар «Х.Досмұхамедұлы – түркітанушы» деген тақырып аясында бұған дейін қазақ халқын заманында орыс тілінде «киргиз», «казак-киргиз» деп бұрмалап айтты деген инерциямен Халекең жиі қолданатын «қазақ-қырғыз» атауына арнайы көңіл бөлінбей келгендігін көрсете кеткіміз келеді. Түркістан

Республикасының ұлттық құрамын ескере отырып және Қасым Тыныстанов, Ишанбай Арабаев сынды қырғыз ағартушыларының сол кезде Алаш қайраткерлерімен қоян-қолтық жұмыс істегендерін есте ұстасақ, Ташкентте 1920-шы жылдардың басында қызмет атқарған қазақ зиялыларының барша туыстас түркі халқының бірлігін ту көтеріп, қамын жегені (мәселен, Мағжанның жырлаған «Тұтас Түркістан» тақырыбын еске алыңыз) болашақта үңги зерттейтін мәселелердің бірі деп білеміз. Х.Досмұхамедов, С.Қожанов, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов сынды қайраткерлеріміздің барша түркі жұртын бірдей көріп, бір шаңырақ астына жинастыру саласындағы күрескерлік еңбектері, орталықтың сол жылдары тездетіп ұлттық шекаралық межелеу саясатын жүзеге асыруы, әліпби ауыстыру науқанының қолға алынуы, бір сөзбен айтқанда, қайтадан патша заманынан келе жатқан «Бөлшекте де, билей бер» саясатының алға шығуы – күрмеулі, күрделі тақырып. Біз осы орайда түркі тілдестер туыстығына тікелей қатысты, бүгінгі күні де өзекті бір шағын құжаттың мәтінін толық келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз (Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві):

В Государственный Ученый Совет

Рассмотрев европейский (латинский) алфавит, введенный в Азербайджане, Кир. Научная Комиссия нашла: 1) введение латинского алфавита и замену им арабского алфавита в принципе считать желательном, но немедленное введение, в особенности администр(ативном) порядке, вредным для дела культуры и целесообразным по политическим соображениям; 2) алфавит, принятой в Азербайджане не совсем соответствует киргизскому языку, а потому требует переработки для применения к киргизскому (казакскому) языку. Киргизская (казакская) Научная Комиссия считает необходимым выработать алфавит применительно к звукам киргизского (казакского) языка. Когда исковой будет готов, о нем будет дана статья в журнале «Наука и Просвещение».

Киргизский (казахский) алфавит в настоящее время нужно считать установленным и более или менее соответствующим киргизским (казакским) звукам языка. Дальнейший этап усовершенствования киргизского (казакского) алфавита по мнению Комиссии должен состоят следующем:1) дальнейшее усовершенствование изменения арабских букв; 2) в замене 3-4 значков арабских одним начальном значком. Пробы эти в настоящее время делаются в Казани. Нам нужно это начинание поддержать.

Председатель Киргизский (Казакской)
Научной Комиссии Х.Досмухамедов.
7 февраля 1923 г.

Өзі дәріс оқыған шәкірттеріне аса мұқтаж болғандықтан әмбебап ғалым қолына қалам алып, «Табиғаттану» оқулығын жазып шығады (Досмұхамедұлы, 1922). Бұл еңбекті өзінің негізгі төл мамандығынан алыстау тақырып деп санасақ, «Адамның тән тірлігі» (Досмұхамедұлы, 1927), «Денсаулық сақтау мен гигиена» (Досмұхамедұлы, 1923) және үш бөлімнен тұратын «Жануарлар» оқулығы (Досмұхамедұлы, 1928, 1922, 1926) сынды сүбелі еңбектері медицина-биология ілімі аясынан туындайтын шығармалар. Біздіңше, бұл дәрістік еңбектерді ол кезде Орталық Азияда жаңадан мемлекет құрып жатқан туыстас қырғыз, өзбек, түрікмен тілдес ұстаздар қауымының баршасы оқулық ретінде үлгі санап, тұтынды деуге толық құқымыз бар. Өйткені бұл кезде Түркістандағы түркі ұлттары арасында оқулықтар жазу ісін ең алдымен қолға алған қазақ оқығандары болатын. Сол алғашқы оқулықтарды жазған авторлардың бірі ретінде Х.Досмұхамедұлы ана тілінде алғашқы оқулықтар жазудың қиындығы туралы былай дейді: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің «Тіл – құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиын болды...». Одан әрі ағартушы терминология мәселесіне арнайы көңіл бөледі: «Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе; сондықтан алғашқы жазылған кітаптарда ... ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керегірек дейміз» (Досмұхамедұлы, 1928).

Х.Досмұхамедұлының биология мен зоология, медицина мен жаратылыстану саласындағы алғашқы оқулықтарының жазылу тарихы мен тілі, осы салалар бойынша оның қазақ терминологиясына қосқан үлесі әлі күнге арнайы зерттеу объектісі болған емес. Оған бір жағынан біздің де «кінәміз» бар. Өйткені кезінде Халекеңнің мұрасын жинастырып, оны араб хәрпінен қазіргі жазу үлгісіне көшірген жылдары біз аталған оқулықтардың алғашқы 10-15 бетін ғана қайталап жариялауға үлгерген болатынбыз (Досмұхамедұлы, 1998). Кезінде уақыт жетімсіздігі мен кітап көлемін белгілеген баспа талабына құлақ асқанымыздың үстіне, ол оқулықтар заманауилық тұрғыдан ескірген, ғылыми құндылығын жоғалта бастаған шығар деген ой-пікірде болғанымыз да жасырын емес. Әйтседе соңғы жылдары қазақ ғылыми терминологиясына ерекше сұраныс туған кезеңде

ғалымның биология-зоология және медицинаға қатысты еңбектерін тұтастай оқып көргісі келушілер, оның төл терминдік жүйесіне қызығушылар көбейді. Бірақ, өкінішке қарай, күні кешеге дейін оның кезінде араб хәрпімен басылған мұрасы қазіргі жазу үлгісіне толықтай көшірумен ешкім айналыспады. Сол себепті де біз барлық шұғыл шаруамызды жиып қойып, ғылымдағы вакуум-бос кеңістікті толтыру мақсатында амалсыздан Х.Досмұхамедұлының көптомдығын құрастыру ісін қолға алдық. Енді сол саланың маман-ғалымдарына XX ғасыр басындағы алғашқы ғылыми терминология тәжірибелерімен ыждағатты түрде танысуға мүмкіндік туды.

Оның үстіне ағартушы Х.Досмұхамедұлы – білгір түркітанушы, тілші-ғалым. Сондықтан да ол термин жүйесін түзген кезде белгілі бір жаратылыстану саласының маманы ғана емес, мойнына түркітанушы ретінде ерекше жауапкершілік жүктеген, тіл қамы мен қамытын қоса сүйреген лингвист те болған еді деп бағалаған орынды.

Х.Досмұхамедұлы – түркітанушы дегенде біз алдымен оның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы (Досмұхамедұлы, 1926) мен «Диуани лұғат ат-түрк» мақаласын (Досмұхамедұлы, 1923) ауызға аламыз. Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған мақала (Досмұхамедұлы, 1998) [«Библиографиялық көрсеткіш» бөлімін қараңыз] және әліпби ауыстыру мен термин (пән) атауларын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де (Досмұхамедұлы, 1998) назардан тыс қалдыруға болмайды.

Мамандығы дәрігер бола тұрып оның қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, фонетикасы мен граммматикасын терең меңгергеніне көз жеткіземіз. Ол: «қазақ-қырғыз тілі – түрік тілінің бір тарауы» дей отырып, жалпы түрік тілінің жалғамалы тіл екендігін, жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейтінін, сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы ғана өзгеретінін тап басып айтады. «Сондықтан қазақ-қырғыз сөздері де түбірін өзгертпей, аяғына қосылған жалғаумен өзгереді», – дейді. Одан әрі лингвист маманша қазақтың түбір сөзі жуан дыбысты болса қосымша да жуан, жіңішке дыбыс болса жіңішке болып келетініне тоқталады. Олардың осылайша «ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада», – деп түйін түйеді (Досмұхамедұлы, 1924).

Сингармонизм – түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Сондықтан түрік тілдерінің көбі (Ыстамбұл түріктері, Қазан ноғайы, сарт-өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отырғанын дөп басып айтады. Ал қазақ тілі болса: «Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр», – деп қорытынды жасайды (Досмұхамедұлы, 1924). Тілімізге ертеректе араб-парсыдан, орыс тілінен енген кірме сөздердің (яғни, «жат сөздер») үндестік заңына бағынғандығына нақты тілдік мысалдар келтіре отырып, өкінішке қарай: «Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгеруге жол басшы болады», – деген оқшау ой тастайды (Досмұхамедұлы, 1924).

Ғалым: «Сингармонизм заңы – жаңғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы; тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы», – деп өзінің кезінде жер жаһанға мәлім болған «Орал-Алтай тіл бірлестігі теориясымен» де таныс болғандығын аңғартады. Одан әрі тілдер туыстығы туралы: «Орал-алтай тобы мынадай тілдерге бөлінеді: 1) фин тілі, мадиар-оңғар, фин (суами), есті, мордба, тағы талайлар; 2) самойет (қасуами); 3) түрік; 4) маңғұл (қалмақ, бурлат); 5) тоңғыз», – деп саралай келіп, «Түріктің бұрынғы тарихы қытай, араб, парсы тілдерінде жазылған. Бұлар түрік-маңғұл сөздерін орасан өзгертіп жіберген», – деп тарих тақырыбына да өз қорытындысын айта кетеді.

Кітапшаның соңында ғалым әрбір жастың ана тілінде сауат ашып, ұлттық білім алуының маңыздылығына ерекше назар аударады. Бұл тілдің мәдениетпен байланысы және ұлттық сана мен болмыстың қалыптасуындағы ерекше рөл атқаратындығын тағы бір дәлелдейді. A.V. Baydak: «Тіл тек адамға тән құбылыс ретінде мәдениеттен бөлек зерттеліне алмайды. Мұның көптеген аспектілері белгілі бір мәдени және дүниетанымдық контексте ғана түсінікті болады» (Baydak, 2015). I. Dolphen мақаласында саны аз ұлттардың ана тілін меңгермеуі тілдің өміршеңдігіне қауіп туғызатынын атаса (Dolphen, 2014), Халел Досмұхамедұлы былай дейді: «Жасында ұлт мектебінде дұрыстап

оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды... Әксент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмастай болып сөйлеу бұларға өте қиын болады» (Досмұхамедұлы, 1923). Оның орыс мектептеріне кіргендердің есіл-дерті орыс тілін жақсы білу, орысша жақсы сөйлеу болатын еді. Орыс мектептерінің мақсаты – жас өспірімге орыс тілін жақсы білдіріп, орыс тілін ана тіліндей қылып жіберу дегендей ой-пікірі ғасырларды аттап өтіп, бүгінгі ұрпақтың да айырылмас дертіне айналып отыр Бұдан шығар қорытынды: ана тілін меңгерген бала ұлттық мәдениетті де жете меңгереді. Мысалы, әлеуметтік рөлдер иерархиялық түрде нақты анықталған және бұл әдеттегі қазақ отбасында көрінеді, онда адамдар жасына сәйкес сараланады. Жастар өзінен үлкен және қарияларды ерекше сыйлайды, мойынсұнады, айтқанына құлақ асады (Yaylacі and Islam, 2013). Бұндай әлеуметтік мәселелерді де ана тілінде білім алу арқылы шешуге болатынын көре аламыз.

Ғалымның «Диуани лұғат ат-түрк» мақаласы да дәл бүгін ғана жазылғандай заманауи өзектілігімен, тарихи танымдылығымен, мәдени-рухани мұраға деген жанашырлығымен ерекшеленеді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың кесірінен Түркияда А.Рифат әпенді бастырған үш томдық М.Қашқари сөздігіне кезінде қол жеткізе алмай, енді ғана қолына тигеніне риза болады: «Түрік азаматтарының білімге, түрік ұлтының тілі мен әдебиетіне мынадай назар салғандықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр» (Досмұхамедұлы, 1923). Түркияда бұған дейін жарық көрген еңбектермен салыстыра отырып, редакторлық жұмыстың сапалы атқарылғанына назар аударады. Кітап барынша түпнұсқаға сай келеді, қатесі де аз, бастырушылар көне мұраны сапалы түрде оқырман қолына тигізуге тырысқан деп оң бағасын береді.

Осы сын-рецензия есепті көрінетін, ал шындығында толымды зерттеу еңбегінде Х.Досмұхамедұлы түркі тілінің тарихын сөз ете отырып, өзін диапазоны кең тарихшы ғалым ретінде көрсетеді. Шағын шолуында біз оның Йусуф Хас Хажиб жазған «Құдатқу білікпен» де жан-жақты таныстығын аңғарамыз. Сонымен бірге ол арабша «Түрк-мағол-парсы тәржіманы» (Хоутсма һәм Мелиоранский нәшрі), Абу Хайан әл-Гарнатидің «Китаб әл-идракы», Мысырдан табылған «Гүлстан» тәржімесі, «Құман һежесі – Кодекс Куманикус» сияқты түркологияның әлемдік жауһарларының тек атын емес, сын-сипаттарын да ерекшелеп атап, бүгінгі жоғарғы білімді филологтардың өзін таңғалдырады.

Осы мақаласында: «Ислам дүниесінде иктисадий ғылымдарды Сырдария жағасынан барған бір түрік ғалымы (Фараби) бастап жазған болса, Махмұт Қашқаридың да таза бір диуани (светский) ғалым, дүнияуи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қойды», – деп (мүмкін қазақ баспасөзінде тұңғыш рет!) әл-Фараби есімін ауызға алады (Досмұхамедұлы, 1923). Бұл 1923 жылы Ташкентте жарық көрген мақала 70 жыл бойы кеңестік заманның саяси цензурасымен тыйым салынғандықтан біз ғұлама ғалым Халел Досмұхамедұлының сол кездің өзінде «1889-ыншы жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан нәшр етілген» көне түркі мұраларымен таныстығына да таң қалмасқа шарамыз жоқ. Сонымен бірге ол Махмуд Қашғари еңбегі мен ол құрастырған сөздігінің тарихи-мәдени рөлін көне замандардағы Күлтегін, Білге хан-баһадурлардың ерлік еңбектерімен салыстыруы айрықша мақтанышқа бөлейді. Ол: «Ескі түрік, Орхон «бітіктастары» қандай аһамиаты болса, Махмуд Қашғари кітабының да аһамиаты сондай», – деп бағалайды. Осылайша қай заманда да төл мұра мен мұратанудың мәңгілік мәселе екендігіне көз жеткіземіз.

Қорытынды

Біз профессор Халел Досмұхамедұлының тілші, тіл тарихшысы ғана емес, сонымен бірге шежірелі тарихшы, болжампаз саясаткер, ой-шыл философ, жалпы әмбебап қоғамтанушы ғалым болғандығын ғана атап өтіп, сөзімізді түйіндемекпіз. Ал аталған ғылым салалары бойынша жіктеп-жіліктеп тарқату, біртуар ғалымның феномен қырларын аша түсу болашақтың еншісі болмақ.

Мақала 2021-2023 жж. орындалатын ғылыми жоба бойынша жарияланып отыр. Жоба тақырыбының атауы: Жазба мұра және мәтінталдау: XX ғ. басы публицистикасындағы орфограмма, сөзжасам мен көркем мәтін лингвопоэтикасы (AP09260734).

Әдебиеттер

Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. – «Ақ жол» газеті, 1923, 4 февраль.
«Аламан» жинағы. – Алматы, 1991.
Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы. – Ташкент, 1924.
Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Ана тілі», 1998.
Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Р-34 қор, 1-тізбе, 1188-іс; 2119-іс және 1593-іс.
Досмұхамедұлы Х. Табиғаттану. I бөлім. – Ташкент, 1922. – 112 бет (суреттер беттелмеген, оның саны 96).
Досмұхамедұлы Х. Адамның тән тірлігі. – Қызылорда, 1927. – 303 бет.
Досмұхамедұлы Х. Шәкірттер саулығын сақтау. – Ташкент, 1923. – 20 бет;
Досмұхамедұлы Х. Оқушының саулығын сақтау. – Ташкент, 1925. – 23 бет; Қызылорда-Мәскеу, 1928. – 229 бет.
Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. I бөлім. Сүйектілер хақында. –Ташкент, 1922. – 200 бет; Қызылорда-Мәскеу, 1928. – 229 бет.
Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. II бөлім. Ташкент, 1922. – 130 бет; – Қызылорда, 1926. – 111 бет; Қызылорда, 1928. – 112 бет.
Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. III бөлім. – Ташкент, 1926. – 256 бет; 2-басылуы. Қызылорда, 1927. – 176 бет.
Досмұхамедұлы Х. Жануарлар. III бөлім. – Ташкент, 1926. IV бет.
Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – Ташкент, 1924. – 53 бет. Бұл еңбек алғашында «Шолпан» журналында 1923 жылы, оның 1, 2-3 және 6-8 сандарында жарияланды.
Досмұхамедұлы Х. Диуани луғат ат-түрк. – «Шолпан» журналы, 1923, №6-8, 19-29-бб.
Leivada E., Murphy E. Mind the (terminological) gap: 10 misused, ambiguous, or polysemous terms in linguistics. Ampersand 8 (2021).file:///C:/Users/1/Downloads/1-s2.0-S2215039021000011-main.pdf
Anna Maria Di Sciullo. On Core Concepts and Terminology. Inference. Vol.5. N3. (2020). https://inference-review.com/letter/on-core-concepts-and-terminology
Baydak A.V., Scharioth C. and Il'yashenko I.A. Interaction of Language and Culture in the Process of International Education. Procedia – Social and Behavioral Sciences 215 (2015) https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S1877042815059224?token=C41D92B410C0BD7387E168E524BED5C47D04EF09EC7E535B0AA91F886AC3751A9E9976CE688A9E342433996ACC6E8869&originRegion=eu-west-1&originCreation=20220120161334
Dolphen I. Learning language and culture through indigenous knowledge: A case study of teaching minority language (Mon) in a majority language (Thai) school setting. Procedia – Social and Behavioral Science 134 (2014). https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S1877042814031462?token=1E98542FA5463E921E3E6385E488D499B4063643F762190299D849F9C13CE69CD52E99A3DA11935F3100628DA70D589C&originRegion=eu-west-1&originCreation=20220120162748
Yaylaci Y., Islam A. Teaching across cultures: Consideration for International Language Teachers in Kazakhstan. Procedia – Social and Behavioral Science 103 (2013). https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S1877042813038573?token=DE97B2687AF72602FCEA07AE2ACB36C74FD7C10F738DCF5EE9C6ED97613B0967DD929706B0606AB162DDFE8EAA96EA79&originRegion=eu-west-1&originCreation=20220120171305

References

Alamanzhinaghy ["Alaman" collection]. (1991) Almaty. 1991. (in Kazakh)
Anna Maria Di Sciullo (2020). On Core Concepts and Terminology. Inference. Vol.5. N3. (2020). https://inference-review.com/letter/on-core-concepts-and-terminology (in English)
Auezov M. (1923)Akhangningeluzhyldyqtoyi [Akhan's fiftieth wedding]. "Ak Zhol" newspaper. February 4. 1923. (in Kazakh)
Baydak A.V., Scharioth C. and Il'yashenko I.A. (2015) Interaction of Language and Culture in the Process of International Education. Procedia – Social and Behavioral Sciences 215 (2015) https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S1877042815059224?token=C41D92B410C0BD7387E168E524BED5C47D04EF09EC7E535B0AA91F886AC3751A9E9976CE688A9E342433996ACC6E8869&originRegion=eu-west-1&originCreation=20220120161334(in English)
Dolphen I. (2014) Learning language and culture through indigenous knowledge: A case study of teaching minority language (Mon) in a majority language (Thai) school setting. Procedia – Social and Behavioral Science 134 (2014). https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S1877042814031462?token=1E98542FA5463E921E3E6385E488D499B4063643F762190299D849F9C13CE69CD52E99A3DA11935F3100628DA70D589C&originRegion=eu-west-1&originCreation=20220120162748(in English)
Dosmukhamedovich Kh. (1928) Zhanuarlar [Animals]. Part I. About bones. Tashkent, 1922. 200 pages; Kyzylorda-Moscow, 1928. – 229 pages. (in Kazakh)
Dosmukhameduly Kh. (1922)Tabigattanu [Natural sciences]. Part I. – Tashkent, 1922. 112 pages (pictures are not paged, the number is 96). (in Kazakh)
Dosmukhameduly Kh. (1923) Diwani lughat at-turk. "Sholpan" magazine, 1923, №6-8, pp. 19-29. (in Kazakh)
Dosmukhameduly Kh. (1923) Shakirttersaulygynsaktau [Keeping studentskealthy]. Tashkent, 1923. 20 pages; (in Kazakh)
Dosmukhameduly Kh. (1924) Kazakh-Kyrgyz tilindegisingarmonizmzangy[The law of synhormonism in the Kazakh-Kyrgyz language]. – Tashkent, 1924. (in Kazakh)
Dosmukhameduly Kh. (1924)Kazakh-Kyrgyz tilindegisingarmonizmzangy[The law of synhormonism in the Kazakh-Kyrgyz language]. Tashkent, 1924. 53 pages. This work was originally published in the magazine "Sholpan", in its issues №№1, 2-3, 6-8. (in Kazakh)

Dosmukhameduly Kh. (1926) Zhanuarlar [Animals]. Part II. Tashkent, 1922. 130 pages; Kyzylorda, 1926. – 111 pages; Kyzylorda, 1928. – 112 pages. (in Kazakh)

Dosmukhameduly Kh. (1926)Zhanuarlar [Animals]. Section III. Tashkent, 1926. Page IV. (in Kazakh)

Dosmukhameduly Kh. (1927) Zhanuarlar [Animals]. Section III. Tashkent, 1926. 256 pages; 2nd edition. Kyzylorda, 1927. – 176 pages. (in Kazakh)

Dosmukhameduly Kh. (1927) Adamnyng tan tirligi [Human body nature]. – Kyzylorda, 1927. 303 pages. (in Kazakh)

Dosmukhameduly Kh. (1928) Okushynyngsaulygynsaktau[Keeping pupil's health]. Tashkent, 1925. 23 pages; Kyzylorda-Moscow, 1928. – 229 pages. (in Kazakh)

Dosmukhameduly Kh. (1998) Tandamaly. Izbrannoe[Favorites]. Almaty: "Mother tongue". 1998. (in Kazakh, in Russian)

Leivada E., Murphy E. (2021) Mind the (terminological) gap: 10 misused, ambiguous, or polysemous terms in linguistics. Ampersand 8 (2021).file:///C:/Users/1/Downloads/1-s2.0-S2215039021000011-main.pdf (in English)

OzbekistanRespublikasyOrtalykmemlekettikarkhivi [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan], fund R-34, list 1, case 1188; Case 2119; Case 1593.

Yaylaci Y., Islam A. (2013) Teaching across cultures: Consideration for International Language Teachers in Kazakhstan. Procedia – Social and Behavioral Science 103 (2013). https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S1877042813038573?token=DE97B2687AF72602FCEA07AE2ACB36C74FD7C10F738DCF5EE9C6ED97613B0967DD929706B0606AB162DDFE8EAA96EA79&originRegion=eu-west-1&originCreation=20220120171305 (in English)

FTAMP 16.21.39 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph6

Г.А. Бегимова[1*], Б.Р. Құлжанова[2], А.Ж. Назарова[2]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: gukjik_76@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ УӘЖДЕМЕСІ

Қазіргі кезде түркі халықтарының тілін, әдебиетін, дінін, дүниетанымын, ортақ құндылықтарын, рухани мирастарын, дүниетанымын зерттеу, зерделеу ісі белең ала бастады. Шыққан тегі бір, сан ғасырлық тарихы бойынша бірдей оқиғаларды бастан өткерген түркі халықтарының түп-төркінін тану, сайып келгенде, осы ұлысқа жататын әр халықтың өзінің өткенін, болмысын тану екендігі сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ және түркі тілдерінің өзара ұқсас және ерекше қасиеттерін айқындау, оны ғылымның арналы саласына айналдыру –құптарлық іс. Мақала қазақ және түрік тілдерінің сөз байлығындағы құнарлы да ауқымды саланың бірі – өсімдік атауларын екі тілдегі материалдарды, тілдік деректерді салғастыру арқылы олармен жақынырақ танысудың, тақырыптық мазмұны мен теориялық негізін меңгерудің бірден-бір ғылыми-практикалық құралы болып саналады. Қазақ және түрік халқының өсімдіктерге қатысты дүниетанымын этнолингвистикалық қырынан таныту осы мақсаттың нәтижесінде жарыққа шықты. Мақаламызда қос халық тіліндегі өсімдік атауларының шығуына негіз болған уәждемелер, олардың басқа құбылыстарға ұқсастырыла қойылған атаулары салыстырылып, ортақ тұстары мен айырмашылықтары, мәдени өсімдіктерге қатысты лексемалардағы ұлттық таным сипатталып, айқындалды. Өсімдік атауларының тілдік табиғаты этнолингвистикалық тұрғыда зерттеп-зерделенді. Өсімдіктердің жіктелімі бойынша атаулар табиғатына назар салынды. Қазақ және түрік тілдеріндегі өсімдік атаулары семантикалық тұрғыдан топтастырылды. Тіл біліміндегі өсімдік атауларының зерттелуіне, этнолингвистикалық зерттеулерге шолу жасалынды. Қазақ және түрік тілдеріндегі фитонимдердің ортақ ұстарына талдау жасалып, олар этнолингвистикалық аспектіде қарастырылды. Түркі халықтарының мифологиясын зерделеп, өсімдікке қатысты түсініктерін көрсету, мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерін салғастыру да зерттеудің негізгі мақсатына кіреді.

Түйін сөздер: этнолингвистика, ұлттық таным, өсімдік атаулары, уәждеме.

G.A. Begimova[1*], B.R. Kulzhanova[2], A.Zh. Nazarova[2]

[1] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: gukjik_76@mail.ru

Motivation of plant names in Kazakh and Turkish languages

At present, the study of the language, literature, religion, worldview, common values, spiritual heritage, worldview of the Turkic peoples is gaining momentum. Undoubtedly, the recognition of the origins of the Turkic peoples, who have the same origins and centuries of history, is, in the end, the recognition of the past and nature of each nation belonging to this ethnic group. From this point of view, it is desirable to identify the similarities and differences between the Kazakh and Turkic languages, to turn it into a branch of science. The article is one of the most fruitful and extensive areas of vocabulary of the Kazakh and Turkish languages - the only scientific and practical tool for closer acquaintance with plant names by comparing bilingual materials, linguistic data, mastering the thematic content and theoretical basis. The ethnolinguistic aspect of the Kazakh and Turkish peoples' views on plants came to light as a result of this goal. In our article, the motives for the origin of plant names in the two vernacular languages, their names, which are similar to other phenomena, are compared, their commonalities and differences, national cognition in tokens related to cultivated plants are described and identified. The linguistic nature of plant names has been studied ethnolinguistically. Attention was paid to the nature of the names in the classification of plants. Plant names in the Kazakh and Turkish languages are semantically grouped. An overview of the study of plant names in linguistics, ethnolinguistic research. An analysis of the common denominators of phytonims in the Kazakh and Turkish languages was made, which were considered in the ethnolinguistic aspect. The main purpose of the study is to study the mythology of the Turkic peoples, to show their understanding of plants, to compare proverbs and sayings.

Key words: ethnolinguistics, national knowledge, plant names, motivation

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Г.А. Бегимова[1*], Б.Р. Кулжанова[2], А.Ж. Назарова[2]
[1] Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: gukjik_76@mail.ru

Мотивация названий растений в казахском и турецком языках

В настоящее время стало актуально изучение языка, литературы, религии, мировоззрения, общих ценностей, духовных преемников, мировоззрения тюркских народов. Несомненно, что признание истоков тюркских народов, имеющих одно происхождение, переживших одинаковые по многовековой истории события, в конечном счете, является признанием собственного прошлого, бытия каждого народа, принадлежащего к этому улусу. С этой точки зрения, выявление сходных и уникальных свойств казахского и тюркского языков, превращение его в русловую отрасль науки – истинное дело. Статья является единственным научно-практическим инструментом для изучения тематического содержания и теоретической основы изучения названий растений, сопоставления языковых данных, материалов на двух языках – одной из самых обширных областей в словообразовании казахского и турецкого языков. В результате этой цели была раскрыта этнолингвистическая грань мировоззрения казахского и турецкого народа. В данной статье были сопоставлены мотивы, послужившие основанием для происхождения названий растений на двух языках, сопоставлены их названия, сходные с другими явлениями, описаны и определены общие черты и различия, национальное познание в лексемах, относящихся к культурным растениям. Языковая природа названий растений изучена с точки зрения этнолингвистики. По классификации растений особое внимание уделено на природу названий. Семантически сгруппированы названия растений на казахском и турецком языках. Проведен обзор изучения названий растений в языкознании, этнолингвистических исследований. Проведен анализ общего содержания фитонимов в казахском и турецком языках, которые были рассмотрены в этнолингвистическом аспекте. Изучение мифологии тюркских народов, демонстрация их представлений о растении, сопоставление пословиц и поговорок, также входит в основную цель исследования.

Ключевые слова: этнолингвистика, национальное познание, названия растений, мотивация.

Кіріспе

Қазіргі кезде түркі халықтарының тілін, әдебиетін, дінін, дүниетанымын, ортақ құндылықтарын, рухани мирастарын, дүниетанымын зерттеу, зерделеу ісі белең ала бастады. Шыққан тегі бір, сан ғасырлық тарихы бойынша бірдей оқиғаларды бастан өткерген түркі халықтарының түп-төркінін тану, сайып келгенде, осы ұлысқа жататын әр халықтың өзінің өткенін, болмысын тану екендігі сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ және түркі тілдерінің өзара ұқсас және ерекше қасиеттерін айқындау, оны ғылымның арналы саласына айналдыру –құптарлық іс. Бұл жайлы қазақ және түрік халықтарының тілі мен оның жекелеген салаларына қатысты айтсақ та болады. Себебі күні бүгінге дейін бұл екі халық бір-бірімен мәдени, рухани жағынан тығыз қарым-қатынаста болды, қиын кездерде бір-біріне сүйеу болып келді. Тек XX ғасырдың бас жағында Кеңес өкіметі орнағаннан кейін бұл байланыс біраз жыл бойы үзіліп қалғандай еді. Алайда өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Кеңес Одағы қарамағындағы түркі халықтарының бәрі тәуелсіздіктеріне қол жеткізгеннен кейін бұл сабақтастық қайта жаңғырды. Әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан мен Түркия арасында әлеуметтік-экономикалық байланыс қарқынды өрістеді. Дегенмен өзара ынтымақтастық пен әріптестіктің жарқын үлгісі ғылым саласында да өзін көрсетіп келеді. Отыз жылға жуық уақыт бойы жасалған тілдік, этнографиялық, әдеби зерттеулер – осының айқын айғағы. Мұның бәрі тілдің, әдебиеттің, халық білімінің (фольклор) екі елді жақындата түсетін алтын көпір екенін де дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, біз еңбегімізде қазақ және түрік халықтарындағы өсімдік атауларына қатысты уәжділікті пайымдауды зерттеуді мұрат тұтып отырмыз.

Зерттеу материалы және әдістері

Мақалада **қ**азақ және түрік тілдеріндегі өсімдік атауларының этнолингвистикалық сипатын зерделеу арқылы, олардың уәжділігі анықталады. Нәтижесінде этимологиялық тұрғыдан, індету, төркіндету тәсілдері, салыстырмалы әдіс қолданылады. Кейбір атаулардың тілдік мәнін халықтық ұғым-түсініктерге сүйене отырып, сипаттау үшін этнолингвистикалық тәсілге де назар аударылды.

Әдебиетке шолу

Түркі халықтарындағы өсімдік атаулары жеке тілдік салада жеткілікті түрде зерттелген. Кеңес өкіметінің кезінде өсімдіктерге қатысты көптеген монографиялар, кітаптар жазылды, мақалалар жарияланды. Оардың ішінен алғашқы ізашар ғалымдар ретінде біз Н.И. Аненков, Б.А. Федченко, И.В. Ларин, И.М. Крашанинников, Н.В. Павлов, В.И. Андреев, Н.И. Рубцов, М.Г. Попов, П.П. Поляков, Б.А. Быков пен қазақ өсімдіктанушыларынан Ө. Қисықов, С. Арыстанғалиев, Е. Рамазанов, Т. Мұсақұловтардың есімдерін айта кетуді орынды санаймыз. Әрине, ғалым Б. Қалиев осы салада үлкен еңбек сіңірген ғалымдардың бірі. Сонымен қатар Г. Ұйықбаеваның «Өсімдіктердің халықтық атаулары» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясы да осы салаға қатысты арнайы зерттеулердің бірі. Онда қазақ тіліндегі фитонимдерге қатысты ономасиология мен мотивация теориясының жалпы жақтары, өсімдіктердің халықтық және ғылыми атауларының айырмашылықтары, өсімдіктердің халықтық атауларының мотивациялануы, сондай-ақ, қазақ, орыс, латын тілдеріндегі өсімдік атауларының уәждену жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар сөз болған. Ал түрік ғалымдарынан Фатих Алкайыштың еңбегі өте іргелі зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, Гизем Филиздің «Kitab-ı Dede Korkut'ta Hayvan ve Bitki Adları» («Қорқыт ата» кітабындағы зоонимдер мен фитонимдер) атты еңбектері Орта Азиядағы ежелгі тайпа болып есептелетін оғыздардың әдеби мирастарындағы адам мен табиғат арақатынасының маңызды жайттарын ашуымен құнды (Filiz Gizem, 2019:145). Зерттеуші Эбру Гүлсойдың «Dede Korkut ve Manas'ta Bitki ve Hayvan Kültü» («Қорқыт ата» және «Манаста» өсімдік және жануар культі) деген этнолингвистикалық сипаттағы зерттеулер түркі халықтарының мәдениеті мен өнеріндегі, ауыз әдебиетіндегі, жырлары мен дастандарындағы, мақал-мәтелдеріндегі жеміс-жидектер мен шөп атауларына қатысты дүниетанымын, әдет-ғұрып, наным-сенімдерін қарастыра отырып, олардың маңызын тереңінен зерделейді (Gülsoy Ebru, 1998:124).

Нәтижелер мен талқылау

Өсімдіктер өмірлерін аңшылықпен өткізген алғашқы адамдардан бастап, осы кезге дейін маңызды күнкөріс көзі болып келді. Адамдар тіршілік үшін өсімдіктерді тануға және әртүрлі салаларда қолдануға мәжбүр еді. Сондықтан өсімдіктердің адамға тән қасиеттер мен сипаттарды еншілеуін қалыпты нәрсе санаған жөн. Адамдар өсімдіктергеат қояды. Өсімдіктерға ат қойғанда әр ұлт, әр халық өзінің көзқарасын, өмір салтын, философиясын, сезімі, ойлары мен қиялын жарыққа шығарады. Осы себептен өсімдік атауларында адамға тән қасиеттердің кеңінен орын алатындығы көрінеді. Мәселен, Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романында Рысқұлдың орыс ғалымы Дмитриевке жолбасшы бола жүріп, өсімдіктер жайлы пікір алысатыны жайлы эпизод бар. «Есік көлді айналып өткен соң алпауыт Талғардың төскейі басталып, жол қиындай берді. Өсімдіктің реңі өзгеріп, биік жайлау жаннатындағы жайқалған тау гүлдері атақты ғалымды жайраңдай қарсы алды. Дмитриев атынан домалап түсіп, тау гүлдерін теңіз кешкендей малтып жүріп, көкемаралды бір сипап, киік-отын бір иіскеп, бір кезде:

– О, эдельвейс! – деп айқайлап жіберген. – Эдельвейс жанкешті қаhарман ерлердің гүлі. Сені де көретін күн бар екен-ау!

Рысқұлға мұның бәрі ерсі. «Құдайдың қу шөбіне де өстіп таңданады екен-ау. Ғалымбысың деген, ерте күнді кеш қылмай баратын шыңына бармаймыз ба?» – деп қалған.

Ғалым әр шөпті сабағынан бәкімен қиып алып, ыждағаттап дорбаға салып, қойын дәптеріне әлденелерді жазумен әлек.

– Мынау – эдельвейс. Қазақша аты не? – деп сұрайды Рысқұлдан.

– Е, құдай, кәдімгі қаргүл ғой. Кейде еңлік деп те атайды.

– Мынаны біз аконит дейміз, қазақтар не дейді.

– Ол тұқымың құрғыр уқорғасын. Мал жемейді, жесе өліп қалады.

Есік көлдің желкесі желкілдеген көкорай. Қызыл, жасыл жайқалған гүл. Шүмілдік пен ботагөз, қазтамақ пен желайдар, рауғаш пен ауша, жанаргүл мен қашқаргүл, сарғалдақ пен құлмақ, долана мен үшқат аралас сансыз шөптер аттарын географ ерінбей ежіктеп сұрап, хаттап алды» (Мұртаза, 1991: 47).

Осы үзіндіден қазақтардың түрлі өсімдіктерге қасиетіне, сыртқы пішініне қарай ат қоюға шебер болғанын көреміз. Төрт түлік малды күнделікті тұрмыс-тіршілігінің ажырағысыз бір бөлігіне айналдырған көшпелі халық оларға азық-ауқат болатын өсімдіктерге, шөптерге де атау беріп,

қыр-сыры мен қасиетін жете таныған. Олардың атауын естіген сайын қазақ тілінің бай екендігі, әлеуетінің молдығы айқындала түседі. Ғалым Б. Қалиев өсімдіктерге қойылған атаулардың ерекшелігін былай деп көрсетеді: «Халықтық атауларға тән ерекшеліктердің бастысы – ол жасалуы жағынан тым қарапайым, ат қою мотивемі халыққа жақсы таныс, мағынасы жағынан елдің бәріне түсінікті сөздер болып келетіндігі. Олардың мотивемдері ретінде әсіресе төрт түлік мал атаулары мен аң-құс атаулары, түрлі жан-жануарлар мен құрт-құмырсқа, жәндік атаулары, олардың дене мүшелерінің атаулары, сондай-ақ, табиғат құбылыстарына қатысты: тау, тас, құм, жер, су, жел, ай, күн, түн деген сияқты сөздер мен әр түрлі түсті білдіретін: ақ, көк, қара, сары, қоңыр, көгілдір тәрізді сөздер және өсімдіктердің иісі мен дәмі, көлемі, өсетін жері, шаруашылық маңызы, т.б. ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсететін сөздер басты роль атқарады» (Қалиев, 1998:47). Сонымен қатар қазақ тіліндегі өсімдіктер күнделікті тұтынатын бұйым мен затқа, адамға, оның физикалық ерекшеліктеріне, кескін-кейпіне, мінезіне, отбасы жағдайына, өмір кезеңдеріне байланысты болып та келеді.

Қазақ тіліндегі бұйым-зат аттарымен байланысты құрылған өсімдік атаулары: алқа, арыс, бадана, барқыт, жамбыл, жұпар, қанжыға, кенеп, құрақ, әсел, сыбызғы, сәлде, шайыр, шетен, тошала, айлауық, боян, бұлдақ, жіпілген, қазанақ, қымыздық, көмірген, мықан, ошаған, саумалдық *т.б.* Адамның отбасы жағдайына қатысты құрылған өсімдік атаулары: өгейшешек, өгейшөп. Адамның физикалық ерекшеліктерімен байланысты өсімдік атаулары: бек, берік, бұйра, сүмелек, быртылдақ, арық жалбыз, қасқа жусан, кереңқұлақ, көккасқа, сақаушөп, саңырауқұлақ, тазқара, текесақал. Адамның мінез-құлқымен байланысты құрылған өсімдік атаулары: арыс, ебелек, жебір, қодыраң, сана, сұңғыла, сүмелек, тарлан, зерек, зығыр, мейіршөп, толғақшөп, жындышөп, кержусан, тентекмия. Іс пен кәсіпке қатысты өсімдік атаулары: шайыр, тарлан, тәуіпдәрі. Адам өмірінің кезеңдерімен байланысты өсімдік атаулары: балғын, құрақ, лақса, балауса, балдырған, балғын арша, жасаңшөп, шаушымылдық. Туысқандыққа, адамның күй-жайына қатысты өсімдік атаулары: аккелін, бойдақ бидай, келіншекбоз, бабажапырақ, балақыз, баялыш, бәйшешек, бәйтерек, қатынжаңғақ, кемпіршаш, кемпіршөп, мырзатерек, мырзақурай, мырзасораң. Мәртебе, дәрежені білдіретін өсімдік атаулары: жөке, шайыр, шора, тарлан. Жан-жануар аттарына қатысты өсімдік атаулары: құмай, құралай, ләйлек, тана, тайқар, ботташық, бұғыты, тарғақ, сырттан. Түр-түс атауларымен байланысты құрылған өсімдік атаулары: боз, қаракеней, қырмызы, кәреней, шағыр, ақтық, алматы, алша, қараған, қарағай, қызамық, қызыл, қызылша, көгілдір, көкше, күреңкей, шегіршін. Дене мүшелері мен бөлімдерінің атауларымен байланысты құрылған өсімдік аттары: жөргем, қабақ, мамық, сауыр, шеңгел, запыран, қылқан, қылша, қылтық, тұяқша. Жер аттарына қатысты құрылған өсімдік атаулары: сораң, тік, тұңғиық, беделік, құмақ, құмаршық, сорғыш, шеттік, татыран. Пішіні мен ерекшеліктеріне қарай құрылған өсімдік атаулары: бұйра, масақ, ноқат, сәлде, шие, тік, ажырық, бұрыш, бұршақ, бүлінгек *т.б.* Жынысқа қатысты құрылған өсімдік атаулары: ереймен, еркек, ермен, ермене, балақыз, баялыш, бәйшешек, бәйтерек, дәрібай, ербасы, еркекшөп, кәріқыз, қатынжаңғақ, кемпіршаш, кемпіршөп, қызжібек, қызсаумалдық, қызсаусақ *т.б.* Сезімге, көңіл-күйге қатысты өсімдік атаулары: жылауық, сүйіндір, шаттауық, үпілмәлік. Материалды жағдайға байланысты құрылған өсімдік атаулары: барақ, барша. Табиғат жағдайларымен байланысты құрылған өсімдік атаулары: желкек, желшек, қарлыған, самалдық, шықшылдық. Адам бойында тудыратын әсерге қатысты өсімдік атаулары: қышытқан, қышытқыш, қышытпа, қуырдақ. Еліктеуіш сөздермен байланысты құрылған өсімдік атаулары: бортылдақ, дүңгіршек, сылдырмақ, шыртылдақ, шытырақ, шытырлақ, шытыршық, тыршық. Өсімдіктердің арасындағы ұқсастыққа қатысты туындаған өсімдік аттары: арпақан, бадамша, бидайық, қаңбақтай. Қарым-қабілетпен байланысты өсімдік атаулары: жалбаңқұлақ, кереңқұлақ. Ел, қала, ұлт, құрлық аттарымен байланысты құрылған өсімдік атаулары: Африка тарысы, Алматы апорты, Алматы аруы, Амур барқыты, ауған сасыр, Азия күнгелдісі, Ферғана жусаны, грек жаңғағы, қашқаргүл, қытай алмасы, қытайпияз *т.б.* Дін мен сенімге байланысты құрылған өсімдік атаулары: арамжусан, арамжоңышқа, арамқұмық, арамсояу, ассалаумағалейкум, иманжапырақ, қожақат, т.б. Әдемілікті, сұлулықты білдіретін сөздермен байланысты өсімдік атаулары: Алматы аруы, әсемсары, әйбәтмия, шырайгүл. Кісі (қыз) аттарына қатысты құрылған өсімдік атаулары: баршынгүл, баяншырын, қызжібек, құралай,

құртқагүл, нарғызгүл, сұлушаш, шолпаншаш. Жан-жануар аттарымен байланысты құрылған өсімдік атаулары: ақ ешкінің жапырағы, ақ итжүзім, аққой, аққуоты, алабота, арыстанауыз, арқар бұйырғын, арқаржусан, арқаркөк, арқароты т.б. Адам мен жан-жануардың дене мүшелері атауларымен байланысты құрылған өсімдік аттары: ақбас, ақбас жоңышқа, ақбас шалғын, ақбасбалау, ақбасқурай, ақбасшөп, ақбілек, ақжүрек, аққанат, аққанатшөп, аққылтық, ақтамақ гүл т.б.

Итсигектің қасиеті жайлы Ақселеу Сейдімбек танымдық мәні бар мақаласында егжей-тегжейлі баяндайды. Оның айтуына қарағанда, жаз ортасына дейін итсигек еш қалпын бұзбай тұрып алады. Оған күннің сәулесі мен жаңбыр суы еш әсер етпейтіндей көрінеді. Бірақ «шілде айы туғанда ғана әлгі итсигектің ажарсыз қу бұтағына ғайыптың күшімен жан біткендей әр жер-әр жерінен ұсақ көк түйіндер пайда бола бастайды. Сол түйін күн өткен сайын жапырақсыз көк бұтақшаға айналып, итсигекке иыр-қиыр бір буын болып қосылады. Шілде ортадан ауғанда әлгі көк бұтаның басынан қансөлсіз, күн қуратқан шүберектей болып бес тілді ұсақ гүл жарады» (Сейдімбек, 1997:279). Итсигектің пайдасын жақсы білген көшпелі қазақтар малға тиетін ит-құсқа қарсы у мен төрт түліктің қотырын жазатын дәрі алатын болған.

Өсімдік атаулары тілімізде кең қолданылып, тиісті грамматикалық формалармен түрленіп, әр түрлі сөздермен тіркесе келіп, сан қилы мағыналар туғызады. Олардың ең көбі – екі сөздің бірігуі арқылы жасалған атаулар. Бұл өте кең тараған, аса өнімді тәсіл. Сондықтан да ол тілімізде айрықша орын алады. Екі сөзден тұратын өсімдік атауларының көпшілігі негізінен бір затты екінші затпен ұқсастыру, метафоралық теңеу негізінде жасалынады. Өсімдік атауларының екінші сыңарлары көбінесе оны не нәрсеге теңеп, салыстырып тұрғанын көрсетеді (Жоханасова, 2000:71).

Өсімдіктер қазақ тілінде метафоралар мен теңеулердің тууына да себеп болған. Мысалы, қазақ тілінде балқарағайды «тайга аруы» деп атайды. Сол сияқты бәйшешек – көктем гүлі, батат – тәтті картофель, борық – су астының наны, женьшень – өмір тамыры, жүзім – Оңтүстік перзенті, борық – су астының наны, емен – ағаштар патшасы, жүгері – дала аруы, дала падишасы, итмұрын – шипалы бұта, картоп – екінші нан, зығыр – Солтүстік жібегі, кактус – түн аруы, қант қызылшасы – *тәтті түбір, тәтті тамыр,* күнбағыс – күн гүлі, күріш – Сыр маржаны, пальма – шөл аруы, сексеуіл – шөл аруы, құмайт шөлдің көмірі, қоңыр балдыр – тірі қоршау, қарақұмық – Солтүстік күріші, қызғалдақ – дала гүлі, мақта – ақ алтын, самырсын – тайганың наны, тартаржапырақ – ақ адамның ізі, сорго – шөл даланың түйесі, эдельвейс – тау гүлі.

Ал түркі тілдері табиғатпен етене байланыс ішінде дамыған және деректі түсіндіруге сүйенген тіл. Түркілер өсімдіктерге ат қойғанда оларға өздерінің ерекшеліктерімен суреттеуге тырысқан. Өмірге деген көзқарасы, сезім мен ой әлемдерімен қатар өсімдіктің түр-түсі, пішіні, өсіп-жетілу мен қолдану саласын да назарда ұстаған (Duran, 1998:223-229).

Адамға тән ерекшеліктермен құрылған өсімдік атауларын төмендегідей түрде жіктеуге болады:

1. Отбасы жағдайына байланысты құрылған өсімдік атаулары.
2. Туысқандық атауларға байланысты құрылған өсімдік атаулары.
3. Қарым-қабілетке қатысты құрылған өсімдік атаулары.
4. Ұлт пен халыққа байланысты құрылған өсімдік атаулары.
5. Жыныстық ерекшеліктерді білдіру үшін құрылған өсімдік атаулары.
6. Дін мен сенімдерге байланысты құрылған өсімдік атаулары.
7. Діни және әдеби тұлғаларға байланысты құрылған өсімдік атаулары.
8. Сезімдерге байланысты құрылған өсімдік атаулары.
9. Үй болуға, үйленуге қатысты құрылған өсімдік атаулары.
10. Адамның дене пішіміне байланысты құрылған өсімдік атаулары.
11. Адам өмірінің түрлі сатыларына байланысты құрылған өсімдік атаулары.
12. Адам мінезіне байланысты құрылған өсімдік атаулары.
13. Адам есіміне байланысты құрылған өсімдік атаулары.
14. Материалдық жағдайға байланысты құрылған өсімдік атаулары.
15. Қызметке байланысты құрылған өсімдік атаулары.
16. Атақ-дәрежеге байланысты құрылған өсімдік атаулары (Alkayış, 2007: 63).

Отбасы жағдайына қатысты өсімдік атаулары: «öksüz» («өксүз» – «жетім») және «ріç» («пич» – «көрдемше», «қодірең») сөздерімен құрылған. «Өксүз» сөзі түрікше «анасы жоқ жетім» деген мағынаны білдіреді. Парсыша «пич» сөзі өсімдіктерге байланысты мынадай мағынада қолданылады: а) Будандаспаған, б) Бір өсімдіктің айналасында қайтадан тамыр жайып, өздігінен өсе беретін өскіндер (Nişanyan, 2002:89). Қазақ тілінде бұл сөздің алғашқы мағынасы, яғни «көрдемше» сөзі «некесіз туған бала» ұғымын білдірсе, екінші «қодірең» сөзі көбінесе арнайы екпесе де, тұқымы жерде қалғандықтан, бақшада жыл сайын шыға беретін мәдени өсімдіктерді (қызанақ, аскөк, пияз) сипаттау үшін беріледі. Отбасы жағдайымен байланысты анықталған алты түрлі өсімдіктің тек біреуі («өксүзали») жалқы есім болып аталған. Мысалы: Өксүзали («Öksüzali*),* өксүз чийдеми («öksüz çiğdemi»)*,* өксүзоғлан («öksüzoğlan»)*,* өксүзоғлан чийдеми («öksüzoğlan çiğdemi»), пичгүл («*piçgül*»), пичкирен («*piçkiren*») (CLAUSONS, 1972: 500).

Туысқандық атауларға байланысты құрылған өсімдік атаулары: «ana» («ана»), «baba» («баба» – «әке»), «bacı» («бажы» – «қарындас»), «kardeş» («кардеш» – «іні, бауыр»), «dede» («деде» – «ата»), «nine» («нине» – «әже»), «yeğen» («йеген» – «жиен»), «kız» («кыз» – «қыз») сөздерімен келеді. Бұлардың ішінде ең көп қолданылатыны «деде» сөзі. Айрықша «Alidede» («Алидеде») өсімдігінде жалқы есім қолданылған болса, басқа мысалдар жалпы есімдермен құрылған. Кейбіреулерінде қос туысқандық атауы бірге келтірілген: «anababa kekiği» («анабаба кекиги»), «anababa kokusu» («анабаба кокусу»), «analı kızlı» («аналы кызлы»). Туысқандыққа байланысқа құрылған кейбір өсімдік атаулары сын есімдік тіркес, кейбіреуі де зат есімдік тіркес түрінде келеді. Туысқандық атауы әрі зат есім, әрі сын есім болып та қолданылады.

Мысалы: Алидеде («*Alidede*»), анабаба кекиги («*anababa kekiği*»), анабаба кокусу («*anababa kokusu*»), аналы кызлы («*analı kızlı*»), айдеде («*aydede*»), баба инжири («*baba inciri*»), баллыбаба («*ballıbaba*»), дедебөрт («*dedebört*»), дededегнеги («*dededeğneği*»), деде гүлү («*dede gülü*»), дедемсакалы («*dedemsakalı*»), дедесакалы мантары («*dedesakalı mantarı*»)т.б. Түрік тілінде қарым-қабілетке байланысты өсімдік атауы тек біреу ғана. Ол «sakar otu» («сакар оту») деген атпен келеді. Қазақша мағынасы «бұзақы өсімдік». Ал ұлт пен халыққа байланысты өсімдік аттары жиі кездеседі. Бұған түріктердің айналасындағы басқа халықтармен, ұлттармен аралас-құралас болуы да өз әсерін тигізгені анық (Zeynalov, 1993:38). Өсімдік атауларындағы ұлт пен ұлыс аттарын «алман» («неміс»), «американ», «араб», «арнавут» («албан»), «авшар», «бошнак» («босниялық»), «эрмени» («армян»), френк («француз»), «жапон», «латын», «мажар», «османлы», «түрік» сөздері құрайды. Бұлардың ішіндегі «авшар» жиырма төрт тайпадан тұратын Оғыз қауымдастығына жатады. Басқалары ұлт атауларын білдіреді. Оның ішінде «латын» және «османлы» сөздері тарихта өмір сүрген қауымдардың атын білдірсе, қалғандары бүгінде де тіршілік етіп жатқан ұлыстарды сипаттайды. Американ бұрыш ағашы мен «Арапдеде» («Arapdede») өсімдіктері сын есімдік, қалғандары зат есімдік тіркеске жатады (Cruse, (2000): 100).

Сондықтан ұлт пен халыққа байланысты атаулар кейде сын есім, кейде зат есім қызметін атқарады. Бұлар өсімдіктердің келген жерлерін көрсетеді.

Мысалы: Алман папатиясы («*Alman papatyası*»), американ алмұрты («*Amerikan armudu*»), американ бұрыш ағашы («*Amerikan biber ağacı*»), арапдеде («*Arapdede*»), араб алмасы («*Arap elması*»), араб саңырауқұлағы («*Arap mantarı*»), араб өсімдігі («*Arap otu*»), арапсачы («*arapsaçı*»), арапсики («*arapsiki*»), араб сүмбүлі («*Arap sümbülü*»), араб шалғамы («*Arap şalgamı*»), мажар жүзімі («*Macar üzümü*»), османлы лаласы («*Osmanlı lâlesi*»), түрік бұрышы («*Türk biberi*»), түрік емені («*Türk meşesi*»), түрік өсімдігі («*Türk otu*») *т.б.*

Жыныстық ерекшеліктерді білдіру үшін құрылған өсімдік атауларын білдіретін сөздер мыналар: «қыз, қатын, қары, әйел («avrat»), ханым, хатун, ер, еркек, ұл, ұлан («oğlan»)». Бұлардың ішіндегі «қыз, қатын, қары, әйел, ханым, хатун» қыз-келіншектерге тиесілі, ал «ер, еркек, ұл, ұлан» аттары еркектерге тән жыныстық ерекшеліктерді белгілейтін сөздер. Жыныстық айырмашылыққа қатысты сөздер әрі сын есім, әрі зат есім тұлғасында тұрады.

Мысалы: Акчакызы («*akçakızı*»), ак кадын пармағы («*ak kadın parmağı*»), аккыз («*akkız*»), алоғлу («*aloğlu*»), аврат оту («*avrat otu*»), Айшекадын («*ayşekadın*»), балкадын («*balkadın*»), бозоғлан («*bozoğlan*»), дөвүлмүш аврат оту («*dövülmüş avrat otu*»), дулаврат оту («*dulavrat otu*»), дулкарыгөмлеги («*dulkarıgömleği*»), еркек ағашы («*erkek ağaç*»), еркек жүзім («*erkek üzüm*»), еркуртаран («*erkurtaran*»), гүлхатун

(«*gülhatun*»), кадынпармак («*kadınparmak*»), кадынбуду («*kadınbudu*»), гүзелаврат оту («*güzelavrat otu*»), гүзелхатун гүлі («*güzelhatun çiçeği*»), гүзелоғлан («*güzeloğlan*»), ханымағзы («*hanımağzı*»), ханым қолы («*hanımeli*») т.б. (Deely, (1990 : 24). Дін мен сенімдерге байланысты құрылған өсімдік атаулары дін мен нанымсенімнің ықпалынан пайда болған деп саналады. Түрік тілінде әсіресе дінмен байланысты өрбитін өсімдік атаулары жиі кездеседі. Бұлардың ішіндегі құлшылықпен байланысты өсімдіктер «abdest» («дәрет»), «намаз», киелі мекен ерекшелігіне ие атаулар «türbe» («кесене»), діни тұлға мен діни дәрежелерді білдіретіндері «Bektaşî» («Бекташи»), «evliya» («әулие»), «gâvur» («гәуір»), «hacı» («қажы»), «hoca» («қожа», «ұстаз»), «keşiş» («монах»), «papaz» («папа»), «peygamber» («пайғамбар») сөздері. Мұның ішінде «дәрет, намаз, кесене, Бекташи, әулие, қажы, қожа, пайғамбар» сөздері ислам дінімен, «яхуди» сөзі яхуди дінімен, «монах, папа» сөздері христиан дінімен байланысты (Emiroğlu, 1984:154). «Гәуір» сөзі арабша «кафир» немесе парсыша «гәбірден» келетіндіктен, мұсылман еместерге берілетін жалпы есім.

Мәселен: Абдеситбозан оту («*abdestbozan otu*»), Бекташи жүзімі («*Bektaşî üzümü*»), әулие шөбі («*evliya otu*»), гәуір бакласы («*gâvur baklası*»), гәуір гашиші («*gâvur haşhaşı*»), гәуір қияры («*gâvur hıyarı*»), гәуір қызылшасы («*gâvur pancarı*»), гәуір жуасы («*gâvur soğanı*»), пайғамбар гүлі («*peygamber çiçeği*»), пайғамбар тікені («*peygamber dikeni*»), пайғамбар жүзімі («*peygamber üzümü*»), түрбе өрігі («*türbe eriği*»), яхуди бакласы («*Yahudi baklası*»), яхуди құрмасы («*Yahudi hurması*»).

Діни және әдеби тұлғаларға байланысты құрылған өсімдік атаулары дін мен әдебиет саласында белгілі адамдардың есімдеріне қатысты құрылған. Дінмен байланысты тұлғалардың есімдері (Дәуіт, Әбужаһил, Хауа, Иса, Мәриям, Сүлеймен, Қызыр) Құранда аталады. Бұлардың ішінде «Хауа» және «Мәриям» әйел есімдері; «Дәуіт, Әбужаһил, Иса, Сүлеймен, Қызыр» ер кісілердің есімдері. «Каражаоғлан» Түркияда өмір сүрген халық ақыны. Ол XVII ғасырдағы Анадолы түрік әдебиетінің алдыңғы қатарлы өкілдерінің бірі болып саналады.

Мәселен: Бухурумәриям («*buhurumeryem*»), Дәуіт жапырағы («*Davut yaprağı*»), Әбужаһил қарбызы («*Ebucehil karpuzu*»), Хауа ана қолы («*Havvaanaeli*»), Иса тікені («İsa dikeni»), Каражаоғлан саңырауқұлағы («*Karacaoğlan mantarı*»), Мәриямана асмасы («*Meryemana asması*»), Мәриямана тікені («*Meryemana dikeni*»), Мәриям ана қолғабы («*Meryemanaeldiveni*»), Мәриям шөбі («*Meryem otu*»), мүһрүсүлеймен («*mührüsüleyman*»), сарықызыр алмасы («*sarıhızır elması*»).

Сезімдерге байланысты құрылған өсімдік атауларын «жылау, жапа, қасірет, қарқылдау, махаббат» сөздері құрайды. Бұлардың ішіндегі «ağlamak» («жылау») сөзі негізінен қайғымұңның, кейде сүйінішке қатысты жағдайды, «cefa» («жапа») жәбір, қайғыны, «hasret» («қасірет») сағыныш сезімін, «kahkaha» («қарқылдай күлу») бақытты, «muhabbet» («махаббат») сүйіспеншілік пен ғашық сезімді білдіреді.

Мәселен: Жылауық шырша («*Ağlayan çam*»), жылауық келін («*ağlayangelin*»), жапа гүлі («*cefa çiçeği*»), қасірет гүлі («*hasret çiçeği*»), қарқылдай (күлген) гүл («*kahkaha çiçeği*»), махаббат гүлі («*muhabbet çiçeği*»).

Үй болуға, үйленуге қатысты құрылған өсімдік атаулары «gelin» («келін»), «güvey» («күйеу»), «dul» («тұл»), «evlenme» («үйлену») сөздері. Бұлардың ішінде «келін», «күйеу» жұбайлық өмірге қатысты ұғымды, ал «үйлену» отбасына қатысты мәнді білдіреді.

Мәселен: дулаптал шөбі («*dulaptal otu*»), дулаврат шөбі («*dulavrat otu*»), дулкары гөмлеги («*dulkarıgömleği*»), үйлену гүлі («*evlenme çiçeği*»), келін алмұрты («*gelinarmudu*»), гелинбоған («*gelinboğan*»), келін гүлі («*gelin çiçeği*»), келін тілі («*gelindili*»), гелиндүгмеси («*gelindüğmesi*»), гелинәли («*gelineli*»), келін алмасы («*gelinelması*»), гелинфенери («*gelinfeneri*»), гелингүлдүрен («*gelingüldüren*»), келін гүлі («*gelin gülü*»), гелин гүвейі алмасы («*gelin güveyi elması*»), гелинкадын («*gelinkadın*»), келін саңырауқұлағы («*gelin mantarı*»), гелинмуму («*gelinmumu*»), келін шөбі («*gelin otu*»), күйеу шөбі («*güvey otu*») *т.б.*

Адамның дене пішіміне байланысты құрылған өсімдік атаулары мыналар: «cüce» («ергежейлі»), «kel» («таз»), «köse» («көсе»), «sağır» («саңырау»). Бұлардың ішіндегі «ергежейлі», «таз», «көсе» сөздері адамның сыртқы кескін-келбетіне, ал «саңырау» есту қабілетіне қатысты ұғым болып табылады (Boyraz, 1996:254).

Мысалы: жүжекыз («*cücekız*»), келбаш («*kelbaş*»), келчичеги («*kelçiçeği*»), келкыз чичеги («*kelkız çiçeği*»), көсе бидай («*köse buğday*»), көсехалил («*kösehalil*»), көсе шөбі («*köse otu*»), көсесефер («*kösesefer*»), көсе дақылы («*köse tahılı*»), сағыркулак («*sağırkulak*»).

Адам өмірінің түрлі сатыларына байланысты құрылған өсімдік атаулары екеу. Олар «çocuk nefesi» («бала тынысы»), «delikanlı» («жігіт»). Ал адам мінезіне байланысты құрылған өсімдік атауларын «yalancı» («жалғаншы», «өтірікші») деген сөздер құрайды.

Мәселен: Йаланжы акация («*yalancı akasya*»), йаланжы бұрыш («*yalancı biber*»), йаланжы чириш («*yalancı çiriş*»), йаланжы егир («*yalancı eğir*»), йаланжы хаважыва («*yalancı havacıva*»), йаланжы ысырган («*yalancı ısırgan*»), йаланжы кечи («*yalancıkeçi*»), йаланжы кеневир («*yalancı kenevir*»), йаланжы лаванта чичеги («*yalancı lavanta çiçeği*»), йаланжы өт ағашы («*yalancı öd ağacı*») т.б. Адам есіміне байланысты құрылған өсімдік атаулары төмендегідей есімдерден құралған: «Әли, Айша, Фатима, Ыдырыс, Махмұт, Мәриям, Нәби, Сүлеймен және Йусуф (Жүсіп)». Бұлардың ішінде «Әли, Ыдырыс, Махмұт, Нәби, Сүлеймен, Йусуф» – ер кісілердің есімдері болса, «Айша, Фатима, Мәриям» – әйел адамдардың аттары (Baytop, Turhan, 1997:89).

Мәселен: Әли бей бидайы («*Alibey buğdayı*»), Әли деде («*Alidede*»), Әли өксүз («*Aliöksüz*»), Айша қатын («*ayşekadın*»), Бодур Махмұт («*bodurmahmut*»), буhуру Мәриям («*buhurumeryem*»), Фатима шашы («*fatmasaçı*»), Қара Фатима («*karafatma*»), Хафыз Әли («*hafizali*»), Хүснү Йусуф («*hüsnüyusuf*»), Ыдырыс ағашы («İdris ağacı»). Түрік тілінде материалдық жағдайға байланысты бір ғана өсімдік атауы бар, ол: «yoksul buğday» («кедей бидай»). Ал қызметке, кәсіпке байланысты құрылған өсімдік атаулары мыналар: «әскер, аңшы, («çalgıcı») аспапшы, шопан, диірменші, көмірші, («pehlivan») палуан, себетші, сиқыршы, шәрбәтші, жүзімші». Бұл сөздерге назар аударғанда, кәсіпке, іске қатысты ұғымдардың «аңшы, әскер, шопан, диірменші, көмірші, палуан, себетші, шәрбәтші, жүзімші», ал ерекше қасиет иесі болуды қажетсінетіндер «аспапшы, сиқыршы» сөздері екенін көреміз. Бұл сөздер зат есімді және сын есімді тіркестер түрінде қолданылады.

Мәселен: Ал пехливан («*al pehlivan*»), әскер борусу («*asker borusu*»), әскер гүлі («*asker gülü*»), аңшы жүзімі («*avcı üzümü*»), аспапшы шөбі («çalgıcı otu»), шопан чантасы («çobançantası»), шопан чырасы («çobançırası»), шопанчөкертен («çobançökerten»), шопандегнеги («çobandeğneği»), шопандүдүгү («çobandüdüğü»), шопанекмеги («çobanekmeği»), шопан алмасы («çoban elması»), шопанқасығы («çobankaşığı»), шопанинесі («çobaniğnesi»), шопанкалдыран («çobankaldıran»), шопан көстеги («çoban kösteği»), шопанпүскүлү («çobanpüskülü»), шопанпүскүлүгиллер («çobanpüskülügiller»), шопансүзгежи («çobansüzgeci»), шопантаккеси («çobantakkesi»), шопантарағы («çobantarağı»), шопантузлугу («çobantuzluğu»), шопан жүзімі («çoban üzümü»), диірменші жүзімі («*değirmenci üzümü*»)т.б. (Heger, Klaus 1963:89).

Өсімдік атауларында қолданылатын адамға қатысты атақ-дәрежелер мыналар: «бей, әмір, император, казы, король, паша, сұлтан, шах, уәзір, («efendi») мырза».

Мәселен: Алибей бидайы («*Alibey buğdayı*»), бей алмұрты («*bey armudu*»), бейбегенди («*beybeğendi*»), бейбөреги («*beyböreği*»), бейзамбағы («*beyzambağı*»), әмірәли («*emirali*»), әмірсұлтан («*emirsultan*»), император лаласы («*imparator lâlesi*»), император саңырауқұлағы («*imparator mantarı*»), император шөбі («*imparator otu*»), кадыбаш тікен («*kadıbaş diken*»), кадыбашы («*kadıbaşı*»), кады шөбі («*kadı otu*») т.б.

Қорытынды

Жоғарыдағы деректер негізінде түркі халықтарында өсімдік атауларының уәждемесі көбінесе ұқсас болып келетіндігі көрінеді. Олар жан-жануарларға ғана қатысты емес. Өйткені бұлардың ішінде адамның сыртқы пішіні, кескін-келбеті мен істейтін кәсібі мен жұмысына қатысты қойылған өсімдік атаулары жиі кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым Б. Тілеубердиев мынадай пікір айтқан болатын: «Когнитивтік тұрғыдан қарағанда, фитонимдік топонимдер, фитотопонимдер тек мал шаруашылығына қатысты деп есептеуімізге болмайды, себебі өсімдіктерге байланысты жер-су аттарында басқа да көптеген лингвоментальды ұғымдар, түсініктер, уәждік негіздер жатыр. Жалпылап айтқанда, ономастикалық «өсімдік» концептісінің көп деңгейлі құрылымында наным-сенімдерге, мал шаруашылығына, эстетикалық талғамдарға, географиялық позитивизмге (табиғи нысанның (объектінің) физика-географиялық ерекшелігінің тілде көрсетілуі), мифтік танымға т.б. байланысты түрлі когнитивтік ақпараттар бар. Осы ақпараттардың кодталған түрін айқындап ашып беру, өсімдік атауларының ономастикалық деңгейде пайда болуын анықтау, олардың когнитивтік негіздерін табу – «өсімдік» лингвоономастикалық концептісін талдап беру болып табылады» (Тілеубердиев, 2007:184).

Әдебиеттер

Filiz Gizem. (2019) Kitab-ı Dede Korkut'ta Hayvan ve Bitki Adları. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. – Denizli.
Gülsoy Ebru. (1998) Dede Korkut ve Manas'ta Bitki ve Hayvan Kültü. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. – Balıkesir.
Мұртаза Ш. (1991) Таңдамалы шығармалар. Қызыл жебе. – Алматы: «Жазушы».
Қалиев Б. (1989) Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: «Ғылым».
Сейдімбек А. (1997) Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: «Санат».
Жоханасова Х.М. (2014) Бұғы-маралға қатысты өсімдік атауларының семантика-грамматикалық ерекшелігі. //ҚазҰУ Хабаршысы.
Duran A. (1998) «Türkçede Bazı Bitki Adlarının Veriliş Sebepleri» // Türk Dili, Ankara. (555).
Alkayış F. (2007) Türkiye Türkçesindeki Bitki Adları. Yayınlanmamış Doktora Tezi. – Kayseri.
Nişanyan S. (2002) Sözlerin Soyağacı: Çağdaş Türkçenin Etimolojik Sözlüğü. – Ankara: Adam Yayınları.
CLAUSONS. G. (1972). An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish, Oxford University Press – ISBN10 0198641125 P.1038.
Zeynalov F. Türk Lehçelerinin Karşılaştırmalı Dilbilgisi, (Çev.: Yusuf Gedikli). – İstanbul: Cem Yayınevi, 1993.
Cruse, A. D. (2000). "Meaning in Language: An Introduction to Semantics and Pragmatics", Oxford University Press – ISBN 0-19-870010-5. P. 424.
Deely, J. (1990). Basics of Semiotics. Bloomington: Indiana University Pres. – ISBN 0253316766 P. 149.
Emiroğlu K. (2000) Uygarlık ve Bitki Adları. Tarih ve Toplum, İstanbul.
Boyraz Ş. (1996) «Karacaoğlan'da Hayvan ve Bitki Adlarının Fonksiyonları», Türklük Bilimi Araştırmaları, İstanbul, (2).
Baytop, Turhan. (1997) Türkçe Bitki Adları Sözlüğü, TDK Yayınları, Ankara.
Heger, Klaus (1963). "Homographie, Homonymie und Polysemie". M. Niemeye Pres.- ISBN 7653316766 P. 491.
Тілеубердиев Б.М. (2007) Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: «Арыс» баспасы.

References

Alkayış F. (2007) Türkiye Türkçesindeki Bitki Adları. Yayınlanmamış Doktora Tezi. [Plant Names in Turkey Turkish. Unpublished Doctoral Thesis]– Kayseri, 2007. (in Turkish).
Boyraz Ş. (1996) «Karacaoğlan'da Hayvan ve Bitki Adlarının Fonksiyonları», Türklük Bilimi Araştırmaları, [«Functions of Animal and Plant Names in Karacaoğlan»] – İstanbul, 1996. (in Turkish).
Baytop, Turhan; Türkçe Bitki Adları Sözlüğü, TDK Yayınları. [Turkish Dictionary of Plant Names, TDK Publications] – Ankara, 1997. (in Turkish).
Clausons. G. (1972). An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish, Oxford University Press – ISBN10 0198641125 P.1038. (in English).
Cruse, A. D. (2000). "Meaning in Language: An Introduction to Semantics and Pragmatics", Oxford University Press – ISBN 0-19-870010-5. P. 424. (in English).
Duran A. (1998) «Türkçede Bazı Bitki Adlarının Veriliş Sebepleri» // Türk Dili, [Reasons for Giving Some Plant Names in Turkish]. Ankara. (in Turkish).
Deely, J. (1990). Basics of Semiotics. Bloomington: Indiana University Pres. – ISBN 0253316766 P. 149.
Emiroğlu K.(1984). Uygarlık ve Bitki Adları. Tarih ve Toplum, [Names of Civilizations and Plants.] İstanbul. (in Turkish).
Filiz Gizem. (2019). Kitab-ı Dede Korkut'ta Hayvan ve Bitki Adları. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. [Names of Animals and Plants in the Kitab-i Dede Korkut.] – Denizli. (in Turkish).
Heger, Klaus (1963). "Homographie, Homonymie und Polysemie". M. Niemeye Pres.- ISBN 7653316766 P. 491.
Johanasova X.M. (2014) / Bugi-maralga katisti osimdik ataularinin seantika-grammatikalik ereksheligi [Semantic and grammatical features of plant names related to deer.] – Almati. Bulletin of the KazNU.
Kaliyev B. (1988). Kazak tilindegi osimdik ataulari [Plant names in the Kazakh language. –Almaty: sienece, 240 b. (in Kazakh).
Murtaza Sh.(1991). Tandamali shigarmalar. Kizil jebe [Favorite works. Red arrow.] – Almaty: "Writer".
Nişanyan S. (2002). Sözlerin Soyağacı: Çağdaş Türkçenin Etimolojik Sözlüğü. [Genealogy of Words: Etymological Dictionary of Modern Turkish.] – Ankara: Adam Yayınları. (in Turkish).
Gülsoy Ebru. (1998). Dede Korkut ve Manas'ta Bitki ve Hayvan Kültü. Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. – Balıkesir .(in Turkish).
Seydimbek A. (1997). Kazakh alemi. Etnomadenu paiymday. Oky kyralu [The Kazakh world. Ethnocultural thinking. Textbook.] – Almaty: " Sanat ".
Tleuberdiev B.M. (2007). Kazakh onomastikasynyn lingvokonseptologiallyk negizderi [Linguo-conceptual bases of Kazakh onomastics.] – Almaty: " Arys Publishing House".
Zeynalov F. (1993). Türk Lehçelerinin Karşılaştırmalı Dilbilgisi, (Çev.: Yusuf Gedikli). [Comparative Grammar of Polish Dialects]– İstanbul: Cem Yayınevi, (in Turkish).

ҒТАМР 16.01.33 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph7

С.Б. Бектемірова[1]*, Р. Ауесхан[2], Ж.А. Акимишева[1]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Хаджеттепе университеті, Түркия, Анкара қ.
*e-mail: saule.bektemirova77@gmail.com

ТҮРКІТАНУ МЕТАТІЛІНІҢ ҚҰРАСТЫРЫЛУЫ МЕН ТҮСІНІКТЕМЕСІ

Түркілердің әлем кеңістігіндегі тарихи-этникалық, мәдени, саяси, лингвистикалық, географиялық т.б. ерекшеліктері мен жетістіктері туралы жүйелі, сауатты танымының қалыптасуы және қазіргі түркі халықтары тілдерін зерттеумен байланысты құрастырылған ғылыми-концептуалдық, терминологиялық аппаратты қамтитын энциклопедиялық сөздік түркілік бірлікті, түркілік бірегейлікті жаһандануда сақтап қалу жолындағы басты шаралардың бірі. Энциклопедиялық лұғаттың басты артықшылықтарының бірі – түркітану ғылыми терминологиясы мен ғылыми-концептуалдық аппаратын оның дербес метатілі ретінде зерттеу. Мұндай зерттеулер түркі тілдеріндегі сөздердің лексикологиялық корпусын анықтауға, түркітану ғылымының жүйелі әдіснамасын қалыптастыруға, әлеуметтік пікірлерді, ғылыми метатілді қолдануды, конференция материалдарымен жұмыс істеуді, диспуттар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Өйткені сөздіктен әлемнің тілдік бейнесін жасайтын ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға болады. Зерттеу бір ғана лингвистика ғылымының аясында емес, сондай-ақ антропология, әлеуметтану, мәдениеттану, когнитология, география ғылымдарының да тоғысында жүзеге асырылады. Зерттеу лингвистика, география ғылымдары әдіснамаларына сәйкес диахронды және синхронды, салыстырмалы-тарихи және диахрондық-этимологиялық, сипаттамалы және контрастивтік, статистикалық, лингвистика-математикалық және квантативтік, әлеуметтік сауалнама, концептуалдық талдау, ассоциативтік және эксперименттік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асырылады. Мақаланың басты ұстанымы – түркітанудың ғылыми терминологиясы мен ғылыми-концептуалдық аппаратын оның дербес метатілі ретінде зерттеу.

Түйін сөздер: түркітану, сөздік, мета тіл, энциклопедиялық лұғат, термин, терминология, этнос, рухани-мәдени құндылық.

S. Bektemirova[1*], R. Auyeskhan[2], Zh.A. Akimisheva[1]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty
[2]University of Hacettepe, Turkey, Ankara
*e-mail: saule.bektemirova77@gmail.com,

Formation and interpretation of the methodology of turkic science

The encyclopedic dictionary which includes scientific, conceptual, and terminological apparatus related to the study of modern Turkic people languages is one of the main measures to preserve the Turkic unity and identity in globalization. The formation of a systematic, competent representation of the Turks about historical and ethnic, cultural, political, linguistic, and geographical features helped to reveal the significance of the formation of historical consciousness. One of the main advantages of the encyclopedic dictionary is the study of Turkological scientific terminology and scientific-conceptual apparatus as its independent metatheme. Such research allows to determine the lexicological corpus in the Turkic languages, to form a systematic methodology of Turkological science, to use the scientific metalanguage, to work with conference materials, and to organize discussions. Specific features of the national mentality that creates a language image of the world can be distinguished in the word-formation system of this source. This wide research is carried out not only within the framework of linguistic science, but also at the intersection of anthropology, sociology, cultural studies, cognitive and geographical sciences. From this perspective, the scale of financing for this research is justified. For realization of the project, diachronous and synchronous, comparative-historical and diachronic-etymological, descriptive and contrastive, statistical, linguistic-mathematical and quantitative, social survey, conceptual analysis, associative and experimental methods of linguistic and geographical sciences. One of the main features of the article is the study of the scientific terminology of Turkology as a separate metalanguage.

Key words: Turkology, dictionary, metalanguage, encyclopedic dictionary, term, terminology, ethnos, spiritual and cultural value.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

С.Б. Бектемирова[1*], Р. Ауесхан[2], Ж.А. Акимишева[1*]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
[2]Университет Хаджеттепе, Турция, г. Анкара
*e-mail: saule.bektemirova77@gmail.com

Формирование и интерпретация метаязыка тюркологической науки

Энциклопедический словарь, включающий научно-концептуальный, терминологический аппарат, связанный с изучением языков современных тюркских народов, является одной из главных мер по сохранению тюркского единства, тюркской идентичности в глобализации. Формирование системного, грамотного представления тюрков об историко-этнических, культурных, политических, лингвистических, географических особенностях помогло раскрыть значимость формирования исторического сознания. Одним из главных преимуществ энциклопедического словаря является изучение тюркологической научной терминологии и научно – понятийного аппарата как его самостоятельной метатемы. Такие исследования позволяют определить лексикологический корпус в тюркских языках, сформировать системную методологию тюркологической науки, использовать научный метаязык, работать с материалами конференций, организовывать дискуссии. В словообразовательной системе данного источника можно выделить специфические особенности национального менталитета, создающего языковую картину мира. Исследование реализуется не только в рамках лингвистической науки, а также антропологии, социологии, культурологии, когнитологии и на стыке географических наук. С этой стороны обосновывается привлечение масштаба финансирования данного проекта. Для реализации проекта будут использованы диахронный и синхронный, сравнительно-исторический и диахронно-этимологический, описательный и контрастивный, статистический, лингво-математический и квантативный, социальный опрос, концептуальный анализ, ассоциативный и экспериментальный методы лингвистических и географических наук. Одной из основных особенности статьи является исследование научной терминологии тюркологии как отдельный метаязык.

Ключевые слова: тюркология, словарь, мета-язык, энциклопедический словарь, термин, терминология, этнос, духовно-культурная ценность.

Кіріспе

Сөздікте түркология ғылымы бойынша жарық көрген әлемдік және отандық мол ғылыми теориялық еңбектер мен түркі халықтарына тән бай көне ескерткіштер, мұралар, шежірелер, жәдігерлер, құнды дүниелерден жинақталған материалдар негізінде, түркітану ғылымы үшін құнды лингвомәдени әрі метатілдік ғылыми дереккөз болып табылатын түркітану терминдеріне қысқаша энциклопедиялық түсініктеме беріледі.

Қазақстандағы түркітану ғылыми метатілінің құрастырылуы мен түсініктемесі жоғары оқу орындарында жалпы түркітану, түркі тілдері бағыттары бойынша білім алушылармен ізденушілерге ғылыми ақпаратқа қол жеткізуге тура және оңай сілтей алады. Сонымен қатар пәнді меңгеруде лингвистикалық терминдермен танысып, оларды ғылыми тұрғыдан пайдалануды үйренеді (Bektemirova, 2017: 339-347).

Түркітанудағы терминдерді білмеу, бірыңғайлылықтың болмауы, шатастырылуы, т.б.

Мақалада Алтай дәуірінен бастап қазіргі ең жаңа түркі дәуіріне дейінгі алты кезеңді қамтитын мол ғылыми теориялық еңбектер мен түркі халықтарына тән бай көне ескерткіштер, мұралар, шежірелер, жәдігерлер, құнды дүниелерден жинақталған материалдар негізінде, түркітану ғылымы үшін құнды лингвомәдени әрі метатілдік ғылыми дереккөз болып табылатын nүркітану терминдеріне қысқаша энциклопедиялық түсініктеме беріледі. Мақалада түркітану ғылымының базалық мәселелері, түркітану ғылымында қолданылатын атаулар мен ұғымдардың түсініктемесі, мән-мағынасы, сипаттамасы беріледі.

Мақаланың өзектілік негіздемесі және ғылыми жаңалығы отандық және әлемдік ғылым кеңістігіне өзгеше жаңа әрі тың дүниелердің зерттелуіне зор ықпалын тигізері сөзсіз.

Жалпы қазақ тіл біліміне негізделіп жазылған ортақ сөздік ретінде С. Аманжоловтың «Диалектологиялық сөздігі», Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий», «Древнетюркский словарь», «Қысқаша этимологиялық сөздік», В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», Е.Н. Шипованың «Словарь тюркизмов в русском языке», М. Фасмердің «Этимологиялық сөздігі»,

К.К. Юдахиннің «Киргизско-русский словарь» сияқты қос тілді аударма және фразеологиялық сөздіктер түрлерімен қатар бірнеше лексикографиялық еңбектермен бірге қазақ тілінің зерттелу тарихи дәуірін А. Алекторовтың «Киргизская хрестоматия», И.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизкого наречия», В.В. Катаринскийдің «Практические уроки русского языка для киргизов» және «Первоначальный учебник русского языка для киргизов», В.В. Катаринскийдің құрастырған «Краткий русско-киргизский словарь», П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка», Н.Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» және т.б. (Авакова, 2018: 46) еңбектерімен қатар ірілі-ұсақты сөздіктер мен сөздікшелер, анықтағыштарды ғана ауызға алғанымыз болмаса, жалпы Қазақстан түркітануында осы уақытқа дейін теориялық негізде жазылған бірде бір сөздік жоқ. Аталмыш ғылыми лұғат теориялық әрі практикалық тұрғыдан қазіргі түркітану ғылымы бойынша метатілдік ғылыми ақпараттарды қамтыған бірден-бір бірегей құнды еңбек болады деп ойлаймыз.

Ал жалпы түркітану бойынша жызылған этимологиялық сөздіктердің де орны бөлек. Мысалы 1878 жылы жарияланған Х. Бамберидің Түрік-татар тілдерінің этимологиялық сөздігі, 1969 жылы жарияланған Марти Расаненнің Түркі тілдерінің этимологиялық сөздіктерін жасауға кіріспе атты сөздігі, Г. Клаусонның Ескі Түркі ескерткіштерінен 13-і ғасырға дейінгі түркі тілінің этимологиялық сөздігі секілді еңбектердің маңызы зор.

Кез келген халықтың тілінен, мәдениетінен, әдебиетінен, этнографиясынан, тарихынан мол хабар беретін, халқымыздың атам заманнан етене бірге жасасып, бірге өмір сүріп келе жатқан тіліндегі сөз байлығын тізіп, халықтың айнасы болып саналатын – лұғаттар. Сөздіктерді зерттейтін ғылым саласылұғаттардың тізбесі ретіндегі рөлді ғана атқармайды. Сөздікке енгізілген атаулар белгілі бір кезеңдегі халықтың әдет-ғұрп, салт-дәстүрінен, дүниетанымынан хабар беретін құнды жәдігер болып саналады.

Материал және әдістер

Жалпы түркітану бойынша негізгі ғылыми еңбектердегі терминдік сипаты бар ғылыми ұғымдарды жинақтау, сұрыптау, түсіндіру, талдау тәсілдерімен қатар салыстырмалы және салғастырмалы, тарихи және сипаттамалы тіл білімі әдістерін басшылыққа ала отырып құрастырылып, түсініктемелері берілді. Сөздікке негіз болған ең маңызды еңбектерді төмендегідей көрсеттік:

А.С. Аманжоловтың соңғы жарық көрген кітаптарының бірі Түркі филологиясының негіздері атты ғылыми оқулығы жалпы түркі филологиясына, түркітанудың өзекті мәселелеріне, түркі тілдері мен халықтарының пайда болуы генезисіне, жеке бөлініп шығып, ұлттық статусқа ие болған түркі тілдерінің өздеріне тән тілдік ерекшеліктеріне, көне руникалық жазуының тарихына, жазба ескерткіштердің тілдік жүйесін талдауға арналған.

Ә. Қайдар, М. Оразовтың Түркітануға кіріспе атты оқу құралы жоғары сұранысқа ие кітаптардың бірі. Қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар белгілі ғалым, түркітанушы Ә. Қайдар мен М. Оразовтың бұл еңбегі түркі тілдерінің жекелей ерекшеліктеріне, түркі тайпаларының саяси және географиялық жағдаятына, түркітану ғылымының даму және қалыптасу кезеңіне жақсы тоқталған еңбек.

К. Биқұмардың Қазақ халқының салт-дәстүрлері атты еңбегі. Моңғолиядан шыққан белгілі қазақ ғалымдарының бірі – Биқұмар Кәмалашұлы. Өзінің саналы ғұмырында қазақ халқының салт-дәстүрлерін жинап, ел есінен ескіре бастаған жоралғы, атауларды жинақтап соларға анықтама беріп қазақ салт-дәстүрлерінің энциклопедиялық еңбегін жасаған еді. Аталмыш еңбекте түркітануға қатысты тас мүсін, бал бал тас, мықтың үйі, оба секілді терминдерін алдық.

Ғ. Айдаровтың Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі еңбегі. Белгілі ғалымның бұл еңбегі атының өзі айтып тұрғандай көне түркі ескерткіштерінің тіліне арналған. Ғалым өз еңбегінде Енисей, Талас, Орхон ескерткіштеріне жүйелі малұмат бере отырып, көне түркі руникалық жазба ескерткіштері материалдарын негізге ала отырып, оларды жеке-жеке жіктеп, ескерткіштер тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін анықтап, ғылыми дәйектемелермен түсіндіреді. Осы арқылы көне түркі тілінің қазақ тіліндегі оқулығын жазды деп бағаласақ артық емес. Сонымен қатар еңбекте көне түркі әліпбиі жан-жақты талданып, көне түркі таңбаларының оқылуын жүйелеп бір негізге түсірген өзінің кестесін ұсынады. Еңбек 1986 жылы жазылса да өзінің маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ.

Қ. Сартқожаұлының Орхон мұралары еңбегі. Еліміз тәуелсіздігін алуымен байланысты Қазақстан түркологиясы қарқынды даму жолына түсті.

С.Г. Кляшторныйдың Древнетюркские рунические памятники как источник по истории средней Азии еңбегі. Ресейдің қазіргі түркологиясының белгілі өкілі, ғалым С. Кляшторныйдың бұл еңбегімен таныса отырып,көне түкі ескерткіштеріне ұсынған жіктемесін алып отырмыз. Бүгінде түркітануда көне мұраларымызды бұрынғы тенденция бойынша Орхон, Енисей, Талас дейтін үш топқа ғана бөлушілік бар. Ғалымның осы еңбегінен біз бұл топтаудың үшеу емес жетеу болғандығын көреміз.

Әдебиеттерге шолу

Лұғатты түзу қадым заманнан бері келе жатқан, әр дәуірден сыр шертетін жәдігер. Тарих бойында әр сөздіктің жасалу мақсатына, өзгеруі және түрленуіне, ақпараттың қажеттілігіне сәйкес сөздік түрлері де дамып отырды. Лұғаттың ең алғашқы қайнар көзі сөздің түсініктемесін берумен бастылып, сөздіктер тілдік сөздік, түсіндірмелі сөздік, аударма сөздіктері секілді қоғам дамуына байланысты үнемі даму үстінде болды. Заман талабына сай жарық көрген сөздіктерді түзуде тарихи-диахрондық лұғаттардың да сабақтастығы әлі күнге дейін маңызды әрі құнды.

Түркі тайпалары туралы лингвистикалық, тарихи-этнографиялық, фольклорлық деректерді белгілі жүйеге келтіріп жазған алғашқы ғылыми еңбектер – Махмұд Қашқаридың Диуани лұғат-ит түрк (XI ғасырдың 2-жартысы) атты сөздігі, Жүсіп Баласағұнидің Құтадғу білік (1069 ж.) атты әдеби дидактикалық шығармалары, ортағасырдағы түркі халықтарының тарихынан, шығу тегінен мәліметтер берген Мұхаммед Хайдар Дулатидың Тарихи Рашиди, Қадырғали Жалайыридың Жылнамалар жинағы, Рашид-ад-Диннің Жами ат-тауарих т.б. шығармалары жатады (Авакова, Бектемирова, 2018: 9).

Лұғаттардан тарих беттерінде болған небір оқиғалар туралы ақиқатты біле алмаймыз, онда өткен оқиғалар жайлы хабар берілмейді, лұғатта жеке атаудың семантикасы, жеке сөздің белгілейтін ұғымдық категориясы бейнеленеді. Бұның өзі сол тарих қойнауындағы болған оқиғадан мол ақпарат бере алады. Халық тіл біліміне халықтар тарихындағы тілдің сыртқы келбеті туралы білімдер мен түсініктер кіреді (Құбылай, 2018: 11). Сондықтан лексикография тарихында әртүрлі аударма сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, салыстырмалы сөздіктер, салғастырмалы сөздіктер, т.б. жасалған.

Махмұд сөздігі – өз заманы ғана емес, күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймаған, түркі тілдерінің тарихын зерттеуде таптырмайтын бірден-бір тарихи материал. Мұнда бай тілдік материалдармен қатар түркі халықтарының сол кездегі қоныс ыңғайлары мен этнографиялық жақтарынан да құнды материалдар бар. Сөздік алфавит тәртібімен емес, буын саны тәсіліне қарай жасалған. Махмұд сөздігі әдеттегі сөздіктер сияқты тек лексикалық материалдармен ғана шектелмейді, ол – өте кең мазмұнды зерттеу. Мұнда түркі тілінің сөз қолданысы, оның семантикалық, дыбыстық, грамматикалық сипаттары, бір-біріне ұқсастық, өзгешеліктері жан-жақты ғылыми ұстамды қолдана отырып жазылған – түркілердің алғашқы энциклопедиясы (Авакова, Бектемирова, 2018: 93).

Түркі тектес халықтардың тілдері жайлы алғашқы ғылыми тұжырымдар, көзқарастар біздің заманымыздың алғашқы кездерінен-ақ айқындала бастаған. П.М. Мелиоранский XIX ғасырдың соңына таман жарық көрген Араб-филолог о турецком языке атты еңбегінде мұндай тілдік мәліметтердің араб тілді ғалымдардың еңбектерінде көптеп кездесетіндігін, әрі сол еңбектерге мән беру керек екендігімізді тілге тиек етеді.

Novosibdom [Electronic resource] : Accessed: http://novosibdom.ru/residential-complex-what-is-it.
Slovaronline [Electronic resource] : Accessed: https://eng-rus.slovaronline.com/
Korter [Electronic resource] : Accessed: https://korter.kz/
Krisha [Electronic resource] : Accessed: https://krisha.kz/
Merriam Webster [Electronic resource] : Accessed: https://www.merriam-webster.com/
Dictionary Cambridge [Electronic resource] : Accessed: https://dictionary.cambridge.org/
Koopman A. Names of Dwellings. A. Koopman. (2016). The Oxford Handbook of Names and Naming. Oxford: Oxford Univ. Press. 636-644pp. (in English)
Korchemkina S.N., Kashkina S.K., Kurbatova S.V. (1995). Anglo-russkij stroitelnyj slovar. Moscow: Russkii Yazyk. (in Russian)
Madieva G.B. (2019). Imya sobstvennoe v kontekste poznaniya. Almaty: Kazak Universiteti. (in Russian)
Madieva G., Kabytayeva A. (2020). Onomasticheskaya identichnost` kak marker sokhraneniya naczionalnoi identichnosti v ramkakh programmy «Rukhani zhangyru». Vestnik KazNPU im. Abaya, Seriya «Filologicheskie nauki». #4(74), 2020. 111-116 pp. (in Russian)
Madiyeva G.B., Aliakbarova A.T. (2020). On Some Current Trends in Kazakh Anthroponymy. Voprosy onomastiki, Vol. 17, Issue 2. 2020. 312–322 pp. (in English)
Nakayama T.K, Martin J.N. (2020). Intercultural Communication in Contexts (2nd ed.). Mayfield, Mountain View, CA. (in English)
Podolskaya N.V. (1978). Slovar` russkoj onomasticheskoj terminologii. Moscow: Nauka. 154 p. (in Russian)
Podolskaya N.V. (1988). Slovar` russkoj onomasticheskoj terminologii. 2-e izd., pererab. i dop. Moscow: Nauka. 88 p. (in Russian)
Podolskaya N. V. (1989). Imena vnutri i okolo goroda. Moscow: Nauka, 69-70 pp. (in Russian)
Podolskaya N. V. (1993). Nazvaniya zdanij – chast` gorodskoj kul`tury`. Moscow: Nauka. 134-140 pp. (in Russian)
Paul L., Skipper L., Skipper J. (1990). Toward a Theory of Nicknames: A Case for Socio-Onomastics, Names. New York. 273-282 pp. (in English)
Razumov R.V. (2014). Aktivnye proczessy v soczialnoj i massovoj kommunikaczii: kollektivnaya monografiya. Yaroslavl`: YaGPU. 290–307 pp. (in Russian)
Razumov R. V. (2015). Ojkodomonimy kak raznovidnost gorodskikh onimov. Kiev. 115-123 pp. (in Russian)
Razumov R. V. Goryaev S. O. (2018). Nazvaniya zhilykh kompleksov: mezhdu urbanonimami i reklamnymi imenami. Nauchnyj dialog. # 9. 76-97 pp. (in Russian)
Ushakov D.N. (1940). Tolkovyj slovar russkogo yazyka. Moscow: Nauka. (in Russian)
Zhanuzakov T. (2008). Vashe imya? [Kazakhsko-russkij slovar]. Almaty: Ana-tili. (in Russian, in Kazakh)

ҒТАМР 16.21.47 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph12

А.С. Кушкимбаева[1*], Б.С. Карагулова[1], Я. Конечны[2]

[1]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.
[2]Карлов университеті, Чехия, Прага қ.
*e-mail: Alitok@mail.ru

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ВЕСТИАЛДЫ ЛЕКСИКАНЫҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН АШУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада М. Әуезов драмаларының тілінде кездесетін киім атауларының экстралингвистикалық сипатын ұлттық таныммен бірлікте қарастырамыз. Мақаланың мақсаты – М.Әуезов шығармалары арқылы халықтың рухани және материалдық мәдениетін көрсету.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы. Жалпы прозалық, поэзиялық шығармаларда вестемалардың сөйлемдегі қызметі анық көрінеді. Ал драмалық шығармаларда вестемалар көбіне көріністерде аталып тұрады. Сондықтан оның қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтау зерттеушіге тиесілі болады. Мысалы, Қарагөз ұзатылып бара жатқанда басында сәукеле болады. Оны автор жазды, көрермен көріп отыр, біздің мақсатымыз – оны қандай мақсатпен кигізіп тұрғанын анықтау. М. Әуезов драмаларындағы вестемаларды ашу арқылы қазақ қоғамындағы киім кию салтынан хабардар етуді, ұлттық танымды бағамдау, ұлттық ойлауды тану арқылы тілдік тұлғаның идиоэтникалық сипатын ашуды мақсат еттік.

Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы. Материалды зерттеу кезінде мотивациялық-салыстырмалы талдау, сипаттамалық әдіс, компоненттік талдау әдісімен толықтырылған көркем шығарманың лексикасын семантикалық-стилистикалық талдау, этимологиялық талдау әдісі қолданылды. Жүргізілген уәждемелік-салыстырмалы зерттеу барысында киімдерді білдіретін лингвомәдениеттанудың уәждемесі белгілі бір заңдылыққа қарайтын және киімнің атауын нақты семантикалық облыспен байланыстыратын ұқсас номинативті қағидалар бойынша жүзеге асырылатыны анықталды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары. Қазіргі заманғы қабылдау тұрғысынан киімді білдіретін таңбалауыштарды (М.Әуезовтің драмалық шығармалары негізінде) шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

1) Таныс сөздер;
2) Таныс, бірақ «киім» ұғымына сәйкес келмейтін сөздер;
3) Қазіргі қазақ тілінде таныс, бірақ аз кездесетін сөздер;

М.Әуезов тіліндегі қазіргі оқырманның лексиконындағы белсенді және пассивті сөздіктің арақатынасын, бейтаныс лексемаларды семантикалық тұрғыдан дамыған лексикалық бірліктерге ауыстыруды қажет етеді, бұл ең алдымен тілдік тұлғаның лексикографиялық құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеудің құндылығы. Драматург тіліндегі киім атаулары адамның ой-сезіміне тікелей ықпал ететіндей көркем де жатық бейнеленген экспрессивтік қасиет – тіл мен әдебиет бірлігіндегі ғажайып құбылыс екені айқындалып, көркем сөздің кейіпкер қасиетін ашуда қосатын үлесі нақтыланды.

Жұмыс қорытындысының практикалық мәні. Драмалық шығармаларды талдау барысында кейіпкер бейнесін ашып қана қоймай, автордың тілдік тұлғасын кейіпкер тілі арқылы ашуға болатынын дәлелдейді. Бұл зерттеудің нәтижелері лингомәдениеттану, когнитивті лингистика, көркем мәтінге лингвистикалық талдауларда кеңінен қолданылады.

Түйін сөздер: лингвомәдени сөздер, сәукеле, ұлттық мәдениет, ақпарат, материалдық мәдениет, экспрессивтік қасиет7

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

A.S. Kushkimbayeva[1*], B.S. Karagulova[2], J. Konechny[3]
[1]Aktobe Regional University after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe
[3]Charles University, Czech Republic, Prague
*e-mail: Alitok@mail.ru

The role of vestial vocabulary in shaping the hero's image in the drama works

In the article, we will try to consider the extralinguistic nature of clothing names found in the language of M. Auezov's dramas in unity with National Knowledge.

The aim of the article is to show spiritual and material culture of the people through the works of M.Auezov.

Brief description of the scientific and practical significance of the work. In general prose and poetic works, the function of vestems in a sentence is clearly visible. And, vestems in dramatic works are often mentioned in scenes. Therefore, it is up to the researcher to determine what function it performs. For example, when Karagoz is going to get married she wears saukele. It was written by the author, and the spectator is watching, and our goal is to find out the purpose of putting it on.

Brief description of the research methodology. While studying the material, we used the method of semantic and stylistic analysis of the vocabulary of a work of art, etymological analysis, supplemented by the method of motivational and comparative analysis, descriptive method, component analysis.

The main results and analysis, conclusions of the research. From the point of view of modern perception, tokens representing clothing can be divided into the following groups:

1) familiar words;

2) words that are familiar, but do not correspond to the concept of» clothing»;

3_ familiar but less common words in the modern Kazakh language;

It requires the ratio of active and passive vocabulary in the vocabulary of the modern reader in the language of M. Auezov, the replacement of unfamiliar lexemes into semantically developed lexical units, which primarily contributes to the formation of lexicographic competence of the linguistic personality.

Practical significance of the results of the work. The results of this study are widely used in linguocultural studies, cognitive linguistics, linguistic analysis of literary texts.

Key words: linguoculturemes, saukele, national culture, information, material culture, expressive qualities7

А.С. Кушкимбаева[1*], Б.С. Карагулова[2], Я. Конечны[3]
[1]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актобе
[2]Карлов Университет , Чехия, г. Прага
*e-mail: Alitok@mail.ru

Роль вестиальной лексики в раскрытии образа героя в драматических произведениях

В статье попытаемся рассмотреть экстралингвистический характер названий одежды, встречающихся в языке драм М. Ауэзова, в единстве с национальным познанием.

Цель статьи – показать через произведения М. Ауэзова духовную и материальную культуру народа.

Краткая характеристика научной и практической значимости работы. В общих прозаических, поэтических произведениях хорошо видна функция вестем в предложении. А в драматических произведениях вестемы часто упоминаются в сценах. Поэтому определение того, какую функцию выполняют вестемы, входит в задачи исследователя. Например, когда Карагоз выдают замуж, на голову ей одевают саукеле. Об этом пишет автор, читатель видит, а наша задача – определить, с какой целью используют указанный головной убор.

Краткое описание методологии исследования. При изучении материала использовался мотивационно-сравнительный анализ, описательный метод, семантико-стилистический анализ лексики художественного произведения, дополненный методом компонентного анализа, метод этимологического анализа. В ходе проведенного мотивационно-сравнительного исследования было установлено, что мотивация лингвокультурологии, выражающая одежду, реализуется по сходным номинативным принципам, рассматривающим определенную закономерность и связывающим название одежды с конкретной смысловой областью. Раскрывая вестемы в драмах Ауэзова, стремились к осознанию обряда одевания в казахском обществе.

Основные результаты и анализ, выводы исследования.С точки зрения современного восприятия лексемы, обозначающие одежду, можно условно разделить на следующие группы:

1) знакомые слова;

2) знакомые, но не соответствующие понятию «одежда» слова;

3) знакомые, но менее распространенные слова в современном казахском языке;

Требует соотношения активного и пассивного словаря в лексиконе современного читателя М. Ауэзова замены незнакомых лексем семантически развитыми лексическими единицами, что в первую очередь способствует формированию лексикографической компетенции языковой личности.

Ценность исследования. Было установлено, что названия одежды на языке драматурга представляют собой художественно-образную выразительную черту, непосредственно влияющую на мышление человека – удивительное явление в единстве языка и литературы, конкретизирован вклад художественного слова в раскрытие свойств характера.

Практическое значение результатов работы. Анализ драматических произведений доказывает, что можно не только раскрыть образ героя, но и раскрыть языковую личность автора через язык героя. Результаты исследования используются в лингвокультурологии, когнитивной лингвистике, лингвистическом анализе художественных текстов.

Ключевые слова: лингвокультуремы, саукеле, национальная культура, информация, материальная культура, выразительные качества7

Кіріспе

Зерттеудің объектісі – көркем шығармадағы кейіпкерлердің сыртқы келбетін вестиалды лексика арқылы көркем сипаттау. Зерттеудің мақсаты – тілдің ерекше, эстетикалық функциясымен байланысты көркем мәтіндегі тілдік материалдың ерекшелігін ескере отырып, қазіргі қазақ драмаларындағы портреттік сипаттамалардың жалпы, типологиялық ерекшеліктерін анықтау. Кейіпкерлердің портреттік сипаттамалары мен жалпы көркем шығарманың ерекшеліктерін қабылдауы мен дұрыс түсінуіне әсер ететін тілдік ерекшеліктерді анықтау келесі нақты міндеттерді анықтауға мүмкіндік береді:

1) портреттік сипаттамалардың лексикасының құрамын анықтау, көркем мәтінде ең көп қолданылатын лексикалық бірліктерді анықтау;

2) кейіпкерлердің бейнелерін ашуда ең маңызды болып табылатын сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсете отырып, шығарма авторының портреттік сипаттамалар лексикасын пайдалануының жалпы ерекшеліктерін белгілеу.

Портреттік сипаттамалардың лексикасы жеке жазушылардың шығармашылығына арналған кейбір лингвистикалық зерттеулердің тақырыбы болды. Бұл лексиканы сипаттау аспектісінде оның құрамы мен жазушының шығармаларындағы жұмысының жалпы ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру әрекеттері жасалмады. Бұл осы зерттеудің ғылыми жаңалығын анықтады. Жұмыста баяндалған материалды оқытушы көркем мәтінді сондай-ақ адам, портрет, мінезді талдау мәселелеріне арналған арнайы семинарларда қолдана алады. Зерттеу материалы ретінде М. Әуезовтің драмалық шығармалары алынды.

Материал және әдістер

Материалды зерттеу кезінде мотивациялық-салыстырмалы талдау, сипаттамалық әдіс, компоненттік талдау әдісімен толықтырылған көркем шығарманың лексикасын семантикалық-стилистикалық талдау, этимологиялық талдау әдісі қолданылды.Киімнің атауы, кез-келген сөз сияқты, белгілі бір мәдени және тарихи уақытпен байланысты бірқатар қауымдастықтардың лексикалық өкілі ретінде әрекет етеді. Жаңа мағыналар мен қолданыстардың дамуына қарамастан, сөз ежелгі тарих, бұрынғы қолданыстар туралы «естеліктерді» сақтайды. Сөздің тарихи жады ана тілдерінің тілдік санасында кездеседі. Сөзді ұмытып кету көркем мәтінді жеткіліксіз, дұрыс түсінбеуге әкеледі. Жазушы оқырман үшін әдеби шығарма жасайды, оның реакциясы мәтінді қабылдау мен түсінуден тұрады. Мәтін – оқырманның санасында автордың бастапқы ойына сәйкес келетін ойды қалыптастыруға бағытталған сөйлеу әрекетінің аралық нәтижесі. Көркем әлемнің, көркем бейненің болуы әлемнің оқырмандық дамуының белсенділігіне, сондай-ақ авторлық белсенділікке байланысты. Әдеби қарым-қатынастың жетістігі көптеген себептерге, соның ішінде оқу белсенділігі мен тілдік құзіреттілікке байланысты. Бұл үшін қоғам өмірінің барлық аспектілерінің өзгеруінен кейін өзгеретін автор мен оқырманға бірдей бағдар қажет. Мақалада М. Әуезовтің драмалық шығармаларында кездесетін вестиалды лексикаларға жеке тоқталып, этимологиялық талдау жасалады. Киім-кешек атауларының түсіндірме сөздікте берілген анықтамасы келтіріліп, бұл лексеманы қолданудағы автордың айтқысы келген ойы, сол арқылы кейіпкер бейнесінің

ерекшелігі ашылып, нақтыланады. «Киім» тақырыптық тобын М.Әуезов драмаларындағы лексикалық бірліктерін мотивациялық-салыстырмалы талдау жолымен мотивологиялық деңгейде зерттедік. Ғаламның кез-келген тілдік бейнесі семантикалық континиумдардан тұрады. Дегенмен, әрбір ұлттық тілдік сана осы континиумдарды мүше етудің жеке әдістерін таңдайды. Осы тәсілдер жазушы тілінде киімдерді белгілеу үшін қандай атаулық салалар тартылатынымен, олардың ішкі объектілеріне қандай сипаттар мен ұғымдар бекітілуімен, лексиканы ынталандыру қандай бағыттар бойынша жүзеге асырылатындығымен айқындалады.

Жүргізілген уәждемелік-салыстырмалы зерттеу барысында киімдерді білдіретін лингвомәдениеттанудың уәждемесі белгілі бір заңдылыққа қарайтын және киімнің атауын нақты семантикалық облыспен байланыстыратын ұқсас номинативті қағидалар бойынша жүзеге асырылатыны анықталды. Бұл әсіресе, киім-кишек салыстырылатын екі тіл үшін әмбебап, алайда киім-кешек заттарының атауларын білдіру нысаны драма әлеміндегі тілдік суреттердің айырмашылығы салдарынан әр түрлі.

Әдебиетке шолу

Жалпы киім-кишектер туралы, оныңкейіпкер бейнесін ашудағы қасиеті туралы шетелдік, отандық ғалымдар арасында зерттеліп жүр. Соның ішінде шетелдік ғалымдар Фен Линъюй, Ши Вэйминьнің «Очерки по культуре Китая» атты еңбегінде «Лингвомәдени көзқарас аясында лексиканыоқытумазмұнынқалыптастырумәдени таңбаланған тілдік бірліктердің категорияларын бөлуді, сондай-ақ олардағы ұлттық мәдениет пен менталитеттің ерекшеліктерін көрсету заңдылықтарын зерттеуді қамтиды. Мұндай категорияларға күнделікті әлемнің әртүрлі салаларын, соның ішінде киім атауларын вербализациялайтын нақты лексика жатады. Бұл киім, мәдениеттанушылардың пікірінше, «заттық ортаның барлық элементтерінің ішінен адаммен тығыз байланысты» (Линъюй, Вэйминь, 2001: 89) – десе, Ван Дань «Лексема «одежда» в русском и китайском языках « деген мақаласында киім – адам денесімен тікелей байланыста, ол оны қоршап алады (этимологиялық тұрғыдан – адам (адам) округі, оның жылуын сақтайды, адам қағидасының алғашқы, ең жақын иррадиация аймағын құрайды» **(**Дань, 2011:209) – деп киім-кишектердің рөліне аса мән береді. Шетел ғалымдары Cruse D. A., Geeraertz D., Grondelaers S., Bakema P. әйелдер киімінің аталымы жайында салыстырмалы зерттеулер жүргізген (Cruse, 2000: 424), (Geeraertz, Grondelaers, Bakema, 1994: 25). Пулитцеровск сыйлығының лауреаты Элисон Лурье «ұлттық өрнектің көрінісікостюм арқылы шығу тегі мен ұлттың жеке мақтаныш мәселесі және саяси ұстанымын растаудың тартымды түрі» деп баға береді (Centeno P., 2013: 93). Ponce R., Lady Di, Малайазия елінің ұлттық түсі ақ және алтын түстің мемлекеттің дінін құрметтеу, Мұхаммед пайғамбардың сүйікті түсі екенін, көйлектің ұзындығыдіни белгі ретінде қызмет ететінін жазады (Ponce R. Lady Di, 2012:125). Сондай-ақ Рим папасының киген монтилінің басқа адамдардың киюі – дінді құрметтеудің белгісі екенін J. V.Boo жазады (Boo J.V., 2014: 65). Киімнің сипаттамасы қоғамның бейнесін қабылдауға әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар жеке көрнекті тұлғалар бастапқыдағы бейтарап киім атауларын жаңа мағынамен қанықтыра алатынын M.Galaz зерттеген (Galaz M., 2015:25).

Отандық ғалымдар арасында этнолингвист ғалым Ж. Манкеева “Вестиалды лексика” атауына негіз болған түбір – латын сөзі, “киім-кишек” дегенді білдіреді (veste француз сөзі – куртка). Вестиалды лексиканың бірлігі *вестема* деп аталады.: “Киім-кишек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік үдерістер туралы ақпарат беріп қана қоймайды, олар – “тілдік” шығармашылықтың “тірі” қазынасы”, – деп көрсетеді (Манкеева, 2008: 10).

Вестиалды лексика құрамы төмендегідей сөз құрамынан тұрады:

1) киімнің түсін сипаттайтын сөздер: *ақ, қара, көк* т.б.;

2) киімнің материалын сипаттайтын сөздер: *былғары, елтірі, киіз, сеңсең* т.б.;

3) киімнің жаңа/ескілік белгісін сипаттайтын сөздер: жаңа, су жаңа (тон); ескілеу, жыртық, шоқпыт-шоқпыт, табаны тесік т.б.;

4) киімнің пішінін сипаттайтын сөздер: биік, шолақ т.б.;

5) киімнің көлемін сипаттайтын сөздер: кең, шоқпардай, тар т.б.;

6) киімнің қосымша белгілерін сипаттайтын сөздер: биік өкше, темір басты, май-май т.б.;

7) киімнің әшекей, суретін сипаттайтын сөздер: оюлы, гүлді т.б.;

8) киімнің сапалық, бағалық белгісін сипаттайтын сөздер: жұмсақ, жеңіл, жұқа, қалың т.б.;

9) киімнің шыққан жерін не модель авторын анықтайтын сөздер: американ (бәтеңке) т.б.

Ал ғалым Ә.Б. Алмауытова киім атауларының ономасиологиялық әдіс негізінде мынадай уәжділік түрлерін анықтаған:

1. Жасалу материалдарына байланысты уәжділік.
2. Формасына (пішініне) байланысты уәжділік.
3. Жасалу технологиясына байланысты уәжділік.
4. Әлеуметтік мәніне байланысты уәжділік.
5. Этномәдени ерекшелігіне байланысты уәжділік.
6. Түріне байланысты уәжділік.
7. Қызметіне байланысты уәжділік.
8. Көлеміне байланысты уәжділік (Алмауытова, 2004: 95).

Ал біз мақаламызда қазіргі заманғы қабылдау тұрғысынан киімді білдіретін таңбалауыштарды (М. Әуезовтің драмалық шығармалары негізінде) шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болатынын пайымдадық:

1) таныс сөздер;

2) таныс, бірақ «киім» ұғымына сәйкес келмейтін сөздер;

3) қазіргі қазақ тілінде таныс, бірақ аз кездесетін сөздер;

Семантикалық деңгейде I топтың лексикасы (таныс киім атаулары), бір қарағанда, оқу кезінде ешқандай қиындық туғызбайды, өйткені ол әлеуметтік-мәдени емес (шапан, сәукеле, кимешек, бешпент және т.б.) қазіргі оқырманға материалдық ортаның заттарымен оңай байланысты.

Жоғарыда айтылғандар оқырмандардың санасында «киім» ұғымымен сәйкес келмейтін атаулардың II тобына да қатысты (мысалы, жыға). Оқырман сөзді, мәтінді тек ауызша контексте түсінуді басшылыққа алады, бұл атау киімнің атауы екенін анықтайды, бірақ киімнің өзін көзбен елестету немесе берілген атауды (атаудың сипаттамасын) кейіпкермен, жағдаймен, киімнің сипаттамасымен байланыстыру оқырманға өте қиын болып көрінеді.

III топты құрайтын таныс, бірақ аз қолданылатын сөздер шамамен II топтағы атаулармен бірдей қабылдау жағдайымен сипатталады, тек айырмашылығы – бұл сөз белгілі, бірақ кез-келген жалпы ұғыммен байланысты, яғни объектінің нақты ерекшеліктері, оның сыртқы түрі туралы түсінілмейді. Бұл жағдайда мағынаның кейбір таныс сипаттары арқалы ғана белгілі (мысалы, камзол – сыртқы киім, қаптағай – жылы сыртқы киім).

М. Әуезов тіліндегі қазіргі оқырманның лексиконындағы белсенді және пассивті сөздіктің арақатынасын, бейтаныс лексемаларды семантикалық тұрғыдан дамыған лексикалық бірліктерге ауыстыруды қажет етеді, бұл ең алдымен тілдік тұлғаның лексикографиялық құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Киім атауларының контекстегі жұмыс істеуін «киім» лексикосемантикалық тобында болған семантикалық өзгерістерді ескере отырып, сондай-ақ коммуникативті-прагматикалық жағдайды және әлеуметтік-мәдени контекстті ескере отырып зерттеу керек.

Нәтижелер мен талқылау

Жалпы прозалық, поэзиялық шығармаларда вестемалардың сөйлемдегі қызметі анық көрінеді. Ал драмалық шығармаларда вестемалар көбіне көріністерде аталып тұрады. Сондықтан оның қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтау зерттеушіге тиесілі болады. Мысалы, Қарагөз ұзатылып бара жатқанда басында сәукеле болады. Оны автор жазды, көрермен көріп отыр, біздің мақсатымыз – оны қандай мақсатпен кигізіп тұрғанын анықтау. М. Әуезов драмаларындағы вестемаларды ашу арқылы қазақ қоғамындағы киім кию салтынан хабардар етуді, ұлттық танымды бағамдау, ұлттық ойлауды тану арқылы тілдік тұлғаның идиоэтникалық сипатын ашуды мақсат еттік. Мысалы: Көп қыз-келіншек нөкерімен сәукеле киген Қарагөз келе жатады (Әуезов М., 1982 :82). Сәукелені қазақ қызын ұзатарда кигізетіні туралы ақпарат беріліп тұр. “Сәукеле – қызды ұзатқанда киетін бас киім. Сәукелені қыз ұзатылғанда күйеу еліне киіп бару үшін тіктіреді. Сәукеле арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып сырған матадан жасалып, сырты қымбат матамен (барқыт, атлас, шұға) қапталып, шетін құндыз, кәмшат терісімен айналдыра тігіледі”. Қыз әкесі бай болса, бір сәукеле үшін қырық қысырақтың құнын беріп те жасататын болған екен. Сондықтан да бұл бас киімнің әдемілігі мен қымбаттығын қатар елестете беріңіз. Міне, осындай сәукелені қолға түсіру мақсатында жол торитын қарақшылар сол замандарда да бар еді. Ал келінді күтіп отырған ауылдың балалары қозы көш жерден таймен күтіп алып, адамдардың, сәукеленің амандығын көріп (бұл жерде адам амандығы бірінші орында тұр, қарақшылар пышақ тіреп сәукелені ғана алып кетпеген. Шағын ғана күйеу һәм қалыңдық

тобының адамдарын шығындап, кейде бәрін қырып кететін кездер де болған деседі): “Сау келеді, сау келеді”-лесіп, ауылға қарай шабатын болған деседі (Алмауытова, 2004: 245).

Бұл жерде Қарагөздің осал ауылдың қызы емес екені ашылып тұр. Екінің бірі ондай әдемі, қымбат сәукеле кие бермейді. Сәукеле – өз арнасына ұлттық болмыс, халықтық дәстүр, мінез, өнер, нақыш секілді сакральды мәндегі бернелерді жиыстыратын этностық үлгіге сәйкестенген үйлену тойында қызға кигізілетін дәстүрлі мәндегі бас киім. Сонда сәукеле деген ұғымның астарынан мынаны ұғынуға болады:

1. Сәукеле – тазалықтың, адалдықтың белгісі. Яғни қыз бала балалық дәуреннен өтіп, жаңұя құруға «тазарынып», «ақ болып бару» деген сенім.

2. Сәукеле – тұтастық, бірліктің символы. Яғни ер мен әйелдің бірлігін байланыстыратын, олардың жаңа өмірге аттануына «жол» болатын белгі.

3. Сәукеле – балалық шақпен қоштасудың басты нышаны (аксиологиялық мәндегі зат). Себебі қыз бала сәукелені екінші бір үйдің босағасын аттағанда ғана киетін киелі нәрсе.

Қазақ әйелдерінің басынан күнделікті тұрмыста басына тартқан бас киімі – жаулық. Мұхтар Әуезовтің пьесаларында жаулық кеңінен кездеседі. Мысалы “Қарагөз” пьесасын алып қарасақ:

Отырған адам көзінше
Әр жеріңді қасыма
Жаулығыңды шұбатпай,
Дұрыстап ора басыңа –

деген контексте *жаулық* сөзі – бас киім ретінде беріліп тұр.

Жаулық – әйелдердің басына салатын, тартатын орамал. Тәлдік лексиконда «жаулық» ұғымының мәні гендерлік сипатта тек әйелге ғана тән ұғым ретінде көрсетіледі. Тақия, бөрік секілді ұғымдар униформалы қызмет атқарса, жаулық кемелденген, ақыл тоқтатқанның белгісі, символы ретінде қолданылады. Сәукеледен кейінгі белесті жаулық алмастырса, өтпелі дәуірдің бастамасы, жаңа дәуірдің бернесі есебінде көрініс табады. Мына мысалдан да көретініміз, жас түскен келіншектің образын сипаттау барысында жаулықты негізге ала отырып, мәнмәтіндік ұғымда дәл орнын тауып тұр. Ал енді мына мысалды қаралық:

Уа, жұрт-ау, жеткен жеткен жоқ па бұл селебе?
Қайтеді істі берсек жол келеге
Маманның өз аулынан, өз қолынан
алмастай не кесір бар неменеде?
күйеу боп, екеуің де жасап алсаң,
Жаным-ау, тақияңа тар келе ме?
(“Айман-Шолпан” Әуезов М., 1982:56).

Бұл контекстте тақия сөзі бас киім ретінде емес, ауыспалы мағынада қолданылып келеді. Тақия жай сөз көрінгенмен, «тақияға тар келу» деген фразеологтялық тіркестің қалыптасуының астырнда атаудың мәні зор. Кез келген тіркестің, тілдік оралымның қалыптасуында концептуалдық, ментальдылықтың мәні жатқаны белгілі. Паремиологиялық бағыттағы құрылымдарда да киім атаулары өзіндік өлшеммен қолданылады. Мысалы, «бас сынса, бөрік ішінде» дегендегі бөріктің орнына тақия деп алмастыра алмайтынымыз белгілі, себебі бөріктің жасалу спецификасына сәйкес, оның ішіне бас және айналасындағы мүшелер (самай, маңдай, құлақ, желке) кіріп кететіндіктен, жалпы туындаған бірнеше мәселелер де бір ортаның өзі ішінде шешіледі деген мағына үстесе, ал тақия тек бастың жоғары бөлігін қамтығандықтан, бұл тіркеске сәйкес келмейді. Ал тақияны «тар келу» сөзімен байланыстыруда тек этникалық емес, соматикалық фактордың да әсері бар. Себебі тақия – басқа дөп келетін, формасын ұстап тұратын шағын болса да, кең келу, тар келу әсемдігін бұзады. Бұл жердегі ауыспалы мәнде қолданылып тұрса да, басты мағынадан алшақ кетпеген. Атаудың аксиологиялық мәні де тереңде. Оның төбесінде тұатын үкісінің өзі тек эстетикалық қана емес, мифтік-тотемдік қызмет атқарады. Бұл қазақ халқының арасында көне діни ұғымға байланысты үкі құсын “қасиетті құс” деп тотем тұтқандығынан пайда болған (Захарова, Ходжаева, 2007:43).

Кез келген атаудың этимологиясында негіз жататыны анық. Халықтың небір түрлі басынан кешкен оқиғалары, араласқан ұлттары, басқа халықпен байланысы тілге әсер ететіні бесенеден белгілі. Мысалы, көптеген сөздер түркі, араб, орыс, парсы тілінен бірден ене салмады, тіл тарихының негізінде үлкен халықтық сипат жатыр. Тіл мен ұлт әрқашан бірлікте жүрері хақ. Этнолингвистиканың ерекше сала екені осыдан да белгілі. Киім атаулары ұлттық мәдениеттен ақпарат береді (Мұратова, 2009: 168). Әсіресе, киім, тұрмыстық заттардың барлығында дерлік ұлттық менталитет, мәдениет, дәстүрдің көп

әсері бар екені анық. Әйтпесе тілді жасайтын халық, ал халықтың түсінігі тілде көрініс берері заңды.

"Қарагөз" пьесасында қыз бен жігіттің жасырын кездесуге келген сәттегі қыздың киімі былайша суреттеледі:

Қара шапан жамылып,
Қыз кетеді бір жаққа.
Ән шырқатып қағынып,
Сал кетеді сол шақта.
Салқын кеште сейіл қып,
Кім келеді бұл тасқа?
Жолығуға ыңғайлы
Болғандай-ақ мұндасқа
(Таңданып).
Мәні-жөнін ұқпадым,
Сонда да мұнда сыр басқа
(Әуезов, 1982: 82-110).

Қыз неге қара шапан жамылады? Себебі қара түс түнде көрінбейді. Және оны Асанның айтуы арқылы беріп, кездесу соңы жақсылықпен аяқталмайтынын ишара етіп тұр. «Қара» түсінің де атау ретінде бірнеше мәні бар, ол тек «өлім», «жамандық», «қатыгездік» концептілерімен ғана емес, ұғымның мықтылығы (қара қазақ, қара қазан, қара нар), нақтылығы (қара су, қара жер) секілді мәнмен қатар, себептілік сипатта келетіні анық. Қара шапан дегенінде де «қорғану», «көзге ілінбеу», «бейтараптану» сипаттары көрінеді.

Жүзтайлақ (күліп, қозғалып барып сандықты ашып, қымбатты *ішік алып, Ояздың иығына әкеп жауып жатып).* Біз суық емеспіз, тақсыр! Сізді тондырайық деген ниетіміз жоқ.

Ояз. Рақмет (тұрып, қолын қысып). Рақмет! Әй, жақсы, жақсы хозяйка Бибіш, тамыр біздің (Арқаға қағады, Бибіш сызылып тұрады).

Жүзтайлақ. Тоңдырсақ, айыбымыз үшін мына **ішікті** жаптым. Менің сізді жылытқаным осы, тақсыр (күледі) (*Әуезов,* 1982: 280).

Семенов. Ваше, высокоблагородие, какая она необыкновенная. Для киргизки, я бы сказал решительно, необыкновенная. Неге шапан емес, ішік жапты? Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: "Ішік – іш жағы аңның, малдың терісінен тігілген жылы сырт киім" – деп берілген. Ішік – қазақтың қасиетті киімдерінің бірі. Ішіктердің халқымыздың әдет-ғұрпында орын алғаны соншалық, сәндік үшін терінің бағалылығына қарай бақ-дәулетті адамдар керегеге іледі, қалың мал төлегенде қымбат материалды (құндыз, қасқыр, бота т.б.) ішіктерді сыйға, киітке беретін болған (Кенжеахметов, 1994: 15). Мәтінде айтылғандай, біреудің жаурап жүрмегені немесе біреудің тасып байып жатқаны көзге анық түседі. Қазақ қолындағы барын қонағына, соңғы атын досына, бар малын келген адамына жайып салатын керемет ұлт екені даусыз. Этнолингвистикалық этюдтер қазақтың классик жазушыларының барлық шығармаларында кездесіп қана қоймай, «тілдік тұлғаның» болмысын тәжірибелік негізде шынайы көрсетеді. Әуезовтің «тілдік тұлғасын» талдау барысында заңғар жазушының тіл мен ұлттың өзіндік байланысын шығармада ерекше көрсетеді. "Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында ішіктің алатын өзіндік ерекше тәлім-тәрбие мен құқықтық ережелер де бар. Мысалға қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды. Себебі жастық жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады" (Жәнібеков, 1996: 35) деген этнографиялық дерек этнос өмірінде киім-кешекті тұтынуда өзіндік мәнерге ие екендігін аңғартады. Материалдық мәдениет киім арқылы, адамның рухани мәдениеті мінезі арқылы сипатталады. Бұл жерде ішік үш адамға портреттік мінездеме беріп тұр. Біреуі – сол жабылған ішік үшін Жүзтайлаққа жақсы сөздерін арнаған ояз, екіншісі – "Жүзтайлақтың керемет адам екенін" аша түскен Семенов, үшінші – сол ұлыққа жағымпазданып тұрған Жүзтайлақтың өзі. Автордың бәйбішенің ұлыққа жағыну үшін жасайтын амалын сынаған ащы сарказмын көруге болады. Бұл жерде автор Жүзтайлақтың екіжүзділігін паш етіп тұр. Әшейінде жарлы-жақыбайларға жыландай ысқырынатын Жүзтайлақ ерекше сызылып қалыпты. Қаламгер барлық ұғымдарды орын-орнында қолданылады. Ішекті беру арқылы дәстүрді көрсете отырып, қаламгер образдың жағымсыз мінезін сатиралық бағытта ерекше үйлестірген. Оның қаламгерлік қарымы да осы жерден көрінеді.

Келесі мысалдағы Жүзтайлақтың қимылы мен мәнері оның ішкі психологиялық нәзік қалтарыстарын ашуға көмектеседі:

Жүніс (қылжақтап, ойнап). Бәрекелді, жолы болар жігіттің дәйім жеңгесі осылай келсейші! Жеңешемдей болсашы! (Бибішке үйіріліп). Әттең, дәурен!

Жүзтайлақ (бұған салқын қарап, басындағы шапанын иығына түсіріп, *зілмен).* Немене тәйтіктеніп? Шырағым, байқа, құрбың бар ма мұнда?

Шапан әдетте иыққа жабылады. Ал Жүзтайлақтың оны басына жабуы арқылы автор Жүзтайлақтың тағы бір қырын ашады: менмен, тәкаппар әйелдің бейнесі көз алдымызға келеді. Жалпы шапан сөзі жадағай, үстіне іле салатын киім көрінгенмен, оның аксиологиялық мәні зор. «Иығына шапан жабу» фразеологиялық тіркесі де – сыйлау, құрметтеп жіберу, рақмет айту мәнінде жұмсалады, сірә түп төркіні осындай халықтық мәнерден шыққаны мәлім. Шапан – сый сөзімен байланыстырылып, контекстік мәтінде көбінесе «құрмет» ассоциативті өрісімен орайластырылады.

Жүзтайлақ (жақтырмай). Сөзіңе болайын!

Нұрқан (жалт қарап). Апыр-ау, тағы не жаздық?

Жүзтайлақ. Ат-шапаныңды неге атамайсың одан да (*Әуезов*, 1982: 242). Бұл арадан Жүзтайлақтың тағы бір қыры – жасаған қызметіне міндетті түрде ақы алатындығы ашылып тұр. Автор кейіпкер бейнесін жасауда «ат-шапан» концептісін пайдаланған. Қазіргі заман болса, «ат-шапанның» орнында «тиыны», «сүйіншісі», «орамалы» сөздері болар еді. Қай жағынан алсақ та, «сый» сөзі ұлттық түсініктермен өріліп тұр. «Ат-шапан» ұғымы – зор мәнге ие концептуалдық символдық мән. Өйткені екі жақ келіспей, жанжалдасса, екі ел бітісу керек болса немесе бас иіп, кешірім сұраса «ат-шапан» айып ретінде ортаға салынып, мәмілеге келу рәсімінде де символдық мәннің аясында этнолингвистикалық сипаттың жатқанын көреміз.

Тағы бір мысалда: «*Абай кескілескен дұшпаным менің. Қара жамылған жеңгеңді әкетіп отыр. Туысқан болар, тәтті болар нем қалды? Сол жауға сені мен қайтып қиям?»* (“Абай” трагедиясы) және «*...кім екенін айтпаймын. осы жерде бүгін түсін көресің. Бұл істің басталғаны кеше ғана... Қара түнді жамылып, жан сырын ашысқанға бір-ақ жұма. Жердің үстімен келіп, астымен қайттым ба? Менің көзім тіріде менен туған арам қыз мұны істеді ме? Әкет, Жарылғап мені таң атпай. Қара түнді жамылып, қара тұтып күңреніпкетейін».* (“Қарагөз”) немесе тағы бір мысалда:

Қара желек жамылған
Жесіріме жалаң бар ма?
Сойқаң іздеп қағынған
Мынау жатқа панаң бар ма? (“Абай”) –

бұл контексте *қара желек* деген сөз күйеуінен айырылған, қайғы-қасіретке душар болған деген мағынаны білдіреді. Яғни, кейіпкердің бастан кешіріп жатқан жағдаы, күйі бейнеледі. *Желек* – көне мағынасы жас келіншектердің кәмшат бөрік сыртынан басына салатын орамалы. 2. Қалыңдықтың үйлену тойы кезінде киюі үшін, жұқа жібек кездемеден, шілтерден тігілеін жамылғы. 3. Тудың шашағы. Портреттік сипаттамада дәстүрлі емес тіркестерде кейіпкердің бейнесін ашудағы осы белгілердің мәніне қарамастан, көріністің кез келген белгілерін білдіретін сөздер қолданылуы мүмкін. Сыртқы келбеттің «негізгі» белгісін атап өту үшін автор басқа белгілерді сипаттауда қолданылатын мәнерлілік тәсілдеріне қатысты өзінің ерекше көңіл аударатын тәсілдерді қолданады. Басқаша айтқанда, көркем мәнерлілік тұрғысынан өзекті нақты кейіпкердің көрінісін сипаттау кезінде аз жиілік болып табылады.

Мысалы, кейіпкерді сипаттау үшін ең маңызды болып табылатын көрініс белгілеріне оқырманның назарын аудару үшін жазушы қабылдауды пайдаланады. Мысалы, “Абай” трагедиясында:

Я, Тәңір, ата-бабам, кешіре гөр,
Асқақтың сыбағалы жазасын бер!
Кемел би кеңгірбайдың жолы қайда?
Кебектің керін кигіз, аяма дер?! –

деген контексте керін кигіз деген киім түрі жағдай, ауыр хәлге жеткіз деген ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Керді басына түскен қайғы-қасіретке теңеп тұр. Негізінде, кер – бұл күйеуі қайтыс болған әйелдің қасірет белгісі ретінде басына байлап алатын екі елі-ақ шүберек. Қазақ дәстүрінде ер адамның тері сіңген бас киімін ешкімге сыйға тартпағанмен, әйелдерде ол дәстүр жоқ. Керісінше ізін басып келе жатқан келіндеріне өзінің жолын берсін деп ырымдап, өздері тағып жатады. Алайда қыз бала басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. Демек, киімнің негізгі функциясы – табиғи ортаның суығы мен ыстығынан, жауын-шашыннан қорғаумен қатар, ұлт жаратылысының келбетін танытатын этнографиялық, философиялық, мифологиялық әрі тәлім-тәрбиелік түрлі қыр-сырынан ақпарат беріп, бойына сан алуан қызмет жүктеген синкретті ұғым (Жәнібеков, 1996: 98). Кез келген ұғым, атаудың бойында тек ақпараттық, утилитарлық мән болмайды, ұлттық ерекшелік, халықтық таным, наным-сенім өз сәулесін төгеді.

Кес тілдерін, тапжылтпа!
Ата-анасы орыс екен
Аямас жауым Қобыланның
Ал үстінен лыпасын...
Қазір күң мен құл етем,
Тіл табанын қазір-ақ
Өз ордама жалшы етем,
Қор ететін қысасым!
("Қара қыпшақ Қобыланды")

бұл контексте ал үстінен лыпасын дегені тонау, бір затын тартып алу деген мағынада көрсетіліп тұр. «Лыпа» деген сөз – дымсыз, ештеңесіз деген де мағынаны береді. Көбіне кедей, қайыршы адамдарға қатысты айтылса да, мәнмәтінде «қорлау», «кемсіту» мәнінде келіп тұр. Мүсіркеуден бұрын, алдын-ала қорқыту, ығына жығып алу мәні үстем. «... *Ермей қайтсын, аш бала, ауылда оған пана жоқ, Лыпасы жоқ баспана, Жағуға отын және жоқ».* Қазақ тілінде лыпа сөзі «киім, ескі киім» деген мағынада қолданылады. Бұл сөз араб-парсы тілдеріндегі «көйлек, киім» мағынасындағы (лебас) сөзінен ауысқан. Бұл сөздің аяғындағы с дыбысының түсіп қалуына оның жоқ сөзімен тіркесе қолданылып, с дыбысының тәуелдік жалғауының III жақ түрімен ұқсастығынан бірігіп кетуі себеп болған болу керек. Ұйғыр тілінде бұл сөздің соңғы с дыбысы сақталып қолданылады: Түрік тілінде бұл сөздің араб-парсы тілдеріндегі көпше түрі (албесе) elЬісе сөзі киім, көйлек деген жалпы мағынада қолданылады (Қайдар, 2003: 254). Міне, «лыпа» сөзінің этимологиясын қарай келе, «ескі», «көне» мәнін аңғарып, «көйлек», яки сыртқы қалың киім емес, «аз», «жұқа» мағынасын да көреміз. Қазақ «бір көйлекпен келген» деген тіркесті айтып жатады, бұл жердегі «көйлек» тура мән емес, артық ештеңесі, көп киімі жоқ, кедей мағынаны береді.

Суреткер тіліндегі жыға сөзі вестема ретінде қолданылған. Жалпы бұл ұғымды түсіну қиын. Л. Будагов жыға сөзін бас киімге немесе шалмаға қадалатын үкі, шоқ шашақ деп түсіндіреді: султан, носимый на чалме или на шапке (Будагов, 1987: 326). Ал «Еңлік Кебек» пьесасында: «Есен – бұл күнге дейін Найманның батыры болса, қазір де Тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған Найманның бір шіріген жұмыртқасы». Енді контекстік мәтінге келейік. Тек аллитерациялық айшықтауға ғана құрылмаған, Тобықтының түскен ұнжырғасын көтерген, мерейін үстем еткен деген мәнді береді. Түсіндірме сөздікте жыға сөзінің мағынасы: "зат. көне. 1.Соғыста киетін бас киім. Жығаның төбесі үшкір келеді, маңдай алды қасқа дейін түсіп тұрады, желке жағына мойынды айнала ұзындығы 1-1,5 қарыстай шынжырлы баулар тағылады" (Будагов, 1987: 325); 2. Баскиімге сәндік үшін тағылатын (шаншылатын) құс қанаты немесе сол сияқты әшекей зат" деп сипатталған. Бұл сөз бүгінде қолданыстан шығып қалған. *Жыға* сөзінің этимологиясын Б.Атабай зерттеу жұмысында жан-жақты талдағандықтан, оны қайталап жатуды жөн көрмедік (Атабай, 1999: 6). Айта кететін жайт, Л.Будагов, Е.Жанпейісов сияқты ғалымдардың бұл сөздің парсы тілінен енгені туралы ойларына Дерфер келіспейді. Ал бұл сөз қазақтың төл сөзі болып кеткен. Кейіпкердің аузына Есенді Тобықтының **жығасын** қайта тұрғызған деген сөзді салу арқылы автор драмада найман руының жеңіліс тапқанын айтып тұр. Еңлік пен Кебекті өлімге қию арқылы бітіспек болған екі рудың ақсақалдарына жеңілгенін іштей мойындатады. Автордың осы кесімге келіспейтінін паш етіп тұрған – осы бір сөз.

М.Әуезовтың шығармаларын негізге ала отырып, этнос болмысын оның тілі арқылы жан-жақты танып-білуді мақсат еттік. Қазақтың тұрмысынан хабардар ететін этнолексика үй-ішіндегі тұрмыстық заттарды атап қана қоймай, сол ұлттың өмірінен, тұрмысынан, тыныс-тіршілігінен толықтай түсінік беретініне көз жеткізуімізге болады. Мысалы:

Жақтамастан хан құнын,
Аярмын ба жау жанын
Тірі ұстасақ Бекетті
Басына кескен сомамен
Шенді-шекпен әзір тұр
Сол емес пе арманым.
("Бекет") Шекпен –

иірілген жүннен өрмекпен тоқылған соң тігілген сырткиім. *Боз шекпен, шидем шекпен* түрлері де бар. Бұл жерде шенді шекпен деген контекст киім емес, адам деген мағынаны білдіреді, шенді деп дәрежелі, жоғары қызметтегі адамдар, күштер дайын деген мағынаны білдіреді (Жанұзақов, 2008: 912). Ал бұл жердегі шенді-шекпен сөзінің қолданылуында «биліктегілер», «ат үстіндегілер», «лауазымдылар» деген жағымсыз рөлді көрсетіп тұр. Жалпы бұл авторлық түсінік емес, әдеби тілдің нормасында қалыптасып, кірігіп кеткен сатиралық мәндегі ұғым. Қос сөзді күрделі мәнде келетін тіркестің мәні осындай. Қазақта шен-шекпен деген сөз бар. Оның мағынасы тереңде жатыр. Өткен ғасырларда

қазақ елін отарлаған жымысқылары елді, жерді бөліп, болыстар тағайындап, оларға шен тағайындап, белгі беріп, шекпен киінген. Осыдан барып шен-шекпен киген деген теріс ұғым пайда болған (Жәнібеков,1996: 160). Бұл пікірді жалғастырар болсақ, историзмдік бағыт алған лексема болғанымен, неологизация процесіне қайта енген сөздерге қоссақ та болады. Себебі тіркестік мәннің қалыптасып қалған мағынасы осы. Ал таза шекпеннің өзінде бұндай теріс ұғымдық мәнді байқамаймыз. Мұқағали айтатын «шекпен жауып өзіне қайтарамын» деген жерде, тіпті өзгеше мәнде түрленсе, «шен» сөзінің әрі қос сөздік, әрі префикстік мәнде келіп, түбегейлі сөз мәнін өзгертіп тұрғаны тілдік заңдылықтардың негізінде экстралингвистикалық әдістердің жатқанын байқаймыз.

Киім атаулары арқылы кейіпкерлерінің мінезін, әлеуметтік жағдайын, ісін, т.б. түрлі қасиеттердің суреттеуде М.Әуезовтың "Алма бағында" пьесасында автордың кейіпкер киімін бейнелеген сөз саптауы шығармаға экспрессивті-эмоциялы рең беріп, образды айшықтай түседі. Мысалы, "Алма бағында" пьесасында:

Заулатып мен келемін Көрпебайың
Ішінде қозы-лақтың серке байың
Жерінде бау-бақшалы өлеңдеткен,
Көйлек көк, тамағы тоқ ерке байың. –

дегендегі көйлектің реңі жазушы даралығын аша түсудегі тілдік құбылту амалдарының бірі – теңеу арқылы жасалған. Тағы бір мысалда:

Көк сауытын киінген,
Көк мылтығын асынған
Ерлер келді дәулеткер,
Болады жол, келді әскер!
("Бекет" пьесасы)

Қазақ халқының дүниетанымында *көк* лингвокультуремасы ерекше орын алады. Жалпы осы сөздің семантикалық спектрі ауқымды: *көк, көгілдір, жасыл және сұр.* Мысалы: *көк шөп, көк аспан, көк ала ат. көк* түстің культурологиялық мазмұны түркі халықтарының тарихында тәңірлік дінмен, яғни көк аспан құдайына – көк Тәңірге сыйынумен байланысты. Қазақ тілінде көк компонентінен тұратын фразеологизмдер халықтың көк аспанның касиетіне бас ииіп, қадірлеуін көрсетеді: *көктен сұрағаны жерден табылды, төбесі көкке жетті* және т.б. көк түсі көк бөрінің пайда болу аңызымен де байланысты (Атабай, 1997: 233).

Тіл және мәдениет негізінде қалыптасқан қол өнерге байланысты пайда болған этнолексика, этно атаулар белгілі бір уәжділігі бар сөз қолданыстар. Қазақ халқының қолөнеріне байланысты пайда болған ұғымдар сол ұлттың эстетикалық талғамының деңгейін, рухани танымының жетістігін және шығармашылық еңбегін әрі табиғатты игерудегі өмірлік тәжірибесін байқатады. Қолөнерге қатысты бұйым атаулары қазақ халқының тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік рөлін белгілеп қана қоймайды, сонымен қатар олар ұлт мәдениетінің қалыптасқан тұтас бір бөлшегі ретінде саналады. Этнолексика ұлттық-тарихи колорит жасауда таптырмас тілдік құрал болып табылады. Бұндай қолданыстар ауыз әдебиетінде ғана емес, көркем шығармаларда да жиі кездесіп отырады (Манкеева, 2008: 221).

Ай-күнім, Айманжаным, денің сау ма?
Шырмалған ақ шабақ ең қиын ауға
Артыңнан аласұрып келдім жетіп
Болсын деп бұл шыбын жан саған сауға
Кешіктім көп отырдың тас қамауда,
Қапамен дәурен өтіп күн санауда
Жеткенім осы-ақ болды, кешермісің,
Салсам мен тонтонауды қан талауға?
("Айман-Шолпан" пьесасы)

Қазіргі тілдік қолданысымызға сай «тон» сөзінің мағынасын қыстыгүні киетін киім деп түсінеміз. Тон – түркі тілдерінде өте ерте замандардан бері қолданылып келе жатқан көне сөз. Олардың барлығында дерлік бұл сөз «киім-кешек» деген мағынаны беретіні белгілі. Тонау – киімсіз қалуды білдіретін етістік. Б.Қалиев тон сөзінің мағыналық дамуына байланысты мынадай ерекшелігін атап көрсетеді: "Біздіңше, мұндайларды да сөз мағыналарының дамуы деп айтуымызға әбден болады. Яғни, *киім* ұғымының қосылуы *тон* атауының мағынасын ауыстыруға мәжбүр етті. Бірақ, бұл тон сөзінің мағынасының таралуы емес, оның бақа ұғымға өзгеруі. Демек, бұндайларды да тілдік, мағыналық деп есептеуге болады". Көне түркі тілінде *тон* жалпы киім атауын білдіреді. оған мына тілдік деректер мысал бола алады.

Жан жараңа қиналған
Түсінем, ақан, ойланам,
Үмітімді ақтаған
Әніңе тоным сыйлаған.
("Бекет" пьесасы)

Тағы бір мысалда: *Түсімде Найман мен Матайдың ер-азаматының бәрі бір жерге*

жиылған екен. Қабақтарынан қар жауғандай, би бермеймін, не сөйлейсің деп еді, ендеше деп бидің үстіндегі кестелі тоны мен басындағы сусар бөрігін жұлып алуға айналды (“Еңлік-Кебек”) немесе:

Белде, белде, белдеді!
Болды байлау, әмір сол,
Қаусата соғып Қыпшақты
Қазан жойқын бастайды,
Анди соғып Алшағыр,
Түре қуып тастайды.
Бұйырмайды Қыпшаққа
Қыз Құртқадай асыл жар!
Қызыл жирен ат мінген,
Қылқа шоқпыт тон киген
Ері алады елімнің.
Таласың жоқ жалғыз-ақ,
Бұрын жеткен алады.
Соңғыға сауға бар
Қорық алтынға малынтып,
Қарлығамды алады
(“Қара қыпшақ Қобыланды”)

дегендегі *қылқа шоқпыт* сөзі қылдырықтай, жіңішке әбден тозығы жеткен киім түрінде қолданылып тұр.

Біз достар, бес дос серік қатар атар,
Бес достан жаулар жусап қатар-қатар
Автомат тына білмес, қыра білер,
Тон тозар, аял қылмас, ат арытар (“Бес дос”)

Тон сөзінің мағынасын әрі қарай трансфармацияға ұшырап, екінші дәрежелі аталым қызметінде қолданылады.

Сонымен қатар “тон“ сөзінің ауыспалы мағынада жұмсалуы мына пьесадан көруге болады:

Бұл дәурен жаңанікі, а не твой!
Пәленмен көптен аулық сен не свой!
Сұм тонын сүмелектің иығына -
Жап- тағы, кел, көрпебай, гони метлой!
(“Алма бағында”)

және *Өзеуреп өзгеге жабам деген тондарың өз иықтарына қонды ма? (“А*лма бағында”) Бұл жерде сұм тон, өзгеге жабатын тон деген сөздердің мағынасы ауысып, біреуге жамандық ойлаған, арам ойларын жүзеге асырғысы келген адамдардың пиғылы болып көрсетіледі. Яғни, бұл жерде *тон* сөзінің мағынасы ауысып, адамның жаман іс-әрекеті ретінде қолданылады. Жазушының сөздерді астарлап, шебер қолданылуы суреттеліп тұр.

Қазақ халық ұлттық мәдениетімізді көрсететін ұлттық киімдерге, олардың сапасына, материалына аса мән берген екен. Матаның түр-түрінен киімдер тігіліп, оның бағалы я арзан екендігіне қарап, киімге аса назар аударатын. М.Әуезов драмаларында киімнің түрлері, оның қандай матадан жасалғандығы туралы көптен суреттеледі:

Кез болдым сен екенсің, ақын Жантық,
Сыйыңды құшақтай бер қысып қамтып.
Бөз беріп, сөзін сатыпалып жатыр
Жантықта не қып қалсын енді Тамтық?!
Малтаншақ саудагерлер қайтушы еді,
Сөйлеме бойға өлшемей сөзін тантық
Әкеңдей арыстаным мәне келді,
Жетіру, көп көпірме енді тантып.
(“Айман-Шолпан”) –

деген контексте бөз вестемасы сипатталып тұр. Бөз – мақтадан тоқылған жұқа мата. Жалпы, «бөз» сөзі – жайдақ, келіспеген, жуас, яғни кемсіту мәнінде қолданылады. «Үстінен бөзі, аузынан сөзі түскен» деген фразалық тіркесті алып қарар болсақ та, өзіндік ой-пікірі жоқ, елдің артында жүретін, сыйсыз, еш рөлі жоқ деген мән береді. Матаның өзі арзан болғандықтан, адам құнынының да сондай төмен екендігін параллелизммен бейнелеудің астарында этнолингвистикалық мән жатқанын көруімізге болады.

Тағы бір мысалда:

Бағасын білсе халайық,
Дүрия гауһар сөздерім
Ірбіт шапқан көпестей
Сөз базарын кезгемін,
Танысып қалған мұсаннып
Кітабындай сөздерім
Асылы алтын болмаса
Қажеті жоқ өзгенің
Барқыт деп, Зайра түсінбе
Самарқанның бөздерін
Баба жадда мән жадда
Деген расул қадисын
Болар мақұл сезгенім,
Таразыға тартып көр,
Кем дер болсаң безбенім
(“Ақан – Зайра”) –

деген контексте де бөз вестемасы, яғни матаның түрі вестиалды лексикаға жатады. *Барқыт деп, Зайра түсінбе Самарқанның бөздерін* дегенде мағынаны тура мағынада емес, астарлы ойды көздеп отыр. Яғни, бұл жерде барқыт – асыл, бағалы мата болғандықтан, оны

жоғары санап, бөзден ерекшелеп, арзан затқа құнықпай, жақсы затқа, шын асылға ұмтыл деген мағынада жазушы өзінің шығармасында шебер көркемдейді. Барқыт материалының түпкі мәні турасында жазылған еңбектерден оның құнының қаншалықты екенін көреміз (Захарова, Ходжаева, 2007: 34). Сол секілді жалпы заттық мәндегі құнды заттарды адами құндылықтармен салыстыру да – халықтың тұрмыс тіршілігінің тілдегі басты көрінісін айқындайды.

Қазақтың болмысының, тіршілігінің, мәдениетінің астарлы-сырлары ұлттық өмірдің негізі болып табылатын тіл арқылы ашылады. Осымен байланысты, адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің сан түрі киім-кишек атауларын танымдық негізден зерттеу, оның этнолингвистикалық табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Қорытынды, тұжырымдар

Жұмыста баяндалған материал көркем шығармалардың лексикасын жеке автордың пайдалану ерекшелігін, жеке жазушының стилінің ерекшеліктерін немесе белгілі бір көркем шығарманың бейнелі жүйесін анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар бір тақырыпқа қатысты және әртүрлі авторлар қолданатын сөздердің қолданылуы мен мағынасындағы жалпы заңдылықтарды белгілеу мақсатында зерттеу мүмкіндігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Зерттеудің бұл бағыты, ең алдымен, оқу мақсаттарымен, драмалық шығарма құрылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын, өзіндік функциялары мен міндеттері бар портреттік сипаттамалардың лексикасын зерттеудің тиімді жолдарын іздеумен негізделген. Портреттік сипаттамалардың лексикасын талдау, оның құрамы мен көркем мәтіндегі жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтау портреттік сипаттаманы, оның белгілі бір көркем шығармадағы рөлін қабылдау мен түсінудегі қиындықтарды болжауға, мүмкіндік береді. Драма мәтінін лингвостилистикалық талдау барысында оқырмандарға метафораның қатыстылығын белгілеуге, метафоралық мәннің уәждемесін анықтауға көмектесу керек. Ол үшін шетелдіктің сипатталған затпен немесе құбылыспен байланысты фондық білімін кеңейту, сөздің эстетикалық мәнін ашу қажет.

Нақты кейіпкердің бейнесін ашу үшін өте маңызды болып табылатын сөз бен сөз тіркестерінің кейіпкерлерінің көрінісін көркемдік сипаттауда портреттік сипаттама сөздерінің тақырыптық өрісінде жетекші болып табылатын тірек сөздер мен сөз тіркестері деп аталады. Тақырыптық өрістің шекарасын болжау, ажырату туралы, сондай-ақ оның құрамына енетін сөздердің өзара қарым-қатынасы жайында мәселе ерекше қарауды талап етеді. Сондай-ақ, көмекші ретінде пайдаланылатын кейіпкердің негізгі көрінісінің астын сызу, бөлу құралдарын да талдау керек. Адамның сыртқы келбетін көркем сипаттауда ерекше сипат болып табылады.

Тірек сөздер мен сөз тіркестерін бөлу шетелдік оқырманға жазушының идеялық ойына тереңірек енуге, қандай да бір кейіпкердің бейнесін дұрыс түсінуге көмектеседі. Тірек сөздер мен сөз тіркестерінің семантикасын талдау, олардың мәнінің ерекшелігін айқындау портреттік сипаттамаларды қамтитын әңгімелерге лексикалық-семантикалық комментарийдің мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді.

Көркем шығарманың бейнелі жүйесін түсіну және портреттік сипаттау, атап айтқанда, эмоционалды-эстетикалық мазмұнды қабылдау семантизацияға жататын сөздерді таңдаудың дәлдігіне және семантизацияның оңтайлы тәсілін анықтауға байланысты. Бұл жұмыста лексикалық материалды сипаттау осы екі маңызды міндеттерге қатысты кейбір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Семантизацияға стилистикалық таңбаланған, метафорикалық маңызы бар лексика ғана емес, сонымен қатар стилистикалық бейтарап болуы мүмкін, алайда, белгілі бір көркемдік шығармада эстетикалық мәні бар.

Біздің жұмысымызда портрет кең көлемде қарастырылады. Портретте кейіпкерлердің сыртқы тұлғасын суреттеу ғана бар. Көркемсөз иесі кейіпкер тұрысын, қимылын, қозғалысын, киімін, дауыс мәнерін беру арқылы оның ішкі әлеміне бойлайды, сырттық кескін мен «ішкі кескін» тұтастықта көрінгенде ғана портрет өз биігіне көтеріледі. Біздің жұмысымызда портрет кең көлемде қарастырылады. оның негізгі қызметі-кейіпкер тұлғасын кескіндеу мен мінез-болмысын суреттеу тұтастықта алынады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан драматург тіліндегі киім атаулары адамның ой-сезіміне тікелей ықпал ететіндей көркем де жатық бейнеленген экспрессивтік қасиет – тіл

мен әдебиет бірлігіндегі ғажайып құбылыс. Мақсатымыз – этнографиялық мәліметтерді тізбектеу емес, М. Әуезов драмаларындағы халықтың рухани мәдени өрісін айқындайтын драматург танымындағы дүниенің тілдік суретін айқындау.

Әдебиеттер

Feng Lingyu, Shi Weimin Essays on Chinese Culture / Feng Linyi, Shi Weimin. Trans. from China – Beijing: Intercontinental Publishing House of China, 2001 – 181 p.

Wang Dan. Russian and Chinese lexeme “clothes” / Wang Dan // Traditions and innovations in the teaching of Russian language and literature: mater.reports and messages of the XVI International scientific method.conf,- SPb.: SPGUTD. 2011 – pp. 209-212 (0.25 pp.l.).

Cruse D. A., Meaning in Language.An Introduction to Semantics and Pragmatics, Oxford University Press,2000 – 424 p.

Geeraerts D. Gronelaers S. Bakema P. The Structure of Lexical Variation: Meaning, Naming and Context. Berlin, New York, 1994 – 221 p.

Centeno P. Espejo de MarxLa izquierda no puedevestir bien? – Barcelona: EdicionesPenínsula, 2013. P.93.

Ponce R. Lady Di, profesora de estilo de Catalina de Cambridge. ABC.es. 17.09. – http://www.abc.es/20120914/estilo-moda/abci-catalinacambridge-disney- 2012 09141006.html

Boo J. V. El Papa Francisco recibeestelunes a Don Felipe y Doña Letizia en su primer viaje de Estado. ABC.es.– http://www.abc.es/casadel-rey/20140630/abci-papa-reyes-felipe-letizia-201406292244.html 2014

Galaz M. Letiziarecupera el traje de la coronación. El País. – http://elpais.com/elpais/2015/05/13/estilo/1431519117_216027.html 2015

Манкеева, Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері –Алматы: Жібек жолы, 2008 – 356 б.

Алмауытова, Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: филос.ғыл.канд....дис.: 10.02.02.- Алматы, 2004– 128 б

Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Пьесалар.– Алматы: Жазушы, 1982. – 11 т. –424 б.

Захарова И.В., Ходжаева Р.Д., (2007) Казахская национальная одежда. Виды материала. Алматы: «Алматыкітап», 2007 – 196 б.

Мұратова, Г. Абайдың тілдік тұлғасы:филол. ғыл. док. ... автореф: 10.02.02. – Алматы, 2009 – 303 б.

Кенжеахметов, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – Алматы: Ана тілі,.1994 - 80 б.

Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996 – 192 б.

Қайдар. Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі,2003 -368 б.

Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – СПб., 1869; 1987. - Т.1-2. 1999- 1225 с.

Атабай, Б. Л.Будагов сөздігіндегі диалектілік элементтер // ҚазМУ хабаршысы. -. 1999 - №7. −Б. 3-7.

References

Almauytova, A. B. (2004) Kazak tilindegi kıim ataularynyn etnolıngvıstıkalyk tabıgaty (Ethnolinguistic nature of clothing names in the Kazakh language]: Philos.science.kand. dis.: 10.02.02. DKM Almaty,. – 128 P. (In Kazakh)

Atabay, B. L.(1999) Budagov sozdigindegi dıalektilik elementter [Elements of dialect in the budagov dictionary]/ / Bulletin of Kazsu. deputy No. 7, pp. 3-7. (In Kazakh)

Auezov M.(1982)Jıyrma tomdyk shygarmalar jınagy[collection of works in twenty volumes]. Plays.- Almaty: writer, – 11 vol. -424 P. (In Kazakh)

Budagov, L. Z. (1869) Turik-tatar dıalektilerinin salystyrmaly sozdigi[Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects]. – St. Petersburg,; 1987. T. Vol. 1-2. 1225 p.(In Russian)

Boo J. V. (2014) El Papa Francisco recibeestelunes a Don Felipe y Doña Letizia en su primerviaje de Estado. ABC.es. – http://www.abc.es/casadel-rey/20140630/abci-papa-reyes-felipe-letizia-201406292244.html (In English)

Galaz M. (2015) Letiziarecupera el traje de la coronación. El País. – http://elpais.com/elpais/2015/05/13/estilo/1431519117_216027.html(In English)

Geeraertz D., Grondelaers S., Bakema P.The structure of lexical variation.Meaning, naming and context (1994), Berlin — New York. (In English)

Zhanibekov O.(1996) Kazak kıimi[Kazakh dress]. – Almaty: Oner,. – 192 B. (In Kazakh)

Zakharova I. B., Khodzhaeva R. D.,(2007)Kazakhskaya natsionalnaya odezhda. Bydy materıal.[Kazakh national clothing. Types of matter]. Almaty: “Almatykitap”. – 196.(In Russian)

Kaidar A.(2003)Kazak tilininozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. – Almaty: native language. – 368 p. (In Kazakh)

Kenzheakhmetov, S.(1994) Kazaktyn salt-dasturleri men adet-guryptary[Kazakh traditions and Customs]. – Almaty: Ana Tili,pp. 80. (In Kazakh)

Cruse D. A. (2000) Meaning in Language. An Introduction to Semantics and Pragmatics, Oxford University Press, ,424 p.(In English)

Mankeeva ,Zh.A .(2008) Kazak tilindegi etnomadenı ataulardyn tanymdyq negizderi[Cognitive bases of ethno-cultural names in the Kazakh language]. Almaty: Zhibek Zholy publ., Ed. 356 P. (In Kazakh)

Muratova, G.(2009) Abaıdyn tildik tulgasy[The linguistic personality of Abai]: philol. science. Doc. ... abstract: 10.02.02. – Almaty. ed. 303 P. (In Kazakh)

Wang Dan. (2011) Russian and Chinese lexeme “clothes” / Wang Dan // Traditions and innovations in the teaching of Russian language and literature: mater.reports and messages of the XVI International scientific method.conf,- SPb.: SPGUTD.. – pp. 209-212 (0.25 pp.l.).(In English)

Feng Lingyu, Shi Weimin. (2001)Essays on Chinese Culture / Feng Linyi, Shi Weimin. Trans. from China – Beijing: Intercontinental Publishing House of China, – 181 p.(In English)

Centeno P. (2013) Espejo de MarxLa izquierda no puedevestirbien? – Barcelona: EdicionesPenínsula. P.93. (In English)

Ponce R. (2012) Lady Di, profesora de estilo de Catalina de Cambridge.ABC.es. http://www.abc.es/20120914/estilo-moda/abci-catalinacambridge-disney-201209141006.html (In English)

ҒТАМР 16.01.09 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph13

Л.К. Мейрамбекова[1*], Б.С. Жиембай[1], Г.Р. Даутова[2]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: lmeyrambekova@mail.ru

ЗАТ ЕСІМНІҢ САН-МӨЛШЕР (көптік) КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ ТАРИХИ ДАМУ ЖОЛЫ

Сан-мөлшер категориясы түркі тілдері теориялық грамматикасының өзекті әрі сан түрлі пікір-көзқарасты тоғыстырған тақырыптарының бірі саналады, бұған осы тақырыпта жылдар бойы жинақталған зерттеулер мен ғылыми жұмыстар дәлел. Аталмыш грамматикалық категорияны зерттеу түркі тілдерін тарихи тұрғыда зерттеумен тығыз байланысты және өз бастауын көне дәуір ескерткіштері тілінен алады. Көптік жалғауларының көне формаларының әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, шығу төркіні, қолданылу ерекшеліктері, қолданылу кезеңдері болған. Кейбір көнерген жалғаулардың көне түрк дәуірінде өнімді қызмет еткендігін бағамдай отырып, бұл формалардың Орхон-Енисей жазулары өмір сүрген кезеңге дейін де болғандығы байқалады. Яғни көптік жалғауы тарихқа белгісіз бір кезеңде жеке сөзден пайда болған.Мақалада зат есімнің сан-мөлшер (көптік) категориясының тарихи генезисі ғалымдардың еңбегі негізінде айқындалып, көптік жалғауларының көне түрк, орта ғасыр дәуірі ескерткіштері, армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі көрінісі жүйелі түрде талданады. Сондай-ақ ескерткіштер тіліндегі есім категориясының тарихи даму аспектілерін қарастыру көне түрк, орта ғасыр дәуірі ескерткіштерімен, нақты айтқанда Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – Күлтегін (Үлкен жазба, Кіші жазба), Тоныкөк ескерткіштерімен, Қараханидттер мемлекеті кезеңінде (X-XII) жазылған М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегі тілімен, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің бірі А. Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» («Ақиқат сыйы») дастаны (XI-XII) тілімен, құман қыпшақтарының тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» ескерткіші (XIII-XIV) тілімен, мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған «Китаб ат-тухфат уз-закийат фил-лұғат-ат-түркия» ескерткіші (XIV) тілімен салыстыра қарастырылады. Сонымен қатар көне түрк, орта ғасыр дәуіріндегі есім категорияларының қалыптасқан формалары мен дамуы айқындала отырып, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра зерттеледі.

Түйін сөздер: сан-мөлшер категориясы, зат есім, тарих, даму, жазба ескерткіштер.

L.K. Meirambekova[1*], B.S. Zhiyembay[2], G.R. Dautova[2]

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: lmeyrambekova@mail.ru

Historical development of the category of the number of nouns in Armenian-Kypchak written monuments

The question of the category of number belongs to the category of topical and controversial issues of the theoretical grammar of the Turkic languages, as evidenced by the abundance of works on this problem that have accumulated over many decades. The study of this grammatical category is closely related to the history of the study of the Turkic languages. Moreover, it has ancient traditions. Each of the ancient plural forms had its own characteristics, origin, features of use, periods of use. Assuming that some outdated suffixes served productively in the ancient Turkic period, it can be noted that these forms existed even before the existence of the Orkhon-Yenisei inscriptions. That is, the plural is formed from one word at a time unknown to history. The affixes of the category of the number of nouns are considered at the level of the Turkic proto-language, as well as affixes in the monuments of the Middle Ages, the Armenian-Kypchak monuments in the given article. Aspects of the historical development of the noun category in the language of monuments are also considered in comparison with the ancient Türkic medieval monuments, in particular the Orkhon-Yenisei inscriptions – Kultegin (Big inscription, Small inscription), Tonikok monuments written during the Karakhanid period (X-XII) in the language of M.Kashgari works «Divani lugat-it Turk», one of the ancient Uyghur inscriptions in the language of the Yugineka epic «Hibat-ul Hakik» («Gift of Truth») (XI-XII), the monument «Codex Kumanikus» (XIII-XIV), written in the language of the Kuman Kipchaks, the monument «Kitab at-tuhfat uz-zakiyat fil-lugat-at-turkiya» written in the language of the Mamluk Kipchaks (XIV). In addition, the ancient Turkic, medieval

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

categories of nouns are studied in comparison with modern Turkic languages, identifying established forms and development.

Key words: category of number, noun, history, development, written monuments.

Л.К. Мейрамбекова[1*], Б.С. Жиембай[2], Г.Р. Даутова[2]

[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: lmeyrambekova@mail.ru

Историческое развитие категории числа имен существительных в армяно-кыпчакских письменных памятниках

Вопрос о категории числа относится к разряду актуальных и спорных вопросов теоретической грамматики тюркских языков, о чем свидетельствует обилие работ по этой проблеме, накопившихся в течение многих десятилетий. Исследование данной грамматической категории тесно связано с историей изучения тюркских языков и имеет древние традиции. Каждая из древних форм множественного числа имела свои особенности, происхождение, особенности употребления, периоды употребления. Предполагая, что некоторые устаревшие суффиксы продуктивно служили в древнетюркский период, можно заметить, что эти формы существовали еще до существования Орхоно-Енисейских надписей. То есть множественное число образовано от одного слова в неизвестное истории время. В статье на уровне тюркского праязыка рассматриваются аффиксы категории числаимен существительных, а также аффиксы в памятниках средневековья, армяно-кыпчакских памятниках. Также рассмотриваются аспекты исторического развития категории существительного на языке памятников в сопоставление с древнетюркским средневековым памятниками, в частности Орхоно-Енисейских надписей – Культегин (Большая надпись, Малая надпись), памятников Тоникок, написанных в период Караханидов (X-XII) на языке М. Кашгарийского произведения «Дивани лугат-ит тюрк», одна из древних уйгурских надписей на языке эпоса Югинеки «Хибат-уль Хакик» («Дар истины») (XI-XII), памятник «Кодекс Куманикус» (XIII-XIV), написанный на языке куманских кипчаков, памятник «Китаб ат-тухфат уз-закият фил-лугат-ат-туркия», написанный на языке мамлюкских кипчаков (XIV). Кроме того, древнетюркские, средневековые категории существительных изучаются в сравнении с современными тюркскими языками, выявляя устоявшиеся формы и развитие.

Ключевые слова: категория числа, имя существительное, история, развитие, письменные памятники.

Кіріспе

Тілдердің барлығына дерлік тән, жалпылама ортақ категориялардың бірі – грамматикалық сан-мөлшер категориясы. Даралық ұғым мен көптік ұғымды бір-бірінен ажырату тілде өзінің көрінісін тауып, осыған орай тіл-тілде грамматикалық *сан-мөлшер категориясы* пайда болған.

Түркі тілдеріндегі сан-мөлшер категориясы жайлы М. Қашқари, В.В. Радлов, С.Е. Малов, П.М. Мелиоранский, О. Бетлингк, В. Банг, Г. Рамстедт, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, А.М. Щербак, Б. Мункачи, Д. Синор, Н.Н. Поппе, Б.А. Серебренников, Э.Р. Тенишев, К. Гренбек, А. Габен, А. Ализаде, А. Азнабаев, В. Псянчин, А.Г. Гуломов, Э. Фазылов, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Т. Жанұзақов, А. Есенқұлов, Б. Сағындықұлы еңбектерінде баяндалған. Ал қазақ тілінде алғашқылардың бірі болып бұл мәселе М. Балақаев, сондай-ақ А. Ысқақов, Н. Оралбай, С. Исаев еңбектерінде зерттеліп, тағы басқа да ғалымдардың еңбектерінде жалғасын табатыны анық.

Материал және әдістер

Мақалада қазіргі тіл білімінде қалыптасқан негізгі принциптер мен ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды. Нақты айтқанда, индукция, дедукция, салыстыру, теңестіру, жинақтау секілді ғылыми талдаудың жалпы әдіснамасы басшылыққа алынды. Сонымен қатар мақаладағы тілдік деректердің талдануы барысында негізгі лингвистикалық әдістер – семантикалық талдау әдісі, диахрония және синхрониядағы салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу, сипаттау, жүйелеу, топтау, қажетті мәліметтерді өңдеу, саралау, ұғымдарды жинақтау әдістері де жүйелі қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланың әдіснамалық негізі ретінде шетелдік және қазақстандық ғалымдардың түркі жазба ескерткіштер тілінің тарихи дамуы туралы жазылған пайымдаулары мен тұжырым зерттеулері басшылыққа алынды. Атап айт-

қанда, армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі зат есімнің сан-мөлшер категориясының тарихи даму аспектілерін қарастыру көне түрк, орта ғасыр дәуірі ескерткіштерімен, нақты айтқанда Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – Күлтегін (үлкен жазба, кіші жазба), Тоныкөк ескерткіштерімен, Қараханидттер мемлекеті кезеңінде (X-XII) жазылған М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегі тілімен, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің бірі А. Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» («Ақиқат сыйы») дастаны (XI-XII) тілімен, құман қыпшақтарының тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» ескерткіші (XIII-XIV) тілімен, мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған «Китаб ат-тухфат уз-закийат филлұғат-ат-түркия» ескерткіші (XIV) тілімен салыстыра қарастырылды. Сонымен қатар көне түрк, орта ғасыр дәуіріндегі есім категорияларының қалыптасқан формалары мен дамуы айқындала отырып, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра зерттелді. Ескерткіштер тіліндегі есім категорияларын айқындауда көне түрк тілінің сөздігі, түсіндірме, этимологиялық сөздіктер, оқулықтар мен ғылыми еңбектердегі тілдік деректер мен тұжырымдар пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазақ тіл білімінде сан-мөлшер категориясы көбінесе көптік ұғым мен көптік жалғау тұлғасымен байланысты қаралып келеді. Қазақ тілінің грамматикаларында қолданылатын *сан-мөлшер категориясы*, *сандылық категориясымен* қоса, грамматикалық тұлға ретінде *көптік жалғау*, *көптік жалғау категориясы* немесе *көптік категориясы* деген терминдердің қолданылуы осының дәлелі болса керек.

А. Ысқақовтың көрсетуінше, қазақ тілінде көптік категориясы да, көптік жалғау категориясы да бар. *Көптік категориясы* деген ұғым тым жалпы ұғым да, *көптік жалғау категориясы* онан гөрі әлдеқайда жалқы ұғым. Көптік категориясы *лексикалық, морфологиялық, синтаксистік* тәсілдер арқылы беріледі (Ысқақов, 1991:39). Н. Оралбай жекешелік пен көптік мағыналардың қарама-қарсылығына құрылған жалпы грамматикалық мағыналы категорияны – *зат есімнің сандылық категориясы* деп қолдануды көрсетеді (Оралбай, 2007: 95). С. Исаев көптік жалғаудың сөз байланыстырушылық сипатының, жалғау қасиетінің басқа жалғаулардан ерекшелігіне тоқталады. Қазақ тілінде көптік жалғау жалғау аталғанымен, тікелей көптік мағынаны білдіргенде, басқа жалғаулар сияқты қосымшаның жалғау деп аталатын түріне тән сөз байланыстырушылық қызмет атқара алмайды. Сөз байланыстырушылық сипатының болмауы жағынан көптік жалғау қосымшаның жалғау түрінен гөрі форма тудыратын жұрнақтар қатарына өте жақын. Ғалым көптік жалғаудың бірден-бір грамматикалық көрсеткіші деп -лар, -лер -дар, -дер, -тар, -тер формаларын танып, бұл жалғаулар қазақ тілінде өзі жалғанатын сөздің соңғы дыбысы мен буынына қарай түрленіп жалғанатындығын жазады (Исаев, 2007: 113).

Көне жазбалар тілінде, орта ғасыр жазбалары тілінде, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінде болсын, сөз атау тұлғада келіп, бірлікті білдірсе, көптік мағына морфологиялық, лексикалық, синтаксистік тәсілдер арқылы беріледі. Орта ғасыр ескерткіштері туралы бұған дейінгі және одан кейінгі дәуірлерге шолу жасамай толық, жан-жақты пікір айту қиын. Себебі бұл жалғаулардың қай қайсысы да қазіргі тілдік тұрғыдан болсын, орта ғасыр тілдік тұрғысынан болсын көне болып есептелінеді. Олардың пайда болу, даму үрдісін Орхон-Енисей ескерткіштерінен басталады деп те айтуға болмайды. Сондықтан да көптік жалғауының шығу тегін түркі тілдерінің деңгейінде ашып беру қиындықтарынан ғалымдар түркі тілдерімен туыстас тілдерге жүгінуге тырысқан.

Көне түрк дәуірінде көптік мағынаны білдіретін жалғаудың бірнеше тұлғасы болған. С.Е. Малов «Күлтегін» және басқа да көне түрк жазба ескерткіштерінің тілін зерттей отырып, көптік жалғауының үш түрлі тұлғасын атап көрсетеді, олар**:** 1) -lar, -ler; 2) -t; 3) -z (Малов, 1951:122). Бірқатар түркітанушы ғалымдар, атап айтқанда Н.К. Дмитриев, А. Азнабаев, В. Псянчин, Б.А. Серебренников, Ғ. Айдаров, М. Томанов, А. Есенқұлов көптік жалғауының тек осы түрлеріне ғана тоқталады.

Көне түркі жазба ескерткіштер тілінде кездесетін және кейбір түркі тілдерінде сақталған, көптік мағынада жұмсалатын аффикстердің бірі – -т. С.Е. Малов көне түрк ескерткіштерінде жоғары атақты білдіретін төрт-бес сөзде көптік жалғауының кездесетіндігін айтады: *tarqan-tarqat (атақ-дәреже), orun-orut (орын), tigin tiginlär-tigitlar.* Көптік жалғаудың -т көрсеткіші XI ғасыр ескерткіштері тілінде бірлі-жарым сөздермен қолданылып, көптік мән берген. «Құтадғу білікте» кездесетін *erät* сөзінің аударма сы көне түрк сөздігінде *«мужи, мужчины, войны»* түрінде көптік мәнде берілген. Мысалы,

bu el tutγuqa köp erät sü kerät/erät tutγuqa neŋ tavar tü kerät (чтобы управлять государством, надо много воинов/чтобы содержать воинов, необходимо разные вещи (Севортян, 1969: 176). М. Қашқари сөздігінің I томында tegit сөзін tegin сөзінің көпше түрі деп береді де, мұның көпше түрдің қағидасына сәйкес келмейтіндігін айтады. Бұған қарап -т жалғауының бұл дәуірде көптік мән бергенін, алайда көптік жалғауы ретінде кең көлемде қызмет атқармағанын байқауға болады. Дәл осы *tegit* сөзі көне түрк сөздігінде *«монгольская форма мн. ч., от tegin (принцы)»* деп берілген (Севортян, 1969: 548). Ал tegin сөзі хан отбасындағы кіші ұлдың есіміне қосылып айтылатын атақ (титул). *Tegit* сөзі *öga* сөзімен бірге қолданылады: *Öga tegit – орта дәрежелі халықтың ірілері мен қаған ұлдарының кішісіне берілетін ат.*

П.М. Мелиоранский *tegin-tegit, tarkan-tarkat* жекелік мағына мен көптік мағынаның қатынасы түркі тілдеріне тән еместігін жазады. Ғалым Қытай деректері негізінде қалыпқа келтірілген *türkät-түрктер* формасы, сондай-ақ *хотут-әйелдер(qatun – qatut моңғол тілінен әйел-әйелдер*), *yolat (уолан),* т.б. сөздерінің шығу тегін түркілік емес деп қарастырады. Мұның себебін бұл формаларға түркі тілдерінде үстемеленіп -лар/-тар жалғауларының жалғануын дәлел ретінде ұсынады: *megitlar, хотуттар, kirkittar, т.с.с.* (Мелиоранский, 1899: 92).

Н.Н. Поппе түркілік *yigit* сөзі көптікті білдіріп, әйел жақтан туыстықты білдіретін *yigän* формасынан шығады. Бұған қоса, *süt, kanat* сөздерінде көптік мағынаны беретін көне -т аффиксі сақталған деп көрсетеді (Поппе 1974:16). А.Н. Кононов *türkät, yomut* этнонимдерінің құрамындағы -т көптік жалғаудың көрсеткіші деп береді (Кононов, 1954:276). Б. Сағындықұлы Орхон-Енисей, орта ғасыр ескерткіштері тілінде кездесетін *тарқа-т (атақ, жекешесі тарқа-н), теги-т(атақ, жекешесі теги-н)* сөздері құрамындағы -т, *телеут, түрк-ут* этнонимдері құрамындағы -ут көптік мағына беретіндігін жазады (Сағындықұлы, 2011: 109). Т. Жанұзақовтың айтуынша, *т(д), с(з)* жалаң дауыссыз дыбыстардан тұратын көптік жалғауының бұл көне көрсеткіші қазақ, моңғол ескі этнонимдер құрамында сақталған. Мысалы, қазақ этнонимдері: *дулат, керейт, меркіт, төлеңгіт, маңғыт, жаныс, байыс, т.с.с.;* ал моңғол этнонимдері: *баят, бодет, керет, борас, тоғас, бегіс, телес, т.с.с.*

Армян-қыпшақ ескерткіштерінде -*t* аффиксімен келетін көптік мәнде жұмсалған сөздердің легі кездеспейді. Ғылымда бұл аффикс туралы көп дәлел жоқ. Алайда М. Қашқари еңбегінде кездесетін *арамут, bajat, башғірт, көрат* секілді сөздер мен тайпалардың атаулары бұл форманың көне дәуірде болған көптік жалғау екендігін растай түседі. Десе де көне -*т* аффиксінің қалдығы қазіргі түркі тілдерінің ішінде якут тілінде сақталып қалуы мүмкін деп болжауға да негіз бар. Өйткені якут тілінде көптік жалғау зат есімдерге жалғанған кезде оның алдынан қосымша *т* пайда болады, кейде сөздердің соңғы дыбыстары өзгеріске түседі: *тойон (мырза) – тойоттар (мырзалар), хотун (қатын) – хотуттар (қатындар).* Мұндай ерекшелік барлық есімдерге тән емес. Сондай-ақ -*т* жалғауын бірқатар ғалымдар моңғол тілімен байланыстыра қарайды, якут тілі көп жылдар бойы моңғол тілінің ықпалында өмір сүргендіктен, якут тіліне кейбір сөздер арқылы сіңген болуы да мүмкін.

Көне түркіден келе жатқан көптік мағынаны білдіретін -з аффиксі де көптеген ғалымдардың еңбектеріне арқау болғаны белгілі. 1884 жылы ғылымда көне түрк тіліндегі көптік жалғау мағынасында жұмсалатын -з аффиксі туралы гипотезаны Б. Мункачи айтқан болатын. Кейіннен Г. Рамстедт *köküz (кеуде)* сөзінде -з аффиксін нақтылап көрсетіп, ал В. Банг жұп атауларды білдіретін құрамында -з аффиксі бар сөздердің тобын жазады: *ikiz (двойня, егіз), aviz (рот, ауыз), омуз (плечо, йық), köz (глаз, көз), т.с.с.* Осылайша Б. Мункачидің гипотезасы көптеген ғалымдар тарапынан жүргізілген зерттеулерге арқау болады. Мәселен, Л. Лигети *kirkiz, okyz* этнонимдерінен -з аффиксін байқайды. Ал Д. Синор түркілік -з аффиксін моңғолдың -с аффиксімен, тұңғыс және оралдық -р аффикстерімен бір қатарға қойып зерттей келе, -з аффиксін ғана түркілік деп танып, -лар аффиксін қоса есептегендегі өзге аффикстерді өзге тілден енген аффикстер қатарына жатқызады (Щербак, 1977: 85).

А.Н. Кононов көптік жалғаудың бұл түріне біріншіден *oγuz (оғыздар), ikiz (егіз)* этнонимдерін, екіншіден жіктеу есімдіктері – жіктік жалғаулары мен тәуелдік жалғауларының *z*-ға біткен түрлерін жатқызды.О. Бетлингк бұл аффикстің генезисін I, II жақ жіктеу есімдіктеріне қатысты түсіндіреді (Bohtling, 1851: 43). Негізінен ғылымда бұл пікір В.В. Радлов, С.Е. Малов тарапынан да қолдауға ие болды.

Б. Сағындықұлы да жұп мағынасын беретін -з көптік жалғау аффиксінің көне түркіден

келе жатқанын жоққа шығармайды. Ғалымның көрсетуінше, көптік мағынаны қазақ тіліндегі *біз, сіз* жіктеу есімдіктеріндегі **-з** элементі де бере алады (Сағындықұлы, 2011:109).

Көптік жалғауының бұдан өзге -ан аффиксі жайында белгілі ғалымдар К. Гренбек, А. Габен, Д. Синор сияқты ғалымдардың пікірлеріне А.М. Щербак өз еңбегінде тоқталса, мұнан өзге де ғалымдар – М. Қашқари, А.Н. Кононов, Б.А. Серебренников, Т. Жанұзақов бұл афикстің ерте заманда-ақ көптік жалғау көрсеткіші болғандығын сөз етеді.

К. Гренбек *оғлан (юноши), эран (мужи), бодун (народ), кіркін (девушки),* А. Габен бұларға қоса *ортан (огни)* сөзінің құрамындағы соңғы дыбыстарды осы көптік жалғауымен байланыстырады. Ал *кіркун* (қырғыздың қытайша аталуы) сөзімен бірге *копан* (все) «кон-ан» жөніндегі Д. Синор пікірі де осыған саяды.

М. Қашқаридың айтуы бойынша XI ғасырда *оғлан, эран* сөздері жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылған (Қашқари 1960: 74). Oγlan сөзінің семантикалық мағынасы көне түркі сөздігінде: *бала, нәрсете, ұл, қыз* мағыналарында жұмсалғаны белгілі: *oγlan beläldi –нәресте жаялыққа оралды, kičig oγlan – кішкентай бала, oγlan qïz – қыз бала*. Демек бұл дәуірдің өзінде -н (-ан, -ән) архаикалық аффикске айнала бастады деген болжам жасауға негіз бар. Көптік жалғауының бұл көне тұлғасы өлі жұрнаққа айналып, қазіргі тілде кейбір түбірлердің құрамында ғана сақталып қалған.

А.Н. Кононов та, М. Томанов та *оғлан* сөзінің құрамынан осы аффиксті көреді. Ғалымдардың пікірінше, орта ғасырларда *еран, оғлан* сөздері әлі де өздерінің көптік мағыналарын жоймаған, бірақ кейбір тұстарда *-лар* жалғауы да қатар жұмсалған (*еранлар*). Қазақ тілінде *ерен* сөзі тек жекелік мағынада ғана айтылады. Алайда сыртқы ұқсастығын еске алсақ, *үшем* (кейде үшен) сөзінің құрамындағы -ем (-ен) қосымшасын осыған жатқызуға болар еді. Дегенмен мұнда жалпылама көптікті білдіруден гөрі топтау мәні басым (Томанов, 1988:138).

Армян-қыпшақ ескерткіштерінде *oγlan* сөзі екі мағынада жұмсалады: *а) бала, нәресте, ұл, қыз, жас бала мағынасында:oγlannï sezdim – нәрестені сездім, oγlan 7 yïl tibinä bolgan – жеті жасқа толмаған бала, igit oγlanlarnïn – жас жігіттердің, kïz oγlan – қыз бала*; ә)сот ісін атқарушысы мағынасында: *mêsta oγlanï – сот атқарушысы* (Гарковец 2010: 1036). Көне түркіден ерекшелігі *oγlan* сөзінің сот атқарушысы мағынасында жұмсалуы бұл дәуірде оның мағынасының кеңейгендігінен хабар береді. Дегенмен бұл сөздің құрамындағы -an аффиксінен жекелік мағынаны ғана көре аламыз, көптік форма *oγlan* сөзіне арнайы -lar жалғауы жалғану арқылы берілген. Бұл көне түркіден келе жатқан көптік жалғауының -ан тұлғасы орта ғасырда көмескілене бастағандығын, нәтижесінде қосымша көптік мәнді білдіретін аффикс қосылғандығын білдіреді.

Армян-қыпшақ ескерткіштерінде *er, erän* сөздері қатар қолданылады, білдіретін негізгі мағыналары: *ер кісі, ер азамат, күйеу, ағa, мықты және жүректі адам, т.с.с.* Мысалы, *er adam – ер адам, χïz ergä barsa – қыз күйеуге шықса (ерге тисе), er χardaŝ – ағa, т.б.* Бұл екі сөздің де контексте қолданылуынан көптік мағына байқалады, мұнда бір ғана ерге емес, барлық ер адамдарға, күйеулерге тән қасиет, сипат беріліп отыр. *Er (ер), erän (ерен)* сөздеріне -lär (-лер) жалғауының жіңішке түрі жалғанып та қолданылады, қосымша дыбыс үндестігі ережесіне бағынады (Гарковец, 2010: 491).

Көне түрк, орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кездесетін *oγul, oγlan* сөздерінің қазіргі тілімізде *ұл, ұлан* түріндегі екі нұсқасы да сақталған. *Жаран, берен, өрен, аран* сөздері де осы төркіндес болуы керек. *-Ан* жалғауы көне түрк тілімен қатар, парсы тілінде де көптік мән берген, сондықтан бұл жалғаудың шығу тегін парсы тілімен де байланыстыра қарау түсінікті жайт. Көне түрк тілінде *budun* термині және *on oq budun, bavrin* деген тайпалар болған. Сөз етіп отырған аффикстің төркініне зер салсақ, ол хамит, тұңғыс-манчжур, моңғол тілдерінде ұдайы жинақтық мағыналы сөздерге жалғанады екен. Әрине, аффикстердің тұрақты сақталып қалатын орындарының бірі этнонимдер болуы мүмкін. Себебі этнонимдер басқа сөз түрлеріне қарағанда, өзгеріске сирек ұшырайды. Кейбір ғалымдар бұл сөздердегі аффикстердің көптік мәні бар екендігін де жоққа шығарады. Олар *будун* мен *ортан* сөздерінің құрамындағы *-ун* мен *-ан* аффикстерін есім сөз тудырушы жұрнаққа, ал *копан* сөзінің құрамындағы аффиксті көмектес септігінің өлі аффиксіне жатқызады, *кіркін* морфологиялық бөлшектеуге келмейді дейді.

Морфологиялық тәсіл арқылы көптік мағына білдірудегі бірден-бір өнімді элемент – лар, -лер аффиксі болып табылады. Ең көне болып есептелінетін Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастап, бүгінгі күнге дейін бұл жалғау өзінің қызметін жойған жоқ. А.М. Щербактың

көрсетуінше, *лар* аффиксі ерте жазба деректерден мәлім және дауыссыздардың ассимиляциясы немесе дауыстылар үндестігі арқылы түркі тілдерінде олардың бірнеше фонетикалық варианттылығы қалыптасқан, олар: -лор ~ -ло ~ -ла ~ -лаj ~ -тар ~ -тор ~ -дар ~ -дор ~ -сар ~ -зар ~ -рар ~ -нар ~ -нор ~ -на ~ -ар ~ -а ~ -лар ~ -тäр ~ -лїр ~ -лур (Щербак 1977: 82). Аталған форманттың этимологиясын Г.И. Рамстедт -лар аффиксін моңғол тіліндегі мағыналық жағынан ұқсас келетін -nar аффиксімен салыстырып қарастырды, бұл аффикс (-nar) моңғол тілінде «барлығы» мағынасын бере отырып, ғалымның пікірінше якут тілінде «бірге, бірдей» мағынасында жұмсалатын *нар* сөзімен сәйкес келеді [Ramstedt 1957: 59]. Н. Поппе пікірі бойынша, -лар аффиксі көптік мәнді білдіретін екі аффикстің -ла және -р аффиксінің бірігуінен пайда болған. Соңғы -р аффиксін К. Менгес жалпыалтайлық жинақтаушы аффикс ретінде қарастырған (Щербак, 1977: 83). Дегенмен -лар аффиксі екі аффикстің комбинация тұтастығынан пайда болған деген пікірді алғаш айтқан В. Банг болатын (Bang, 1895: 166). Б.А. Серебренников те-лар жалғауын көптік пен жинақтық мағына беретін көне екі көрсеткіштен тұратындығын (-л және -р) айтады. Д. Синор -лар жүйесін -л және -р аффикстерінің қосындысы деп қарап, өзге тілдерден түркі тілдеріне енген жалғау деген де пікір айтады (Sinor, 1952: 226-228). П. Аалто Д. Синордың пікірін қостай отырып, түркілік -лар аффиксінің моңғолдың -nar және қытай тілімен байланыстыра қарайды (Aalto, 1952: 15-16). Ал поляк ғалымы Т. Ковальский өзінің осы мәселеге арнаған зерттеуінде -лар аффиксінің арғы төркіні болжалды санды (*бірнеше, көп* сөздері тәрізді) білдірген сөз болуы керек дейді (Kowalski, 1963: 7).

А.Н. Кононов -lar/-lär көптік жалғауының аффиксі жинақтық көптікті білдіретін бірдей мағыналы екі форманттан тұратындығын айтады: -lar – -l+-r. В.А. Богородицкий бұл аффикстің қалыптасуын 3 жақ жіктеу есімдігі мен -ар жұрнағының арасындағы ығысудың нәтижесі деп қарайды (Досжан, 2012:16). Аффикстің екінші -r компоненті де қазіргі кезде жинақтық көптікті білдіретін ерекше көрсеткіш ретінде қарастырылады.

Ғалымдардың зерттеулерін пайымдай отырып, әр дәуірде көптік жалғау тұлғаларының түрліше болғандығына, формалық-мағыналық өзгерістерге ұшырағандығына, мағынасының да тарылып не кеңейіп қолданылғандығына көз жеткізуге болады (Frank, 1972).

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілінде көптік жалғауларының морфологиялық тұлғасы *-т* қосымшасы арқылы көрінеді. Бұл қосымша көне түрк жазба ескерткіштері тілінде атақ-дәрежені білдіретін санаулы сөздерге жалғанған: *тарқан – тарқат, шад апыт – шад апалар.* Сонымен қатар ескерткіш тілінде *-лар, -лер* формалары да кездеседі: *Он оқ бегл**ер**і будуны коп келті. – Он оқ бектері халқы көп келді. Келігме бегл**ер**ін будунын іміп, йығып азча будун тезміс ерті. – Келген бектерін, халқын көргенде, азғана халық жиылып қашқан.*

Көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік ұғымды білдіретін сөздер де кездесіп отырған: 1) ру, тайпа, халық аттарын беретін жинақтық ұғымды білдіретін атаулар: *табғач, оғуз, қытан бу үчегу қабысыр. – Табғаш, оғыз, қытан бұл үшеуі қабысар, бірігер.* 2) лексикалық мағынасының өзінде көптік ұғымы бар сөздер: Інгек күлүкін оғуз келті. – *Сиыр көлігімен оғыз келді. Қарыг сөкдім. – Қарды тазаладым, аршыдым. Қара терім йүгүрті. – Қара терім ақты, жүгірді.* 3) зат есімнің алдында оның қанша екенін көрсететін сан есімдер болса, оларға көптік жалғауы жалғанбайды: Йеті йүз кісіг удызығма улуғы шад ерті. – *Жеті жүз кісіні бастаушы ұлығы шад еді. Сүсі алты бің ерміс. – Әскері алты мың еді.* 4) зат есімдердің алдында *қоп (көп), үкүл (бүкіл)* сияқты анықтауыш сөздер айтылғанда көптік жалғауы жалғанбайды: Қоп соғды будун келті. – *Көп соғды халқы келді. Үкүл ер – бүкіл ер.* 5) кейбір қос сөздер ешбір көптік жалғауынсыз көптік мағына береді: Қыз-кудуз буңсыз келүрті. – *Қызқырғын қайғысыз (тегін) келетін* (Шаймердинова, Невская, 2019:184-199).

Қараханидтер мемлекеті кезеңінде (X-XII ғғ.) жазылған ескерткіштердің бірі – *Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегінде* көптік жалғауларының ең көп қолданылатын формасы – -лар, -лер, ал қатаң нұсқасы (-тар) кездеспейді: Алплар бірле урушма. – Алыптармен (батырлармен) ұрыспа.

Орхон жазбаларында ұшырасатын көптік мәнді беретін *-т* формасы арқылы жасалған сөз бір жерде ғана кездеседі: *тігін- тігіт.* М. Қашқари *ерен* сөзінің құрамындағы -ен элементін де көптік қосымшасы деп түсіндіреді, дегенмен мынадай ескерту жасайды: «бірақ бұл тұлға аз ұшырасады және қағидаға қайшы. Өйткені көптік қосымшасы -лар, -лер».

Көне ұйғыр жазуларында көптік жалғау -лар, -лер формасы арқылы көрінеді. Жуан буынды түбірлерге -лар формасы, ал жіңішке буынды сөздерге -лер формасы жалғанады: *тынлығлар – тіршіліктер, йоллар – жолдар, орынлар – орындар, дінтарлар – діндарлар, теңрілер – тәңірілер, йеклер – жындар, т.б.*

Көптік мән белгілі жалғаулар арқылы да, сөздің лексикалық мағынасы арқылы да, сөз тіркестері арқылы да беріледі (Crystal 1995). Зат есімнің алдында оның қанша екендігін білдіретін және *үкүш, көп* сияқты сөздер айтылғанда, оларға көптік жалғауы жалғанбайды. Қос сөздерге де көптік жалғау жалғанбайды.

Көптік жалғауы *қыпшақ тілінде* дыбыс үндестігіне бағынбайды. Сондықтан оның басқы дыбысы түбір сөздегі дыбыстың ыңғайына қарай түрленіп отырмайды. Буын үндестігіне қарай ол -лар, -лер болып жалғанады: *арылар – әулиелер, қойлар – қойлар, ағачлар – ағаштар, алар (олар, аналар), бізлер – біздер, кімлер – кімдер, чақлар – шақтар, ешітіңлер – есітіңдер, білмезлер – білмейтіндер, т.с.с.*

«Кодекс Куманикус» және «Ат-тухфа аз закийа...» ескерткіштері тілінде бастан-аяқ -лар,-лер көптік жалғауы қолданылған. Ә. Құрышжанов пен М. Зияеваның көрсетуі бойынша, бұлар дауыссыз дыбыстардың үндестігіне ұшырамаған, кез келген дауыссыз дыбыстан кейін осы күйінде жалғана береді. Алайда жуан тұбірлер мен негіздерден кейін -лар, ал жіңішке түбірлер мен негіздерден кейін -лер формасы қосылады. Негізінен зат есімдер мен есімдіктерге, заттанған жағдайда кез келген сөз табынан болған тұлғаларға жалғана береді (Фазылов, 1978: 137).

Көптік жалғаулары, негізінен, екі семантикалық-грамматикалық мағынада жұмсалған: а) белгілі бір заттың, нәрсенің дербес-дербес санап көрсетуге болатын бөлшектерден тұратындығын көрсетеді: *ағачлар – ағаштар, бизлер – біздер, тағлар – таулар;* ә) белгілі бір адамдардың тобын, жиынтығын білдіреді: *кішілер – кісілер, азамлар – адамдар, білмезлер – сауатсыздар.* Егер сөйлемде бастауышқа көптік жалғауы жалғанса, баяндауышқа да көптік жалғауы жалғанып, бір-бірімен қиысады. Мысалы, *анлар сордулар – олар сұрады, билге тетик кишилер меним сөзим ешитиңлер – білікті, есті кісілер, менің сөзімді тыңдаңдар* (Айдаров, 1971: 106).

Армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде көптік жалғауларының -лар, -лер формалары ұшырасады: *ханлар – хандар, тонлар – тондар, йемішлар – жемістер, т.с.с.*

Көптік жалғаудың грамматикалық қызметіне қарай семантикалық мағынасы да күшті. -Лар, -лер жалғаулары зат есімдерге жалғанып, аталатын заттардың көптігін білдіреді. Сондай-ақ көптік жалғаулар көп адамға тән я ортақ бола алатын заттардың (адамның, нәрсенің) атауларына қосылғанда, сол заттың көп (бірнеше) адамға бірдей, ортақ екенін білдіреді:*Hali, χanlar, bunu eskä aliŋïz, ögütläniŋiz barčaŋïz, kimlär ki yarγularsiz yerni. – Енді, хандар, мұны еске алыңыз, жерді жарғылау туралы ұғыныңыз баршаңыз* (Гарковец 2002: 531). *Da budur Teŋriniŋ yarγusu, ki Yarïχ keldi dünyâgâ, da adamlar artïχ sövdülär χaranγunu, ne ki yarïχnï* (Гарковец 2002: 676). – *Тәңрінің жарғышылығы дүниеге жарық келтірді, бірақ адамдар жарықтан қараңғылықты артық көрді* (Гарковец 2002: 678). *Yalbarïp χolarmen sïzdan, χardaŝlar, ki neča sarnasaŋïz, aŋgaysen men yazïχlï Lusig sargawaknï bir «Atamïz ki köktäsen». – Сіздерден жалбарынып сұраймын, бауырлар, қанша оқысаңыз да, жазықты пірәдір «көктегі атамыз деп» Лусигті еске алыңыз* (Гарковец, 2002: 373). *Χartnï baduhasel etmägäysen, yoχsa övündür, nečik ataŋnï; χarïlärnï – necÿik analarnï. – Қартты қатты ренжітпе, әкеңдей көр, кәрі әйелдерді – анаңдай көр* (Гарковец, 2002: 275).

Ескерткіш тілінде көптік жалғау сын есімдерге жалғанып, субстантивтендіреді, әрі оларға көптік мағына жамайды: *Aniŋ üčün boŝ etär Teŋri, ki uslular tergäp baχkaylar, ne türlü isä esä, aŋar körä etkäylär yarγunu* (Гарковец, 2002: 679). – *Сондықтан Тәңрі парасаттыларға істің егжей-тегжейін терген, соған сәйкес жарғыны жүргізуге ерік береді* (Айдаров, 1971: 680). *Ki toydurdu džanlarïn ačlarniŋ da džanlarïn küsänčlärniŋ tolu etti yaχŝïliχ bilä. – Ол аштардың да, құсаланғандардың да жандарын жақсылықпен толтырды* (Гарковец, 2002: 423).

Қорытынды

Аталған мақала AP08855980 «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен жобасы аясында дайындалды. Зерттеу нәтижесі бүгінгі кезеңге жеткен көптік жалғауларының ұзақ тарихи даму жолынан өткендігін айғақтайды. Әр дәуірде көптік жалғауларының көне формаларының әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, шығу төркіні, қолданылу ерекшеліктері,

қолданылу кезеңдері болған. Кейбір көнерген жалғаулардың көне түрк дәуірінде өнімді қызмет еткендігін бағамдай отырып, бұл формалардың Орхон-Енисей жазулары өмір сүрген кезеңге дейін де болғандығы байқалады. Яғни көптік жалғауы тарихқа белгісіз бір кезеңде жеке сөзден пайда болған. Оның лексикалық мағынасын түркі тілдеріндегі кейбір түбірлер ғана еміс-еміс көмескі күйде сақтап қалған, ал грамматикалық мәні көптік мағына беретін көне жалғаулар арқылы көрінген. Ғалымдардың пікірін жүйелеу барысында көне жазба ескерткіштер тілінде кездесетін көптік жалғауының ең көне формалары *-t (-ut/-it), -z (-uz/-iz), -an (-un/-in), -q/-k (-aq/-ek)* болғандығы анықталды. Түркі тілдері аглютинативті тіл болғандықтан, түбірге қосымшалар бірінен кейін бірі жалғана береді. Көптіктің көне формалары тілдің дамуы барысында көнеріп, өзінің мағынасын, мәнін жойған кезде көптіктің басқа формасы үстемеленіп жалғанып отырған. Нәтижесінде алдыңғы аффикс түбірмен сіңісіп, тұтасып, жаңа форма жасап отырған. Дегенмен көнерген аффикстердің алғашқы грамматикалық мағыналарының жойылуы барлық дерлік аффикстерге тән дей алмаймыз. Орта ғасырда өз құрамында дәл осы жалғаулар кездесетін сөздердегі көптік мағына әлсіреп, нәтижесінде *-lar, -ler, -dar, -der, -tar, -ter* формалары қалыптасқан. Көне түркіден көптік ұғымда қолданылатын кейбір сөздер мен аффикстер орта ғасырдағы армян-қыпшақ мұраларына да ортақ деп айтуға болады. Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінде бастан-аяқ көптік жалғаудың *-lar, -lär (-лер)* формалары көрініс тапқан. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде көне аффикстер өзінің грамматикалық мағыналарын толықтай жоғалтпай-ақ, көптік мәнді білдіретін жалғаулар үстемеленіп те жалғанып отырған.

Әдебиеттер

Aalto P. Altaistica. The suffixes -lar, -nar, -lär. – StO, 1952, XVII. – P.15-16.

Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.

Bang W. Zura auslautenden n im Altaischen. – TP, 1895. – VI. – S. 220.

Bohtling O. Uder dis Jakuten. – St-Petersburg, 1851. – 159 s.

Гаркавец А. Кыпчакское письменное наследие. Каталог и тексты памятников армянским письмом. – Том 1. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – 1084 с.

Гаркавец А. Кыпчакское письменное наследие. Кыпчакский словарь по армянописьменным памятникам XVI-XVII веков. – Т.III. – Алматы: Баур-Касеан, 2010. – 1802 с.

Древнетюркский словарь. / Под ред. Э.В. Севортян. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.

Досжан Р. XI-XII ғ. жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы. – Астана: Астана полиграфия, 2012. – 328 б.

Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 б.

Кононов А.Н. Тюркские этимологии. История и филология стран Востока // Ученые записки ЛГУ. Серия

Kowalski T. Zursemantischn Function des Plural suffixes -lar, -lär in den Turksprachen. – Krakow, 1963. – 77 s.

Қашқари М. Девану луғатит турк. – Ташкент: Фан, 1960. – 1 том. – 270 б.

Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1951. – 452 с.

Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-тегина. – СПб.: ЗВОРАО, 1899. – 92 с.

Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Інжу-Маржан, 2007. – 390 б.

Ramstedt G.J. Kleine altaistisce Beitrage. Die Pluralendung mo -nar, tu –lar // Введение в алтайское языкознание. Морфология. – М., 1957. 460 s.

Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 145 б.

Серебренников Б.А. Вероятностные особнования в компаративистике. – Москва: Наука, 1974. – 64 с.

востоковедческих наук. – Л.: ЛГУ, 1954. – Вып. IV. – С. 276-280.

Sinor D. On Some Ural-Altaic Plural Suffixes. – AM, NS, 1952. – II. – P. 226-228.

Crystal, D. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. Cambridge: Cambridge University Press, 1995.

Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

Фазылов Э.И., Зияева М.Т. Изысканный дар тюркскому языку. – Ташкент: Фан, 1978. – 451 с.

Frank, Marcella. Modern English Grammar: a Practical Reference Guide. New Jersey: Prentice Hall, Inc., 1972.

Шаймердинова Н.Г., Невская И.А. Некоторые аспекты истории развития кыпчакских и огузских языков // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – №4 (126)/2019. – С.184-199.

Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Имя. – Ленинград: Наука, 1977. – 192 с.

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

References

Aalto P. (1952) Altaistica. The suffixes -lar, -nar, -lär. – StO, XVII. – P.15-16. (in English)

Aidarov G., Quryshzhanov A., Tomanov M. (1971) Kone тurki zhazba eskertkishterinin tili. – Almaty: Mektep, p.272 (in Kazakh)

Bang W. (1895) Zura auslautenden n im Altaischen. – TP, VI. P. 220. (in German)

Bohtling O. (1851) Uder dis Jakuten. – St-Petersburg: p.159 (in German)

Crystal, D. (1995) The Cambridge Encyclopedia of the English Language. Cambridge: Cambridge University Press (in English)

Doszhan P. (2012) XI-XII g. Zhazba eskertkisteri tilinin morfologiyalyq qurylymy. – Astana: Astanapoligrafiya, p. 328 (in Kazakh)

Drevnetyurkskii slovar'. (1969) Podred. E.V. Sevortyan. – Leningrad: Nauka, P.676 (in Russian)

Fasylov E.I., Ziyaeva M.T. (1978) Izyskannyi dar tyurkskomu yazyku. Tashkent: Fan, p.451 (in Russian)

Frank, Marcella. (1972) Modern English Grammar: a Practical Reference Guide. New Jersey: Prentice Hall, Inc., (in English)

Garkovezt A. (2002) Kypchakskoe pis'mennoe nasledie. Katalog I teksty памятников armyanskim pis'mom. – Tom 1. Almaty: Desht-i-Kypchak, p.1084. (in Russian)

Garkovezt A. (2010) Kypchakskoe pis'mennoe nasledie. Kypchakskiislovar'po armyanopis'mennym pamyatnikam XVI-XVII vekov. V.III. – Almaty: Baur-Kasean, p.1802. (in Russian)

Isaiev S.M. (2007) Qazirgi qazaq tili. Morfologiya. Almaty: Oner, p.336 (in Kazakh)

Kononov A.N. (1954) Tyurkskie etimologii. Istoriya I filologiyastranVostoka // Uchenye zapisi LGU. Seriya vostokovedcheskih nauk. Leningrad: LGU, 1954. Vypusk. IV. p. 276-280. (in Russian)

Kowalski T. (1963) Zursemantischn Function des Plural suffixes -lar, -lär in den Turksprachen. Krakow, p. 77 (in German)

Malov S.Ye. (1951) Pamyatniki drevnetyurkskoi pis'mennosti. – Moskva.-Leningrad: Izd. ANSSSR, p. 452 (in Russian)

Melioranskii P.M. (1899) Pamyatnik v chest' Kyul'-tegina. Saint Petersburg: ZVORAO, p. 92 (in Russian)

Oralbai N. (2007) Qazirgi qazaq tilinin morfologiyasy. Almaty: Inzhu-Marzhan, p. 390 (in Kazakh)

Qasqari M. (1960) Devanu lugatit turk.Tashkent: Fan, 1 tom. p. 270 (in Kazakh)

Ramstedt G.J. (1957) Kleine altaistisce Beitrage. Die Pluralendung mo -nar, tu –lar // Vvedenie v altaiskoe yazykoznanie. Morfologiya. Moskva: 1957. p.460(in German)

Sagyndyquly B. (2011) Qazirgi qazaq tilinin tarihy. Almaty: Qazaq universiteti, p.145 (in Kazakh)

Serebrennikov B.A (1974) Veroyatnostnye osobnovaniya v komparativistike. Moskva: Nauka, p.64 (in Russian)

Shaimerdinova N.G., Nevskaya I.A. (2019) Nekotorye aspekty istorii razvitiya kypchakskih I oguzskih yazykov // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin Habarshysy. Sayasi gylymdar. Aimaqtanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy. №4 (126) p.184-199. (in Russian)

Sherbak A.M. (1977) Ocherki po sravnitel'noi morfologii tyurkskih yazykov. Imya. Leningrad: Nauka, p.192 (in Russian)

Tomanov M. (1988) Qazirgi qazaq tilinin grammatikasy. Almaty: Mektep, p.264 (in Kazakh)

Ysqaqov A. (1991) Qazirgi qazaq tili. Almaty: Ana tili, p.384 (in Kazakh)

ҒТАМР 16.01.21 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph14

С.А. Оданова , Қ.Е. Молдабаева*

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ
*e-mail: k.moldabaeva@aues.kz

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ КОНТЕНТ ЖАСАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Академиялық жазылым Қазақстан білім кеңістігіне жаңадан еніп, дамып жатқан ғылым саласы болғандықтан, еліміздің кейбір ғалымдары академиялық жазылымның теориялық және практикалық негіздеріне зерттеу жүргізгенімен, оның қарастыратын мәселелері, соның ішінде қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңде интернеттің мүмкіндіктерін қолдана отырып, электронды контентін жасау мәселелері, академиялық жазылымды электронды ресурстарды қолдана отырып үйрету мәселелері ізденістерді қажет етеді. Осы мәселеге көшпес бұрын алыс, жақын шет елдердің ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып, оларға шолу жасай отырып, академиялық жазылымның шет елдерде, көршілес Ресей мемлекетінде зерттелу деңгейі, жеке пән ретінде қалыптасуы, тарихы, оқыту әдістемелері мақалада сапатталады. Осы орайда мақалада И.Б. Короткина, И.Н. Минеева, И. Квитсиния, Л.А. Милованова сияқты Ресей зерттеушілерінің жұмыстарына шолу жасалады. Академиялық дискурстың шет елдерде қолданысының деңгейін саралау мақсатында Merton R. K., Beavis C., Green B., Beavis C., Kress G. A., Snyder I. Және тағы бірқатар зерттеушілердің жұмыстары қарастырылады. Сонымен қоса, Қазақстандағы академиялық жазылымның қалыптасу тарихын, оның алғышарттарын анықтау мақсатында Р.Сыздықованың, Б. Әбілқасымовтың еңбектеріне шолу жасалып, XIX ғасырдың екінші жартысында негізі қаланған, қазіргі академиялық жазылым бастау алған ғылыми стиль тарихына тоқталамыз. Қазіргі таңда елімізде академиялық жазылым салаларын зерттеп, оның теориялық және практикалық қырларын айқындап жүрген отандық ғалымдар Е.Т. Оспановтың, Б.Б Динаева, С.М. Сапиналардың еңбектері зерттеліп, қазақ тілінде академиялық мәтін құрастыру жолдары, ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу кезеңдері, академиялық мәтіннің басты жанрлары, эссе, аннотация, пікір, түйін, рецензия, курстық жұмыс, магистрлік жұмыс, докторлық диссертация жазу жолдары сипатталады.

Қорыта келе, жазылым, оқылым мәселелерін электронды түрде оқыту мақсатында Ресей зерттеушілері И.Н.Розина, Ю. Е. Буттың академиялық жазылымды оқытудың электронды контенті жәйлі зерттеулері талқыланып, электронды ресурстарды пайдалана отырып еліміздің ғылыми кеңістігіне енгізу жолдары баяндалады.

Түйін сөздер: академиялық жазылым, web ресурстар, тілдік шаблондар, тілдік конструкторлар, электронды оқу құралдары, ақпараттық технологиялар.

S.A. Odanova, K.E. Moldabayeva*

Kazakh national women's teacher training university, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: k.moldabaeva@aues.kz

The academic writing's research level and topical issues of creating its electronic content

As academic writing is a new and developing theme in the field of scientific sphere of Kazakhstan, while some scientists of the country have studied the theoretical and practical bases of academic writing, there are some issues that should be investigated, including the creation of electronic content using the Internet resources in the period of rapid development of information technology and the problems of teaching academic writing using electronic resources require a profound research. Before moving on to the research,we studied the works of scientists from near and far abroad and this article describes the level of study of academic writing abroad, in neighboring Russia, its formation as a separate subject, history and teaching methods. In this regard, in the article we conducted reviews of works of some Russian researchers such as of I.B. Korotkina, I.N. Минеева, I. Kvitsiniya, L.A. A Milovanova. In order to analyze the level of application of academic discourse abroad, the works of Merton R. K., Beavis C., Green B., Beavis C., Kress G. A., Snyder I. will be taken into consideration. In addition, in order to determine the history of the formation of the academic writing in Kazakhstan, its preconditions, R. Syzdykova, B. Ab-

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

ylkasymov's works are reviewed and we focus on the history of scientific style, which was founded in the second half of the XIX century, considering as the starting point of modern academic writing. At present, local scientists like E. Ospanov, B.B. Dinaeva, S.M. Sapina are studying the theoretical and practical aspects of this issue, they describe ways to compile an academic text in the Kazakh language and all their papers are profoundly discussed in the article. In conclusion the ways to introduce an academic writing into the scientific space of our country using electronic resources are described.

Key words: academic writing, web resources, language templates, language constructors, electronic textbooks, information technology.

С.А.Оданова, К.Е. Молдабаева*

Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: k.moldabaeva@aues.kz

Уровень изученности академического письма и актуальные вопросы по созданию электронного контента

Поскольку академическое письмо является новой и развивающейся областью науки в Казахстане, некоторые ученые страны изучили его теоретические и практические основы, но проблемы его обучения с использованием электронных ресурсов, создание электронного контента все еще требуют исследования. Прежде чем перейти к этой проблеме, в статье описывается уровень изученности академического письма за рубежом, в соседней России, его становление как отдельного предмета, история, методика преподавания на основе работ ученых ближнего и дальнего зарубежья. В связи с этим в статье проводиться обзор работ российских исследователей, таких как И. Короткина И Н Минеева, И. Квициния, Л.А. Милованова. Для анализа уровня применения академического дискурса за рубежом рассматриваются работы Мертона Р. К., Бивиса К., Грина Б., Бивиса К., Кресс Г. А., Снайдера И. и ряда других исследователей. Кроме того, для полного осмысления истории формирования, предпосылок академического письма в Казахстане проводиться обзор работ Р. Сыздыковой, Б. Абылкасымова которые исследовали историю научного стиля, основанного во второй половине XIX века. В настоящее время отечественные ученые изучают сферу академической письменности в стране и определяют ее теоретические и практические аспекты , в статье также расмматриваются работы Е. Оспанова, Б.Б. Динаевой, С.М. Сапиной в которых ученые изучают и описывают способы составления академического текста на казахском языке, этапы написания научных работ, основные жанры академических текстов, рефераты, аннотации, рецензии, курсовые работы, кандидатские диссертации, докторские диссертации. В заключение, с целью изучения проблем чтения и письма в электронном формате проводиться обзор работ российских исследователи И.Н. Розиной и Ю. Е. Бута, а также описываеются пути и способы его внедрения в научное пространство страны с использованием электронных ресурсов.

Ключевые слова: академическая письмо, веб-ресурсы, языковые шаблоны, языковые конструкторы, электронные учебники, информационные технологии.

Кіріспе

XXI ғасыр ғылымдағы коммуникация нысандары мен әдістеріне де, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың сипаты мен мазмұнына да өзгерістер енгізуде. Мектеп оқушысынан бастап профессорға дейін халықаралық басылымдарда мақала жариялауға деген ұмтылысының күрт өсуі академиялық жазылымды қалыптастыру қажеттілігін көрсетіп берді. Егер әлемде XX ғасырда, ал көршілес ел – Ресей университеттерінде 2015 жылдан бастап «Академиялық жазылым» орталықтарының көптеп ашылуы, біздің елімізде 2020-2021 оқу жылынан бастап барлық жоғары оқу орындарының докторантура деңгейіне осы аттас пәннің міндетті компонент ретінде енгізілуі академиялық жазылымды үйретудің қаншалықты өзектілігін дәлелдеп қана қоймайды, осы мәселені ғылымды дамытудағы басты тренд ретінде айқындап, оны жетілдірудің ғылыми-әдістемелік және АКТ мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Осы орайда академиялық жазылым мәселелерін зерттеп, оның жеке пән ретінде қалыптасуына үлес қосып жүрген бірталай отандық және Ресей ғалымдарының жұмыстарына тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз.

Материалдар және әдістер

Зерттеу барысында біз, академиялық жазылымның зерттелуі Қазақстан білім кеңістігінде қандай деңгейде екендігін анықтап, академиялық

жазылыммның электронды контентін жасаудағы өзекті мәселелері не деген сұраққа жауап іздейміз.

Қазіргі таңда академиялық жазылым пәні алыс – жақын шет елдерде бұрыннан қалыптасып, ғылымның бір саласы ретінде толық қанды зерттеліп, қолданыс тауып жүргенімен Қазақстанда, оның ішінде қазақ тілінде, бұл сала әлі де барлық қырынан ашылып, толық зерттеліс таппады десе де болады.

Олай дейтін себебіміз, академиялық жазылымның теориясы берілгенімен, оның практикалық қырлары, оның ішінде академиялық жазылымды web ресурстар арқылы оқытудың жолдары әлі де болса зерттеуді қажет етеді, және де академиялық жазылымның электронды контентін жасаудың әдіс – тәсілдері мен бағыттарын анықтау әлі де шешімін таппаған мәселе десе болады.

Б. Гриннің тұжырымдамасы бойынша академиялық сауаттылықтың үш өлшемі бар және олар өзара байланысты, өзара тәуелді бола тұра, білімді тілдің, мағынаның бір парадигмасына шоғырландырып қана қоймай, академиялық сауаттылықты мәтіндік қызметтің әлеуметтік функциясының алдыңғы қатарына шығарады. Академиялық мәтін құру үшін оның белгілі бір білім саласына қолданылатын әдістері мен технологияларынан, талқыланып жатқан өзекті мәселелерінен хабардар болу жеткілікті емес, сонымен қатар белсенді түрде ат салысу, білімді жаңартуда және академиялық дискурсты енгізуде тың әдіс-тәсілдер енгізу қажет (Green B., Beavis C., 2012 : 248).

Жоғарыда сипатталған мәселелерді шешу мақсатында ұйымдастырылған зерттеу жұмысы академиялық жазылымның ғылым саласында алатын орнын, академиялық жазылымның отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде зерттелу жайын зерделу мақсатында атқарылатын зерттеу түрлері библиографиямен жұмыс, бакалавр деңгейінде ғылыми жұмыстардың құрылымдық және стильдік ерекшеліктерін айқындау (жазуға және рәсімдеуге қойылатын негізгі талаптар, эссе, ҒЖЗ , ғылыми жоба, стартап жоба, әлеуметтік, ғылыми баяндама, дипломдық жұмыс), академиялық жазылымның магистратура және докторантура деңгейлеріндегі құрылымдық және стильдік ерекшеліктерін анықтау (ғылыми негіздеме, ғылыми жоба, ғылыми мақала, әлеуметтік жобалар, диссертациялық жұмыстар), ғылыми стильдегі жазылым түрлерін модельдеу (академиялық жазылым бойынша модельдер және шаблондар) сияқты кезеңдерден тұрады.

Академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориялық моделін және басқа да маңызды мәселелерді зерделеу үшін аналитикалық зерттеу әдістерінің жүйесі (модельдеу, сараптау, кесте, графика) қолданылады. Мысалы, кестелік талдау әдісі деректерді тексеру және алдын ала бағалау, маңызды мәселелерді сұрыптау және одан әрі қарай егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында маңызды ақпаратты айқындау үшін пайдаланылады. Академиялық стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктері негізінде жасалатын лингвистикалық шаблондарды игеру нәтижесін анықтау үшін математикалық модельдеу, алгоритм әдістері қолданылады. Зерттеу барысында анализ – синтез әдістерін қолдана отырып, ғылыми басылымдардың жалпы мақала жариялау талаптары зерделеніп, осы талаптар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланады. Еліміздің оқу орындарында дипломдық жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми жобаның жазылу ерекшеліктеріне, талаптарына салыстыра отырып сараптама жасау үшін структуралық және салыстырмалық әдіс қолданады. Библиографиялық зерттеу әдісі ұсынылып отырған мақалаға арқау болып отырған академиялық жазылымның отанымыздағы, алыс – жақын шет елдердегі даму барысын, зерттелу деңгейін анықтау мақсатында қолданылады.

Зерттеудің нәтижесінде академиялық жазылымның әлемдік және Қазақстанның білім беру кеңістігіндегі түсінігі, зерттелуі, қолданыс деңгейі сараланып, академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориялық моделі зерделенеді, академиялық стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, лингвистикалық шаблондар жасалады, академиялық жазылымды оқытудың деңгейлік сипатын анықтап, әр деңгейге қойылатын талаптар мен бағалау өлшемдерін ұсыну; мектеп оқушылары мен бакалаврлар, магистранттар мен докторанттарға қойылатын академиялық жазылым талаптары айқындалады, арнайы мәтіндерді құрастыру, редакциялау және рәсімдеуге үйрететін оңтайлы технологиялар мен басылым таңдау, хат жазысу және жариялауға дейінгі үздіксіз процесті меңгерту жолдары айқындалады, академиялық жазылымға қатысты web-ресурстарды жинақталып, әлемдік ғаламтор кеңістігіндегі академиялық жазылымға қатысты сұрыпталған материалдарды жинақталып, сол арқылы қазақстандық

академиялық қауымдастыққа енетін жастарға ғылыми-әдістемелік зерттеу жүргізудің әдістерін үйрететін алаң ұсынылады.

Әдебиеттерге шолу

Ресей ғалымдарының ішінен академиялық жазылымның теориялық және методологиялық негіздерін, академиялық жазылымды оқытудың әдістемесін, Ресейдің білім кеңістігіне академиялық жазылымды енгізудің моделдері мен механизмдерін толыққанды зерттеген И.Б. Короткинаның орны ерекше, себебі ол өзінің «Академическое письмо: процесс, продукт и практика» атты оқу құралында академиялық жазылымның концепцияларын, моделін, академиялық мәтіннің бірізділігін, жазу принциптерін, жазу үрдісін ұйымдастырудың технологияларының, дереккөздерді қолданудың жолдары мен оларды саралауды егжей тегжейлі зерттеп, академиялық және ғылыми мәттіннің логикалық және синтактикалық проблемаларына тоқталып, оларға толыққанды сараптама жасаған, дегенменен қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды екпінмен дамып жатқан дәуірде академиялық жазылымды Web ресурстар арқылы үйретудің жолдары автордың жұмыстарында көрсетілмеген.

И.Б. Короткинаның «Отандық және шет елдік жоғары оқу орындарында академиялық жазылымды оқытудың практикалық және теориялық негіздері» атты еңбегінде автор академиялық жазылымды оқыту заманауи университеттің үш миссиясымен байланысты дей келе олардың қатарына ғылыми – зерттеулік, білімдік, саяси – әлеументтік миссияларды атай келе, олардың айқын азаматтық позициясы қалыптасқан, еркін ойлауға қабілетті ғалым даярлауға мүмкіндік туғызатынын айтады, сол себептен академиялық жазылымды оқыту әлеументтік практика ретінде қарастырылып, оның ғылыми -теоретикалық негізін қалау керектігін тілге тиек етіп, пәннің негізі классикалық риторикадан бастау алатынын ескертеді.(Короткина, 2018:84).

Короткинаның пікірінше “Жазу – бұл ең күрделі және баяу дамып келе жатқан құзыреттіліктер жиынтығы, сондықтан риторика мен композицияның әр бөлімі тиісті құзыреттерді тиімді және біртіндеп дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілдерді, әдістер мен технологияларды қолдануды қарастырады. Өз бетінше зерттеу мәтінін қалай жазуға болатындығын білу үшін өз идеялары мен гипотезаларын алға тарту және дәлелдеу, қажетті ақпаратты іздеу және таңдау әдістерін меңгеру қажетті металлингвистикалық (тілден тыс) құзыреттіліктер, ғылыми дәлелдеу әдістері, мәтіннің аралық нұсқаларын талқылау (зерттеу нәтижелері) және басқа коммуникативті құзыреттіліктер; және осы нәтижелерді мақсатты түрде, сенімді, логикалық ретке келтірілген мәтіндік-дискурстық құзыреттілік түрінде ұсыну деген сипаттама береді. Олай дейтініміз автордың пікірінше академиялық жазылымды меңгеру барысында белсенді құзыреттіліктердің үш түрі дамиды және жазылымға үйретудің дидактикалық бағыттары мәтінмен жұмыс барысындағы жеке тұлғаның мотивациясының өсуіне ,аргументация әдістерін қолдана отырып сыни пікірлерді қабылдау, өз ойын жеткізу сияқты құзіреттіліктер қалыптастырады. Квитсиния М. «Акадаемиялық жазылымда жоғары оқу орындарында оқыту ғылыми ойлау қабілетінің артуына, ғылымдар жүйесінде зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді»- деп пікір білдіреді.

И.Б. Короткина академиялық жазылымды барлық қырынан зерттеген десе де болады, өзінің «Текст как вклад в научную дискуссию: что такое фокус» атты жұмысында батыстың академиялық тәжірибесінде «назар аудару» немесе «фокус» деп аталып жүрген академиялық жазылымның негізгі конструкторларының бірінің сипаттамасын береді. Автор тезис құрастыру және оның ғылыми мәтіндегі алатын орнына үлкен мән беріп, тұжырымның айналасындағы логикалық байланысты сипаттайды. Зерттеу барысында маңызды орын алып, ғылыми талқылауға өз үлесін қосатын ғылыми мәтінді автор интеллектуалды іс-әрекет ретінде қарастыра отырып, ресейлік студенттер мен мамандардың шетелдік университеттер мен ғылыми журналдардың мәтіндерге қойылатын талаптары туралы қате түсініктің қалыптасуына байланысты туындаған проблемалар ауқымын және оларды шешу жолдарын ұсынады. Қолданылған мысалдар әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық пәндерден алынған, бірақ ұсыныстар дисциплиналық тәсілге негізделген. Автордың ойынша академиялық мәтінмен жұмыс барысында зейін қою немесе фокустың орны ерекше, олай болатын себебі біздің мақсатымыз бүкіл мәтінді бір идеяға бағыттауымыз керек, тақырыптың негізгі идеясын, мақсат-міндеті нақ айқындалып, тек осы бағытта жұмыс жүргізілуі қажет. (Короткина, 2018:97). Қазіргі

таңда академиялық жазылым нақ бір жүйеге енгізілмегеннен мәтінмен жұмыс барысында ізденуші көптеген қиындықтарға кезігеді, академиялық жазылымның нақты бағыт-бағдары болмайынша бұл мәселе шешімін таппайды.

Академиялық жазылым мәселелерін өзінің зерттеулеріне арқау еткен тағы бір Ресей ғалымы И.Н. Минеева «Академиялық жазылымның теориясы және практикасы»- атты мақаласында академиялық эссе жазудың теориясына тоқталып, эссе жазудың тарихына көз жүгіртеді. Автордың пікірінше эссе жанры 1580 -ші жылдардан бастау алады. Ол, француз ойшылы М.Монтальдың «Тәжірибелер» атты шығармасында алғаш рет «Мен өзім»- атты феноменді ұсынып, өзінің ойлау процесін, қарқынды талдау және толғаныстар түрін жазумен береді. Минеева эссе сөзінің орыс тілді басылымдарда алғашында «тәжірибе», «сілтеме», «зерттеу» деп аударылғанын, араға жүз жылдай уақыт сала ағылшын философы Ф.Бекон осы жанрды «эссе» деп атағанын айта келе, сөвет өкіметі дәуірінде эссе жанр ретінде мойындалмай, тек публисцистика өркендегенімен, араға уақыт сала, эссе XXI ші ғасыр жанры деген айдарға ие болып, толыққанды зерттеле басталып, білім беру жүйесінен нығыз орын алғанын айтады. (Минаева,2015:32). Автордың пікірінше академиялық деген сөздің өзі шет елден еніп, оның құрылымына, жазылуына, жоспарлануына қойылатын талаптардың өзі сол шет елдегі эсселерді басшылыққа ала отырып құрастырылғанын ескертеді. Автор эсселердің түрлерін академиялық және академиялық емес, мазмұнына қарай көркем әдеби, ғылыми, публисцистикалық, философиялық, лингвистикалық, формасына қарай рецензия, хат, сипаттау, хабарлау, талқылау ретінде жіктейді. Ал шет елдік гуманитария мектептері эсселерге басқа сипаттар береді: пікір білдіру, зерттеу, аргументация, салыстыру, саралау эсселері.

Академиялық жазылымды оқытудың қиындық тудыратын мәселелеріне тоқталып, оларды шешу жолдарын ұсынған Ресей зерттеушісі Л.А. Милованова өзінің «Академическое письмо как компонент профессиональной подготовки бакалавров педагогического образования» -атты мақаласында академиялық жазылымды үйретуде студенттерге қиындық тудыратын бірден бір мәселе-ол көп уақыттан бері үстемдік алып келген педагогтардың басты мақсаттарының бірі болып саналатын коммуникативті дағдыларды қалыптастыру болғандықтан, жазылым нормаларына жете көңіл бөлінбейді, студенттер өз ойларын жазба түрде қысқа және мағыналы түрде беруге дағдыланбаған немесе ойларын логикалық тұрғыдан дұрыс жеткізе алмайды деген пікір білдіре келе, бұл автор да, академиялық жазылым дағдыларын қалыптастырудағы эссенің алатын орнын, эссенің жазылу талаптарын, жолдарын сипаттайды. Автордың пікірінше академиялық жазылымды үйретудің мазмұнына төмендегідей дағдылар мен біліктіліктер енгізілуі керек, олар: академиялық мәтіннің жүйелік ұйымдастырылуы, академиялық мәтіннің тілдік ерекшеліктері, академиялық мәтінді жазу дағдыларын дамытатын әдістәсілдер мен жаттығулар жүйесі, аутентикалық академиялық мәтіндер мен эсселер жинақталған оқу материалы.

Келесі Ресей педагогы О.Н. Крутикова өзінің «Академическое письмо» в условиях «академического капитализма» атты мақаласында академиялық жазылымды кәсіпкерлік тұрғыдан қарастырады. Автордың пікірінше жоғары профессионалды білім беруді заман талабына сай етіп икемдеудің заманауи кезеңі білім мен ғылымның жаңа формаларының қолданысқа енуіне жағдай тудыруы керек дей келе, академиялық құндылықтар ретінде пәнаралық байланыстың сапалы болып, білім индустриясында сұранысқа ие болуын академиялық құндылықтардың алғышарты ретінде атап өтеді.

Академиялық еркіндік автордың пікірінше, тек университет аясындағы өзіндік ғылыми және білімдік орта құру ғана емес, сонымен қоса академиялық қоғамдастықтың сыртқы ортаның ресурстарымен жұмыс істей алу қабілеті және осы арқылы қаржыландыру көздерін табуы деп атап кетеді. Оқу орнының беретін білімінің қоғамда сұранысқа ие болуы ғылыми және білім берудегі бағыттардың заман талабына сай болуына байланысты болғандықтан оқу орындары бірте – бірте мамандыққа бағытталған пәндерді енгізу арқылы нарық сұранысына ие болуға тырысуда. Қазіргі таңда студенттердің де білімге деген көзқарасы өзгеріс тауып, білім-тауар деген пікір қалыптасуда, және интеллектуалды кәсіпкерлік феномені дамып, зерттеу жұмыстарында креативті ойлау сияқты құндылықтар синтезделіп, студенттердің жоғары білімге деген селқос көзқарасы қалыптаса бастады. Сонымен қоса, көптеген оқу орындары жүйелерін нарыққа ыңғайлап, қарқынды түрде

өзгертуде, сол себептен, жоғары оқу орындары кей жағдайда білімнің мазмұнына, студент жастардың мәдени жағынан және кәсіптік деңгейде дамуына селқос қарайтын кездері болады, дегенмен университеттердің ерекшелігі академиялық стиль болып табылатынын естен шығармау керек, ол дегеніміз академиялық тіл, оқытушылар мен студенттердің жазу мәдениеті, оқымыстылар және студенттер арасындағы ғылыми коммуникация. (Крутикова,2019:49).

Автор оқу орындарының жоғарыда аталып өткен мәселелерін сипаттай келе, академиялық жазылымның студентке бағытталған мазмұнын төмендегідей сипаттайды: академиялық жазылым сыни ойлау дағдыларын дамытудың құралы бола алады, жалпы гуманитарлық дайындық пен тілдік және оқу мәдениетін дамытады, университеттің академиялық ортасына ену арқылы профессионалдық өсу, өз бетінше білім алу, жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Дамыған акедемиялық ортасыз академиялық жазылым өзінің әлеуетін жоғалтады, зерттеу әдістеріне бағытталған академиялық мәдениет, зияткерлік еркіндік, әлеументтік жауапкершілік сияқты құндылықтар нарық талаптарына икемделе жасалып жатқандықтан зерттеу жұмыстарындағы творчествалық ізденіс жүйесіздіктен, фрагментарлықпен сыртқы ортаның сұранысының төмендігінен құлдырау үстінде.

Академиялық жазылым Қазақстан білім кеңістігіне жаңадан еніп жатқан түсінік болғандықтан, елімізде осы мәселемен айналысып жүрген ғалымдар саны шектеулі десек те болады, алайда елімізде академиялық жазылымның негізін қалаушылардың бірі Е.Т. Оспановтың жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралында академиялық жазылым мәселелерінің практикалық және теориялық негіздері қарастырылған.

Автордың оқу құралында жазылым және оқылым әрекеттері, тақырып таңдау, ақпарат іздеу, сыни ойлау, плагиаттан сақтану жолдары, зерттеу әдістері, мәліметтерге талдау жасау, кіріспе, негізгі және қортынды бөлімді жазу сияқты академиялық жазылымның өзекті мәселелері қарастырылған, сонымен қоса автор ғылымның өркениеттің дамуында алатын орны, оның маңызы жәйлі ақпарат берген. Автор академиялық жазылымның мақсаты ретінде ғылыми тұрғыда жазылым әрекетіне дағдылану, жалпы академиялық жазылым талаптарына сәйкес студенттердің стиль бағытындағы жазылым деңгейін көтеруді ескерте келе, ғылыми стильдің нақтылық, объективтілік, қисындылық сияқты ерекшеліктеріне тоқталады және академиялық жазылымды меңгеруде маңызды орын алатын лексикалық бірліктерді орынды қолдана білу, мәтін жүйесінің логикалық мәнін келтіру, ғылыми стилдің талаптарын сақтау сияқты дағдыларды атайды.(Оспанов, 2020:87). Сонымен қоса автор академиялық жазылымның негізгі талаптарының қатарына зерттеу тақырыбының, сұрағының болуы, плагиат ережелерін сақтау, ғылыми мәліметтерді қолдану, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдердің, түйіндеменің болуы сияқты талаптарды қосады.

Отандық ғалымдар Динаева Б.Б., Сапина С.М. «Академиялык сауаттылыктың теориялық жене практикалық негіздері» атты оқу құралында академиялық сауаттылықтың теориялық жене практикалық меселелеріне терең зерттеулер жүргізіп, сипаттама береді. Қазақ тілінде академиялық мәтін құрастыру жолдары, ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу кезеңдері, академиялық мәтіннің басты жанрлары, эссе, аннотация, пікір, түйін, рецензия, курстық жұмыс, магистрлік жұмыс, докторлық диссертация жазу жолдары сипатталып, мысалдар келтіреді, сонымен қоса оқу құралына академиялық жазылым туралы берілген теориялық ақпараттар бойынша тест сұрақтары және бақылау сұрақтары енгізілген.

Авторлар оқу құралында ғылымның қоғамдағы рөлі, ғылыми мәтіндер, ғылыми зерттеулер әдістемесі мәселелерін терең зерттей келе, зерттеу жұмысын жүргізу барысындағы ізденуші кездестіретін зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігін анықтау, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, жоспарын құру, жұмыстың материалын жинақтау сияқты мәселелердің шешімін ұсынады.

Ғылыми мақала, ғылыми мақаланың құрылымы, абстракттың жазылу жолдары, сипаттамалы абстрактілер, ақпараттық абстрактілердің жазылу жолдары сипатталып, тірек сөздердің қолданылу мақсаттары, олардың жиынтығын дұрыс құру жолдары түсіндіріліп, тезистің түрлері аталып, ғылыми жұмыстардың тезистерін жіктеу жолдары айқындалып, оларды ресімдеу, жасау алгоритмі, жазуға қойылатын талаптар анықталады. (Динаева, Сапина, 2016: 98).

Қазақстандағы академиялық жазудың тарихына көз жүгіртсек Р.Сыздықованың «Қазақ әдеби тіл білімінің тарихы» атты еңбегінде

академиялық жазылым қазақ жазба әдебиетінің ұлттық кезеңіне дейінгі жартылай ғылыми әдебиет стиль және ресми іс қағаздар және эпистолярлық (хат-хабарлар) стильдерден бастау алатынын көреміз. Ғалым жартылай ғылыми стильдің қатарына діни әдебиеттер мен жазба шежірелерді қоса келе, іс қағаздар стиліне эпистолярлық стильдегі хаттар мен біреуге арналып жіберілген жазбаларды, кеңсе қағаздары мен өкімет тарапынан берілген бұйрықтарды жатқызады. (Сыздықова, 1993: 154).

Р.Сыздықованың пікірінше, қазақ тіліндегі стильдік тарамдалуының басы XIX ғасырдың екінші жартысында мерзімді баспасөз пайда болу кезеңіне тура келіп, өткен ғасырда недәуір етек жайып, қазырғы заманда қарқынды даму үстінде. Автордың пікірінше XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтың хан, сұлтан, старшындарының орыс империясының әкімшілігіне жазысқан түрлі мағынадағы хаттары мен қағаздарының тілі орын алды, және автор оларды сол кездегі көркем әдебиеттен бөліп қарастыруды ұсынады, себебі олар тілі және стилі жағынан ерекшеленеді. Сонымен қоса автор сол кездегі ресми жазулардың орта ғасырлық түркі тілінде қалыптасқан стилі болғанын және олардың орфографиясында, грамматикалық тәсілдеріне тән, лексика-фразеологиялық ерекшеліктері сол ғасырдағы әлеументтік, қоғамдық, экономикалық ұстанымдарға байланысты құрастырылды.

Автор өзінің еңбегінде қазақ даласында ғылыми стильдің даму тарихынын да хабардар ете келе XIX ғасырдың екінші жартысында ғылым салаларынан мәлімет беретін, ғылыми ақпаратты қазақ тілінде насихаттап, баяндап, сипаттайтын жанрдың пайда болғанын айтады. Автор тұжырымына дәлел ретінде Н.И. Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деп аталатын кітаптың ақырғы беттеріндегі қазақ тілінде жазылған тілдік үлгілерді көрсетеді, сонымен қоса, ғылыми стильде жазылған мәтіндер табиғаттану, тарих пәндерінен ақпарат беріп, мерзімді баспалардан қысқаша мәтіндер түрінде көрініс тапқанын және ғылыми әдебиеттің алдында көпшілікке ғылым-білімнің әр саласынан хабар беріп, сол кездегі халықтың білім дәрежесімен, сауаттылығымен санаса отырып жеңіл, жалпақ тілмен жеткізу болғандығын тілге тиек етеді. Автордың пайымдауынша сол кездегі ғылыми-көпшілік әдебиеттің осы мақсаты оның стиліне, тіліне әсер етті, себебі, ғылыми әдебиетте баяндау мен түсіндіру сипаты басым болды, және баяндау мен түсіндіру сол кездегі ғылыми әдебиеттің стильдік ерекшелігі болды.Сонымен қоса, автор ғылыми стильдің қалыптасу жолдарына мысалдар келтіре отырып, қазіргі таңдағы ғылыми әдебиет сияқты әр ғылым саласына арналып саралынып, орнықпаса да, ғылыми –техникалық терминдер қолданысқа ене бастағанын, термин жасау принциптері мен жолдары анықталмаса да, ғылыми терминологияның алғашқы нысандары көріне бастағанынан және лингвитикалық мақсаттан гөрі ағартушылық мақсаты басым болғанынан хабар береді. (Сыздықова, 1993: 159).

Қазіргі ақпараттық технологиялардың өркендеген дәуірінде ғаламтордың білім беру жүйесіне тигізетін пайдасының мол екенін, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында web ресурстарының мүмкіндіктерін пайдалану уақытты үнемдеп қана қоймай, зерттеу жұмыстарын неғұрлым оңайландыратынын есте сақтай отырып, осы бағытта зерттеулер жүргізіп, білім берудің мақсаттары мен формаларын жақын болашақтағы әлеуметтік-экономикалық ортаға тигізетін ықпалына қарай қайта қарастыруды қажет етеді (Brian Street, 2015:98).

Осы орайда Ресей ғалымы И.Н.Розина озінің «Цифровая грамотность в курсе Академическое письмо» атты жұмысында академиялық жазылымды үйретудің мақсат міндеттері ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы шешілетінін алға тартады. Олардың қатарына көп функционалды мәтіндік процессорлар, мәтінді тексеретін желілік сервистер, менталды карталар мен рецензия жасау формаларының желілік сервистері кіретінін көрсетеді. Кәсіптік терминологиямен жұмысты дұрыс жүргізуге мүмкіндік беретін электронды лексикографиялық қызметтер, ғылыми мақаланы тексеруге арналған антиплагиат жүйелеріне сараптама жасап қарастырады.

Қазіргі таңда мәтін жазу үшін қолжазба қолданатындардың саны өте шектеулі, себебі, мәтіндік редакторлар кез келген мәтінді тексерудің жолдарын жеңілдетіп, мәтінді сақтап, өзгертіп, редакциялаға мүмкіндік береді, сонымен қоса, желінің шексіз мүмкіндіктері зерттеушінің сандық технологиялардан біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Орфографиялық қателерді түзететін мәтіндік редакторларды қолданып, электронды кітапханалар мен анықтамаларға шолу жасап, орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді

тексеретін қызметтерді пайдалану арқылы академиялық мәтіннің сапасын арттыруға болады, мысалы: Орфограмма, Яндекс Спеллер, Орфограф, Реформатор, Грамота.Ру сайттарын осы мақсаттарда қолдануға болады. Мәтіндік процессорларда қолжазбаларды редакциялау кезінде рецензиялау, ескертпелер мен түзетулердің енгізілуі, олардың жазылуы сияқты функцияларын қолдануға болады (Розина, 2019:15).

Академиялық оқылымның терминологиялық негіздерін үйрету барысында мәтінді когнитивті түрде талдап, саралау қабілеттерін дамыта отырып, ғылыми мәтіннің негізгі құрамдас бөліктерін ажырату, фактілер мен автордың пікіріне аргументтер келтіру сияқты жұмыстар атқарылатындықтан сараптама жасалып отырған мәтінді терең түсініп, дұрыс интерпретация жасау мақсатында желідегі кейбір ақысыз бағдарламалар қолданылады, олардың қатарына MindMeister, MindMup, Mind42; FreeMind, XMind бағдарламаларын жатқызуға болады. Аталған бағдарламалар ізденушіге өз ойын дұрыс, толық жеткізуге мүмкіндік беретін менталды және интеллектуалды карта құрастыруға мүмкіндік береді. И.Н. Розина өзінің жұмысында лексикалық дерек көздерін қолданудың маңыздылығын ескерте келе, Multitran.ru, Грамота.ру, Academic.ru электронды сөздіктерге сипаттама беріп, олармен жұмыс түрлерін сипаттайды.

Академиялық алаяқтықты электронды түрде анықтау жоларының бірі антиплагиат бағдарламаларын қолдану болып табылады. Академиялық мәтін құрастыру барысында ізденуші тарпынан жиі кездесетін қателіктердің бірі басқа автордың жұмысын көшіру болып табылады, студенттер дерек көздермен жұмыс жасау жолдарын толық меңгермегендіктен, жұмыстың мазмұнымен толық таныс болмағандықтан немесе оны түсінбегендіктен басқа автордың жұмысын көшіріп алатын жағдайлар жиі кездеседі. (Beavis. C., 2001:141).

Осы мәселені болдырмаудың бірден бір жолы-электронды антиплагиат бағдарламаларын қолдану болып табылады. Антиплагиат.ру, Антиплагиат. вуз, Text.ru, ағылшын тіліндегі Plagiarism.org, Glatt Plagiarism Screening Program, MOSS, AdvegoPlagiatus, Истио, Плагиата НЕТ, Детектор плагиата бағдарламаларына И.Н. Розинаның жұмысында шолу жасалады.

Академиялық мәтіннің метадеректерін автоматты түрде аудару, шет тілінде аннотация жазу, мәтінді рәсімдеу кезінде қолданылатын Google Переводчик, Яндекс.Переводчик, Bing, Microsoft Translator, PROMT (Translate.Ru), Lingvo Live, ABBYY сияқты желідегі электронды аудармашылармен жұмыс жасаудың жолдарын меңгеріп, оларды сауатты қолдану ізденушінің жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

И.Н. Розина мәтіннің сілтеме көздерімен жұмыс барысында қолданылатын библиографиялық менеджерлерге шолу жасай келе, ең алдымен электронды кітапхана жүйелері КиберЛенинка, ақпараттық портал eLibrary, ЭБС Лань, РУКОНТ, IPR-books, Юрайт, Mendeley, Academia.edu и ResearchGate, Zotero, EndNote Online, BibTex, RefWorks, Biblioscape сайттары бойынша дереккөздерді табуға арналған кеңестер береді.

Модельдеу мәселесіне келер болсақ, Ресей зерттеушісі М.Ф. Панкина «Моделирование как метод познания в лингвистике» атты мақаласында когнитивті лингвитикадағы жалпы тілдік бірліктерді модельдеудің маңызы, модель жасау жолдары жайлы сипаттама жасайды және олардың тілдік бірліктердің семантикасын ұйымдастыруда, динамикалық процестердің, дискурстың құрылымын анықтауда қолданылуы зерттеледі. Автор тілдік модельдерге түріне, категориясына, кластарына қарай классификация жасап, мақсатына қарай ғылыми танылымда қолдану, білімде қолдану, жүйелер жасауда қолдану және жүйелерді басқару барысында қолданатын модельдер, уақытқа байланысты структуралық модельдер, динамикалық, функционалдық деп бөле отырып, тілдік моделдерді схемалық модельдер, метафорикалық модельдер, метономиялық модельдерге жіктеп, оларға сипаттама береді, бірақ аталған модельдеу жалпы тіл біліміне қатысты болғандықтан, академиялық оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру жолдары автордың жұмысында қарастырылмаған.

Академиялық дискурстың ажырамас бөліктерінің бірі – эссе жазу жолдарының дағдыларын үйрену, авторға ойды нақты және сауатты тұжырымдауды, ақпаратты құрылымдауды, негізгі ұғымдарды қолдануды, себеп-салдарлық қатынастарды бөлуді, тәжірибені тиісті мысалдармен суреттеуді және өз тұжырымдарын дәлелдеуді үйренуге мүмкіндік беретіндіктен (Snyder I., 2002:173), бірқатар Ресей педагогтары академиялық жазылым бойынша эссенің конструкторларын ұсынып, эссе түрлеріне шаблондар жасап көпшілікке ұсынған. Эссе конструкторының құрамында эссе жазу бойын-

ша кеңестер берілген, проблемаға өз көз қарасын білдіру, қарама қарсы пікір білдіру кезінде қолданатын тілдік бірліктер кесте ретінде беріледі және қысқа сөз тіркестері, білім, жұмыс және карьера, бос уақыт, адамның сырт пішіні тағы да басқа тақырыптарға эссе жазу барысында қолданылатын шаблондар, белсенді лексика, қанатты сөздер беріледі, дегенмен дайындалған шаблондар ағылшын және орыс тілдерінде эссе жазуға арналғандықтан қазақ тілінде эссе жазуға арналған шаблондар жоқтың қасы.

Академиялық жазылымның мәселелерін электрондық тұрғыдан қарастырып, өзінің зерттеулеріне арқау еткен Ресей зерттеушісі Ю.Е. Буттың «Академическое письмо для историков» атты жұмысында автор ізденушінің сандық технологияларды меңгерудегі сауаттылық деңгейінің талаптарына тоқтала отырып, электронды кітапханалар, желілік қызметтердің интеллект карталары, байланыс диаграммалары, мәтіндік редакторлар, түрлерін сипаттай отырып British National Corpus, Oxford English Corpus, Corpus of Contemporary American English (COCA), Corpus of Historical American English (COHA) сияқты ағылшын және орыс тілдеріндегі тілдік корпустарды қолданудың тиімділігі айтылады.(Бут,2019:4).

Нәтижелер мен талқылаулар

Жоғарыда сипатталған жалпы білім берудегі элктронды ресурстарды қолдану жолдары, ғаламтордағы желілердің мүмкіндіктерін пайдаланудың жолдарының сипатталуы көбінесе Ресей ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқан, ал Қазақстандағы тіл білімін оқытудағы электронды контентті қолдану туралы сөз қозғайтын болсақ, ең алдымен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты даярлаған Қазақ тілінің ұлттық корпусына тоқтала кетуді жөн көрдік.

Корпустың мәтіндік базасы отыз миллион сөзқолданысты құрайды және мәтіндер көркем стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, қағаз стиль және сөйлеу стилінен тұрады, сонымен қоса көркем әдебиет стилінде жазылған мәтіндер қазақ жазушыларының шығармаларынан құрастырылып, проза және поэзия жанрларына бөлініп, жеке суб корпус құрайды

Корпустан керекті сөзді іздеу барысында көптеген электронды бағдарламалар қызмет атқарады: қажетті сөздер мен сөйлемдер тобын ұсыну немесе конкорданс, лемматизация немесе сөздің формасын түбір, қосымшаға бөлу, лингвистикалық морфологиялық, сөзжасамдық, лексикалық, фонетикалық, семантикалық белгіленімдер енгізуге арналған бағдарламалар қамтылған.

«Сандық білім беру» термині білім берудің әдіс-тәсілдері, бағыт – бағдарына жаңа ақпараттық және коммуникациялық медианың қосылуын білдіру үшін қолданылатын соңғы сипаттама термин ретінде көпшілікке таныс (Goodfellow R., 2011:131). Қазіргі ақпараттық технологиялардың өркендеген дәуірінде ғылыми стильде жазылған құжаттар толтыру барысында ізденуші ең алдымен интертеттің көздеріне жүгінетіні бәрімізге белгілі, сол кезде түйіндеме болсын, рецензия, реферат болсын немесе басқа да ресми құжаттардың жазылу жолдары жалпы көрсетілгенімен, қазақ тілінде олардың жазылуына сатылай берілген ақыл-кеңес, модель, шаблондар жоқтың қасы.

Егер де академиялық жазылымның барлық түрлері шаблондалып, модельденіп, интернет сайттарында көрініс тауып, youtube каналынан жазылу үлгісін үйрететін сабақтар қамтылған бағдарламалар жүктелсе, академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыратын дайын құрылымдарға салынған конструкторлар көпшілікке ұсынылса, қазақ тілінде ізденіс жүргізетін тұлғаларға өте тиімді болар еді.

Жас ғалымдарға ғылымды теориялық тұрғыдан үйрету жеткіліксіз, оларға ғылымды меңгерудегі дағдыларды дамытуға көмектесу керек (Barrass R, 2012:4). Егер де жоғары да аталған іс-шаралар іске асатын болса6 мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушылар желіде ұсынылған бағдарламалар модельдер, шаблондар мен конструкторлар арқылы өздерінің ғылыми стильде жазу дағдыларын қалыптастырып, ғылыми сауаттылықтарын арттырар еді, мәселенің ғылымға тигізетін пайдасы жәйінда сөз қозғасақ, ғылыммен айналысып жүрген бакалавр және магистрлік бөлім студенттерінің ізденістерін жеңілдетіп, олардың зерттеу объектілеріне көбірек көңіл бөлулеріне мүмкінді берер еді.

Студенттер мен магистранттар веб-негізделген технологияларға еніп кеткені сонша, олар академиялық оқу және эссе жазу сияқты дәстүрлі оқу тәжірибесімен айналысуда қиындықтарға тап болады деген алаңдаушылық жиі көтеріледі. Сонымен қатар, веб-негізделген оқу ортасын, әлеуметтік желілердің әлеуетін, цифрлық және мобильді технологиялардың мүмкіндіктерін

орнымен пайдалана білсе, академиялық сауаттылықтың артуына жағдай жасалар еді (Lea M.R., Jones S, 2010:377).

Академиялық жазылым түрлерін модельдеу, желілік конструкторлар жасау, тілдік шаблондар жасау, тегін сайттар мен желідегі каналдар тек білім-ғылымға ғана емес, сонымен қоса, қоғамға да пайдалы болмақ, нақтырақ айтсақ ғылыммен айналыспайтын тұлғалардың да ара – тұра ғылыми стильде құжат толтыратын кездері болады, сол кезде олар әрине, ең алдымен интернет көздеріне жүгінеді, егер интернет желісінде академиялық жазылымға байланысты барлық ақпараттың моделі ашық қолданыста тұрса, еңбек адамдары уақыттарын үнемдеп, қажетті құжаттарын дұрыс толтыруға мүмкіндік ала алатын еді.

Қорытынды

Мақаланың негізгі мақсаты алыс жақын шет елдердегі академиялық жазылым мәселесімен айналысқан барлық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай келе, оның теориясы мен практикасының оқытылу әдіс-тәсілдерімен таныса отырып, оның негізінде қазақ тіліндегі академиялық жазылымның электронды контентін құрастырудың оңтайлы тәсілдерін қарастыра келіп, электронды форматқа енгізу. Білім мен ғылымның басты мақсаты қоғамға пайда келтіру, елінің мәдени, экономикалық, әлеументтік дамуына үлес қосу болғандықтан, қорыта айтқанда академиялық жазылым түрлерін модельдеп, шаблондарға салып, дайын шаблондарға салынған конструкторлар арқылы интернет желілерінен көпшілікке ұсыну, инстаграм, фейсбук, твиттер парқшалары арқылы сайттар ашу, You tube каналынан бейне баяндар даярлау қазақ тілінде ғылыми стильді жоғары деңгейде қолдануға, ізденушілердің жұмысын жеңілдетуге, академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруда, көпшіліктің академиялық сауаттылығын арттыруға зор үлес қосар еді.

Әдебиеттер

Barrass R. Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. – London: Routledge, 2002. – 165 p.

Beavis. C. Digital culture, digital literacies: Expanding notions of text, Pictures of English: Teachers, learners and technology. – Adelaide: Wakefield Press, 2001. – 145 p.

Бут Ю. Е. Академическое письмо для историков. – Екатеринбург: Издательский отдел УрГПУ, 2019. – 78 с.

Goodfellow R. Literacy, Literacies and the Digital in Higher Education. -Teaching in Higher Education, 2011.16(1). – 131 p.

Green B., Beavis C. Literacy in 3D: An Integrated Perspective in Theory and Practice. Camber well, Victoria: Australian Council for Educational Research (ACER); 2012. – 248p.

Динаева Б.Б. Сапина С.М. Академиялык сауаттылыктың теориялық жене практикалық негіздері. Оқу құралы. – Астана: 2016. – 74б.

Короткина И. Б. Модели обучения академическому письму : учебное пособие для вузов – М.: Издательство «Юрайт», 2018. – 219 с.

Крутикова О.Н. Академическое письмо в условия академического капитализм. – Высшее образование в России №5, 2012 – 43-47с.

Lea M.R., Jones S. Digital Literacies in Higher Education: Exploring Textual and Technological Practice. – Studies in Higher Education, 2010;36(4). – 377p.

Минаева И.Н. Академическое эссе: теория и практика жанра. – Теория, проекты,г ипотезы, Филологический класс, 2(40)/2015. – 18 с.

Оспанов Е. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2020. – 74 б.

Розина И. Н. Цифровая грамотность в курсе «Академическое письмо». – Образовательные технологии и общество, № 4, 2018. – 19 с.

Snyder I. Communication, Imagination, Critique. – Literacy Education for the Electronic age. – London: Routledge, 2002. – 173-183 p.

Street B. Academic Writing: theory and practice. – Journal of Educational Issues, 2015. – vol.1, no 2, – 110-116 p.

Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 114 б.

References

Barrass R., (2003) Uchenye dolzhny pisat'. Rukovodstvo po uluchsheniju navykov pis'ma dlja uchenyh, inzhenerov i studentov [Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students]. London: Routledge, pp.50-53.

Beavis C., (2007) Cifrovaja kul'tura, cifrovaja gramotnost': rasshirenie predstavlenij o tekste [Digital culture, digital literacies: Expanding notions of text]. P (ICT) ures of English: Teachers, learners and technology, vol.1, no. pp.145-161.

But YU. E.,(2019) Akademicheskoe pis'mo dlya istorikov [Academic writing for historians]. Yekaterinburg: Publishing Department of the Ural State Pedagogical University, P.78 (In Russian)

Goodfellow R., (2011) Cifrovaja gramotnost' v vysshem obrazovanii [Literacies and the Digital in Higher Education]. Teaching in Higher Education, vol.16, no 1. pp.131-144.

Green B., Beavis C. (2012) Gramotnost' v 3D: kompleksnaja perspektiva v teorii i praktike [Literacy in 3D: An Integrated Perspective in Theory and Practice]. Australian Council for Educational Research (ACER), vol.1, no 1, pp. 220-225.

Dinaeva B.B., Sapina S.M., (2016) Akademijalyk sauattylyktyң teorijalyқ zhene praktikalyқ negizderi [Theoretical and practical bases of academic literacy]. Astana: Kazakh Humanities and Law University, P.74 (In Kazakh)

Korotkina I. B., Modeli obucheniya akademicheskomu pis'mu : uchebnoe posobie dlya vuzov [Models of teaching academic writing: a textbook for universities]. Moscow: Yurayt Publishing House, P.219 (In Russian)

Krutikova O.N., (2012) Akademicheskoe pis'mo v usloviya akademicheskogo kapitalizm [Academic writing in terms of academic capitalism]. Higher education in Russia, no 5. pp.43-47. (In Russian)

Lea M.R., Jones S., (2011) Cifrovaja gramotnost' v vysshem obrazovanii: izuchenie tekstologicheskoj i tehnologicheskoj praktiki [Digital Literacies in Higher Education: Exploring Textual and Technological Practice]. Studies in Higher Education, vol.36, no 4, pp. 377–393.

Minaeva I.N.,(2015) Akademicheskoe jesse: teorija i praktika zhanra [Academic essay: theory and practice of the genre]. Theory, projects, hypotheses, Philological class, vol. 2 no 40. pp.8-18. (In Russian)

Ospanov E., (2020) Akademiyalyқ zhazylym negizderi [Basics of academic writing]. Almaty: Economics, P.120 (In Kazakh)

Rozina I. N., (2018) Cifrovaya gramotnost' v kurse «Akademicheskoe pis'mo» [Digital literacy in the course "Academic writing"]. Educational technology and society, P.19 (In Russian)

Snyder I., (2002) Kommunikacija, Voobrazhenie, Kritika [Communication, Imagination, Critique]. Literacy Education for the Electronic age, vol 1, no 1, pp. 173-183.

Street B.,(2015) Akademicheskoe pis'mo: teorija i praktika [Academic Writing: theory and practice]. Journal of Educational Issues, vol.1, no 2, pp 110-116.

Syzdyқova R.,(1993) Қazaқ ədebi tilinің tarihy (XV-XIX ғasyrlar) [History of the Kazakh literary language (XV-XIX centuries)]. Almaty: «Mother tongue», P.114 (In Kazakh)

IRSTI 16.21.47 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph15

M.S. Ongarbayeva*, R.M. Tayeva, A.T. Alimbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: trmeru16@mail.ru

METEOROLOGICAL METAPHORS OF "ATMOSPHERIC ELECTRICAL AND SOUND PHENOMENA" IN THE ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES

Relevance of research stems from the lack of knowledge of pecularities of the meteorological metaphor in the English and Kazakh languages as well as from the present-day trends of the linguistics development on the basis of the modern achievements of philological science and philological research approaches, general tendency of the modern scientific paradigm and its interest in language issues, culture and cognition. It's common knowledge that metaphorization is one of the essential ways of understanding, comprehension and categorization of reality and its further representation in the language and in the minds of native speakers of a particular language. In the context of globalization striving to standardize and make cultures vanish, this objective solves an issue of preserving the national identity that is in full embodied in linguistic metaphors, metaphoricity of language – "historical memory, spirit of the nation".

In the research work we classify various metaphoric images being part of terms, figurative meanings, idioms, the so-called meteo-phraseological units or lexico-phraseological metaphoric units relating to the meteorological thematic group of words as a meteorological metaphor in a very broad sense. The following methods of research were used with a view to accomplishing the thesis objectives: structural-semantic analysis, continuous sampling method, word definitions analysis method with the use of the component analysis elements, descriptive method and interpretation method, comparative method.

Meteorological metaphor in two languages has phraseo-forming characteristics: meteorological metaphors in the form of prepositional structures prevail in the English corpora while meteorological metaphors in the Kazakh language have a word-forming nature. Verbal, substantival and adjectival metaphorical structures in the English and Kazakh languages showed both similar and different metaphorical values, which confirms the universal nature of perception of the meteorological phenomena having no equivalents or insufficiently meeting the English language requirements. Such meteorological phenomena have specific metaphorical values unified with positive, negative and neutral connotative contents.

Key words: metaphor, meteorology, national identity, structure, semantics

М.С. Оңғарбаева*, Р.М. Таева, А.Т. Алимбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: trmeru16@mail.ru

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі "атмосфералық-электрлік және дыбыстық құбылыстар" метеорологиялық метафоралары

Зерттеудің өзектілігі ағылшын және қазақ тілдеріндегі метеорологиялық метафораның ерекшеліктерін жеткіліксіз зерттелмегендігімен, сондай-ақ тіл білімі ғылымының заманауи жетістіктері мен филологиялық зерттеу тәсілдерінің негізінде филологиянын қазіргі заманғы үрдістерімен дамуы, қазіргі ғылыми парадигманың жалпы бағыты және оның тіл, мәдениет және ойлау арасындағы өзара әрекеттесу проблемаларына қызығушылығымен байланысты. жаһандану жағдайында мәдениеттерді стандарттау мен таратуға ұмтылатын, ұлттық бірегейлікті сақтау проблемасын шешетін, тілдік метафораларда барынша толық көрініс табатын, тілдің метафоралылығы – "тарихи жады, халық рухы" болып табылатын аса маңызды тарихи-мәдени және саяси іс-шаралардың біріне жатады.

Ғылыми-зерттеу жұмысында біз метеорологиялық метафораға кең мағынада терминдердің құрамындағы әртүрлі метафоралық бейнелерді, бейнелі мағыналарды, идиомаларды, метеофразеологизмдерді немесе сөздердің метеорологиялық тақырыптық тобына жататын лексикалық-фразеологиялық метафоралық бірліктерді жатқызамыз. Метафораның жалпы адамзаттық табиғатын түсіну өте маңызды, өйткені "метафоралық категория мен метафоралану ең жалпы және іргелі ұғымдардың біріне жатады және әлемнің барлық тілдерінде кездеседі". Бір сөзбен айтқанда, метафора күнделікті өмірдің көрінісі ғана емес, сонымен бірге оның жаратылысына да қатысады.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Мақалада қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: құрылымдық-семантикалық, жаппай іріктеу әдісі, компоненттік талдау элементтерін қолдана отырып сөздік анықтамаларды талдау әдісі, сипаттамалық әдіс және түсіндіру әдісі, салыстырмалы-салғастыру әдісі.

Метеорологиялық метафора екі тілде фразеологиялық сипаттамаларға ие: ағылшын корпустарында көмекші сөздерден тұратын құрылымдар түріндегі метеорологиялық метафоралар басым, ал қазақ тілінде метеорологиялық метафоралар сөзжасамдық сипатқа ие. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістік, субстантивтік және адъективті метафоралық құрылымдар ұқсас. Сондай-ақ әртүрлі метафоралық мағыналарды көрсетті. Бұл өз кезегінде оң, теріс және бейтарап коннотативті толықтырулармен біріктірілген.

Түйін сөздер: метафора, метеорология, ұлттық бейне, құрылым, семантика.

М.С. Онгарбаева*, Р.М. Таева, А.Т. Алимбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: trmeru16@mail.ru

Метеорологические метафоры “Атмосферно-электрических и звуковых явлений” в английском и казахском языках

Актуальность исследования обусловлена недостаточной изученностью особенностей метеорологической метафоры в английском и казахском языках, а также современными тенденциями развития языкознания на базе современных достижений филологической науки и приемов филологических исследований. Известно, что метафоризация представляет собой один из важнейших способов понимания, осмысления и категоризации действительности и его дальнейшей репрезентации в языке, в сознании его носителей. Иными словами, метафора не только является отражением повседневной жизни, но и участвует в ее творении, в условиях глобализации, стремящейся к стандартизации и растворению культур, решает проблему сохранения национальной идентичности, наиболее полно находящее воплощение в языковых метафорах, метафоричность языка – “историческая память, дух народа”.

В метеорологической метафоре мы относим, в самом широком смысле, различные метафорические образы в составе терминов, переносные значения, идиомы, так называемые метеофразеологизмы или же лексико-фразеологические метафорические единицы, относящиеся к метеорологической тематической группе слов. Для решения поставленных задач в диссертации были применены следующие **методы исследования:** структурно-семантический анализ, метод сплошной выборки, метод анализа словарных дефиниций, компонентный анализ, описательный метод и метод интерпретации, сравнительно-сопоставительный метод.

Метеорологическая метафора в двух языках обладает фразеообразующими характеристиками: в английских корпусах преобладают метеорологические метафоры в виде предложных конструкций, а в казахском языке метеорологические метафоры носят словообразовательный характер. Глагольные, субстантивные и адъективные метафорические конструкции в английском и казахском языках продемонстрировали как схожие, так и различные метафорические значения, что подтверждает универсальность восприятия метеорологических явлений, не находящих эквивалентов или в неполной мере удовлетворяющих английскому языку, которые, в свою очередь, имеют специфические метафорические значения, объединенные положительными, отрицательными и нейтральными коннотативными наполнениями.

Ключевые слова: метафора, метеорология, национальный код, структура, семантика.

Introduction

The national values of all the peoples around the world were formed during a long historical development, which, while evolving they cover the main basic concepts for existence of nation: language, thinking, national identity, etc.

Throughout the history for development of the language, the metaphorical picture of the world changes, new meteometaphors, associations, comparisons for the same meteorological phenomenon appear. The meteorological metaphor reflects the linguistic picture of individuals through development of objects and natural phenomena of the surrounding world.

The metaphor especially vividly conveys the originality and uniqueness of culture, life of people, in which the new images, associations, comparisons for the same meteorological phenomenon are traced, therefore, the identification and analysis of meteorological metaphors seems relevant and necessary for disclosure of linguocultural features, the national character of the people.

Жоғарыда қарастырылған *жемқор, қылмыскер* имплицитті сөздерінің мазмұнында тікелей айтылмаған заңсыз әрекеттер дерегі контекстен анықталуы мүмкін. Мысалы, «Х пара алды» эксплицитті фразасы шындыққа сәйкестігін тексеруге келетін деректі мәліметті қамтиды;

2) фраза құрамындағы лексикалық бірлік семантикасындағы деректілік немесе дерексіздік мәндер сипаты да ескерілуі керек. Мұндағы дерексіздік мәні Х-тің бойына тән материалды емес жеке қасиеттері туралы мәліметтер тұрғысынан түсіндіріледі, мысалы, *надан* немесе *ақылсыз, құрметсіз, суайт т.б.*. Тұлғаның жеке басына, бойына тән бұл сияқты қасиеттердің, әдетте, қоғамда қалыптасқан біркелкі шектеулі, нақты өлшемдері болмайды, сондықтан түрлі субъектілердің бұл ұғымдар туралы түсініктері де біркелкі емес. Және бастысы, тұлғаның жоғарыда көрсетілгендей жеке қасиеттеріне байланысты жағымсыз мәлімдеме тек автордың субъективті пікірі я бағасы ретінде қарастырылады: *«В отличие от утверждений о фактах, субъективные суждения отражают не реальный мир, а состояние сознания говорящего или персонажа»* (Доронина, 2012: 67). Сөйтіп, адам бойындағы жағымсыз қасиеттері туралы фразалар дерекке негізделіп айтылған пікір немесе баға қамтылған мәлімдеме болса да, өз семантикасында қоғамдық мораль қағидаларын я заңды бұзғаны туралы деректі білдірмейді. Фраза құрамындағы деректілік Х-тің жасаған нақты жағымсыз әрекеті туралы мәліметтер тұрғысынан түсіндіріледі.

1-сызба – Дерек туралы мәлімдеменің семантикалық белгілері

1. Баға	**Х – жемқор Имплицитті**	2. Дерек туралы мәлімдеме Шындыққа сәйкестігі тексеріле алмайтын мәлімет
	Х пара алды Эксплицитті	Дерек туралы мәлімдеме Шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәлімет

Юрислингвистикада «хабар-ошар, мағлұмат, факт, дерек, шынайы жағдай» деген түсініктеріне сәйкес қарастырылатын дерек туралы мәлімдеме оқиғаның нақты болғанын растайды және олар басым жағдайда етістіктің өткен шақ категориясының грамматикалық маркерлерінің қатысуымен хабарлы сөйлем формасында беріледі деп түсініледі (http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=129710&lang=kk.)

Алайда ҚР АК 143-бабына сәйкес «Жеке тұлғаның ар-намысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру» тұрғысынан сот ісі қозғалатын конфликтогенді мәтіндердегі оқиғаның болғанын растайтын хабарлы формадағы сөйлемдер семантикасы жағынан Х тұлғаға қатысты алғанда шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын деректерді қамтымауы да мүмкін. Мысалы, «Бұл біреу ғана. .. Біздің елімізде тек қана бұл емес, қаншама осындай («Алматы ВДС» ЖШС сияқты) компаниялар әртүрлі заңсыз

әрекетте жүріп, қитұрқы жолдармен халықты тонауда, халықтың қалтасын қағуда» (Тоқтасын, 2021) хабарлы сөйлемі көптеген компанияларға қатысты жалпылама айтылған. Автор «Бұл біреуі ғана» деп «Алматы ВДС» ЖШС компаниясын солардың – «әртүрлі заңсыз әрекетте жүріп, қитұрқы жолдармен халықты тонайтын, халықтың қалтасын қағатын» компаниялардың қатарында көрсетеді.

Автордың «қаншама осындай әртүрлі заңсыз әрекетте жүріп, қитұрқы жолдармен халықты тонауда, халықтың қалтасын қағуда» сөздері имплицитті (жасырын), яғни нақты бір болған деректі алға тартпайды, нақты түрде болған іс-әрекетті, оқиғаны ашық түрде атап я көрсетіп тұрған жоқ. Көптеген компаниялардың әрекеттерін жалпылама сипаттап тұр.

Тонау сөзі қимыл етістігі ретінде *талау, зорлық қылып тартып алу* сияқты әрекеттердің жалпы атауы.

Қарастырылып отырған контексте «халықты тонау» тіркесі *қитұрқы жолмен* деген анықтауыштық тіркесімен қатынаста тұрып, әрекеттің физикалық, яғни күш көрсету арқылы емес, түрлі алдау амалдарымен жүзеге асырылатын әрекетті білдіреді. Автор түрлі заңсыз жолдармен халықтың ақшасын иемдену әрекетін «тонау» ретінде бағалайды. Сондықтан *тонау* сөзінде авторлық модальдық мәні қамтылған деуімізге болады. Дегенмен барыс септігінде тұрған *тонау+-да, қағу+-да* қимыл етістіктері созылмалы іс-әрекетті білдіріп, оқиғаның нақты болғанын, әлі болып жатқанын растайды. Және, шындығында, мәтінде көрсетілгендей заңсыз әрекет ететін компаниялардың бар екені де жоққа шығарылмайды. Сол уақытта Х тұлғаға, мысалы, жоғарыдағы мәтін үзіндісінде «Алматы ВДС» ЖШС компаниясы туралы сот ісінде маңызды болып табылатын шындыққа сәйкестігі тексерілетін деректі мәліметтер берілмеген. Сондықтан сот-лингвистикалық сараптама үдерісінде жалпылама дерекке құрылған және нақты деректің өзі емес, деректік сипаты бар, шығайылығы күманды мәлімдеме мен нақты жеке немесе заңды тұлғаның шындыққа сәйкестігі тексерілетін деректі әрекеті туралы мәлімдеме зерттеушілер тарапынан өзара ажыратылады. Осы тұрғыда ресейлік сарапшы-мамандар, зерттеушілер факт және фактоид терминдеріне анықтама береді: «Фактоид – жалпылама деректер қамтылатын мәлімдеме» (Кузнецов, Олейников, 2014: 219). Мұнда шынайылығы тексерілмейтін жалпылама деректер деп қоғамда, өмірде орын алған бірнеше оқиға я көптеген жағдайлар жиынтығындағы мәліметтерді түсінуіміз керек. Мұндай фактологиялық (деректік сипаты бар және нақты дерек) мәліметтер сөйленіс құрамынан баға, пікір, болжам, күман сияқты субъективті-модальдық компоненттерді ажырату нәтижесінде анықталатынын Р.Д. Қарымсақова атап көрсетеді (Қарымсақова, 2007: 104). С.А. Кузнецов жалпылама деректерді фактоидтер қатарында қарастырып, олардың жартылай шынайы мәліметтерді қамтитынын, бұл тұрғыда объективті де, субъективті де элементтер орын алатынын көрсетеді. Және факт деп тек жеке оқиға, нақты тұлғаға қатысты деректі анықтайды: «деректің көрсеткіштері – бұл предикаттық белгілері сияқты анық-айқын субъект және объект актанттары бар жеке жағдай», «оқиға туралы мәлімдеме нақты бір нысанға немесе сандық жағынан шектеулі нысандарға қатысты болған жағдайда ғана дерек туралы мәлімдеме бола алады, ал бұл тұрғыда фактоидтер нақтылықтан ада, үнемі эмпирикалық жалпыланған мәліметті қамтиды» (Кузнецов, Олейников, 2014: 219).

Жалпылама дерек туралы мәлімдеме (фактоид) мен нақты дерек туралы мәлімдеменің (факт) жоғарыдағы зерттеушілердің тұжырымдарында көрсетілген белгілерін мына мысал барысында қарастырып көрейік: «*Біз неден аздық, неден тоздық? Ұрысы көп елдің – иесі өледі деп бекер айтпаса керек. Біздің иеміз де, киеміз де Қазақстан. Ал Х. сияқты жемқорлар бірігіп, сол Қазақстанды тонауда, өлтіруде*» (А. Дүйсебаева «С. Майғазиев Шымкентте қанша ақша тонады? Шенеунік болған әншіні сойып салды» бейнежазбасы: https://youtu.be/FBfqyyd4QDk).

Асты сызылған фразадағы дерек немесе оқиға компоненттері: *тонауда, өлтіруде* – формалды предикаттар, объект – Қазақстан, субъект – альтернативті, яғни бірнеше жалпылама аталған ‘белгісіз жемқорлар’ және Х. Жалпы Қазақстандағы жемқорлық жағдайлары көпшілікке ақиқат болғанымен, альтернативті субъектілердің нақты жемқорлық дерегі көрсетілмеген. Сонымен қатар ***Ал*** қарсылықты шылауы мен «Қазақстанды тонауда, өлтіруде» фразасы «Х сияқты жемқорлар» тіркесінің Қазақстанның дамуына кері жағдайдың бір мысалы ретіндегі қолданысын білдіреді. Сондай-ақ,

мәнмәтінде жанды нәрсеге қатысты айтылатын «өлтіру» етістігінің нысаны – Қазақстан, оның бұл метафоралық сипаты елде жемқорлықтың ақиқат жағдай екенін көрсеткенімен, нақты бір субъекті тарапынан орын алған жемқорлық дерегі туралы мәлімдемені жоққа шығарады, сондықтан фактоид мазмұнынан шындыққа сәйкестігін тексеруге келетін мағыналық бөлікті анықтау мүмкін болмай қалады. Қоғамдағы жағымсыз құбылыс – 'жемқорлық' жағдайы шындық болғанымен, оның нақты дерегінің көрсетілмеуі, яғни шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметтің берілмеуі фактоидқа тән басты белгілердің бірі болып табылады. Фактоидтардың бұл тұрғыдағы қызметі «әлеуметтік шындықты алға тарту арқылы психологиялық қажеттілікті қанағаттандыру және орын алған жағымсыз жағдайды сараптау жолдарын нұсқау» (Аронсон, 2008; 189) тұрғысынан қарастырылады.

Сөйтіп, жалпылама деректерді қамтитын фактоидтердің тұрақты белгілері қатарында альтернативтілік, имплициттілік сипаттарды қарастыруға болады деп ойлаймыз.

Сот-лингвистикалық сараптама нысанында қарастырылатын дерек туралы мәлімдемеге тән басты белгілердің бірі – айыпталатын іс-әрекеттің нақты болғанының, болып аяқталғанының расталуы. Осы «аяқталғандық» белгісін О.В. Кукушина нұқсан келтіретін мәліметті анықтауда өз тарапынан ұсынылатын «фактологиялық квадрат әдісінде» басшылыққа алынатын өлшемдердің бірі ретінде көрсеткен: «Предлагаемый подход базируется на четырех критериях, поэтому его можно назвать методом фактологического квадрата. Этими критериями являются совершённость, верифицируемость, отсутствие альтернативы и побудительная («порочащая») цель (сокращенно «СВОП»)» (Кукушкина, 2016: 137). Түрлі тілдерде іс-әрекеттің бұл қалпын білдіретін негізгі грамматикалық маркерлер қатарында етістіктің өткен шақ категориясының формалары көрсетіледі. Дегенмен сот-лингвистикалық сараптама тәжірибесінде етістіктің ауыспалы осы шақ категориясының өткен шақта болып кеткен іс-әрекетті білдіру қызметінде қолданылуы мамандарды ойға қалдырады. Мысалы: *«Саясат – ақпарат» газеті «өлі материалдарды» интернеттен алып жариялайды. Болмаса біреулердің мақалаларын алып, тақырыбын өзгертеді де жариялай салады»* .

Үзіндідегі *«Саясат – ақпарат» газеті «өлі материалдарды» интернеттен алып жариялай салады»* сөйлемінің семантикасына қарағанда, аталған газеттің әдетте материалдарды Интернеттен алатыны, яғни дағдылы түрде Интернеттен алып жариялайтыны көрсетілген. Осы сөйлемдегі ***«алып жариялайды»*** күрделі етістігі ауыспалы осы шақ формасында (-а, -е, -й) қолданылған. Ауыспалы осы шақ контекске қарай іс-әрекеттің сол уақытта, сол уақытқа дейін және сол уақыттан кейін де болғанын, болып жатқанын және болатынын да білдіре алады: «Действие, обозначаемое переносным настоящим временем (ауыспалы осы шақ) может происходить в момент речи, до и после него, а иногда может происходить безотносительно к моменту речи, не уточняя его» (Сулейменова, 2007: 102).

Сонымен қатар қарастырылып отырған үзіндідегі «*Болмаса біреулердің мақалаларын алып, тақырыбын өзгертеді де жариялай салады»* сөйлемінің семантикасында аталған газетке «біреулердің мақалаларының тақырыбын өзгертіп, жариялай салу» дағдылы, қалыпты құбылыс ретінде көрсетілген. Бұл сөйлемде де газет тарапынан жүзеге асырылатын әрекетті білдіретін «*өзгертеді де жариялай салады» етістіктері* ауыспалы осы шақ формасында қолданылған. Ауыспалы осы шақ формаларының грамматикалық мағыналарына сәйкес «біреулердің мақалаларының тақырыбын өзгертіп, жариялай салу» әрекеті газет тарапынан осы уақытта, сол уақытқа дейін және сол уақыттан кейін де болғанын, болып жатқанын және болатынын да білдіреді. А. Батырбеков тарапынан газеттің «өлі» материалдарды Интернеттен алып жариялайтыны, басқа біреулердің мақалаларының тақырыбын өзгертіп, жариялай салатыны» (Батырбеков, 2020) туралы жағымсыз ақпарат шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын деректі мәліметке жатады.

Алайда өткен шақта болған әрекетті білдіру қызметінде қолданылған дәл осы ауыспалы осы шақ категориясының грамматикалық формалары қатысқан контекстен шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын деректі мәліметтің анықтала алмайтын жағдайлары да кездеседі. Салыстырыңыз:

1-кесте – Дерек туралы мәлімдеменің екі түрлі жағдайдағы мысалдары

Шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын дерек туралы мәлімдеме	Шындыққа сәйкестігі тексеріле алмайтын д ерек туралы мәлімдеме
1-Мысал: «Алматы ВДС» деген компания, әрбір үйге, сосын дүкендерге кіріп, сауда орындарына кіріп, сіздерден «жылдық, годовой обслуживание, акті *толтырАмыз,* жылына бір рет өтіп тұруларыңыз керек, жыл сайын өтіп *тұрАсыздар* деп, осылай ақша деп», ешқандай ешнәрсені тексерместен жоқ нәрсені бар деп *жазАды,* бәрі керемет деп *жазЫП берЕді,* ешнәрсе *тексермеЙді,* ешнәрсе *жасап бермеЙді* сізге, бірақ сіздерден ақша *алЫП кетЕді»*	*2-Мысал:* «К. көп ұзамай өзіне үйреншікті кәсіпке ақырын кірісіп *кетЕді.* Әуелі бұрынғы бастықтың «артын қазғысы» келді. Бірақ ештеңе *таппаЙды.* Сосын ұжымдағыларды оның соңын қуалап арыз жазуға *үгіттеп көрЕді.* Алайда, мұнда да барқадар *таба алмаЙды.* Рас, оған келіскендер де *шығАды*. Мысалы, ... «бастықтың орынбасарының міндетін уақытша атқарушы» С. мұның айтағына бірден *көнЕді.* Алайда, ұжымның біраз мүшелері мұндай пасық тірлікке <u>қарсы</u> *болАды,* олар кеткен басшыдан еш залал көрмегендерін айтып, арызға қол қоюдан ада-күде *бас тартАды*. Бұл, әрине, ... «басшының міндетін атқарушыға» (К-ге) жаздықүнгі жауған аязды қардай болып, сұмдық қатты *әсер етЕді*.

Кестеде берілген сөйленістерден (сөйлеуші субъектінің ниеті, әрекетке байланысты ойы қамтылған) шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметті анықтауда грамматикалық маркерлердің негізгі рөл атқармайтынын көруге болады. Бұл тұрғыдағы мәселе шешімінде лингвистикалық семантика саласындағы сөйлем (сөйленіс, сөйлеу актісі) пропозициясы теориясының басшылыққа алынуы тиіс деп ойлаймыз. Пропозицияның түрлі зерттеушілер тарапынан мынандай анықтамалары көрсетіледі: «...П. сөйлемнің қайсыбір прагматикалық факторларға тәуелсіз және шынайылық мәнісімен тікелей байланысты мазмұны» (Фреге, 1977: 188), «Нақты сөйлеу жағдаятындағы анықталған ниеттегі актуалды сөйленіс пропозициясының басты қасиеттері ретінде оның шындыққа сәйкестілігі, референтке бағыттылығы көрініс береді» (Гусаренко: https://cyberleninka.ru/article/n/propozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa

Ал жоғарыдағы кестенің 2-бағанында берілген сөйленістердің пропозициясынан шынайылық мәнісімен тікелей байланысты мазмұнын анықтау қиынға түседі. Себебі бұл сөйленістердің семантикасы объективті әрекеттерден гөрі, сөйлеуші автордың субъективті көзқарасы туралы мәліметке құрылған. Қарастырылып отырған сөйленістегі «*кірісіп кетЕді; үгіттеп көрЕді; келіскендер де шығАды; С. бірден көнЕді; біразы қарсы болАды; бас тартАды. қатты әсер етЕді»* предикаттары әрекеттің нақты өзін емес, сөйлеуші субъектінің сол әрекет иелерінің еркін, ниеттеріне байланысты пайымын білдіреді. «Пропозиция бұл расталуы немесе күман келтірілуі мүмкін бөлік, сондай-ақ ол өтініш, уәде, тілек, бұйрық нысаны болуы мүмкін» (Падучева, 2004: 36) деген тұжырым тұрғысынан қарастыратын болсақ, қарастырылып отырған мысалдағы пропозициялық бөлік – ‘арыз’. Алайда «арыз» дерегі, яғни оның объективті образы сөйленісте берілмеген. Өйткені бұл сөйленіс пропозициясына мына анықтама дәл келеді: «Пропозиция, бір жағынан, деректің шынайылық деңгейін сөйлеуші субъектінің пайымына қарай және екінші жағынан, адресаттың қабылдауына, пайымына қарай бейнелейді».

Енді сөйленістің пропозияциясын (сөйленістің я сөйлемнің шындыққа сәйкестілігін білдіретін бөлігі) білдіруде грамматикалық маркерлердің рөлін қарастыратын болсақ, С.В. Гусаренконің мына ғылыми тұжырымы орынды деп есептейміз: «сөйленістің модальды-грамматикалық сипаты сөйлемнің предикативтілікнің құрамдас компоненті болса да, ол сөйленістің пропозиционалды құрылымын анықтамайды, басқаша айтқанда, субъектінің сол немесе басқа бір деректі сенімді түрде растап тұрғанын, күмәнданып тұрғанын т.б. нақты түрде білдіре алмайды. Қандай жағдай да болса, шындыққа сәйкестілік дерегі семантикалық құрылымда бейнеленеді» https://cyberleninka.ru/article/n/propozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa.

Шынында да, «*кірісіп кетЕді; үгіттеп көрЕді; келіскендер де шығАды; С. бірден көнЕді; біразы қарсы болАды; бас тартАды. қатты әсер етЕді»* предикаттары қатысқан

сөйленістердің шындыққа сәйкестілік дерегін осы етістіктердің семантикалық құрылымын талдау негізінде анықтай аламыз.

Өткен шақта болған әрекетті білдіру қызметінде қолданылған ауыспалы осы шақ грамматикалық формасындағы етістіктердің шындыққа сәйкестігі тексерілетін және шындыққа сәйкестігі тексеріле алмайтын мәліметтерді білдірудегі лингвистикалық ерекшеліктері төмендегі кесте талданылады.

2-кесте – Ауыспалы осы шақ грамматикалық формасындағы етістіктердің семантикалық айыпмашылықтарының анықталуы

р/с	Лингвистикалық сипаттары / Предикаттар	Гр. Маркер	Контекстегі гр.мағынасы	Семантикалық сипаты	Пропозициясы	Нұқсан келтіретін мәліметті қамтуы
1	*кірісіп кетЕді; үгіттеп көрЕді; келіскендер де шығАды; С. бірден көнЕді; біразы қарсы болАды; бас тартАды. қатты әсер етЕді*	-а, -е, -й	Өткен шақта болған әрекетті білдіреді	Субъектінің әрекетке еріктік, құлықтық ықыласын білдіреді	Субъективті модальды мәндер	Қамтымайды
2	*бәрі керемет деп жазып берЕді, ешнәрсе тексермеЙді, ешнәрсе жасап бермеЙді, ақша алЫП кетЕді»*	-а, -е, -й	Өткен шақта болған әрекетті білдіреді	Субъектінің нақты әрекетін білдіреді	Объективті мәндер	Қамтиды

Жоғарыдағы 2-мысалдағы курсивпен көрсетілген ауыспалы осы шақ формасындағы етістіктер өткен шақта болып кеткен – ‘тұлғаның үстінен арыз ұйымдастыру’ әрекеті болғанын білдіреді. Қазақ тілінде ауыспалы осы шақтың бұл қызметі грамматикалық анықтағышта көрсетілген: «Контекске қарай ауыспалы осы шақ өткен шақ мағынасын білдіре алады» (Сулейменова, 2007: 102).

Алайда жоғарыдағы дерек туралы мәлімдемедегі асты сызылып көрсетілген ауыспалы осы шақ формасындағы етістіктер өткен шақта болып кеткен – ‘тұлғаның үстінен арыз ұйымдастыру’ әрекеті болғанын, оның нәтижесіз аяқталғанын білдіргенімен, контекст мазмұнының тұтастығында шындыққа сәйкестігі тексерілетін деректі мәлімет қамтылмаған. Бұл жағдайда грамматикалық маркерлердің контекстегі мағыналары мен қызметі ғана емес, болған іс-әрекеттің нәтижесін көрсететін, яғни сот ісі үшін маңызды шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын деректі объективті мәлімет контекстен ізделуі керек. Қарастырылып отырған үзіндіде болған әрекеттің объективті дерегі, мысалы ‘жазылған арыз’ туралы мәлімет жоқ, үзіндінің мазмұнына қарағанда жағымсыз әрекет ауызша формада жүзеге асқан. Сондықтан өткен шақтағы әрекеттің аяқталғандығының бірден бір көрсеткіші тек грамматикалық маркерлер ғана емес, болған әрекеттің шындыққа сәйкестігін тексеретіндей объективті дерегін білдіретін мәлімет те маңызды орын алады.

Қорытынды және тұжырымдама

Сөйтіп, даулы тілдік материалдан нұқсан келтіретін мәліметті анықтауда О.В. Кукушкина атаған жоғарыдағы негізгі белгілердің (әрекеттің нақты болып, аяқталғандығы; шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметті білдіруі; альтернативтің болмауы) барлығының бірдей зерттеліп отырған сөйлеу нысанында бір уақытта болуы маңызды. Сонымен қатар сот ісінде маңызды болып табылатын шындыққа сәйкестігі тексерілетін мәліметті даулы мәтіннен анықтауда сөйлемнің (сөйленістің, сөйлеу актісінің) пропозициясы туралы теориялық тұжырымдар басшылыққа алынуы керек.

Әдебиеттер

Стернин И.А., Антонова Л.Г., Карпов Д.Л., Шаманова М.В. Основные понятия лингвокриминалистической экспертизы: справочное пособие. /Под науч. ред. проф. И.А.Стернина. – Ярославль, Изд-во «Канцлер», 2013. – 80 с.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / – Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . – 967 б. (Қазақ сөздіктері. – – 9965-798-99-0(мұқ.) // http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108728&lang=kk

Кукушкина О.В. Негативная информация: утверждение о факте или выражение мнения? // Теория и практика судебной экспертизы №3 (43) 2016. с. 132 – 144

Бельчиков, Ю.А., Горбаневский М.В., Жарков И.В. Методические рекомендации по вопросам лингвистической экспертизы спорных текстов СМИ. Сборник материалов. – М.: ИПК «Информкнига», 2010. – 208 с.

Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 1992 жылғы 18 желтоқсан N 6. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_

Қазақстан: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. ISBN 5-89800-123-9

Абдрасилов Б. С. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы. –Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.

Словарь иностранных слов русского языка https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99

Доронина С.В. Факты и мнения: речевые средства выражения персуазивного модуса в публицистическом дискурсе с точкизрения лингвистической экспертизы // Журналистика и культура русской речи. – 2012. – № 3. – С. 62–82.

Сәбікенов С., Сәбікенова Г. Заң терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі = Казахско-русский, русско-казахский словарь юридических терминов и понятий [Мәтін] : 17000 жуық термин. – Алматы : Жеті жарғы, 2007 . – 688 б. http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=129710&lang=kk

Тоқтасын Ы. «Алматыда кәсіпкерлерді қорқытып, заңсыз ақша жинап жүрген адам» тікелей эфирінің бейнематериалы (01.02.2021) // Facebook желісі, https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903

Кузнецов С.А., Олейников С.М. Экспертные исследования по делам о признании информационных материалов экстремистскими: теоретические основания и методическое руководство. – М.: Издательский дом В. Ема, 2014. – 312 с.

Қарымсақова Р. Лингвистикалық қауіпсіздік // Жүз жағдай – жүз кеңес. Журналистерге көмек. – Алматы: Әділ сөз, 2007. – 208 б.

Дүйсебаева А. С. Майғазиев Шымкентте қанша ақша тонады? Шенеунік болған әншіні сойып салды. https://youtu.be/FBfqyyd4QDk

Аронсон Э. Современные технологии влияния и убеждения. Эпоха пропаганды. – Прайм-Еврознак, 2008. – 543 с. – (Лучшие психотехнологии мира). – ISBN 978-5-93878-719-

Сулейменова Э.Д., Кадашева К.К., Аканова Д.К. Грамматикалық анықтағыш. – Астана: Арман-ПВ, 2007. – 240 б.

Батырбеков А.М. Саясат – ақпарат» газетінің «крышасы» кім? https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903

Фреге Г. Смысл и денотат // Семиотика и информатика. 1977. Вып. 8. С. 181–210.

Гусаренко С. В. Пропозиция как компонент актуального дискурса // Филологические науки https://cyberleninka.ru/article/n/propozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa

Падучева Е. В. Высказывание и его соотнесенность с действительностью (референциальные аспекты семантики местоимений). 4-е изд. М.: Едиториал, 2004. 288 с., с. 36.

Munirah, Sigit Apriyanto. A Forensic Linguistic Point of View of Implicational Conversations in a Police Interrogation: A Review. Talent Development & Excellence. Vol.12, No. 1, 2020, 3370 – 3384.

Mohsen Ghasemi Ariani, Fatemeh Sajedi, Mahin Sajedi. Forensic linguistics: A brief overview of the key elements. Procedia – Social and Behavioral Sciences 158 (2014) 222 – 225.

Peter Tiersma, Lawrence M. Solan. The Linguist on the Witness Stand: Forensic Linguistics in American Courts. Language. Vol. 78, No. 2 (Jun., 2002), pp. 221-239.

Umiyati, M. (2020). A Literature Review of Forensic Linguistics. IJFL (International Journal of Forensic Linguisti. 1(1). 23-29.

References

Abdrasilov B. S. (2016) Sybailas jemqorlyqqa qarsy mädeniet negızderı: oqu qūraly. Astana: Qazaqstan Respublikasy Prezidentınıñ janyndağy Memlekettık basqaru akademiasy. – 176 b. [Fundamentals of Anti-Corruption Culture] (In Kazakh).

Aronson E. (2008) Sovremennye tehnologii vliyaniya i ubejdeniya. Epoha propagandy – Praim-Evroznak 543 p [Modern technologies of influence and persuasion. The era of propaganda] (In Russian).

Batyrbekov A.M. (2020) Saiasat – aqparat» gazetınıñ «kryşasy» kım? [Who is the "roof" of the newspaper "Politics – Information"?] https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903 (In Kazakh)

Bel'chikov YU.A., Gorbanevskii M.V., Jarkov I.V. (2010) Metodicheskie rekomendacii po voprosam lingvisticheskoi ekspertizy spornyh tekstov SMI. Sbornik materialov. – M.: IPK «Informkniga» – 208 p. [Methodological recommendations on the issues of linguistic expertise of controversial media texts] (In Russian).

Doronina S.V. (2012) Fakty i mneniya: rechevye sredstva vyrajeniya persuazivnogo modusa v publicisticheskom diskurse s tochkizreniya lingvisticheskoi ekspertizy. V jurnale: Jurnalistika i kul'tura russkoi rechi № 3. – S. 62–82 [Facts and Opinions: Speech Means of Expressing Persuasive Mode in Publicistic Discourse from the Point of View of Linguistic Expertise] (In Russian).

Düisebaeva A. (2021) S. Maiğaziev Şymkentte qanşa aqşa tonady? Şeneunık bolğan änşını soiyp saldy» beinejazbasy [How much money did S. Maigaziev stole in Shymkent? The singer-turned-official received harsh criticism] https://youtu.be/FBfqyy-d4QDk (In Kazakh)

Frege G. (1977) Smysl i denotat. Semiotika i informatika.. Vyp. 8. S. 181–210. [Meaning and denotation] (In Russian).

Gusarenko S. V. Propoziciya kak komponent aktual'nogo diskursa. Filologicheskie nauki https://cyberleninka.ru/article/n/propozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa/ [Proposition as a component of current discourse] (In Russian).

Kukushkina O.V. (2016) Negativnaya informaciya: utverjdenie o fakte ili vyrajenie mneniya? Teoriya i praktika sudebnoi ekspertizy №3 (43). s. 132 – 144 [Negative information: a statement of fact or an expression of an opinion?] (In Russian).

Kuznecov S.A., Oleinikov S.M. (2014) Ekspertnye issledovaniya po delam o priznanii informacionnyh materialov ekstremistskimi: teoreticheskie osnovaniya i metodicheskoe rukovodstvo. – M.: Izdatel'skii dom V. Ema. – 312 s. [Expert Research on Cases of Recognizing Information Materials as Extremist: Theoretical Foundations and Methodological Guidelines] (In Russian).

Paducheva E. V. (2004) Vyskazyvanie i ego sootnesennost' s deistvitel'nost'yu (referencial'nye aspekty semantiki mestoimenii). 4-e izd. M.: Editorial. 288 s., s. 36 [Utterance and its correlation with reality (referential aspects of pronoun semantics)] (In Russian).

Qarymsaqova R. (2007) Lingvistikalyq qauıpsızdık // Jüz jağdai – jüz keñes. Jurnalisterge kömek. – Almaty: Ädıl söz. – 208 b. [Linguistic security] (In Kazakh).

Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıgı (2008) 50 myñğa juyq söz ben söz tırkesı – Almaty: Daik-Press. – 967.b – (Qazaq sözdıkterı. – – 9965-798-99-0(mūq.) [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (In Kazakh).

Qazaqstan: Ūlttyq ensklopedia (1998) Bas redaktor Ä. Nysanbaev – Almaty "Qazaq ensiklopediasy" Bas redaksiasy. ISBN 5-89800-123-9 [Kazakhstan: National Encyclopedia] (In Kazakh).

Säbıkenov S., Säbıkenova G. (2007) Zañ terminderı men ūğymdarynyñ qazaqşa-orysşa, orysşa-qazaqşa sözdıgı [Mätın]: 17000 juyq termin. Almaty: Jetı jarğy. – 688 b. [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh dictionary of legal terms and concepts] (In Kazakh).

Slovar' inostrannyh slov russkogo yazyka [Dictionary of foreign words of the Russian language] https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99

Sot täjiribesinde azamattardyñ jäne zañdy tūlğalardyñ ar-namysy men abyroiyn jäne iskerlik bedeldiligin qorğau jönindegi zañdylyqty qoldanu turaly Qazaqstan Respublikasy Joğarğy Sotynyñ normativtık qaulysy (1992) 18 jeltoqsan N 6. [Normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan on the application of the law on the protection of honor, dignity and business reputation of citizens and legal entities in judicial practice] (In Kazakh) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_(In Kazakh).

Sternin I.A., Antonova L.G., Karpov D.L., SHamanova M.V. (2013) Osnovnye ponyatiya lingvokriminalisticheskoi ekspertizy: spravochnoe posobie. /Pod nauch. red. prof. I.A.Sternina. – YAroslavl', Izd-vo «Kancler». – 80 s. [Basic concepts of linguistic forensic examination: a reference guide] (In Russian).

Suleimenova E.D., Kadaşeva K.K., Akanova D.K. (2007) Grammatikalyq anyqtağyş. – Astana: Arman-PV – 240 b. [Grammar reference] (In Kazakh).

Toqtasyn Y. (2021) Almatyda käsıpkerlerdı qorqytyp, zañsyz aqşa jinap jürgen adam [A man who threatens businessmen and illegally collects money in Almaty] (In Kazakh). https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903

Munirah, Sigit Apriyanto. A Forensic Linguistic Point of View of Implicational Conversations in a Police Interrogation: A Review. Talent Development & Excellence. Vol.12, No. 1, 2020, 3370 – 3384.

Mohsen Ghasemi Ariani, Fatemeh Sajedi, Mahin Sajedi. Forensic linguistics: A brief overview of the key elements. Procedia – Social and Behavioral Sciences 158 (2014) 222 – 225.

Peter Tiersma, Lawrence M. Solan. The Linguist on the Witness Stand: Forensic Linguistics in American Courts. Language. Vol. 78, No. 2 (Jun., 2002), pp. 221-239.

Umiyati, M. (2020). A Literature Review of Forensic Linguistics. IJFL (International Journal of Forensic Linguisti. 1(1). 23-29.

ҒТАМР 16.21.47 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph17

Ж.О. Тектіғұл , Е.А. Дузмагамбетов ,

А.Б. Баядилова-Алтыбаева*

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.
*e-mail:ba_ainura85@mail.ru,

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ҚАБАТЫ

Әр халықтың жер-су атауларының мазмұнында сол этностың көп ғасырлық саяси-әлеуметтік тіршілігінің қилы-қилы тылсым оқиғалары, мәдени және рухани өмірінің алуан түрлі қабаттары жасырынып жатыр. Жалпы алғанда тіл білімінде қазақ топонимикасына қатысты бірнеше бағытта зерттеу жұмыстары жазылғанымен, топонимдерді мифологиялық ойлау мен мифтер жүйесімен байланыста қарастыру мәселесі әлі де нақты, жан-жақты зерттеу обьектісіне айнала қойған жоқ. Мақаланың ғылыми зерттеу мақсаты қазақ тіліндегі кейбір топонимдердің, оның ішінде мифологиялық сипаттағы «киелі, қасиетті» жалпытүркілік сакральды ұғымдарымен сабақтасып жатқан бай, «әйел құдайы» тіркесімен келетін топонимдерді тарихи тұрғыдан түркі тілдері материалдарымен салыстыра сипаттау болып табылады. Соған сәйкес Қазақстандағы Катонқарағай, Баянауыл топонимдерінің құрамына семантикалық және этимологиялық талдау жасай отырып, аталған «бай», «әйел құдайы» түркі тілдес халықтарының, соның ішінде қазақ халқының ежелгі дәуірдегі қоршаған ортаға байланысты қалыптасқан рухани дүниетанымындағы мифтік жүйе көріністерін анықтау, талдау мақаланың өзектілігін көрсетеді. Талдау нәтижесінде қол жеткізген нәтижелер: біріншіден, қазақ халқының танымдық деңгейінің өз бастауын ежелгі жалпытүркілік мифологиялық дүниетанымдардан алатындығы, екіншіден, әрі барлық түркі дүниесіне ортақ мифтердің мазмұн мен идея ортақтығы, яғни көнетүркілік Ұмай – әйел құдайы, Бай ана қолданыстарының мифтік мәтін сипатындағы мазмұн ортақтығы мен жалпы түркілік дыбыстық сәйкесімдер (м/б), үшіншіден, осы «әйел құдайы» сакральды ұғымының (Ұмай- әйел құдайы, Бай (киелі, әулие) ана) Қазақстандағы Баянауыл, Катонқарағай топонимдеріндегі көрінісін бұған дейінгі зерттеулер мен бұрын назарға алынбаған дереккөздер негізінде жаңаша сипатта дәлелдеуге талпынысымыз жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығын анықтайды.

Зерттеуде сипаттамалық әдіс пен тарихи-салыстырмалы әдіс түрлері қолданылды. Қазақ және өзге түркі тілдес халықтардың мифотопонимдері ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі этимологиялық талдаулар мен ежелгі түркологиялық сөздіктердегі мифомәтіндер мазмұны негізінде нақты тілдік деректер арқылы салыстырылып, «Ұмай», «әйел құдайы», «бай» (Ұмай, Баянауыл, Катонқарағай) қолданыстарының (композиталарының) топоним ретінде шығу, қалыптасу себептері диахронды тұрғыдан сипатталды. Соның негізінде қазіргі түркілердің «Ұмай ана» түсінігіндегі әйел затына қатысты сакральды ұғымдардың қайнар көзі ежелгі дәуірде өмір сүрген этностардың табиғаттың тылсым сырларынан туындаған мифтік көзқарастарымен байланыстылығы, тілдегі осы тектес кейбір топонимдердің мифтік (мифологиялық) танымның нәтижесі екендігі тарихи-салыстырмалы талданды.

Түйін сөздер: мифоним, мифотопоним, Ұмай, Баянауыл, Катонкарағай, Катунь, Мұзтау.

Zh.O. Tektigul, E.A. Duzmagambetov, A.B. Bayadilova-Altybayeva

K. Zhubanov Aktobe Regional university, Kazakhstan, Aktobe
*e-mail: ba_ainura85@mail.ru

Mythological layer of Kazakh toponyms

The names of the lands and rivers hide the most diverse layers of cultural and spiritual life, the tragic events of the centuries-old political and social life of this ethnic group. Despite the fact that in linguistics, various facts of Kazakh toponymy has been published, such problems of toponyms as the system of myths of the local ethnic groups, have not become the object of a specific, comprehensive study yet. The purpose of research is to describe some toponyms mythological nature in Kazakh language, combined with the common Turkic sacred concept of "sacred, holy" in the meaning of "rich", "female deity". The semantic and etymological analysis of the composition of the name Katonkaragai, Bayanaul, the identification of mythological basis of concepts of "goddess", "female goddess" in worldview of the Turkic-speaking and Kazakh peoples, determines the relevance of the article.

© 2022 Al-Farabi Kazakh National University

As a result of the analysis, the followings were achieved:-the cognitive level of the Kazakh people comes from ancient Turkic mythological worldviews; -the commonality of the content and ideas of myths common to the entire Turkic world, i.e. their sound correspondences in the nature of the mythical text of the ancient Turkic Umai-female God, Mother of God; -our attempt to justify in a new way the reflection of the sacred concept of "female God" in the toponyms Bayanaul, Katonkaragai on the basis of the research done and previously ignored sources determines the scientific and practical significance of the work.

The methods of descriptive, historical-comparative analysis were used in study. The mythological understandings of Kazakhstan and other Turkic-speaking peoples were comparatively analyzed on the basis of etymology, described in popular scientific literature and in mythotexts of ancient Turkic dictionaries, compared with real linguistic data and reasons for the origin.

Key words: Mythonym, mythotoponym, Umai, Bayanaul, Katonkaragai, Katun, Muztau.

Ж.О. Тектіғұл , Е.А. Дузмагамбетов , А.Б. Баядилова-Алтыбаева *

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актобе

*e-mail: ba_ainura85@mail.ru

Мифологический пласт казахских топонимов

В значениях названий местностей и рек каждого народа скрываются самые разные пласты культурной и духовной жизни, трагические события многовековой политико-социальной жизни этого этноса. Несмотря на то, что в лингвистике в целом, были опубликованы исследования по различным направлениям казахской топонимики, вопросы, расматривающие топонимов в связи с мифологическим мышлением и системой мифов этносов, населяющих эти места, до сих пор не стали объектом конкретного, всестороннего исследования. Целью научного исследования данной статьи является описание некоторых топонимов в казахском языке, в том числе топонимов мифологического характера, сочетающихся с общетюркским сакральным понятием «сакральное, святое» в значении «богатое», «женское божество». Проведение семантического и этимологического анализа состава названии Катонкарагай, Баянаул, выявление мифологической основы понятий «богиня», «женщина-богиня» в мировоззрении тюркоязычных народов, в том числе и казахского народа определяет актуальность статьи. В результате анализа были достигнуты: во-первых, познавательный уровень казахского народа исходит из древних общетюркских мифологических мировоззрений; во-вторых, общность содержания и идей мифов, общих для всего тюркского мира, т.е. общность содержания и общетюркских звуковых соответствий в характере мифического текста древнетюркских Умай – женского Бога, Богоматери; в-третьих, наша попытка по-новому обосновать отражение сакрального понятия «женский Бог» в топонимах Баянаул, Катонқарагай на основе предшествующих исследований и ранее не принятых во внимание источников определяет научную и практическую значимость работы.

В исследовании использовались методы описательного, историко-сравнительного анализа. В статье мифотопонимы Казахстана и других тюркоязычных народов сравнительно анализированы на основе этимологического анализа, описанных в научно-популярной литературе и в мифотекстах древнетюркологических словарей и сопоставлены с реальными языковыми данными, а также диахронно описаны причины происхождения, формирования употреблений (композитов) «Умай», «женский Бог», «бай/богатый» (Умай, Баянаул, Катонкарагай) в качестве топонимов. Например, истоки сакральных представлений современных тюрков о женском начале в понимании «Умай ана» связаны с мифическими понятиями, вызванные таинственными чудами природы местности этносов, живших в древности, проведен исторически-сравнительный анализ причин возникновения этого типа топонимов, возникших на основе мифического (мифологического) представления народов.

Ключевые слова: мифонимы, мифотопонимы, Умай, Баянаул, Катонкарагай, Катунь, Музтау.

Кіріспе

Қазақтың ұлттық таным көкжиегінде мифологияның алар орны зор дейтін болсақ, ол ғылым саласы ретінде бүгінгі таңда енді-енді бойын тіктеп келе жатыр. Біз бүгінгі ғылым арнасында мифологияны, соның ішінде дербес ғылым саласы ретінде танып, оған жаңаша көзқарас танытып отырғандықтан, түп тамырында үш бірліктің жатқанын айта кетуіміз жөн. Олар: наным, дін, философия.

Адамзаттың көне замандардағы шынайы қоршаған ортаны бейнелеудегі мифологиялық ойлау қызметінен әлемнің мифологиялық бейнесі қалыптасып, адам табиғатты, әлемді мифологиялық тұрғыдан тану деңгейіне көтерілді.

Адамдардың мұндай тылсым табиғат сырларына байланысты дүниетанымын профессор Қ. Жұбанов былайша түсіндіреді: «Адамдар бұрын табиғат сырының күштерін білмеген. Сондықтан олар табиғатқа адамша (жанды затша) тіл қатқан. Желді ысқырып шақырған, құйынды қуалаған, ауруды көшірген, түрлі жақсылық-жамандықтың иесі бар деп түсініп, оларды бірде шошындырып, бірде тамақ беріп ырза қылып отырған. Әр рудың иесі, қорғаны бар деп есептеп, соларды жәрдемге шақыратын болған. Келе-келе осы ұғым-түсініктен дін туған. Одағайдың қаратпа сөзсіз (шақыру сөзінсіз) болмайтыны – сол әр түрлі табиғат күштеріне: ай күнге, малға, т.т. қарап сөйлеп, соларға көңіл айтып, соларды жәрдемге шақырудан қалған қалдық. Кейін адам баласы оны ұмытып, әр одағай өзінің әніне қарай түрліше көңіл райын білдіретін сөз болып кеткен» (Жұбанов, 1999: 100). «Сондықтан антикалық тілтанушылар тіл мен сөздің сиқырлы-магиялық қасиеттерін жоғары бағалаған. Олар ғарыш, табиғат және адамды бір бүтін ретінде тани отырып, тілді философияның бір бөлігі ретінде қарастырған» (Tektigul et al, 2020: 445).

Әлемнің мифологиялық бейнесінің құрамдас бөліктерін зерттеу қазіргі кезде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвокогнитивтік, когнитивті-дискурстық бағыттар аясында қарқынды жүргізіліп келеді. Архаикалық және қазіргі мифологиялық сана ерекшеліктері фольклорлық және көркем дискурстар негізінде қарастырылып келеді. Зерттеу материалдары ретінде лексикографиялық, диалектілік, тарихи дереккөздер, сакральды мәтіндер мен бір кездері халықтың әлем бейнесінде қалыптасқан топонимдік атаулар, яғни мифотопонимдер алынып отыр.

Мифотопонимдер – аңыз-әңгімелерде, мифтерде сақталған тылсым, қасиетті саналатын, адамдар оларды шынайы бар деп түсінетін географиялық нысандардың атаулары.

Материал және әдістемелер

Тіл білімі даму сатыларын анықтауда методологияның алатын орны ерекше. Сипаттамалы, одан кейін тарихи-салыстырмалы әдістердің қалыптасуы кейіннен құрылымдық және типологиялық әдістердің қолданылуымен жалғасты. Ал тіл білімінің дамуы оның методологиялық саласының біршама кеңеюіне алып келді. Тілдік бірліктер қоршаған ортадан тыс, жекелеген деңгейлерге бөлінген парадигмалық қарым-қатынастардың абстрактілі сызбасы түрінде ғана емес, өмірмен біте қайнасып жатқан тіршілік пен шындықты бейнелеу құралы ретінде қарастыратын дәрежеге жетті. Мұндай адам мен оның әлемін біртұтас дүние ретінде қарап, антропологиялық принцип негізінде зерделеу тілдің табиғатын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Сондықтан мақалада сипаттамалы әдіспен қатар түркі тілдері мен өзге де тілдердің мифотопонимдерін (мысалы, Баянауыл, Катонқарағай) дүниетанымдық тұрғыдан қарастыру қазақ және басқа да түркі халықтарының мифологиялықдіни көзқарастарын, салт-дәстүрлерін анықтауға көмектессе, ал лексемаларды тарихи-салыстырмалы талдау жекелеген түркі тілдерінің топонимдық жүйесі дамуы мен қалыптасуындағы кейбір ортақ заңдылықтарды ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Ғылыми жұмыстың материалдарын қазақ топонимикасына арналған зерттеулерде, тарихи лексикология, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы т.б. пәндерді оқыту барысында қосымша дерек көздері ретінде пайдалануға болады.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу барысында бірқатар отандық және шетел ғалымдарының зерттеулеріне шолу жасалды, олардың Баянауыл, Катонқарағай топонимдеріне, Ұмай ана/Бай ана, Қатын/Қадын мифонимдеріне қатысты пікірлері мен Миф, Мифоним, Теоним секілді терминдерге берілген анықтамалары сарапталып, Көне түркі тілдері сөздігі, Тұңғыс-манжур тілдерінің салыстырмалы сөздігі пайдаланылды.

Зерттеушілер Ш. Уәлиханов, М.Ж. Көпейұлы, Ғ. Қоңқашбаев, Т. Жанұзақов, Г. Қосымова Баянауыл атауының шығу төркінін моңғол тіліндегі «Баян-Ола» атауымен салыстыра отырып, қазақша «Бай тау» деген мағынаны беретіндігін атап өтсе, тарихшы-ғалым Ж.О. Артықбаев «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Баян сұлу есімін Байана теонимімен байланыста қарастырады. Осыған байланысты көптеген түркі тілдерінен Баянауыл атауының түп негізі Ұмай ана/Бай ана теонимінен туындайтындығын дәйектейтін тілдік деректерді көптеп кездестіруге болады.

Атаудың алғашқы сыңары «Байана» ұғымына қатысты зерттеу жүргізгендер: Қ. Жұбанов,

М. Аджи, Е. Қойшыбаев, Р.Г.Ахметьянов, Н. Кудачина, Ә. Қайдар, А.Н.Самойлович, И.Н. Шершавидзе, Л.П. Потапов, И.К. Жолобова, С.М. Қырықбаева. Солардың ішінде Е. Қойшыбаев Қазақстандағы Майбалақ топонимінің құрамын «*май* «құдай – желеп-жебеушіәулие/ киелі» (су, жер,сәбилерді) және *балық* «өзен» сөздерінен құралған» деп көрсетсе, Р.Г. Ахметьянов пен Н.К. Кудачина Ұмай ана / Бай ана теонимінің этимологиясын түркі және моңғол тілдерінде кездесетін атаулармен байланыста зерттейді. И.Н. Шершавидзе бұл сөзді иранизм деп көрсетсе, А.Н. Самойлович М. Қашқари сөздігіндегі деректерге сүйене отырып, арғу тайпасының тілінде *құдай* мағынасында жұмсалғандығын алға тартады. Бұл пікірді Саян-Алтай түркі тілдес халықтарының тілдеріндегі "бай" сөзінің этимологиясын зерделеген Л.П. Потапов та қолдайды.

Д. Қыдырәлі Ұмай ананы құдай емес, аналарды қолдайтын періштенің аты деген пікірде болса, Ресей зерттеушісі И.К. Жолобова да осы пікірді қолдап, көне түркі ескерткіштерінде Ұмай ана атауы көп айтылмайтындығын айтады. С.М. Қырықбаева көне түркілік «Ұмай ана» ұғымы қазіргі кезде «Табиғат ана» позициясына ауысты деген пікір білдіреді.

Сонымен қатар Катонқарағай топониміне қатысты зерттеушілер Т. Жанұзақов, Г. Қосымова, Ә. Нұрмағанбетов, Ә. Қайдар, В.В. Сапожников, П.М. Чихачевтің пікірлеріне шолу жасалды. Бірқатар зерттеушілер (Ә. Нұрмағанбетов, Г. Қосымова) Катонқарағай атауының этимологиясын түркі тілдеріндегі «қотан», яғни топтана, дөңгеле орналасқан/өскен қарағай деген сөздерімен байланыстырса, Т. Жанұзақов Қ. Ысқақовтың пікіріне қосыла отырып, аталған топонимнің Алтай тауынан бастау алатын Катунь өзенімен байланысты Қатынқарағай тұлғасында болғандығын атап өтеді. Біз де аталған топонимге қатысты Т. Жанұзақов Қ. Ысқақовтың пікірлерін негізге ала отырып, Катонқарағай атауының қалыптасуы оның алғашқы сыңарының (Қатын) мифтік астарымен байланысты деп топшылаймыз. Соған орай мақалада Қатын/Қадын сөздерінің тарихи мағынасын ашуды мақсат тұтып, бірқатар еңбектерге шолу жасалды. Ол үшін Көне түркі сөздігінен алынған мәліметтер, басқа да зерттеушілердің пікірлері сарапталды.

Жалпы алғанда, көптеген авторлар негізінен топонимдердің семантикалық, этимологиялық сипаты мен тұлғалық-құрамдық ерекшеліктерін анықтай отырып, олардың мифологиялық қырларын анықтауды нақты зерттеу нысаны ретінде қарастыра бермейтіндігі анықталды.

Нәтижелер және талқылау

Мифонимдер (гректің mythos – аңыз, әпсана және onyma – есім, атау деген сөздерден туындайды) – мифтердегі, аңыздардағы қиялдан пайда болған нысандардың жалқы атауы.«Бұл терминдердің ерекшеліктері – олардың мифологиямен байланысында» (Papazova et al, 2019: 236). «Мифонимдер шынайы деп түсінілетін қияли әлемнің мәдени, тарихи және дәстүрлер ерекшеліктерін бейнелейтін мәдени байланысқан сөздер болып табылады» (Харитонова, 2017: 79).

«Мифоним» және «мифолексема» терминдері жалпы алғанда толық синоним сөздер болып табылады және тілдік әлем бейнесінде мифологиялық концепттерді бейнелей отырып, ойлап табылған болмыстың референттерін белгілеу үшін қолданылады» (Плахова, 2013: 30). Ал «мифотопонимдер оқырмандарды қиялға жетелей отырып, атау тағылған нысан туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді» (Nefedova, 2017: 26).

Көптеген мифологиялық бейнелер, мифонимдер уақыт өте келе тілде жоғалып, ал кейбіреулері аңыздар мен хикаяларда сақталып қалған болса, кейбіреулері географиялық объектілердің атаулары ретінде бекіген. Сондықтан аталған топонимикалық деректер олардың кейбіреулерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Осындай мифтердің бірінде Тәңір көк пен жерді жаратумен қатар өмірге ұрпақ әкелуші еркек пен әйелді қоса жаратқандығы туралы айтылады.

Ежелгі түркі халықтарында осындай Тәңір құдайымен қатар қамқоршы ретінде Ұмай-ана әйел жынысты құдай бейнесі де кездеседі. М. Аджи: «Қыпшақтарда Тәңірі-ханнан басқа Ұмай құдайы да болған. Ұмай – әйелдік тіршілік бастауы. Ол сәбилердің қорғаушысы. Оны қыпшақтар христиан иконаларындағы әйел құдайы секілді бейнелеген» (Аджи, 1994: 98).

Құдай-әйелді Ұмай-Тәңір деп атап, оны Сумер тауының ұшар басына, сүтті көлі бар (Сүткөл) Аспан тауының қия шыңына қондырады. Жаратушы Тәңірдің құдіреті мен күш қуаты шексіз, екпіні мықты еді. Баба түркі тілінде шамандар – Хантәңірі елшілері әуелде әйелдер болғаны, жұрт сол ел аналарына табынғаны туралы аңыз бар (Малов, 1967: 135).

Сондықтан түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел затына қатысты текті ұғым жатыр. Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұрты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалыпты. Оны Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды ес-түссіз жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толғақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл, бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы бір рулы елге айналып, бүгінге күнге жетеді (Ыбыраев 2002: 134). Яғни, көне дәуірлерден келе жатқан бұл аңыздан ұғатынымыз «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші, мейірімді рухани күш саналады.

Кейбір батыс зерттеушілері де «Ұмай ананы» Тәңірге балап, құдайға теңестіреді. Ал Д. Қыдырәлі «Ұмай ананы» теология, космогониямен байланыстырудың еш реті жоқ дей отырып: «Ориенталист ғалымдар «Ұмай сөзін «тәңір ана» деп қате аударып жүр. Біздің ойымызша, Ұмай – аналарды қолдайтын періштенің аты. Қыз ұзатылғанда, неке қиылғанда, әйел босанғанда Ұмай анадан медет тілеу осыдан келіп шыққан» (Қыдырәлі, 2008: 126) деген пікір білдіреді.

Дегенмен бұл келтірілген пікірлердің барлығынан ортақ тарихи сабақтастықты, яғни Ұмай атауының ежелгі дәуірдегі алғашқы *құдай – желеп-жебеуші – әулие/ киелі* мағынасынан *Ұмай ана, Бай ана, Май ана, Табиғат ана,* келекеле *періште, бай, май* жалпылама ұғымдары қалыптасқанын анықтауға болады.

Қ. Жұбановтың «Ұмай, құдай, ұма – май. Ол заманда әйелдер құдайының аты Ұмай болған. Кейіннен сөз басындағы қысаң ұ дыбысы түсіп қалып, май деп айтылып кеткен. Қазақтың: «От ана, май ана, жарылқа!» дейтін және «Май әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие?» деген мақалы да осы ұғымнан туған (Үйғыр мақалы)» (Жұбанов, 1999: 123) деген пікірімен И.К. Жолобованың: «Түркі қағанаты кезеңіне жататын көне түркі халықтарының өмір салты мен табыну жүйелері бейнеленетін ескерткіштерде негізінен Тәңірі құдай атауы кездеседі. Ал Ұмай ана құдайы көбіне айтылмайтыны» (Zholobova, 2020: 88) жайындағы пайымдаулары сабақтасып жатыр.

Халық арасында Ұмай-ананы Май-Ана деп атау да сақталған. Халық ұғымы бойынша Ұмайға тіл тигізу, ұлттық дәстүрге жат қылық көрсету Ұмайдың шамына тиіп, бақытсыздыққа душар етеді. Түркі тілдерінде кейбір дауыссыздар алдында *и* дыбысының түсіп қалуы, олардың протезалық сипатымен түсіндіріледі. Теориялық тұрғыдан, фонологиялық, морфологиялық, семантикалық негізде гомогенділігін айқындауға болатын *Умай, Май, Вай* лексемаларының төркіндестігін қазақы аңыздардағы қолданыстар да дәйектей түседі. Осы тектес тілдік деректердің негізінде Майлыкент – Ұмайлы кент, Майтөбе – Ұмай төбе, Майбұлақ – Ұмай бұлақ екендігіне көз жеткізгендейміз. Себебі Ұмай – май, кент – қала деген ұғымды білдеретіндігін көрсетеді. Ал *тарихи тұрғыдан сөздің соңындағы ғ дыбысы қазақ тіліне жеткенге дейін үш түрлі өзгеріске ұшырағандығы белгілі: 1) түсіп қалған (ұлығ-ұлы); 2) қ дыбысына ауысқан (баг-бақ*); 3) й-ге ауысқан (маг-май). Мұндай тілдік заңдылықтар жоғарыдағы атаулардың құрамындағы *маг* сөзі *май* болып қалыптасып, ал соңғы компоненттері өздерінің тура мағынасында жұмсалып тұрғанын көрсетеді.

Көне түркі дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі де болған. Қазақ тіліндегі «бесенеден белгілі» сөз тіркесі осы «бес ене» ұғымының негізінде қалыптасқан болуы мүмкін. Көне түркілер пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық және Бай әжені «бес ене» деп қабылдаған (Оразбаев, 2018). «Бес ене» періште текті рухани күш саналғандықтан, адамды ауруынан емдеп, жолын ашып, алдынан жарылқай білген. Осы себептен де көне түркілер «Ұмай анамен» бірге «бес енені» де пір тұтқан.

Осындай Ұмай сөзінің *май-бай* тұлғаларында сақталуын көне топонимдік атауларлардың құрамынан көптеп кездестіруге болады. Солардың қатарында Баянауыл топонимінің этимологиялық сипаты ерекше назар аудартады. Бұл атау әр кезде түрлі ғалымдар тарапынан қарастырылғанымен, біржақты шешімін таба алмай келеді. Бір зерттеушілер оны Баян батыр мекендеген жер десе, басқалары *баян аула* деп түйеді.

Кейбір зерттеушілер бұл атаудың екі сөзден біріккендігін, олардың екеуі де моңғол тілінен алынғандығын айтады. Ш. Уәлиханов жергілікті тұрғындардар тіліндегі «Баянаула» деп аталатын сөздің моңғол тілінен енгендігін алғаш айқындап, оны «Баянауыл (бұрмаланған атау, нақты, тарихи атауы Баянаула, монғолша Баян-Ола) – берекелі, көрікті, бай тау» мағынасында

қарастырады» (Валиханов, 1961: 720). Осы айтылған оймен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің: «Өлеңті өзенінің аяғында Қараоба, Сарыоба деген екі төбе Қарабай және Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен. Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баянсұлудың туған жері — Баянаула тауы. Бұл таудың аты – «Баянаула» қойылған себебі Баян ауылы деп аталып кеткеннен» деген пікірі мен Т. Жанұзақовтың «Среди монгольских топонимов на территории Казахстана более древними, на наш взгляд, являются Баянаул, от *баян уул*, баян ола – «богатая гора»...» деген талдаулары да үндесіп жатыр (Көпейұлы, 2006: 152).

Г. Қосымова: «Қазақ тарихы қызықтырған Л. Левшин де бұл атаудың «Баян-Ола» болып жазылатындығын көрсетсе, Ғ. Қоңқашбаев та «Баян-Ола» деген таудың аты Монғолияда кездесетіндігін, атаудың моңғолдың «баин (бай) және ола (тау)» деген сөздердің бірігуінен жасалғандығын дұрыс көрсетті» (Қоңқашбаев, 1959: 89). Жергілікті қазақтар тауға бай өлкенің моңғол тілінен алынған нұсқасын өз тілінің заңдылығына сәйкестеп, оланы – аула деп, елді мекен болғандықтан кейін өздеріне белгілі ауыл сөзімен алмастырып атады» деп түйіндейді (Қосымова, 2018: 21).

Баянауыл атауындағы *бай* компонентінің этимологиясын ашуда белгілі татар зерттеушісі Р.Г. Ахметьянов оны көне моңғол тіліндегі bajydu "әскердің жаңа жерде сап құруы, орналасуы" деген сөзіне жақындатып, қазақ тіліндегі *баяу* "жай, ақырын", кейбір қыпшақ тілдеріндегі *байау* "тыныштық", тағы да басқа түркі тілдердегі осы типтес мағына үстейтін сөздермен байланыстырса, *байтерек* атауының шығу төркінін: *"Иначе говоря, слово bajterek могло означать дерево или столб в центре кочевых владений. Это дерево (и птица на нем) в народном сознании наделялось ореолом святости и приобретало гиперболическое значение (и размеры*)" деп көрсетеді (Ахметьянов 1980: 89).

Ал алтай, телеуіт, шор, саха және басқа тілдерінде *бай* буынына ана\днд + й (дәл сол мағынада, *бай* дегенмен бірдей) плеонастық тіркес құрап: *байана\байднд майанаһ* кейде *бай\май – "ана", ана\днд* –"ана" деген мағынада жұмсайды, мұнда жалпылай құрғанда бәрі бір "ру басы" деген мағынаны береді, "әйел құдай", "тотем", ал якут (саха) елінде бұл тіркеске қосымша тағы да бір лексема қосылады. Н. Кудачина бұл байланысты: "якут (саха) Бай Байана < Бай (ана) + Бай (ана) + ана (сол мағынада) + й (аталым аффиксі)" құрамда талдай отырып, Байанай алдындағы *бай* сөзінің пайда болуын: "Байанай күрделі тіркесінің пайда болуының нәтижесінде "ана" сөзі маңызын жойып, тек қана "аңшылар мен балықшыларды қорғаушы –аруақ" семантикалық ұғымы ретінде сақталып қалған" – деп түсіндіреді (Кудачина, 1980 а: 86). Бұған қосымша Н. Кудачина *бай* сөзінің төркінін алтай тілдеріндегі *байат, байкайынг, бай агаш. байтерек, байкуш, байлу ат, байана,* якут тіліндегі *байана* сөзінің алдына тағы *бай* қосылып, *Бай Байана* болып айтылатындығына орай былайша пайымдайды: «Лингвистический и этнографический анализ соответствующих материалов показывает, что развитие семантики слова *бай* было обусловлено характером и особенностями религиозных верований. "*Корень бай/пай/май в тюркских языках тесно связан с различного рода синкретическими действиями шаманских мистерий, радений, заговоров, колдовства, заклинаний, а в связи с этим и с празднествами жертвоприношения, веселья, пира, песнопениями, сказаниями и пр.". Это высказывание как бы подводит закономерный итог всем исследованиям, имеющим отношение к слову бай»* (Кудачина, 1980 б: 86).

Тілдегі мұндай құбылысты Ә. Қайдар плеонастық тіркес құрайтын компоненттердің семантикалық дамуының күрделі үдерісінің нәтижесі екендігін атап өтеді: *"Как видно, иногда плеоназмы являются результатом довольно сложных процессов семантического развития сочетающихся компоненттов. Плеоназм Бай Байанай в якутском языке интересен еще и тем, что здесь мы имеем дело с утроенной семемой, и такой случай в тюркских языках далеко не единичен"* (Қайдар, 2014: 137).

Ал И.Н. Шершавидзе бұл сөзді иранизм деп атап, оған дәлел ретінде мынадай уәж келтіреді: *"*baj "богатый" представлено в древнетюркском с YIII века и широко распространено в современных языках. В качестве тюркизма слово проникло в монгольский (с суффиксальным оформлением – baja-n), новоперсидский и другие языки. Видимо, имя аварского вождя YI в. – Вауап указывает на довольно раннее заимствование слова"* (Шершавидзе, 1989:72). Одан әрі ол аталған сөздің төркінін жалпы иран тілінде кездесетін "мырза", "құдай", "бай" мағынасын беретін сөздерімен байланыстырады.

«Байана» туралы алғашқы жазба деректер М. Қашқаридің «Сөздігінде» де кездеседі. М. Қашқари сөздігіндегі «Байана/бай» сөздеріне

алғаш көңіл аударған А.Н. Самойлович: *«Слово bayat, которое можно рассматривать как древнюю форму множественного числа на – t от вышеупомянутого слова bayan, обозначало, по словам Махмуда Кашгарского, бога на языке племени аргу и вместе с тем, как это нам известно из других источников, служило названием, по видимому тотемного происхождения, одного из огузских племен»* (Самойлович, 1936: 32) деп көрсетсе, Арғулардың шығу тегін зерттеген белгілі этнограф, түркітанушы Л.П. Потапов былайша өрбітеді: *«Прежде всего о племени аргу, в среде которого (XI в.) бытовало слово bayat в значении «бог»* (Потапов, 1986: 231). Ж. Баласағұнның «Құтты білігі» (bajat aty biria sozug basladym «Құдайдың атымен сөз бастадым») мен А. Югнекидің «Хибатул Хақайык» (Байат берди эрса санна, сан ма бер «Құдай саған берсе, сен де бер») жазба ескерткіштерінде де *байат* сөзі «бай» мағынасында жұмсалады (Наджип, 1989: 11, 51).

Қазақтарда «байана» құдайына табыну ислам дінінің ықпалынан ұмытылған, дегенмен қазақтарда сақталған «ой-бай» сөзінің мағынасы тек «Байана» ұғымы арқылы ғана түсінікті болады. «Ойбай» Байананы көмекке шақыру, жалбарыну, толық нұсқасы «Ой-бай-ана». Қазақтың тілдік әлем бейнесінде «Байана» ұғымы тек «Баян», «Баянды» және «Ойбай» одағайы түрінде сақталып қалған болса, алтай түркілері «Байана» ұғымын ежелгі түркілік нұсқасында жақсы түсінеді.

Қазақ танымындағы Ұмай ана бейнесін Қырықбаева: «Қазақ танымында «Ана» сөзі – сакральдыұғым. Сондықтан оның антропологиялық образы теологиялық нұсқасына трансформацияланып, Ұмай ана түрінде түсінікті болды. Ұмай ана көне түркі мифологиясында Жер-су әйел құдайы, сәбилердің қамқоршысы, молшылықтың құдайы ретінде кездеседі. «Жер – Ана, Аспан – Әке» формуласындағы өзінің от қамқоршысы мен қорғаушысы ретіндегі архетиптік бастамасы қазіргі архетиптік түсініктегі «Табиғат ана» позициясына ауысқан» (Қырықбаева, 2020: 12) деп көрсетсе, «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырының мифтік астарын зерттеген тарихшы-ғалым Артықбаев та эпостағы Баян сұлу есімін түркілердің Ұмай ана, яғни Байана есімімен байланыстырады: «Байана әуел бастан дүниетаным моделінің ішіндегі ең бір көркем образ болғандығына дау жоқ. Ол көне бақсылық түсініктерде аяғы ауыр әйел-ана кейпінде сүреттерге түсті, оның әдемілігін табиғаттың ең бір сұлу суреттерімен салыстырып отырды. Байана туралы түсініктерді сақтаудың жалғыз жолы одан көркем образ жасау арғу-түрік тайпалары жайлаған өлкеде ислам туына бағынудан басталады деп жорамалдауға болады»(Артықбаев 2010: 4)

Сонымен қатар қолда бар деректер «байана» образының түркі-моңғолдың телеуіт, челкан (шалқан), құманды, шор, якут (сақа), бурят, қалмақ, моңғол т.б. арасында кеңінен тарағанын көрсетеді. Мысалы, Алтай телеуіттерінде ол – аспан құдайларының басшысы, ортақ атауы ретінде түсінілсе, соның ішінде «Тотай пайана» – найзағай, жаңбыр мен бұршақтың иесі, бұлт түрінде жиі қолданылады екен.

Қазақ тілінде құтты, берекені, молдықты білдіретін «баян» сөзі «байана» сөзімен төркіндестігін, мұндағы «байана» сөзі қасиетті «Жер-сумен» тікелей байланысты болғандығын, Тәңірінің сепкен дәнін өсіріп-өндіріп шығаратын ана есепті екенін ұмытпауымыз керек, әрі тіл біліміндегі этнографиялық деректер де түркі-моңғол халықтарының Байана, Ұмай ана, Май ана деп атап жүргендерінің барлығы бір ғана «ана құдайы» екенін анықтайды.

Олай болса, біздің ойымызша, «Баянауыл» атауы көне түркі *байана* және *ауыл* сөздерінің тіркесімінен жасалған сияқты. Сонда бұл атаудың мағынасы «ана құдайының ауылы», яки мекені дегенді білдіретін болып шығады. Олай деуге негіз де бар секілді. Кең жазықтықта орналасқан тау оазисі іспеттес аймақтың өзінің сұлу да ғажайып бейнесімен әсемдіктің символы ретінде көрінетіндігі де осы ойымызды дәлелдей түсетіндей.

Осындай көнетүркілік «Ұмай ана» мифонимі, яғни әйел құдайы түсінігі негізінде қалыптасқан жер атауларының қатарына Қазақстандағы Катонқарағай топонимін де жатқызуға болады.

Мифтерге байланысты қойылған топонимдер ойлаудың ерекше түрі – мифопоэтикалық ойлау нәтижелері болып табылады. Егер ерте дәуір адамдарының «метафоралық» ойлау негізіне образдылық, аналогиялар бойынша салыстырулар тән болса, оларды абстрактілі ойлау әдісі арқылы меңгеру символизмге әкелген (Бухарова, 2016: 622). Мұндай көне түркі халықтарының мифопоэтикалық ойлау символизмдері қазіргі кездері сол халықтар мекендеген жерлерде, яғни Қазақстан территориясында да көрініс тауып отыр.

Катонқарағай атауының этимологиясын бірқатар отандық және шетелдік ғалымдар зерт-

теген. Мысалы,Т. Жанұзақтың «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні» атты сөздігінде Катонқарағай атауына қатысты «...Котанқарағай атауының әуел бастағы аты Қатынқарағай» деген Қ. Ысқақовтың пікірі орынды деп білеміз. Алтай тауының терістігінде Қатун (Қадын) өзені ақса, оның бергі бетінде қалың қарағай өскен. Сонда бұл атау «Қатун өзені жағындағы қарағай мәнінде қойылғаны байқалады» деген пікір беріледі. (Жанұзақ, 2010: 356). Бұл жерде ғалым аталған мекеннің Қатынқарағай аталуын сол өңірде Мұзтау тауынан бастау алатын Катунь өзенімен байланыстырады.

Аталған топонимнің этимологиясына байланысты басқа да пікірлер кездеседі. Ә. Нұрмағанбетов: «Түркі және моңғол тобындағы тілдер дерегі «қотан» сөзі осылардың қайқайсысында да ерте кезде қолданылған, екеуіне де ортақ екенін көрсетеді. Біздің тілімізде «қотан» сөзінің ежелден келе жатқандығына – оның «қора» мағынасында қолданылуы немесе «алқа-қотан» қос сөзінің құрамында кездесулері куә болғандай. Моңғолдардың ертедегі жазба тілінде «хотан» – 1) қала; 2) киіз үйлер тобы; 3) қала сыртындағы қорған мағыналарын меншіктенсе, қазіргі моңғолдарда алғашқы екі мағына осы күнге дейін сақталған да, үшінші мағына орнына біздегі сияқты «мал қорасы» деген қолданылады. Бурят тілінде «хотон» – «мал қорасымен» бірге «ауылдың топтала, дөңгелене қонуы» мағынасын да берген. Осы келтірген деректерге қарағанда, моңғол тобындағы тілдерде «хотан», «хотон» тұлғалары немесе біздегі «қотан» сөзінің мағынасы «топтана», «дөңгелене орналасу» болса керек», – дей келіп, «Қотанқарағайдың» түсінігі «топ қарағай» немесе «дөңгелене өскен қарағай» дегенді білдірсе, (Нұрмағанбетов, 1974: 32), Б.Бияров та Ә. Нұрмағамбетовтың пікірін қолдай келе, *«Катонқарағай* ойконимі *Қотанқарағай* «топ (дөңгелек) қарағай» деген атаудың орысша бұрмаланған түрі» деп көрсетеді (Бияров, 2013: 11). Г. Қосымова: «Біріншіден, қадын (qadïn) сөзінің бір мағынасы «әйелінің әкесі, қайын ата» дегенді білдіреді; екінші мағынасы – «төменгі». Рас, көне түркі тілінде «ханым, билеушінің әйелі, текті әйел» деген мағынада қолданылатын *қатун* (qatun) деген сөз бар. Бірақ осы сөз Қотан Қарағай атауына негіз болып тұр дей алмаймыз» деген тұжырымға келе отырып, «Қотан Қарағай атауын «Қотан атты кісінің атындағы қаланың жанындағы қарағай» (ДТС, 443) тіркесімен байланыстырады (Қосымова, 2018: 59).

Ал енді осы «қатын» сөзінің шығу төркіні мен қолданылу сипатына келсек, ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде Qatun –ханым, ақсүйек ханым, асыл текті әйел; билеушінің, атақты адамның әйелі: umaj teg ögim qatun qutïŋa inim Kül tegin ẹr at bultï – Умай сияқты ұлы мәртебелі (яғни қуаныш үшін) менің анам – катун үшін, менің інім Күл-Тегин батырлық атақ алды» мағыналарында жұмсалған (КТ. 31) (ДТС, 1959, 436).

Академик Ә. Қайдар өз зерттеулерінде Қатын сөзін этимологиялық тұрғыдан өзге тілдік материалдармен салыстыра сипаттайды: «Эвенкілерде *катун* – «үй иесі әйел», «батырдың, басшының әйелдері», эвендерде: *хотун* – «үй иесі әйел»; неждальдарда *катон* – «ауыл ағасының әйелі». Түркі тілдеріне жақын моңғол тілінде 1) *хатуын* – «ақсүйек әйел», буряттарда *хатан* – «ақсүйек әйел», «патша әйелі»; қазіргі моғолдарда *хатан* бурят тіліндегі мағынада қолданылады; қалмақша *хаты* – «ақсүйек әйел» [ССТМЯ I, 3-385]. Саха тілінде: *хотун* – «ақсүйек әйел» (Панзарбекова 1998:116) мағынасында. Өзбек тілінде: *хотин* – әйел (УзбРС, 150). Қазақтар мен басқа түркі тілдерінің көбінде бұл сөз бастапқы «текті» мағынасында – *қатын* түрінде қолданылады. Тұңғыс-мәнжур тілдерінің кейбіреуінде осы тұлғалас *қатлиқ* немесе *қатлин* сөздері «дос, өмір серігі» дегенді түсіндіреді (ССТМЯ I, 1975,3). Сөйтіп, сөздің алғашқы түбірі – *қат* болар да, тұңғыс мағынасы – “дос, өмір серігі” болса керек. (Қайдар 2014: 152)

Жоғарыда келтірілген тілдік деректерге сүйене отырып, Катонқарағай атауының сол көнетүркілік *қатын/қадын* сөздерінен өрбігендігін дәлелдеуге болатындай. Ол үшін Катонқарағай орналасқан өлкедегі атауларды бір-бірімен сабақтастықта қарастыру қажет. Алтай тауларының Қатын жотасының бойымен батыстан шығысқа қарай бойлай орналасқан Қатынқарағай өлкесі бір-бірімен жалғасып жатыр. Сол өңірде қазақтар Мұзтау деп атайтын, орысша Белуха деген атпен белгілі биік тау арқылы Ресей және Қазақстан шекаралары өтеді.

Википедияда бұл атауға мынадай анықтама берілген: «Белу́ха (южно-алт. *Ӱч-Сӱмер* – «*Трёхглавая*», *Кадын-Бажы* – «*Вершина Катуни*», каз. *Мұзтау Шыңы*) – высшая точка Алтайских гор (4509 м), одна из крупнейших горных вершин России. Венчает Катунский хребет. Находится на территории Усть-Коксинского района Республики Алтай. Через массив Белухи проходит

граница России и Казахстана. Со склонов горы берёт начало река Катунь. Название вершины происходит от обильного снега, покрывающего гору от пика до самого основания».

Ертеде адамдар кез келген тауды қасиетті санаған, әлемді жаратқан құдайлар мекені деп танып, оған құлшылық еткені белгілі. Мысал ретінде Олимп, Арарат, Синай, Фудзияма, Хантәңірі тауларын алуға болады.

Мұзтау – әлемде үш дүниежүзілік діндер тарапынан қасиетті саналатын санаулы таулардың бірі. Ежелгі үнді эпосында, «Махабхарта» киелі кітабында Будда Гаутама осы жерден Үндістан жеріне барды делінген. Қазіргі кезде ол жерді космоспен байланыстырып, ғаламның кіндігі деп санайтындар да бар.

Аталған тау түркі тілдес және басқа да халықтар үшін де киелі саналады, өйткені көне түркі халықтарының әлемдік тілдік бейнесінде ол «Ұмай» әйел құдайының мекені саналған. Соған байланысты халық арасында «оның басына шығуға болмайды, тіпті оған жақын жерден қарауға да болмайды» деген наным қалыптасқан.

Қазақтар мен басқа да халықтардың Мұзтауға деген көзқарасын орыс саяхатшысы, ғалым В.В. Сапожников: «Высокие снежные горы (Белуха) служат у калмыков предметом священного почитания. Никто из них под страхом смерти не смеет восходить на них. Обаяние Белухи на киргизов (казахов) еще больше: «Нам и смотреть близко на нее нельзя», – говорил мне один старик из аула в вершине Черной Берели», – деп көрсетеді (Сапожников, 1911: 231).

Мұзтау тауының беретін мағыналарының әртүрлілігіне байланысты бірнеше атауға ие болған. Оның Уч Сумер деген атауы түркілік «Үш» және Будда философиясындағы «Меру» атты негізгі (киелі) тау дегенді білдіретін сөздерден құралған. Атаудың беретін мәні – «Үш басты қасиетті тау». «Меру» кейін моңғолша «Сүмер» аталып кеткен. Таудың алтай тіліндегі атауы – Кадын Бажы. «Қатын» сөзі түркі халықтарында «құрметті, мәртебелі әйел, ақсүйек әйел, бише, ханым» деген мағынаны білдірсе, ал «Бажы» сөзі – түркілік «Баш/Бас» сөзінің фонетикалық өзгерген түрі болып саналады. Сонда бұл атау «Ханымның басы», «Қатын өзенінің басы» мағыналарын білдіреді. Мұндай «қатын» сөзі қатысқан топонимдер түркі тілдес халықтар мекендеген кейбір жерлерде де кездеседі. Мысалы, Кавказ тау жоталарындағы Безенгийлік Черек өзенінің жоғары жағында Қатын-тау деген атпен белгілі биік тау бар. Жергілікті балқар халқы оны (балқ. Катын–қатын, тау–тау) қасиетті санайды.

Осы Мұзтаудың оңтүстік-батысындағы мұздақтан Катунь (Қатын) өзені бастау алып, тау жоталарының арасымен бірнеше жүз шақырым жылжи отырып, Бий өзенімен қосылып, әрі қарай Обь өзенін құрайды. Алтай халқында аталған өзендер туралы бірнеше аңыздар сақталған. Сол аңыздардың негізгі мазмұны мынадай сипатта келеді: Ұлы ханның Катын атты қызы болады, ол Би деген батыр жігітке ғашық болыпты-мыс, әкесі олардың үйленуіне қарсы болғандықтан Қатын тау жоталары арасымен қашып, ақыры Биге қосылады. Қызды қуып жете алмаған қуғыншылар Қатын өзені ағып өткен жерлерде тас болып қатып қалған.

Ал Катунь (Қатын) өзенін зерттеушілер оны бірауыздан түркілік «Қатын» сөзінен туындаған атау деседі. Белгілі орыс саяхатшысы П.М. Чихачев (1830-1917) «Путешествие в Восточный Алтай» атты кітабында Катунь атауына қатысты: «У некоторых тюркских народов этот термин имел более широкое значение, так как он употреблялся в смысле «владычица». Поэтому реке и дано название «Катунь» – «царица река» (Чихачев, 1974: 360) деп жазса, Таулы Алтай топонимикалық сөздігін құрастырушы профессор О.Т. Молчанованың да пікірі осы тектес: «По-видимому, название Катуни в Горном Алтае исходит их древнетюрского кадын/хатун – женщина, госпожа, повелительница – и связано с древним обычаем народов возвеличивать и преклоняться перед большими реками, горами и т.п. И сейчас алтайцы почитают и воспевают Кадын-Суу» (Молчанова, 1979: 215). Осы атау құрамындағы «қатын» сөзінің этимологиясына қатысты Б. Бияров пен Ә. Бекжанның пікірі назар аударарлық. Олар Катонқарағай, Қошағаш ауданындағы Қатын өзенінінің этимологиясын анықтау барысында алтайлық зерттеуші В.Н. Тадыкиннің пікірін негізге ала отырып, «түркі тіліндегі *қат* түбірі «қос, араластыр» мәнін берсе (мысалы, шайға сүт қат), *қат+ын* туынды сөзі «қосылған» деген мән береді (мысалы, қатын ерге қосылған, шыққан әйел). Сонда Қатын гидронимі «екінші бір өзенге қосылған өзен» ұғымын тудырады, сондықтан қазақтар Қатын суы, алтайлықтар Қатын суу деп атайды. Қатын су «қосылған су» мәнін береді де,тұнық су, жайық су секілді ұғымдармен теңеседі. Түркі елдерінің біразында» (Бияров, 2020: 9) деп пайымдайды. Соған орай түркі халықтарында «құрметті, мәртебелі әйел, ақсүйек әйел, бише, ха-

ным» деген мағынаны білдіретін Қатын сөзі мен «күйеуге шыққан әйел» мағынасындағы *қатын* сөздерінің «қат, қос, араластыр» мағыналы *қат* тұлғасымен өзектес болу мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды.

Енді Қатынқарағай оронимінің «Қарағай» сыңарына келсек, көне түркі халықтары қарағай ағашы өскен жерлерде өмір сүрген, оны жақсы таныған, пайдасына жаратқан, кейбір биік өскен түрлерін табыну объектісіне айналдырған. Сондықтан сол кездердегі ауызекі тілдесімінде жалпы ағаштар өсетін алқапты, яғни орманды «қарағай» деп атаған деген мәліметтер бар. Мысалы, Қазақстанның шығыс өңірін мекендейтін тұрғындар орман сөзінің орнына «қарағай» сөзін қолданса, оңтүстік өңірлерде тұратын қазақтар «*терек*» атауын, ал батыста «*тал*» сөзін қолданады, яғни әр өңір өздерінде өсетін ағаш түрімен барлық ағаш атаулыны, тіпті орманды да атайтындығын кездестіруге болады. Мұндай орман атауына қатысты жергілікті тұрғындар тіліндегі қолданыстар Қатынқарағай топонимінің де жергілікті тілдік жасалымдармен, ежелгі жалпы түркілік тілдік ерекшеліктермен, кеңінен тараған мифтік аңыздармен, әрі сол өңірдің табиғатымен, жер-су атауларымен тарихи сабақтастықта қалыптасқандығын дәлелдей түседі.

Қорытынды

Қазақ тіл білімінің ономастика саласы бойынша біраз зерттеулер жүргізіліп, бірқатар диссертациялық жұмыстар қорғалды, жер-су атауларының сөздіктері құрастырылды. Алайда, кейбір топонимдерде, әсіресе мифтерге негізделген, атаулар бойында сақталып қалған ежелгі дәуірлік этностардың қоршаған әлем бейнесін қабылдаудан туындаған дүниетанымдық көзқарастарының сырын ашу бағытындағы зерттеулерде біріздiлік жоқ.

Соған орай өз мақаламызда «Ұмай» теонимі негіз болған Баянауыл және Қатынқарағай топонимдеріне қатысты материалдарды тарихи салыстыра отырып, ежелгі және қазіргі түркі, көршілес, шекаралас, өзге де халықтар тіліндегі осы тектес топонимдер атауларына қатысты ғалымдардың ортақ пікірлері мен тұжырымдарын бір арнаға тоғыстыруға тырыстық.

Соның негізінде Баянауыл атауы екі сөзден, яғни *Баян* және *ауыл* аппелятивтерінен тұратыны анықталды. Алдыңғы сынары, яғни анықтауышы – Баян. Бұл сөздің түп-төркіні көне түркілер құдай ретінде табынған «Ұмай» теонимі, Ұмай сөзі қазіргі кездері түркі тілдес халықтардың көпшілігінде қолданыста бар Байана/Бай Байана ұғымдарымен белгілі. Екінші сыңары «ауыл», яғни мекен дегенді білдіреді. Сонда бұл атаудың әуелгі ұғымы «Бай ана мекендеген жер немесе өлке» болып шығады. Бұған қоса айтарымыз, Монғолия жеріндегі «Баян өлгий» топонимі де осындай ұғымнан туындаған атаулар болса керек. Ол, әрине, қосымша зерттеуді қажет етеді.

Еліміздің шығысында орналасқан орманды-таулы аймақ қазіргі уақытта Катонқарағай деп аталып жүр. Кейбір зерттеушілер аталған топонимнің шығу төркінін Қотанқарағай, яғни Қотан сөзінен өрбіген атау деген пікірде. Олар Қотан сөзінің көне түркі тілінде «топ», «қой қора» мағыналарын беретіндігін алға тартады.

Біздің пікірімізше, Катонқарағай атауы «Қатын» және «Қарағай» деген сөздерден туындаған секілді. Олай дейтін себебіміз, қазіргі кезде аталып жүрген Катонқарағай ұлттық табиғи паркі – Алтай тауларының Катунь (Қатын) жотасы бауырын бойлай батыстан шығысқа қарай созылған аймақ. Аталған тау жотасында көне түркілер үшін киелі саналған Қадын Бажы (Белуха/Мұзтау) тауы бар. Сол таудың мұздақтарынан Катунь (Қатын) өзені бастау алып, Би өзеніне қосылады. Барлық атаулар бір ғана «Қатын» эпониміне негізделген. Олай болса, көне түркілер танымында ана құдайы, яғни «Ұмай» мекені саналатын Қадын Бажы/Мұзтау/Белуха тауы орналасқан тау қырқасы, одан аққан Қатын/Катунь өзені мен сол өңірде өскен Қатын қарағай орманы қасиетті мекен саналған. Ал «Ұмай» атауының Қатын атауы болып өзгеруіне екеуіне де тән қасиеттілік, екеуіне де тән құрметтілік негіз болса керек, яғни «Ұмай» теонимі бертін келе Қатын ұғымына трансформацияланған секілді. Бұл пікірімізді «қатын» сөзі қатысқан топонимдердің түркі тілдес халықтар мекендеген кейбір жерлерде кездесетіндігі, әрі негізгі Кавказ тау жоталарында Қатын-тау деген атпен белгілі биік тау атауын жергілікті балқар халқы қасиетті санап, кие тұтатындығы да дәлелдей түседі.

Жұмыс ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалды (ЖТН АР 09259776). Жобаның атауы – «Ономастикалық дискурс мифологиялық аспекті».

Әдебиеттер

Жұбанов Қ. Қазақ тілінің жоғары курсы/Лекциялар желісі. – Алматы. Қазақ университеті. –1999. –100 б.

Tektigul Z.O., Bayadilova-Altybayeva A.B., Sadirova K.K., Kushkarova G.K., Karabaev M.I.2 Transmissional and magical nature of naming system. A multifaceted review journal in the field of pharmacy. Systematic Review Pharmacy. – 2020. -Vol 11. –Issue 4.pp. 445-450 / https://www.sysrevpharm.org/articles/transmissional-and-magical-nature-of-naming-system.pdf

Papazova M.1, Parasheva P.1,Tomov N.2, Dimitrov N.1.The role of individual author's worldview in mythonyms creation . Medical biology studies, clinical studies, social medicine and health care the usage of mythonyms: a survey among medical students. –2019. vol. IX. no1. –236-241pp.

Харитонова Е.И., Фокина М.С. Особенности мифонимического пространства в зарубежной литературе жанра фэнтези (на материале произведений дж. толкина и дж. мартина) /Russian linguistic bulletin 4 (12) 2017 79, doi: https://dx.doi.org/10.18454/rulb.12.09

Плахова О.А. Мифоконцепт, мифологема, мифоним, мифолексема: к вопросу об унификации терминологического разнообразия/Карельский научный журнал. –Тольятти (Россия).–2013.№2.–30-32с./https://cyberleninka.ru/article/n/mifokontsept-mifologema-mifonim-mifoleksema-k-voprosu-ob-unifikatsii-terminologicheskogo-raznoobraziya

Nefedova L.A.1, Deulin D.A.2 (2017) The role of individual author's worldview in mythonyms creation.RUSSIAN LINGUISTIC BULLETIN.General questions relating to both linguistics and literature. Philology (UDC 80). -2017 / vol.2.no10.pp. 26-29/ http://rulb.org/wp-content/uploads/wpem/pdf_compilations/2(10)/26-29.pdf

Аджи М. Полынь половецкого поля. –М.:ТОО Пик-контекст. 1994. – 88-92 с.

Малов С. Язык желтых уйгуров, тексты. Переводы. – М.: –1967. –135-136 с.

Ыбыраев Ш., Әуесбаева П. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы 2002. Ғылым баспасы. 134б.

Қыдырәлі Д. Атымды адам қойған соң... – Алматы: –2008. Таймас баспасы. 126-130 б.

Zholobova I. Old turkic religious beliefs as a part of spiritual culture of turkic-speaking peoples of the crimea. Научный альманах стран Причерноморья. 2020.vol. 23, no 3, pp.88-93. / https://science-almanac.ru/documents/334/2020-03-11-Zholobova.pdf

Оразбаев Қ. Тасболатов Б.Ұмай ұғымы.Интернет-журнал – Майлыкент, Майтөбе, Майбұлақ топонимикалық атаулығының негізі https://atau.kz/kz/article/18

Валиханов Ч.Ч. «О кочевьях киргиз»/Собрание сочинений. – Алма-Ата. – 1961. –720-721 с.

Көпейұлы М. Шығармалары.– Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. –2006. – 8 том. 452 б.

Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. – Алматы: –2018. –59-62 б.

Ахметьянов Р.Г. «Лес», «Дерево» и «Барс» у тюрков (этимологические этюды).Сов. Тюркология. – Баку: –№5, 1980. – 87-95 с.

Кудачина Н. К этимологии слова «бай» в алтайском языке /Научный журнал – Советская тюркология. –1980. – №8-2. –82-86 с.

Қайдар Э Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар баспа үйі. –2014. –137-142 б.

Шершавидзе И.Н. Фрагмент общетюркской лексики (заимствованный фонд). –М. Воп. Языкознания АН СССР, –1989. – 54-92с.

Самойлович А.Н. Богатый и бедный в тюркских языках. Научный журнал.Известия Академии наук СССР. Отделение общественных наук. –М.Л.: –1936. №4. –32-35с.

Потапов Л.П. Сакральное значение слова «богатый» в Алтае-Саянских тюрских языках.По этнографическим материалам.Тюркологика –Л.: –1986. –230-237с.

Наджип Э.Н.Исследования по истории тюркских языков.11-14 в.в. –Москва:Наука. –1989. –№11. –51с.

Krykbayeva S M, Bakirova L. Sh., Zhedelov K. O. Prerequisites and plot-compositional features of the direction of surrealism in the visual arts. Евразийский Союз Ученых (ЕСУ) #10(79), 2020. –10-15 с.

Артықбаев Ж."Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жаратылыс құпиялары туралы жыр. – Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. 2010. –3-7 бб.

Бухарова Г.Х. Реконструкция культа божества Иргиз у башкир по данным топонимии и мифологии. Российский гуманитарный журнал/Liberal Arts in Russia. – 2016. – Том 5. – №6. – 622-632 с.

Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні.Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС.–2010. –356 бб.

Нұрмағанбетов Ә. Түркменстандағы қазақтардың тілі. –Алматы: –1974. 32 бб.

Бияров Б. Н. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана: -Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру- әдістемелік орталығы. -2013.-460-бет.

Наделяев В. М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. (ДТС), Древнетюркский словарь. – Л.:Наука, –1969. – 677 с.

Конкашпаев Г. Географические названия монгольского происхождения/Научный журнал-Известия АН Каз ССР. Серия филологии и искусствоведения. – №11. – 1959, –88с.

Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. – Алматы: –2018. –59-62 б.

Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата: Наука, –1974– 587с.

Горцевская В. А., Колесникова В. Д., Константинова О. А. (ССТМЯ), Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. Материалы к этимол. словарю: В 2 т. / Отв. ред. Цинциус В. И.; Авт. предисл. проф. Суник О.П.; АН СССР. Ин-т языкознания .–Л.:Наука, – 1975,–77с.

Панзарбекова Р. Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы. Филол. ғылым. дисс. Авторефераты. – Алматы, 1998. –116 б.

Акабирова С.Ф., Магруфова З.М., Ходжаханова А.Т.(УзбРС), Узбекско-Руский словарь. – М.: Гос. изд-во. иностр. и нац. словарей, 1959. – 150с.

Сапожников В.В. Монгольский Алтай в истоках Иртыша и Кобдо. Путешествие–Томск.1991. –231-235с.

Чихачев П.А. Путешествие в Восточный Алтай/пер. с франц. В.В. Цыбульского. –М.: Наука,1974. –360-363с.

Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайское отделение Алтайского книжного издательства, – 1979. – 397 с.

Бияров Б.Н., Бекжан Ә. Қошағаш, Қатонқарағай аудандарының кейбір топонимдері. Ономастика тынысы, –Ақтөбе: –№ 4, 2020. –4-10 б.

References

Aji M. (1994) Polyn plovetskogo polya [Polovtsian field wormwood]. M.: Pik-kontekst LLP, 1994, 88-92 p. (in Russian)

Akabirova S.F., Magrufova Z. M., Khodzhakhanova A. T.(1959) Uzbeksko russkii slovar [Uzbek-Russian dictionary].Moscow: State Publishing House. inostr. and nat. Dictionaries. 1959, 150 p. (in Russian)

Akhmetyanov R.G. (1980) “Les”, “Derevo” i “Bars” u Turkov [“Forest”, “Wood” and “Bars” of Turkics].-Etymological etudes, No. 5, 1980, 87-95 p. (in Russian)

Artykbayev Zh. (2010) “Kozy Korpesh-Bayan sulu” zharatylys kupiyalary turaly zhyr [“Kozy Korpesh-Bayan sulu” poem about the secrets of creation]. Kazakhstan tarikhy adistemelik zhurnal. 2010,3-7p. (in Kazakh)

Bukharova G.H. (2016) Reconstruktsiya kulta bozhestva Irgiz u Bashkir po dannym toponimii i mifologii [Reconstruction of the cult of the deity Irgiz among the Bashkirs according to toponymy and mythology].Russian Humanitarian Journal / Liberal Arts in Russia.Vol.,5, No.6, 2016, 622-632p. (in Russian)

Chikhachev P.A.(1974) Puteshestvie v Vostochnyi Altai [Journey to the Eastern Altai / trans. from the French].M.: Nauka, 1974, 360-363 p. (in Russian)

Gortsevskaya V.A., Kolesnikova V. D., Konstantinova O. A. (1975) Sravnitelnyi slovar tunguso manchzhuiskih yazykov [Comparative dictionary of the Tungus-Manchu languages]. Materials for etymol. dictionary: In 2 vols. / Ed. by V. I. Tsintsius; Author’s preface by prof. O. P. Sunik; AN SSSR. Institute of Linguistics. – Leningrad: Nauka . Leningr. otd-nie, 1975,77p. (in Russian)

Haritonova E.I., Fokina M.S.(2017) Ossobennosti mifonimicheskogo prostranstva v zarubezhnoi literature zhanra fentezi (na material proizvedenii J.Tolkiena I J.Martina) [Features of the mythological space in the foreign literature of the fantasy genre (based on the works of J. Tolkien and J. Martin)]/Russian linguistic bulletin 4 (12), 2017, 79 p. (in Russian)

Kaidar A. (2014) Gylymdagy gumyr [Life in science].Kazak tili etymologiyasynyn gylym-teoriyalyk negizderi.Almaty: Sardar baspa uyi, 2014, 37-142 p. (in Kazakh)

Konkashpaev G. (1959) Geogrfaphicheskie nazvaniya mongolskogo proiskhozhdeniya [Geographical names of Mongolian origin].Scientific journal-Izvestiya AN Kaz SSR. Series of Philology and Art History, Vol. 1-№ 11, 1959, 88-01p. (in Russian)

Kopeyuly M. (2006) Shyrarmalary. [Works]. Pavlodar: NGO “Eco”.8 vol., 2006, 452p. (in Kazakh)

Krykbayeva S. M., Bakirova L. Sh., Zhedelov K. O. Prerequisites and plot-compositional features of the direction of surrealism in the visual arts. Evraziisskii Souyz Uchenyh (ESU) #10(79), 2020,10-15 p. (in English)

Kydyrali D. (2008) Atymdy adam koigan son [As I was given a name by a human].Almaty. Tama publishing house, 2008,126-130p. (in Kazakh)

Koichubaev E. (1974) Kratkii slovar toponimov Kazakhstana [Short explanatory dictionary of toponyms of Kazakhstan.] Alma-Ata: Nauka, 2008, 587p. (in Russian)

Kossymova G. (2018) Tarihi ataulardyn etimilogiyasy [Etymology of historical names] Almaty. 2018, 59-62p. (in Kazakh)

Kudachina N. (1980) K etimologii slova “bai” v Altayskom yazyke [On the etymology of the word “bai” in the Altai language]. Scientific journal-Soviet Turkology,- No. 8-2, 1980, 82-86p. (in Russian)

Malov S. (1967) Yazyk zheltyh uygurov, texts. Translation [The language of the Yellow Uighurs, texts. Transfers]. Moscow: 1967,135-136p. (in Russian)

Nadelyaev V. M., Nasilov D. M., Tenishev E. R., Shcherbak A.M.(1969) Drevneturkskii slovar [Ancient Turkic dictionary].L.: Nauka, 1969, 677p. (in Russian)

Najip E.N. Issledovanya po istorii turkskih yazykov. (2010) 11-14 v.v. Translation [Studies on the history of the Turkic languages]. Moscow: L.: Nauka, 2010,11p. (in Russian)

Nefedova L.A.1, Deulin D.A.2 (2017) The role of individual author’s worldview in mythonyms creation]. Russian linguistic bulletin.General questions relating to both linguistics and literature. Philology. – vol.2.no10.pp. 26-29/ http://rulb.org/wp-content/uploads/ wpem/ pdf_ compilations/2(10)/26-29.pdf

Nurmaganbetov A. (1974) Turkmenstandagy kazaktardyn tili [Language of Kazakhs in Turkmenistan]. Almaty: 1974,32 p. (in Kazakh)

Orazbaev K. Tasbulatov B.Umai ugumy [The concept of Umai]. -https: //atau.kz /kz /article. https:// atau.kz/kz/article/1818. (in Kazakh)

Panzarbekova R. Kazak titlindegi zhanuarlar tolinin atauy.[Name of young animals in the Kazakh language]Fill. gylym. diss. avtoreferaty. – Almaty, 1998. –116 p. (in Kazakh)

Papazova M.1, Parasheva P.1, Tomov N.2, Dimitrov N. 1.(2019) The role of individual author’s worldview in mythonyms creation. Medical biology studies, clinical studies, social medicine and health care the usage of mythonyms: a survey among medical students.-vol. IX. no1. 2019, 236-241p. (in English)

Plakhova O.A. (2013) Mythoconcept, mithologema, mythonym, mytholeksema: rk voprosy ob unifikacii terminologicheskogo rasnoobraziya [Mythoconcept, mythologeme, mythonym, mytholexeme: on the issue of unification of terminological diversity]. Karelian Scientific Journal.- Tolyatti (Russia).- No. 2. – 30-32 p. (in Russian)

Potapov L.P. (1986) Sakralnoe znachenie slova “bogatyi” v Altae-Sayanskich turkskich yazykah [Sacral meaning of the word “rich” in the Altai-Sayan Turkic languages]. According to ethnographic materials.Turkologika.-L. 1986, 230-237p. (in Russian)

Samoilovich A.N. (1936) Bogatyi I bednyi v turkskih yazykah [Rich and poor in the Turkic languages]. Proceedings of the USSR Academy of Sciences. Department of Social Sciences.M. L, 1936, No. 4, 32-35p. (in Russian)

Sapozhnikov V.V. (1911) Mongolskii Altai v istokah Irtysha I Kobdo.Puteshestvie [Mongolian Altai in the sources of the Irtysh and Kobdo. Journey].Tomsk,1911, 231-235 p.(in Russian)

Shershavidze I.N. (1989) Fragment obcheturkskoi leksiki (zaimstvovannyi fond) [Fragment of the common Turkic vocabulary (borrowed fund)].- M. Linguistics of the USSR Academy of Sciences, 1989, 54-92p. (in Russian)

Tektigul Z.O. 1 , Bayadilova-Altybayeva1 A.B., Sadirova K.K.1 , Kushkarova G.K.1, Karabaev M.I.2 (2020) Transmissional and magical nature of naming system. A multifaceted review journal in the field of pharmacy. Systematic Review Pharmacy. vol 11.Issue 4.pp.445-450/ https://www.sysrevpharm.org/articles/transmissional-and-magical-nature-of-naming-system. pdf (in English)

Valikhanov Ch.Ch.(1961) O kocheviyah Kirgiz [About the Kirghiz nomads]. -Collected works. – Alma-Ata, 1961, 720-721p. (in Russian)

Ybyrayev Sh., Auesbayeva P. Kakaktyn miftik angimeleri.[Kazakh mythical stories]. Gylym baspasy. Almaty. 2002,134 p. (in Kazakh)

Zhanuzak T. (2010) Tarikhi zher-su attarynyn typtorkini [Origin of historical land and water names].Almaty: “Sozdik-dictionary” ZHSHS. 2010, 356 p. (in Kazakh)

Zholobova I. (2020) Old turkic religious beliefs as a part of spiritual culture of turkic-speaking peoples of the crimea. Scientific Almanac of the Black Sea countries. vol. 23, no 3, 2020, 88-93p. / https://science-almanac.ru/documents/334/2020-03-11-Zholobova.pdf (in English)

Zhubanov K. (1999) Kazakh tilinin zhogary courses [Higher courses of Kazakh language].Almaty. Kazakh University, 1999,100-106p. (in Kazakh)

FTAMP 16.21.07 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph18

Р.К. Токсанбаева

Казахский национальный университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: rakhiyatoxic@gmail.com

ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА: СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГЛОБАЛИЗАЦИИ ЮРИДИЧЕСКОГО ЯЗЫКА

Статья рассматривает историю возникновения и развития юридического языка в Англии, а также роль латыни и французского языка в его формировании. Латынь до сих пор является неотъемлемой частью юридического языка, поскольку она господствовала почти во всей средневековой Европе. Помимо этого, практически вся хронология тех событий велась на латыни. У юридического языка наблюдается сложная терминология и нередко она используется не только юристами, но и людьми других профессий. Например, при вступлкении в гражданско-правовые отношения в виде договоров купли-продажи, аренды, займа и т.д. Однако, не всегда юридические термины понятны им. Для того, чтобы лучше понять юридический язык, обратимся к истории и попытаемся проанализировать, – можно ли создать отдельный универсальный юридический язык в реалиях современного мира, который был бы понятен, независимо от страны и языка.

С начала XX века, в юридической лингвистике появился термин legalese, что означает юридический язык, используемый юристами, особенно при составлении документации. Как известно, юридический язык наполнен не только юридическими оборотами, но и архаизмом, техническими терминами и даже выражениями, используемые в обычном языке, но немного с другим значением.

Цель данного исследования состоит в том, чтобы детально изучить историю возникновения юридического языка в Англии, терминологию права, а также обсудить актуальные проблемы, связанные с юридической терминологией в эпоху глобализации. Анализ показал, что юридические словари в английском языке продолжают пополняться неологизмами, но международное сообщество не готово к созданию единого универсального языка юридических терминов.

Ключевые слова: юридический язык, юридический английский язык, неологизм, глобализация.

R.K. Toxanbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: rakhiyatoxic@gmail.com

The history of formation of legal english language: the current problems of globalization of legal language

The article discusses the history of emergence and development of legal language in England, as well as the role of Latin and French in its formation. Latin is still an integral part of legal language since Latin dominated in almost all of medieval Europe, and legal documents were written in Latin for many centuries. The legal language has a complex terminology, and it is often used not only by people of the legal profession, but also by ordinary, unprepared people when entering into civil law relationships in the form of contracts of sale, lease, and loan. However, they do not always understand the legal terms. In order to understand the legal language, it is necessary to turn to the history and analyze whether it is possible to create a universal legal language in the realities of the modern world.

Since the beginning of the 20th century, the term legalese has appeared in legal linguistics, which means the legal language used by lawyers, especially when drafting legal documents. Legal language is filled not only with legal jargons, but also with archaism, technical terms and even expressions used in ordinary language, which has a different meaning for a lawyer.

The purpose of this study is to examine the history of the emergence of legal language in England, the terminology of law, as well as to discuss problems associated with legal terminology in the era of globalization. The analysis shows that legal dictionaries in the English language continue to be replenished with neologisms, but the international society is not ready to create a single universal language of legal terms.

Key words: legal language, legal language in English, neologism, globalization.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Р.Қ.Тоқсанбаева
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: rakhiyatoxic@gmail.com

Ағылшын құқық тілінің қалыптасу тарихы: құқық тілінің жаһандануының қазіргі мәселелері

Мақалада Англияда заңды тілдің даму тарихы және пайда болуы, сонымен қатар оның қалыптасуындағы латын және француз тілдерінің рөлі қарастырылған. Латын тілі әлі күнге дейін заңды тілдің ажырамас бір бөлігі болып табылады, өйткені ол бүкіл орта ғасырлардағы Еуропада үстемдіктелді және көптеген ғасырлар бойы заңдық құжаттар латын тілінде жазылып келеді. Заң тілі күрделі терминологияға ие және оны көбіне заң мамандары ғана қолданып қана қоймай, сондай-ақ қарапайым, дайындалмаған адамдар да азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу кезінде сату, жалдау, несие алу және т.б шарттар түрінде қолданады. Алайда, оларға заңды терминдер барлық жағдайда түсінікті бола бермейді. Заңды тілді түсіну үшін тарихқа жүгіне отыра және қазіргі әлем шындығында елі мен тіліне қарамай адамдарға түсінікті болатын әмбебап құқықтық тіл құруға бола ма, жоқ па соны талдауға тырысамыз.

XX ғасырдың басында заң лингвистикасында legalese термині пайда болды, бұл заңгерлермен қолданатын, әсіресе құжаттама жасау кезіндегі заңды тілді білдіреді. Өздеріңіз білетіндей, заң тілі заңды жаргондармен ғана емес, архаизммен, техникалық терминдермен және қарапайым тілде қолданылатын, бірақ басқа мағынадағы тіркестермен толтырылған.

Бұл зерттеудің мақсаты – Англияда заңды тілдің пайда болу тарихын, құқық терминологиясын егжей-тегжейлі зерттеу, сонымен қатар жаһандану дәуіріндегі құқықтық терминологиямен байланысты өзекті мәселелерді талқылау. Талдау барысында көрсеткендей, ағылшын тіліндегі заңдық сөздіктер неологизмдермен толықтырып келеді, бірақ халықаралық қоғам біртұтас әмбебап құқықтық терминдер жасауға дайын еместігін аңғарамыз.

Түйін сөздер: құқық тілі, заңды ағылшын тілі, неологизм, жаһандану.

Введение

Латынь – общий юридический язык

В современной правовой системе существуют две большие гражданско- правовые системы: романо-германская и англо-саксонская. Римляне оказали большое влияние на развитие юриспруденции, и это отражено в романо-германской правовой системе. К романо-германскому праву относится юридический язык, используемый в континентальной Европе. Романо-германская правовая система основана на кодифицированной форме закона, которая берет свое начало с Римского права. Латинский язык положил начало юридическому языку, и долгое время доминировал в формальных записях, включая законодательные акты. Латынь была распространена римскими солдатами, администраторами, поселенцами и торговцами в различных частях их растущей империи. Сицилия, Сардиния, Корсика, Далмация и юго-восточное побережье Испании оказались под властью Римлян к концу третьего века до н.э. Расширение продолжалось до тех пор, пока Траян не захватил Дакию, а Римская империя не достигла своего пика, включая Британию в крайнем западе и Эллинистические королевства на востоке, с северной границей по Рейну и Дунаю (Palmer, 1988:173). Падение римской империи в последствии не привело к исчезновению Римского права и свидетельство тому известный *Codex Justiniani* (“Кодекс Юстиниана”), составленный под руководством императора Восточной Римской империи Юстиниана в VI веке нашей эры. Юстиниану удалось захватить значительную часть территории, которая когда-то была частью Западной Римской империи, включая части Италии. Ради восстановления славы Рима, ему нужно было возродить прежние законы. Он также хотел укрепить и усовершенствовать эти самые законы. Поэтому поводу, он поручил группе ученых взять доступные источники римского права (включая труды юристов) и создать на их основе систематический свод законов. Результатом амбиции Юстиниана стал Кодекс Юстиниана. (Tiersma, 2012:37). Закон римлян был изменен и адаптирован к новым условиям в течение нескольких веков. Вышеуказанное позволяет сделать вывод, что юридический язык, используемый в странах романо-германской правовой системы, имеют общие корни, берущие начало с Кодекса Юстиниана, и этим объясняется присутствие юридических терминов в законодательстве этих стран. Господство латыни сохранялось и после появления национальных языков. Учитывая консерватизм юридических кругов, переход к новым на-

циональным языкам был особенно медленным в вопросах права. Это отражалось прежде всего в перманентных процессах ученых-юристов и профессоров права. В западных странах до XIX века теоретические юридические труды, как правило, писались на латыни. 470 юридических судебных предписаний и уставов сохранились на латинском и английском языках со времен Вильгельма Завоевателя и его сына Вильгельма II (Mellinkoff, 1963a:66). Результаты этой латинской эпохи юридической науки впечатляют. Согласно одному исследованию, в XVI веке на латыни было опубликовано около 4000 новых документальных работ (Mattila, 2006:129).

Другая важная система права, используемая в современном мире – это англо-саксонская правовая система. Эта система используется в Англии, США и странах Британского Содружества. Она основана не на кодификации, а на прецедентах. Несмотря на общие основные характеристики, языковые и правовые институты в соответствующих странах заметно отличаются друг от друга (Williams, 2005). Вопреки тому, что Англией правили Римляне на протяжении многих веков, страна не попала под влияние Римского права. Примерно в 600 годах, христианские миссионеры прибыли в Англию. Вместе с письменностью, они принесли с собой латинский язык. Вскоре после этого, появились первые письменные английские законы. Некоторые англосаксонские короли издали кодексы и определенные особенности юридических сделок (завещания и сделки о землях) были увековечены в письменной форме. Многие из этих текстов были написаны на латыни, а другие на староанглийском языке (Tiersma, 2015a:20). Как известно, англосаксонское право берет свое начало с периода нормандского завоевания. Множество юридических концепций и процедур норманны принесли с собой, и постепенно утвердили их в Англии. (Maley, 1994:12). В последствии латынь и английский стали письменными языками, правда, латынь занимала лидирующую позицию. В те времена, французский язык еще официально не присутствовал и поэтому, действия канцелярий французского короля регистрировались на латыни. Мы не имеем никаких подтверждений о каких–либо нормандских законах того периода, написанных на французском языке. (Mellinkoff, 1963б: 65). После смерти Вильгельма английский язык перестали использовать в официальных юридических документах. Латинский язык оставался языком английских статутов до первой половины XIII века (иногда с переводом на французский). Во второй половине века преобладали латинские статуты, но встречались статуты и на французском языке. В XIV французский стал обычным языком общения; тем не менее, до 1461 года некоторые статуты были на латыни (Mellinkoff, 1963в:81).

Эксперимент

Как формировался юридический английский язык

Большинство юридических терминов в английском языке едва можно назвать английскими. Они переняты из других языков, в частности из латинского, древне (-) и средне-французского, и греческого. Слова греческого происхождения составляют небольшой процент и пришли они через латинский язык, например, такие общеизвестные слова, как *police*, *chronology, scheme.*

Английские слова *goods, guilt, manslaughter, murder, oath, rights, sheriff, steal, swear, theft*, *thief, ward, witness, writ, moot* были внесены в ряд юридических терминов англосаксами. Многие из этих слов актуальны и по сей день, а также применимы за пределами юридического контекста. Во время оккупации страны викингами англосаксы легко приняли скандинавские слова благодаря лингвистическому родству. Особенно важным заимствованием этого периода стало право. Старо-норвежский передал такие слова, как *gift*, *loan*, *sale* и *trust*. (Matilla, 2006б:225). В англосаксонском языке была распространена аллитерация среди максим, чтобы придать эффект сказанному. Например, *new* and *novel*, *mind* and *memory*, *safe* and *sound*.

Юридическая терминология на английском языке тесно связана с латинской и французской лексикой. В средневековой Англии преобладающим разговорным языком в судах был французский, в то время как юридические документы писались на латыни и на французском языке. Интересно то, как Лина Лофстед в своей статье «*Notes on beginning of Law French*» приводит примеры использования латинского и французского языков в зале суда (Löfstedt, 2014a:306). В статье говорится о том, что дата, время заседания, имена сторон и прочее произносились исключительно на французском языке. Следовательно, все указания давались на французском, включая клятвы, но документация велась на латинском языке (Löfstedt, 2014б:307).

The literature review for this paper is considered from the online publications, books, Cambridge Press textbooks.

When researching the issue of innovative approaches in the education system, we relied on the research of the theoretical basis of E.G. Tareva and N.I. Almazova, They use "linguodidactic pedagogical innovation" term to denote a new direction in linguodidactics.

About thirty kinds of literature sources were reviewed, in particular, digital format books, dissertations, collections of conference materials, magazines, publications, websites, textbook.

EOS – English Only Space language studio includes qualitative research in English language teaching, which allows us to use both methods for synthesis. However, the main possible focus is using case studies as the main methodological research.

However, there are much rival views on teaching, which is given in the research of education spheres. Anna Sfard (1998) appointed that simple and single teaching concept would not be enough, and suggested "two teaching metaphors" focusing into higher education. Google Scholar conducted additional research on the use of the terms "learning spaces" and "language" and was able to research articles that cited literary sources that were considered relevant to this literature review.

Materials and Methods

Generally, the modern educational process and language learning are subject to significant renewal. The level of modern scientific and technological development supposes fundamental changes in the means, and activity of educational technology, which including the World Internet, the emergence of radically new approaches to language learning for professional purposes, based on the extensively use of technologies in communication and information.

The usage of these technologies makes it possible to expand the scope in the process of education, which in terms of its practical orientation, also contributing the students' motivation in the English learning process, the intellectual and creative students' abilities development, and their ability to acquire new independent knowledge.

As well as, it becomes to create individual educational approaches for students, taking into account the personal characteristics of each. The most effective way to learn a foreign language in past was not conceived without learning in a natural language environment. As L.V. Sukhova approves, it is impossible to learn to swim without water, so without the necessary language environment it is not possible to achieve the effective communication skills of formation in English (Sukhova, 2007: 17).

In accordance with national and foreign researches, it is required to afford a creative teaching approach, which consists of four basic aspects: process of creation, product of creation, personality of creation, environment of creation.

This process involves the creation of psychological security for students in an emotionally safe atmosphere, which leads to the creative projects implementation, contributes to the intellectual, emotional and the students' development speech activities, affects the positive emotional state of the team and develops initiative, and independence.

Creative workshops and their types help to reduce fatigue, rest, also help to develop the speech activities, to contribute the prosperous the materials of grammatical and lexical assimilation, and to adapt a creative production (to achieve aim through the creatively approach) and basically to improve the individuality. The object of teacher of foreign language is to provide the interest of students to the discipline and it should be stable and regularly, which might be to observe since the start of the education.

The great importance interest of point is to implement the problems successfully in learning a foreign language. Consequently, it is very important to teach creative personality for a teacher and to attract students in taking part in different games of role play, also in creatively projects, competitions, dramas, survey tests, and laboratories: publication of the foreign language newspapers, local history albums, speaking clubs with native speakers, the holiday, traditions and customs, national songs studies of English speaking countries.

English Only Space studio was used to create a comprehensive language studio or to identify

the physical spaces, content, equipment and technologies that interact with teachers and students. Practical applications in this studio are based on the analysis of the most modern publications in various fields of science, comparing the views of authors and new trends in various fields of science, such as philology, written and oral translation, psychology, applied linguistics, pedagogy and ecology. The results of the research allow to achieve the conditions, where speaking English becomes as a tool of interdisciplinary cognition and as for the physical environment, it has become an opportunity to effectively manage resources to achieve priority results.

In addition, while conducting research in English Only Space studio serves as a driver for the active initiation of practice-oriented research: the need to study the factors that have a major impact on the search and development of specific ways to speak English fluently; promotion and support of practices that contribute to the achievement of the main objectives of the training platform.

Everything promotes formation of environment of specific creation, when the students attends the lesson by great wishes, fun, and with interest of new something to discover, which is created by general creative striving. Since the fundamental requirements of modern world are creative personality development, which would be able to go beyond the famous, and make non-standard solutions and also expand the activities, which describes novelty. The most significant component of a modern, new person is ability and creativity.

In the context of our research, we adhere to understanding that the essence of the innovative approach lies in the fact of increasing the efficiency and optimality of training foreign language provide through conditions, which is the basis for the emergence of the spread of educational innovation, contributing to the stable, sustainable and positive development of the educational system.

Also the innovative approach in learning language help to understand that is no single correct decision, to develop self-confidence and abilities, to defend own position and evaluate the position of an opponent, to form stable skills of rational behavior and design of activities in life situations of English Only Space studio. The advantages of these technologies include the matter that they could be use to achieve the goals defined by definite educational standard; primarily, ensure the professional and personal development of students, which lead to the acquisition of professional competencies.

Results and Discussion

Nowadays, the matter is obvious, new requirements of learning level of foreign languages enact an effective process of different system of establishment to the teaching theory and practice.

Innovational education plan are designed to realize new educational programme, the effective content is individuality and personal centered education, possible growth in self in the process of education, synergy partnership between students and teacher.

Innovation has ever been appropriate in the activity of pedagogic like very important representative, which reflects the science in pedagogy and development process in practice. In new education, innovations are starting to become more prevalent. From English the word “Innovation” is “new study and novelty” (Mohammad Kaosar Ahmed, 2014: 42).

Specifically, nowadays innovation is called to coordinate relationship in the process of educational sphere, offer their results of the public and personal needs requirements, and decide the common problems of formation of valuable and prosperous personality.

In addition, while conducting research English only Space studio serves as a driver for the active initiation of practice-oriented research: the need to learn the problems, which has much impact into the search and specific ways development to speak English fluently, promotion and support of practices that contribute to the main objectives achievement of the learning space (Shilibekova, 2020: 107).

English Only Space (EOS) is a comprehensive language studio, who needs to speak English during study and work or in private life. The main requirement of educational reform is to renew the education system content, and its system of structure of modern and new education centres within the accordance of the requirements.

At that point, to acquire innovative technologies of teaching English is the starts of a much and big work. English Only Space consists of 14 studios: 1) Reception, 2) Passport Control), 3) Terminal, 4) In a plane, 5) Bus Stop, 6) Hotel, 7) Office, 8) Café, 9) Library, 10) Hospital, 11) Police, 12) Bank, 13) Gift Store, 14) Cinema. (https://asu.edu.kz/university/innovation/english-only-space/)

It is a kind of studio, which is equipped and specialized with own equipment and shows the real and life situations that a person encounters when traveling abroad. Each studio represents the logical step of a person, who is traveling abroad for educational

purposes, such as a hotel, university, library, bank, hospital, cinema, shops, police station and coffee shop from customs control at the airport to everyday life in a new country.

in this study, special attention is paid to the improvement of language training, which is achieved by the introduction of new technologies and teaching methods, the development of students' readiness for continuous self-development.

Currently, 182 students of the specialty Foreign Language and Translation are involved in the experiment on piloting the innovative model. According to the results of the entrance testing, learners are divided into two level of groups A1 – B1 according to the common European scale. English Only Space studio was used as a base, which is a super modern content management base, which allows learners to maximize the process of learning language.

According to a research in the EOS studio, the introduction of advanced language training in undergraduate studies, its goal is to improve the level of English language proficiency for successful participation in international scientific and educational activities.

Reliance on the innovative approach allowed us to design Relying on an innovative approach allowed us to design and implement a pilot model of language learning, as well as to build a management strategy for innovative language leaning of learners.

We used some forms and methods of problem in language learning in English Only Space studio. We applied different types of learning in it, and we offer the one of the main means, as Business Game, which is an important pedagogical learning process. During the game, the learner should perform actions that may take place in his/her future activity.

And now we are continuing to research the innovative approaches in learning languages and in further articles we will show the total diagram of our research in the English Only Space language studio. Summarizing the above definitions, we offer the experimental studio, which designed in the Kh. Dosmukhamedov Atyrau University and is part of a project to conduct empirical research, it is only learning language space, which has no analogue in Republic of Kazakhstan.

It was used to identify physical spaces, content, equipment, and technologies that interacted between teachers and students, when creating language learning in English Only Space language studio.

Practical applications are based in this studio according to the results of more modern publications in various fields of science, comparison of views of authors and new trends, such as philology, written and oral translation, psychology, applied linguistics, pedagogy and ecology.

The research results allow us to achieve situations where speaking English becomes a tool for interdisciplinary learning, and as for the physical environment, it has become an opportunity to effective resources to achieve priority results, including two approaches above.

Conclusion

In this way, we strive for global integration processes, which play a leading role in the modernization of quality education and build communicative competence,and involves the knowledge of English language yet, as well as to work with ability of information, i.e. critical and creative thinking.

In conclusion, we suggest several types of researches and ways to develop innovative approaches of learning language in applied linguistics. Creating a language environment is a form and means of expressing creative ideas among students and teachers. To do this, it develops and uses the accumulated knowledge of English, creates a micro-language environment, creates an incentive to learn English and removes the barrier of "fear of speaking" through games, discussions and competitions in an informal environment. Therefore, the establishment of the review is to search the foundation of the theory and concepts of the English language in English Only Space studio.

It can also be concluded from the above that the problems of English language learning are effectively agreed by the support of technologies of information and communication: creating virtual English language environment, that replaces the authentic one, providing an opportunity to form an individual educational trajectory of students, depending on their ability to master foreign languages; improving the knowledge control, skills and abilities; increasing the efficiency of classes due to the principles of interactivity, multimedia and feedback; system of access to English language using English Only Space studio.

References

Алмазова Н.И. (2016) К вопросу о лингводидактической педагогической инноватике. Электронное научное издание, Научно-педагогический интернет журнал. www.emissia.org.offline

Brooks, D.C. (2011). Space matters: The impact of formal learning environments on student learning: Impact of formal learning environments on student learning. British Journal of Educational Technology, 42 (5), 719-726. https://doi.org/10.1111/j.1467-8535.2010. 01098.

Canagarajah, S. (2014). In Search of a New Paradigm for Teaching English as an International Language. TESOL Journal, 5(4), 767–785. https://doi.org/10.1002/tesj.166

Ellis, R. A., & Goodyear, P. (2016). Models of learning space: Integrating research on space, place and learning in higher education. Review of Education, 4(2), 149–191. https://doi.org/10.1002/rev3.3056

Геркина Н. В., Нурхамитов М.Р. Новые подходы в общеобразовательной сфере информационного общества // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2016. – № 3. – V. 2. – P. 185–188.

Granito, V. J., Santana, M. E. (2013). Psychology of Learning Spaces: Impact on Teaching and Learning: (623792013-001) [Data set]. https://doi.org/10.1037/e623792013-001

https://asu.edu.kz/university/innovation/english-only-space/

Kolb, D. A. (1984). Experiential learning: Experience as the source of learning and development. vol. 1, Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall

Mohammad Kaosar Ahmed. The ESP/LSP Teacher: Issues, Tasks and Challenges English for Specific Purposes World, 2014. Issue 42, Vol. 15 www.ESP/lLSP-world.info

Нұрбекова Оразкүл (2016) Ағылшын тілі сабағында оқытудың тиімді жолдары. www.kenester.kz

Сухова Л. В. Коммуникативно-ориентированное обучение иностранному языку и языковая среда как системообразующий фактор // Иностранный язык в школе. – 2007. – № 5. – P. 15-18.

Тарева Е.Г. (2012) Инноватика и лингводидактика: предпосылки интеграции/ Тарева Е.Г., А.А. Казанцева // Инновации в образовании. – №6. С. 48-57

Шілібекова А.С. «Білім беру кеңістіктерінің тіл үйренудегі рөлі», Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршы журналындағы мақаласынан. Атырау, 2020. – 107р.

Шетел тілінің оқыту әдістемесі. (2012). No 4, 48р.

Zandvliet, D. B. (2014). PLACES and SPACES: Case studies in the evaluation of post-secondary, place-based learning environments. Studies in Educational Evaluation, no 41, pp. 18–28. https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2013.09.011

References

Almazova N.I. K voprosu o lingvodidakticheskoy pedagogicheskoi innovatike. Electronnoe nauchnoe izdanie, Nauchno-pedagogicheskiy internet zhurnal. www.emissia.org.offline

Brooks D. C. (2011). Space matters: The impact of formal learning environments on student learning: Impact of formal learning environments on student learning. British Journal of Educational Technology, 42 (5), 719-726. https://doi.org/10.1111/j.1467-8535.2010. 01098.

Canagarajah, S. (2014). In Search of a New Paradigm for Teaching English as an International Language. TESOL Journal, 5(4), 767–785. https://doi.org/10.1002/tesj.166

Ellis, R. A., & Goodyear, P. (2016). Models of learning space: Integrating research on space, place and learning in higher education. Review of Education, 4(2), 149–191. https://doi.org/10.1002/rev3.3056

Gerkina N. V., Nurkhamitov M.R. (2016) Novyye podkhody v obsheobrazovatelnoy sfere informatcionnogo obshestva. [New approaches in general education field of information society // Philological sciences. Questions of theory and practice] Phologicheskiye nauki. Voprosy teorii I practiki. No 3. – V. 2. – P. 185–188. (In Russian)

Granito, V. J., Santana, M. E. (2013). Psychology of Learning Spaces: Impact on Teaching and Learning: (623792013-001) [Data set]. https://doi.org/10.1037/e623792013-001

https://asu.edu.kz/university/innovation/english-only-space/

Kolb, D. A. (1984). Experiential learning: Experience as the source of learning and development. vol. 1, Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall

Mohammad Kaosar Ahmed. The ESP/LSP Teacher: Issues, Tasks and Challenges English for Specific Purposes World, 2014. Issue 42, Vol. 15 www.ESP/lLSP-world.info

Nurbekova Orazkul (2016) Agylshyn tili sabagynda okytudyn tiimdi zholdary [Effective ways of teaching English]. www.kenester.kz (in Kazakh)

Sukhova L.V. (2007) Communicativno-otiyentirovannoye obucheniye inostrannomu yazyku I yazykovaya sreda kak sistemoobrazuyushiy factor. [Communication-oriented teaching of a foreign language and the language environment as a system-forming factor]. Inostrannyj yazyk v shkole. No. 5. P. 15-18. (In Russian)

Tareva E.G. (2012) Innovatika I lingvodidaktika: predposylki integratsy / Tareva E.G., a.A Kazantseva // Innovatsyia v obrazovani. – №6. P. 48-57

Shilibekova A. (2020) Bilim beru kenistikterininin til ɣyrenudegi rəli Role of learning spaces in learning languages] Article in Kh.Dosmukhamedov Atyrau university Vestnik Journal. Atyrau, 107 p. (In Kazakh)

Shetel tilin okytu adistemesi. (2012) [Methods of foreign language teaching]. No 4, 48p. (In Kazakh)

Zandvliet, D. B. (2014). PLACES and SPACES: Case studies in the evaluation of post-secondary, place-based learning environments. Studies in Educational Evaluation, no 41, pp. 18–28. https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2013.09.011

4-бөлім

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ

Section 4

THE THEORY OF TRANSLATION

Раздел 4

ТЕОРИЯ ПЕРЕВОДА

ҒТАМР 17.07.61 https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph23

Х.Ә. Қарабаева[1*], Ж. Бейсенұлы[2]

[1] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
*e-mail: khanshaim63@gmail.com

АБАЙ ЖӘНЕ НАУАИ: КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ӘДЕБИ ҮНДЕСТІК

Мақалада қазақтың ұлы ақыны Абайдың қалыптасуына өзбек мәдениетінің негізін қалаған Науаидың ықпалы, Абайдың өзбек әдебиетіндегі орны қаралды. Тілі мен әдебиеті, мәдениеті мен тарихы, діні мен салты-дәстүрлері ұқсас, түбі бір қазақ һәм өзбек халықтарының әдеби, мәдени қарым-қатынастарының тамыры тереңде. Аталған байланыстардың уақыт пен кеңістік тұрғысында алар ауқымы өте кең. Сондықтан тақырыпқа қатысты мәселелер мақала шеңбері аясына шақтала іріктеліп талданады.

Ұсынылған мақалада қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлы шығармашылығының дамуына ұлы Әлішер Науаидың тигізген игі ықпалы, әр заманда өмір сүрген бауырлас ел перзенттерінің өзара рухани байланысы, ақын шығармаларының қазақ, өзбек тілдеріне аударылып, әдеби тұрғыда зерделенуі сөз болады. Өзбекстандық әдебиет сүйер қауымның қазақ әдебиетімен танысуы, олардың Абай шығармашылығына ден қойып, қызығушылық танытуының себептері аталады. Абай шығармаларының қазіргі өзбек тіліндегі аудармалары басты нысан ретінде қарастырылады.

Көркем аударма ұғымының мән-маңызы мен ерекшелігі зерделенеді. Бұл ретте аударма ұғымдық атауы нақты бір халықтың сөйлеу тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын, я болмаса, тұтас бір ауызша яки жазбаша мәтіннің екінші бір тілдің сөздік қоры мен сөздік құрамы негізінде қайталанып жеткізілуін білдіреді. Сонымен қатар, аударма адамдардың сөйлеу, өзара сөйлесіп түсінісу құралы қызметін атқаратынын ескерсек, аударманың мақсаты – бір тілді екінші тілмен алмастырып, сөз бірліктері мен сөйлеу құрылымын қайта құру. Бұл ретте аудармашының мәтін мазмұны мен автор ойын өзгеріссіз, дәл сақтап қалуы маңызды. Мақсат үдесінен шығу үшін мәтін, яки сөйлем құрылымы аударма жасалатын екінші бір тілдің ерекшелігіне сәйкес өзгерістерге түседі. Сондықтан аудармада, оның ішінде көркем аудармада түпнұсқадағы ойды мейлінше дәл жеткізу мақсатында жекелеген сөздерді алмастыру, қажетінше сөздердің орын тәртібін ауыстырып қолдану, сөз қосу немесе тіпті кейбір сөздерді алып тастау сияқты амал-әдістердің түр-түрін қолдануға болатындығы баяндалады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, өзбек әдебиеті, Абай Құнанбайұлы, Әлішер Науаи, қазақ-өзбек әдеби байланысы, аударма, көркем аударма.

Zh. Beisenuly[1*], Kh.A. Karabayeva[2]

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: khanshaimkarabaeva@gmail.com

Abay and Navoiy: literary consonance in artistic translation

In this article significance of Great Kazakh poet Abay in Uzbek culture, influence of Uzbek culture founder Navoiy on his formation are considered. Having similar language, literature, culture, history, religion and traditions Kazakh -Uzbek nations have deep roots in literary-cultural relations. Range of these relations is very wide in terms of time and space. Therefore, issues related to topic are analyzed within the article.

In presented article beneficial influence of Great Alisher Navoiy on development of creativity of classic of Kazakh literature Abay Kunanbayuly and spiritual relation between fraternal people who lived at different times, literary study of poet's works translated into Kazakh, Uzbek languages are discussed. Reasons for acquaintance of Uzbek literature lovers with Kazakh literature, their interest in Abay's work are revealed. Translation of Abay's works into modern Uzbek is considered as main object.

Essence and specifics of literary translation concept are studied. At the same time, conceptual notion of translation designates meaning of words, phrases in speech of particular people, or as a whole of one oral or written text based on vocabulary and another language word form. Given that translation serves

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

as a means of communication, mutual understanding of people and goal of translation is replacing one language with another, rebuilding units of words and structure of speech. At the same time, content of the text and thoughts of author should be left unchanged by translator. To achieve it, text or sentence structure undergoes changes according to second language features translation is done. Therefore, in translation, including artistic translation, to convey idea in original more accurately, possibility of using various techniques is outlined, such as replacing individual words, switching order of words, if necessary, adding words or even excluding some.

Key words: Kazakh literature, Uzbek literature, Abay Kunanbayuly, Alisher Navoiy, Kazakh-Uzbek literary connection, translation, literary translation.

К.А. Карабаева[1*], Ж. Бейсенулы[2]

[1] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
[2] Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
*e-mail: zhakypbeisenuly@gmail.com

Абай и Навои: литературное созвучие в художественном переводе

В статье рассматривается роль великого казахского поэта Абая в узбекской культуре, влияние Навои, заложившего основы узбекской культуры на становление поэта. Имея схожие язык и литературу, культуру и историю, религию и традиции, корни литературных и культурных связей казахского и узбекского народов уходят глубоко. Диапазон этих связей достаточно велик в плане времени и пространства. Поэтому, в рамках данной статьи анализируются вопросы, связанные только с рассматриваемой темой.

В представленной статье речь идет о благотворном влиянии великого Алишера Навои на развитие творчества классика казахской литературы Абая Кунанбайулы и о духовной связи между братскими народами, жившими в разное время, о литературном изучении произведений поэта, переведенных на казахский, узбекский языки. Выявлены причины знакомства узбекских любителей литературы с казахской литературой, их интереса к творчеству Абая. Перевод произведений Абая на современный узбекский язык рассматривается как главный объект.

Изучаются сущность и специфика понятия художественного перевода. При этом понятийное название перевода означает повторение значения слов и словосочетаний в речи определенного народа, либо в целом одного устного или письменного текста на основе словарного запаса и словарного состава другого языка. Наряду с этим, учитывая, что перевод служит средством общения, взаимопонимания людей, цель перевода состоит в том, чтобы заменить один язык другим, перестроить единицы слова и структуру речи. При этом важно, чтобы содержание текста и мысли автоа были переданы переводчиком игру без изменений, в точности. Для достижения этой цели текст либо структура предложения претерпевают изменения в соответствии со спецификой другого языка, на который осуществляется перевод. Поэтому в переводе, в том числе художественном, с целью более точной передачи мысли в оригинале, излагается возможность применения различных приемов, таких как замена отдельных слов, при необходимости переставление порядка слов, добавление или даже исключение некоторых слов.

Ключевые слова: казахская литература, узбекская литература, Абай Кунанбайулы, Алишер Навои, казахско-узбекская литературная связь, перевод, художественный перевод.

Кіріспе

Қазіргі кезде түркі мемлекеттерінің саясиәлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыда өзара ынтымақтастыққа ұмтылуы түркі халықтарының мәдени, рухани саладағы байланыстарына игі ықпал етуде. Заман лебі қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен, оның ішінде бауырлас һәм көрші өзбек әдебиетімен байланысын жаңа бағытта дамытып жандандыруға, тереңдетуге бағыттап отыр. Сондықтан бір тамырдан нәр алған қазақ және өзбек әдеби байланыстарын зерттеу – заман талабы. Атап айтқанда, қазақ және өзбек халықтарының ортақ әдеби мұраларын өзара салыстыру, әдеби жанрлардың тарихи типологиясы, әдеби шығармашылықтың генезисі және өзге де теориялық бағытта жан-жақты, мейлінше терең ғылыми зерттеулер жүргізу алдағы уақыттың еншісінде. Бұл ретте түркітану саласы мамандарының ортақ міндеті – түркі тілдес халықтардың тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін зерттеп, олардың өзара тарихи-мәдени байланыстарының тарихын жүйелеу. Ұлт тілінің, әдеби саланың бүгінгі жағдайы мен өзіндік проблемаларына ден қою. Әдеби дамудың болашақ бағдарын, даму динамикасын бағамдау. Қазақ ғалымдары да осы мақсат үдесінен шығуды көздейді. Сондықтан

қазақ елінің туыс түркі жұртымен тарихи, мәдени, әдеби байланыстарын жүйелі зерттеу – бүгінгі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселесіне айнала бастады.

Демек, тақырыптың өзектілігі тәуелсіздік алған тегі бір түркі жұртының өзара әдеби, мәдени байланыстарының жандана бастауымен айқындалады және екі жақты әдеби, мәдени байланыстырды нығайтуға көркем аударма саласының қосар үлесін саралап, оның мәнмаңызын зерттеудің қажеттілігінен көрінеді. Бұл ретте жекелеген танымал тұлғалардың көркем туындыларын өзара салыстыра талдап, тың ой, жаңа ғылыми, практикалық тұжырымдар ұсыну – заман талабы.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін әлемдік компаративистика ғылымының теориялық қағидаттары мен практикалық әдіс-тәсілдері басшылыққа алынып, В.В. Бартольд, И.С. Брагинский, Н.И. Конрад А.Н. Самойлович және т.б. ғалымдардың көркем шығармаларды тарихи-әдеби талдау туралы еңбектері, М.П.Алексеев, А.С. Бушмин, А.Н. Веселовский, Г.И. Ломидзе, И.Г. Неупокоева, М.Р. Храпчеко және т.б. зерттеушілердің әдеби мұраларды салыстырмалы зерттеудің теориясы мен әдістемелері жөніндегі еңбектеріне шолу жасалды.

Көркем аударма мәселесіне қатысты М. Әуезов, З. Ахметов, М. Базарбаев, И. Ғабдиров, З. Қабдолов, С. Мирзаев, М. Шукиров, Ш. Сәтбаева, К. Сейдаханов, Е. Ысмайылов, Р. Нұрғали, Ө. Күмісбаев, Б. Қосимов, Р. Бердібай, Н. Келімбетов, Н. Фозилов, Қ. Құрамбаев, Қ. Сейданов, К. Нұрмаханов, Т. Сұлтанов, Ш. Турдиев, А. Қыраубаева және т.б. қазақ және өзбек ғылымдарының жүйелі ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлері сараланды. Науаи, Абай шығармашылығына ортақ «Ескендір» тақырыбында жазылған дастандарға ортақ белгілер мен өзіндік ерекшеліктері сипатталған зерттеулердегі тұжырымдар зерделенді. Тәуелсіздік жылдарындағы және оған дейінгі қазақ-өзбек ақын-жазушыларының шығармашылық байланыстары, мемлекетаралық достық қарым-қатынасты айғақтайтын әдеби, мәдени таным бағытындағы шаралардың маңызына мән-берілді.

Зерттеу әдістері

Мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымында қалыптасқан негізгі ғылыми қағидаттар мен әдіс-тәсілдер пайдаланылған. Атап айтқанда, жинақтау, жүйелеу, баяндау, сипаттау әдістері, сонымен қатар мәтінді талдау әдісі, мәдени-тарихи әдіс, тарихи-салыстырмалы әдіс, типологиялық әдіс, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге бағытталған жалпы ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

Күтілетін нәтижелер

Мақалада қазақ және өзбек әдебиетіндегі көркем аударманың тарихи бастаулары, олардың ықпалдастығына негіз болған тарихи, мәдени, генеологиялық және әлеуметтік факторлар анықталады. Қазақ және өзбек әдебиетіндегі өзара байланыс, ықпалдастықтың негізгі әдісі саналатын көркем аударманың қалыптасу, даму кезеңдері нақтыланып, қаралған кезеңдердің ерекшеліктері сараланады. Туыс екі тілдің өзара байланысы танымал авторлардың көркем аударма мәнмәтіні шегінде қарастырылады.

Талдау

Әдеби немесе көркем аударма – салыстырмалы әдебиеттану ғылымының зерттеу нысаны ретінде тілдік, әдеби, мәдени, тарихи ақпараттардың кешенді жинтығы болып табылады.

Аударма әдебиеттің ерекшелігі мен әлемдегі түрлі ұлт әдебиеттерінің өзара ықпалы, мәнмаңызы туралы айтқанда, канадалық әдебиеттанушы Джонатан Локк Харттың айтқандары ойға оралады [1, 490]. Ғалымның пікірінше, әлем әдебиеті де, салыстырмалы әдебиет те ұлттық немесе жергілікті әдебиеттен тыс өмір сүре алмайды, керісінше оларға мұқтаж болады. Адамзат баласы өзара қаншалықты аралас-құралас өмір сүретін болса, соғұрлым олардың мәдениеті мен тілі, әдебиеті өзара терең байланысқа түседі. Ұлттық әдебиет томаға-тұйықтықтан гөрі, өз арнасынан асып, құбылмалы әлемнің сыр-қырын ашуға қажетті салыстырулар мен ақпарат көзіне айналып жатады. Ал әдеби туындыны салыстыру үшін кем дегенде екі мәтін үлгісі және екі ұлттық әдебиет өкілі немесе екі мәдениет өкілі қажет. Әлем әдебиеті күллі әлемдегі әдебиеттердің даму бағытын, өзіндік ерекшелігін зерттеу мақсатында ұлттық аударма әдебиет пен салыстырмалы әдебиеттің деректеріне, қорытындыларына негізделетінін атап көрсетеді. Канадалық ғалым әлемдік әдебиетті зерттеу мәселесі аударматану ісінен бастау алатындығын қуаттайды.

Осы тұрғыдан алғанда әлем әдебиетінің бір бөлігі болып табылатын Орталық Азиядағы түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ, өзбек әдебиетін өзара салыстыра зерттеу қажеттігі шүбәсіз. Түбі бір бауырлас қазақ, өзбек халықтарының тарихы ортақ болғандықтан, көне әдеби мұралар екі елдің өткен өмірі, тұрмысы-тіршілігі, дүние танымы, тілі мен діні, мәдениеті туралы құнды ақпарат көзі ретінде әр ғасырда өз зерттеушілері мен оқырмандарын қызықтыра бермек.

ХХ ғасырға дейін түркі тілдес халықтар, оның ішінде қазақ-өзбек оқырмандары аударма әдебиетке аса мұқтаж болмағандығы туралы тарихи деректер баршылық. Орта ғасырлық «Бабыр наме» атты шығармада Әндіжан тұрғындарының бәрі түркілер екендігі, қалада да, базарда да ел арасында түрікше сөйлемейтін адамның кездеспейтіндігі, халықтың ауызекі сөзінің әдеби тілінен еш айырмасы болмайтындығы туралы Захир-ад-дин Мұхамед Бабырдың жазбалары бізге жеткен. Автор Мір Әлішер Науаи Гератта өсіп, тәрбие алғанымен шығармаларын түркі тілінде жазғандығы туралы ақпаратты да осы жерден табуға болады [2, 21]. Бабыр жазбасы – орта ғасырларда түркі халықтарының, оның ішінде қазақ, өзбек халқының дәстүрлі араб жазуын қолданып, екі елдің әдеби байланысы табиғи жолмен дамығандығын айғақтайтын бірден-бір тарихи дереккөз.

ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап тарихтан белгілі экстралингвистикалық факторлардың салдарынан жоғарыда баяндалған үрдіс бұзыла бастайды. Түркі халықтарының араб жазуына негізделген дәстүрлі әліпбиі қолданыстан шығып қалды. Аз ғана уақыт ішінде екі рет жазу реформасы жасалып, нәтижесінде қазақ жазуы 1929-1939 жылдары латын графикасына, 1940 жылдан бастап кирилл графикасына ауыстырылды. Бұл реформаның өзге де түркі халықтарының жазуына қатысы болғандығы белгілі. Жаңа әліпби, емле реформалары әдеби шығармаларды оқуды қиындатып, туыстас халықтардың әдебиет, тіл саласындағы байланысын әлсірете бастады. Бертін келе, түркі тілдес халықтар аудармасыз бір-бірінің тілін түсінісе алмайтын күйге жетіп, рухани, мәдени байланыстар алшақтай түсті [3, 63]. Ғасырлар бойы бір кеңістікте аралас-құралас көрші отырып, өмір сүрген бауырлас халықтардың әдеби байланыстарына осылайша зор нұқсан келді. Салдарынан туыс елдердің әдеби, мәдени қарым-қатынасы аударма шылық қызметке тәуелді бола бастады.

Дейтұрғанмен, кеңес дәуірі тұсында қазақ және өзбек әдеби байланыстары жаңа өрісте жалғасын тауып, әдеби дамудың өзіндік тың алғышарттары қалыптаса бастағанын айту керек. 1920 жылы алғаш рет Абай өлеңдерінің өзбек тіліндегі аудармасы журнал бетінде жарияланды. 1925 жылы Абайдың тырнақалды «Таңдамалы» өлеңдер жинағы баспадан жарық көрді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде екі ел қаламгерлері көркем аударма саласындағы ынтымақтастықты қайта дамыта бастайды. Әдебиет және өнер онкүндіктері, әдеби онжылдықтар науқаны жалғасып, жүйелі өткізіліп тұрды. Аталған шаралар қазақ-өзбек жазушыларының арасында шығармашылық ынтымақтастық орнатуға игі ықпал етті. Нәтижесінде көркем шығармаларды бір тілден екінші тілге аудару мәселесі жолға қойыла бастады. Әдеби онкүндік, онжылдықтар аясында кездесулер ұйымдастырылып, танымал қаламгерлердің мерейтойлары атап өтілді, жаңа әдеби туындылардың тұсаукесерлері өткізілді.

Дегенмен, ХХ ғасырдың 90-жылдарына дейін туыстас халықтардың әдеби шығармаларының дені түркі жазба тілдеріне емес, негізінен орыс, ағылшын, француз тілі сияқты шет тілдеріне аударылған екен.

ХХI ғасырда түркі тілдес авторлардың шығармаларын өзге түркі тілдеріне аудару сияқты жағымды үрдіс қалыптаса бастады. Бұл үрдіс саяси тәуелсіздік алған түбі бір түркі халықтарын табыстырып, олардың ортақ мүдде үшін топтасуына мүмкіндік беруде. Түркі жұртының өткенін саралап, жоғалтқанын түгендеп, қазіргі құбылмалы әлемде болашағын бағамдап, жолын айқындап, әлемдегі өз орнын нақтылауда бағытын айқындайтын темірқазық – рухани үндестік, демек әдеби, мәдени байланыс.

Қазақ және өзбек әдеби байланысының көне де жаңа бастауы – Абай және Науаи. Абай, Науаи – екі дәуір перзенті. Алайда екі ұлы ақынға ортақ қазына – түркілік тек, сөз өнері және кемеңгерлік ой-сана.

Түркілік тек – Абай мен Науаидың, қазақ пен өзбектің арасындағы генетикалық байланыс, ортақ таным, дәстүр мен мәдениет үндестігі. Сөз өнері – түркі халықтары ғасырлар бойы жасап, адамзаттың ортақ мұрасына айналған ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің теңдессіз дара үлгісі, даналық бастауы. Кемеңгерлік ой-сана – сөзбен өрнектелген бабалар танымы, азбас азық, сарқылмас қазына, өмірлік тәжірибе, адамзаттың іздегені, арманға бастар даңғыл жол.

Мір Әлішер Науаи – өзбек әдеби тілінің негізін қалаған ұлы ақын. Қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов Науаи шығармаларына «қара түнекті халықтың жалғыз сәулесі» деп баға берсе, М. Әуезов түркі халықтарының көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетінің өсіп, өркендеуіне Науаидың тікелей әсер еткендігін айтады.

Ақын Абай жастайынан қазақ сөз өнерінің уызына қанып, шығыс жыр-дастандарынан нәр алып өскен. Шығыстық сарындағы шығармаларды жастана оқып, Фирдауси, Низами, Қожа Хафиз, Әлішер Науаи, Физулиді рухани ұстаз тұтқан. Он үш жастағы бозбаланың: *«Физули, Шәмси, Сәйхали, Навои, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз – бу һәммаси, Мәдет бер, я шағри фәрияд»,* – деп, рухани ұстаздарының атын атап, олардың рухтарынан жәрдем, медет тілеуінің себебі де осында [4, 91].

Абайдың «Ескендір», «Әзім әңгімесі» поэмаларының шығыстық сарынмен, Науаи үлгісінде, алайда өзіндік қолтаңба, ой-шешіммен жазылғандығы М. Әуезовтің «Абайдың шығысқа қатыстылығы» туралы зерттеуінде жүйелеі талданған [5,158]. Сонымен қатар Абайдың дидактикалық өлеңдерінің құрылымы, ондағы ой-пікір шығыс шайырларымен әдеби үндестік, ұқсастық тапқан. Мысалы, Абайдың «Сен мені не етесің?..» деп басталып, әрқайсысы 7 жолдан соң бір қайрылып отыратын 14 тармақты 6 шумақ өлеңін зерттеушілер шығыс поэзиясының ғазал үлгісінде жазылған деп біледі [6]. Демек, Абайдың кейбір өлеңдері құрылысы, тақырыбы, ой иірімі тұрғысынан дәстүрлі шығыс поэзиясы үлгілерімен үйлесіп, үндесім тапқан. Жалпы алғанда шығыстың ғазал, рубаят, касыда, мәснәуи, аруз өлең түрлері қазақ поэзиясына топырағына жат емес.

Науаи, Абай шығармашылығындағы әдеби байланысты дөп басып тани білген – Мұхтар Әуезов. Ғалым Абайдың Науаиды өзіне ең жақын ұстаз тұтқанын, оның Науаи шығармаларынан үлгі іздегендігін, әсіресе, дастан емес, ғазал жазған Науаиға еліктегісі келгендігін айтады [7, 96]. Екі ақынның кейбір шығармаларын өзара салыстыра келе, М.Әуезов ойының дәлелді екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, Әлішер Науаи адамгершілік қасиет туралы:

Одамий эрсанг демагил адами,
Ониким йуқ халқ ғамидин ғами, –

десе, Абай бұл ойды:

«Атаның баласы болма, адамның баласы бол»,-

деп, оқырман ойын ширатады. Әлішер Науаидың:

Одамларда одамлар бор, одамларнинг нақшидур,
Одамларда одамлар бор, хайвон ундан яхшидур, –

деген пәлсапалық ойы Абайдың: *«Адамның адамы бар, наданы бар»,* – деген пікірімен үндестік тапқан.

Науаи мен Абай шығармаларында табиғат көріністерін суреттеудің көркемдік шешімдері мен әдіс-тәсілдерінен де ұқсастық аңғаруға болады. Мысалы Науаи «Фархад-Шырын» дастанында: *«Совурда чун шажар баргини сар-сар, Су(в)нинг сиймобини дай қилди мар-мар. Ҳаво доғи булутдин кийди синжоб, Булут доғи хавога сочди сийоб»,*- деп, қыс мезгілін жан бітіре суреттесе, Абай өз кезегінде: *«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр-мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық. Басқан жері сықырлап келіп қалды. Дем алысы үскірік, аяз бен қар, Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды»,* – деп қыс мезгіліндегі табиғат кейпін көркем тілмен жан бітіре жырлайды.

Әлішер Науаидің «Хайратул-аброр» (Жақсы жандардың қайраттануы) атты еңбегінде өлең құрылысы, өлең өлшемдері және олардың ішкі мазмұнына қатысты шайырдың ой-пікір, тұжырымдары көрініс тапқан. Мысалы: *«Назмда ҳам анга маъни дурур. Бўлсин анинг сурати ҳар не дурур. Назмки маъни анга марғуб эмас, Назмни ҳам сурат зрур хуш анга. Заинда маъни доғи дилкуш анга»,* – деген Науаидың өлеңге қатысты талаптары, Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты төл туындысына арқау болған. Абайдың талабында өлеңнің ішкі мазмұны алтынға, сыртқы құрылысы күміске пара-пар болуы қажет. Осылайша жақсы өлеңнің бағасын нақтылап бекітеді. Абай жақсы өлеңнен сұлу да көркем ұйқас, құлаққа жағымды әуезді іздейді, қарапайым өлеңнің ойлы болуын, тыңдаушысының ойына ой қоса алуын көксейді. Өлеңге бұл қасиеттерді дарыта алған ақынды данаға балайды. Демек, өлең жазу – даналардың үлесі.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Өз кезегімізде «Сөзде сиқыр, өлеңде даналық бар», -дейтін Хадисті тілге тиек ете отырып, екі ұлы ақынның өлең туралы пайым түсініктеріндегі ортақ пәлсапалық ой үндестігі олардың ортақ діни таным негіздерінен бастау алады деген тұжырым жасағымыз келеді. Діни тақырып ортақтығы өзге де шығармаларда кездеседі. Мысалы Әлішер Науаи бес сезім мүшесінің алатын орнын: «Харенки захир булбул беш Хауас-Хамса», – деп, бағалап, хауасқа айрықша мән береді. Абай отыз сегізінші қара сөзінде жаратушы Алланың сегіз сипатын: бірінші – хаят, екінші – ғылым, үшінші – құдірет, төртінші – басыр (көру), бесінші – сәмиғ (есіту), алтыншы – ирада (тілек), жетінші – кәлам (сөз), сегізінші – тәкин (болдыру), өз тарапынан нақлия, ғақлия дәлелдерге сүйеніп, екі сипатты, яғни әділет пен рақымды қосып 10 сипатқа айналдырады. Мұны Науаи поэзиясында суреттелген *хауас*, яғни *сезім* деген терең мағыналы пәлсапалық таным ретінде танып қабылдаймыз [8, 83].

Абай «Алла деген сөз жеңіл» деп басталатын өлеңінде де Науаидің *хауас* туралы ойын дамыта жырлайды:

Ақылмен хауас барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр.
Мүтакәлламин, мантикин
Бекер босқа езедүр...» [9, 4].

Бұл орайда белгілі абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлының: «Дүниетаным туралы мәселеде хауастың орны өзгеше екендігіне екі ойшыл ерекше мән береді» – деген тұжырымы орынды айтылған [10, 4].

Түркі жұртының ғұлама ақындары поэзиясындағы көркем әдеби үндестікті айғақтайтын мысалдар тізбегін осылай жалғастыра беруге болады.

Науаи мен Абай екі дәуірде, бір-біріне ұқсамайтын екі қоғамдық ортада өмір сүрді. Тарихта Мір Әлішер Науаи XV ғасырда, түркі халықтарына ортақ шағатай әдебиетінің классикалық кезеңінде шығармашылықпен айналысып, салтанаты асқан патша сарайында ғұмыр кешсе, Абай Құнанбайұлы XIX ғасырдың екінші жартысында, қазақтың сайын даласында, табиғат аясында өмір сүрді. Соған қарамастан, екі ұлы ақынның өмір салты, қоғамдық-әлеуметтік орны, шығармашылық бағыты – ұқсас, өзара үндес және сарындас. Мысалы Мір Әлішер Науаи досы Құсайын Байқараның пәрменімен Астрабад билеушісі болып тағайындалса, Абай әкесі Құнанбайдың қалауымен билікке араласып, болыс болды, ел басқару ісімен айналысты. Билеуші болған екі ақын да қарапайым халықтың мұң-зарын түсініп, әділдік жолымен ел басқарды. Екі ақын да өлеңдерінде адамгершілік пен әділеттілікті, шынайы сезім мен адал махаббатты дәріптей жырлады, ой-пікір, тұжырым-түсініктерін жазып қалдыруды мақсат тұтты [11, 4]. Екі ақын да зорлық-зомбылық, алауыздыққа қарсы шығып, ынтымақ, бірлік, достықты дәріптеді. Жас ұрпақты ілім мен білім іздеуге, оқып-үйренуге үндеді. Екі ақын да қоғам өмірі жайлы көп толғанды, өнерді дәріптеп өнеге көрсетті. Сондықтан да түркі жұртының кейінгі ұрпағы бір-бірінің ақындарын ұлықтап, олардың әдеби мұрасын сақтап, дәріптеумен келеді.

Ташкент қаласы ежелден-ақ түркі жұрты үшін құт қала болған. Әсіресе оқымыстыларының шығармаларын басып, тарату, сақтау ісі жақсы жолға қойылған. 1922 жылы Абай шығармалары көне Ташкент шақарының баспасынан қазақ тілінде шықты. Өзбек ғалымы Абдурахман Сағдидың «Абай» атты мақаласы жарияланды. Ғалым Абайдың «Жаз» деген өлеңін талдап, ақынның шеберлігіне, тілінің көркемдік ерекшелігіне тамсаныс білдірді [12, 128].

1945 жылы Алматыда Абай Құнанбайұлының 100 жылдық мерейтойы атап өтілді. Мерейтойлық шараға атақты Айбек, Ғафур Ғұлам, Абдурахман Сағди, Миртемир, Хади Зариф және т.б. өзбек ғалым, жазушы, ақындары қатысып, Абай өлеңдерінің өзбек тіліндегі аудармасын тарту етті. Бұл Абай «Өлеңдер» жинағының тұңғыш рет өзбек тілінде басылып шыққан кезі болатын. Осылайша өзбек оқырмандары 1945 жылы қазақтың ұлы Абай шығармашылығымен өзбек тілінде танысуға мүмкіндік алды. Кітапқа енген 35 өлеңді өзбек тіліне Үйғун мен Миртемир аударыпты. Жинақтың көлемі шағын, 75 беттік кітап 1000 данамен басылған. Кітапта аударылған Абай өлеңдерінің жазылған жылы көрсетілген [13].

Абай Құнанбайұлының шығармашылығына қызығушылық артып, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы өзбек тіліне аударылды. Шығарманы Зумрад есімді жазушы аударып, редакциялық жұмыстарын Насир Фазилов пен Миртемир жүргізген. Абай шығармаларына өзбек тіліне аудару ісі бұдан кейін де жүргізілді. 1961 жылы Ғафур Ғулам жасаған аударма, 1970 жылдары шыққан «Өлеңдер» жинағы бауырлас өзбек халқының рухани қазынасына

айналды. Араға жылдар салып, 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Н. Фазилов «Абай» деген атпен ақынның 20-дан астам өлеңі, «Мақсұд», «Ескендір» поэмалары, 45 қара сөзін өзбек тілінде жарыққа шығарады. Және сол жылы Н.Фазиловтың «Шолпан» баспасынан «Абай мәңгілігі» атты зерттеу еңбегі де өзбек тілінде шықты. Абай өлеңдерін аударуға Ұйғын мен Миртемир, М. Шайхзаде, Ж. Жаббаров, А. Мұхтар, М. Әлі және т.б. өзбек қаламгерлері үлестерін қосты [14, 4]. Миртемир аударған Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің өзбек тіліндегі нұсқасы мазмұн, ұйқасы тұрғысынан түпнұсқамен бірдей. Айырмашылық қазіргі өзбек тілінің лексика-грамматикалық ерекшелігінде.

Мен ўланни ёзмайман эрмак учун,
Ўтган – кетган гапларни термак учун.
Мен ўланни ёзаман тушунганга,
Авлодимга бир сабоқ бермак учун».

Тәуелсіздік алған жылдардан бері түркі халықтарының мемлекетаралық ынтымақтастығы жаңа арнаға түсіп, нығая бастады. Түркі жұртының тарихи тұлғаларының, әдебиет, мәдениет тарландарының есімдері ардақталып, игі істері ұрпағының жадында жаттала бастады десек артық айтқандық емес. Сөз өнерінде Науаи, Абай бейнелері тұлғалана үсті. 2015 жылы Абай Құнанбайұлының 170 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ўзбекистон» баспасынан «Ёрқин юлдуз» (Жарқын жұлдыз) атты жаңа жинағы жарық көрді [15, 6]. Абай өлеңдері, эпикалық поэмалары мен ғақлиясының өзбек тіліндегі нұсқасын Қ. Сейданов пен М. Ахмад қайта өңдеп жинаққа дайындаған.

2018 жыл Қазақстанда «Өзбекстан жылы», 2019 жыл Өзбекстанда «Қазақстан жылы» деп аталып, түрлі ғылыми-танымдық, мәдени шаралар ұйымдастырылды. Бауырлас халықтарды жақындата түсетін іс-шаралардың аясында ғалым, қаламгерлердің кездесулері достық байланыстың беріктігін паш етті. Өзбекстан Республикасының Президенті Ш. Мирзиёев 2018 жылы «Қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын кеңінен зерттеу және насихаттау туралы» арнайы қарар қабылдап (13.03.2018 ж. N ПҚ-3598), қазақ халқына, ұлттық әдебиеті мен мәдениетіне үлкен құрмет көрсетті. Абайдың «Таңдаулы» шығармалары, «Өзбектер мен қазақтардың әдеби байланыстары» атты кітап жарық көрді. Абай бастаған бір топ қазақ ақындарының шығармалары «Кўнгилдаги қирқ қўшиқ» (Көңілдегі қырық ән) деген атпен басылып шықты. Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінде «Абай және өзбек әдебиеті» көрмесі өткізілді. Абай шығармашылығына арналған мүшәйра ұйымдастыру жақсы дәстүрге айналып, қолдау тапты. Аталған іс-шаралар туыстас екі елдің мәдени-әдеби байланыстарды одан әрі дамытып, қазақ пен өзбек әдебиетінің кеңінен танылуына ықпал ететіндігімен маңызды.

